Экологиялық және әлеуметтік аялық деректерді жинау және түсіндіру кен орнын геологиялық барлаудың бастапқы сатысында басталды, ал 2015 жылдан бастап бағдарлама негізгі назарды жобаның әсеріне ұшырайтын аумақтың шегінде аялық деректерді жинауға жұмылдыру үшін өзгертілді. Жобаның әсеріне ұшырайтын аумақтың шегі аялық зерттеулердің элементтеріне байланысты құблып отырады: мысалы, Жобаның әлеуметтік әсеріне ұшырайтын аумақ экологиялық әсер ету аумағымен салыстырғанда аса кең болып табылады.

Жобалық шешімдер кен орнын өңдеудің екі сатысын қамтиды. Бірінші саты 2016-2026 жылдарға жоспарланған және бос жыныстардың үйіндісін салып алу арқылы кен орнын ашық тәсілмен өңдеуді білдіреді. Екінші саты 2026 жылдан бастап 2039 жылды қоса алғандағы кезеңге жоспарланған және жерасты қазбаларын карьердің орталық және батыс учаскесінен бастап соңынан карьердің шығыс бөлігінде ашық карьердің табаны астынан өткізуді қамтиды. Ашық тау жұмыстары дәстүрлі бұрғылау-қопару және тиеу-тасып шығару жұмыстарының көмегімен жүргізілетін болады. Жерасты қазбасы бітеу арқылы жер қыртысын қабат-қабат кертпештеп қазып алу тәсілімен жүргізіледі. Өңделген кеңістікті төсеу үшін цементтен жасалған бітейтін қоспа пайдаланылатын болады. Бітейтін қоспаны дайындау үшін артқы қоймадан қайта өңдейтін өндірістің соңы пайдаланылатын болады.

Кен бойынша ашық қазбаның жобалық өндірімділігі жылына 1,8 млн.т құрайды, кендегі алтынның орташа мөлшері 6,90г/т. құрайды. Жерасты қазбасының өндірімділігі құрамындағы алтынның мөлшері 8,5г/т болған жағдайда жылына 1,2 млн. т. құрайды. Қайта өңдейтін фабрика уату, ұсақтау желісін және кенді ұсақтауға арналған домалақ диірменнен, көмір қалқымасынан, құм қалқымасынан және аса дәстүрлі сульфидті қалқымадан тұратын кешенді қалқымалы шекті қамтиды. Қорытынды өнім құрамында шамамен 99,2г/т алтын болатын сульфидті қалқымалы концентрат болып табылады. Концентрат кептіріліп, салмағы 1,5т қаптарға қаптамаланады,

олар автомобиль көлігімен Шалабай теміржол станциясына жеткізіледі және одан әрі өңдеу үшін жүк вагондарымен Амурскке жөнелтілетін болады.

1.4 Domestic and International Processes ішкі және өалықаралық процестері

Қазақстанда қоршаған ортаны қорғауды, қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғауды басқару процестері, сондай-ақ әсер етуді бағалау процестері ЭӘӘБ жөніндегі есептің екінші тарауында қаралатын белгілі бір заңдармен, қаулылармен және бұйықтармен реттеледі.

Қазақстанда қоршаған ортаға әсер етуді бағалау процесі

Қазақстан заңнамасына сәйкес барлық жоспар алды, жоспарлы, жоба алды және жобалық құжаттама мемлекеттік экологиялық сараптамадан өтуі тиіс. Экономикалық қызмет сараптаманың оң қорытындысын және биологиялық әртүрлілікті басқаруға рұқсатты алмай басталуы мүмкін емес. Қолданыстағы экологиялық заңнама экономикалық қызметтің әр сатысы үшін кәсіпорынның алдын ала жоспарларынан бастап, жобалау, салу, пайдалану және жабуға дейінгі ҚОӘБ орындалуын талап етеді.

ҚОӘБ жөніндегі есептерді Мемлекеттік өнеркәсіптік экология ғылыми-өндірістік бірлестігін және Қазмеханобр қоса алғанда, жергілікті кеңесшілер дайындады. Қазақстандағы қоршаған ортаға әсерді бағалау процесі жалпылама халықаралық экологиялық және әлеуметтік әсерді бағалау процесіне сай, алайда, көптеген рәсімдерде, әдістерде және нәтижелерді ұсынуда кейбір ерекшеліктер бар. Жергілікті ҚОӘБ үшін талап етілетін көптеген аялық деректер де халықаралық ҚОӘБ-ға келеді, бір ерекшелігі халықаралық ҚОӘБ-дағы әлеуметтік әсерді бағалау тарауы аса ауқымды және егжей-тегжейлі. ЭӘӘБ әсерді бағалау тарауы Қазақстандық ҚОӘБ-дың кейбір тарауларымен толықтай келеді. Бағалаулар бір-бірінен тәуелсіз орындалды, бірақ қосарлас жүріп, Жобаның бір аялық деректері және параметрлері пайдаланылды.

Халықаралық ЭӘӘБ жөніндегі басшылық және ұсыныстар

Пайдалы қазбаларды қазу және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ұлттық заңнамалық талаптарға сәйкестілігінен басқа, Жоба, сондай-ақ, Халықаралық Қаржы Корпорациясының «қызмет стандарттары» (ХҚК ҚС[1]) белгілеген ұсынымдары қоса алғанда, озат халықаралық тәжірибеге сәйкес келуі тиіс. ХҚК «қызмет стандарттары» жобаларды халықаралық қаржыландыру үшін негіз ретінде қызмет етеді және экологиялық және әлеуметтік басқарудың озат тәжірибесі үшін халықаралық бағалау критерийі есептеледі. ХҚК «қызмет стандарттары», сондай-ақ, коммерциялық кредит беруді жүзеге асыратын көптеген банктер ұстанатын жобалық

[1] IFC Performance Standards on Environmental and Social Sustainability, 2012
http://www.ifc.org/wps/wcm/connect/topics_ext_content/ifc_external_corporate_site/ifc+sustainability/publications/publications_handbook_pps

қаржыландыру аясында экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді анықтау, бағалау және басқару үшін кредиттік тәуекелдерді басқарудың халықаралық танылған стандаттары болып табылатын «Экватор қағидаттары» (III нұсқа, 20135 маусым) негізі болып табылады. ӘӘӘБ орындау процесінде «басқару жоспарларын» әзірлеу процесінде ескерілген басқа да жетекші салалық стандарттар мен ең үздік тәжірибелі кодекстер де айқындалды[2]. «Қызмет стандарттары» және талаптары жөніндегі аса толық ақпарат есептің екінші тарауында ұсынылған.

ӘӘӘБ процесінің маңызды бөлігін жобаны іске асыру процесінде әсерге ұшырағандар деп анықталған бірінші кезектегі проблемаларды назарға алуды қамтамасыз ететін жергілікті тұрғындарды қоса алғанда, мүдделі тұлғалармен кеңестер және өзара іс-қимыл құрайды. ҚОӘБ және ӘӘӘБ іс-шараларын қолдау мақсатында «Мүдделі адамдармен өзара іс-қимыл жоспарында» ұсынылған ресми және бейресми көпшілік тыңдаулар бағдарламасы әзірленді. Осы сәтке дейін өткізілген іс-шаралар жөніндегі жиынтық деректер есептің сегінші тарауында ұсынылған. Бұның барлығы ӘӘӘБ процеснің негізгі аспектілерін түсіндіруге жолданған мүдделі адамдармен өзара іс-қимыл жөніндегі ресми іс-шаралармен ілестіріледі. ӘӘӘБ маңызды нәтижесі ӘӘӘБ тұжырымдарына негізделген және тау-кен қазудың озат халықаралық тәжірибесіне және стандарттарына сәйкес іс-әрекеттің басым салаларын айқындайтын «Әлеуметтік және экологиялық іс-шаралар жоспарын» қамтитын «Іске асыру жоспары» болып табылады. Іс-шаралар аялық мониторинг объектілерін түзетуді және/немесе кеңейтуді, жобалық шешімдерді түзетуді, нобайлы басқару жоспарларын, қосалқы іс-әрекеттер және басқару жүйелері жөніндегі іс-шараларды, тәуекелдерді басқару жөніндегі шараларды, іске асыру кестелерін және мамандарды даярлау жөніндегі негізгі бастамалар тізбесін қамтиды. «Әлеуметтік және экологиялық іс-шаралар жоспары» «Іске асыру жоспарының» негізгі құжаты болады.

ӘӘӘБ халықаралық талаптар бойынша әлеуетті шоғырландырылмалы әсерді тиісінше ескере отырып, Жобаның оны пайдаланудың барлық мерзімі бойына әсерін қарастырады. Бағалау экологиялық және әлеуметтік сипаттағы проблемаларды ескереді және осы аспектілердің арасындағы байланыстырушы буын ретінде экожүйелер қызметтерін бағалауды қамтиды. ӘӘӘБ мүдделі адамдармен консультацияға және олардың процеске қатысуына негізделген, ол Жобадан тиетін әсердің дамуы шамасына қарай оны жұмсартуға арналған «басқару жоспарларын» қамтиды.

1.5 Мүдделі адамдармен өзара іс-қимыл

Әсер етуді бағалау процесінің маңызды құрауышы мүдделі адамдармен, атап айтқанда, жергілікті тұрғындармен және мүдделі тараптармен (мысалы, ӘӘӘБ-да жобаны іске асыру процесінде әсер етуге ұшыраған адамдармен, сондай-ақ жобалық аумақпен көршілес тұратын

[2] EBRD Performance Requirements and Guidance for Clients, 2012.
http://www.ebrd.com/pages/about/principles/sustainability/requirements.shtml

ададмармен анықталған кезек күттірмейтін проблемалардың назарға алынып жатқандығына көз жеткізу үшін үкіметтік емес ұйымдармен (ҮЕҰ) консультациялар болып табылады. Консультациялар, сондай-ақ, тиісті мемлекеттік ұйымдармен тұрақты өткізіліп отырады.

Жоба бойынша мүдделі адамдармен өзара іс-қимыл Жобаның дамытылуы бойына тұрақты процесс болып табылады. Тапсырыс беруші жергілікті тұрғындармен, ҮЕҰ және басқа да мүдделі тараптармен және адамдармен келісілген және үздіксіз ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз етуі үшін көпшілікпен өзара іс-қимыл жөніндегі маманды тағайындады. Сонымен қатар, жергілікті тұрғындардың сұрақтарын қойып, компания басшылығына шағымдарын білдіруі үшін шағымдар мен ұсыныстар беру механизмі енгізілді.

Сондай-ақ, Тапсырыс беруші мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл журналын бастады, оған жобалық кездесулерді, қоғамдық тыңдалымдарды және жергілікті тұрғындармен келіссөздерді қоса алғанда, мүдделі адамдармен өткізілген барлық кездесулер жазылып отырады. Журнал аса кең жұртшылықпен өзара іс-қимылды басқару жүйесінің бөлігі болып табылады, ол өткізілген барлық кездесулер туралы барлық деректерді қамтиды, мүдделі ададмармен өзара іс-қимыл жиілігін көрсетеді және қоғамдық тыңдалымдар процесінің барлық қатысушыларының дерекқорынан және жекелеген адамдар көтеретін сұрақтардан және мәселелерден тұрады.

1.6 ӘӘӘБ жөніндегі есептің авторлары және олардың жобадағы рөлі

WAI мамандары ӘӘӘБ орындалуына және жобаны жалпы басқаруға толық жауап берді. ӘӘӘБ орындауға қатысқан адамдар төменде кестеде 1.1.

кестеде 1.1: ӘӘӘБ жұмысшы тобы келтірілген.		
Аты	**Жобадағы рөлі**	**WAI лауазымы, біліктілігі**
Дэвид Бригнал	Жобаның директоры, биоәртүрлілік және топырақтану жөніндегі бас маман	Техникалық директор - BSc, PhD, CSci, CBio, MIEnvSci
Юлия Бойко	Шарттық қарым-қатынастарды үйлестіру және тапсырыс берушімен келіссөздер жүргізу	WAI Ресейдегі бас директоры - BSc, Dip, MBA
Руслан Севостьянов	Келісімшартты әкімшіліктендіру	WAI Қазақстандағы бас директоры және тау-кен инженері - MEng
Элисон Аллен	Жоба менеджері	Экология және социология департаменті директорының орынбасары – BSc, MSc, MIEMA, CEnv, MIEEM, FIMMM
Нил Робинсон	Эколог, атмосфералық ауаның сапасы, шуыл мен дірілдің әсері жөніндегі тараулардың бірлескен авторы	Бас эколог - BSc, MIMMM, CSci, CEnv
Алекс Галлахер	Су ресурстары жөніндегі бас маман	Директордың орынбасары – BSc, MSc, FGS
Бертран Бюрне	Су ресурстары жөніндегі маман	Бас гидрогеолог - Қазақстан - BSc, MSc, FGS, MIAH
Элизабет Эди	Социология және жұртшылықпен байланыс, қоғамдық тыңдалымдар, бағалау және мәдени мұраны басқару жөніндегі бас маман	Бас социолог - BSc, MSc, PhD, PG Cert, MIEnvSci, CSci, FIMMM
Эдвард Глюксман	Социология және жұртшылықпен байланыс, қоғамдық тыңдалымдар, бағалау және мәдени мұраны басқару жөніндегі маман	Бас социолог - BA, BSc, MSc, PhD, MIEnvSci
Нарина Шорланд	«Жобаның сипаттамасы» тарауы	Тау-кен инженері - BSc
Саймон Аллен	Энергетика және климат жөніндегі маман	Энергетика жөніндегі бас маман – BSc, BSc
Скот Слейт	Сызбалар, климаттың өзгеруі жөніндегі маман	Климаттың өзгеруі және ГАЖ жөніндегі маман – BSc, MSc
Малькольм Уолтон	Атмосфералық ауаның сапасы, шуыл мен дірілдің әсерін бағалау жөніндегі бас маман	Техникалық директор - Dip, BSc, AIOA, MIEH
Якуб Олевски	Жер қыртыстары және жердің өндірімділігі	Аға почвовед – BEng, MSc, MSc, PhD
Хелен Симпсон	Экожүйелер қызметі жөніндегі бас маман, биоәртүрлілікті басқару жоспары	Бас эколог –BSc, PhD, AIEMA
Адриан Ли	Қалдықтарды басқару жоспары	Техникалық директор – BA, DipTP (Eng), MRTPI, MCIWM, FIQ
Ричард Ньюман	Археология жөніндегі бас маман, мәдени құндылығы бар табыс табылған жағдайдағы іс-әрекет тәртібіне шолу	Жоба менеджерінің ассистенті - BA, PhD, MCifA,

Жеке тарауларды құру үшін жұмысқа қажеттілігіне қарай WAI әкімшілік-техникалық жұмыскерлері тартылды. Сондай-ақ, ЭӘӘБ орындалуына үлестерін есімдері төмендеОшибка! Источник ссылки не найден..

1-кестеде көрсетілген көлденең кеңесшілер енгізді: Бірлескен авторлар		
Аты	**Жобадағы рөлі**	**Біліктілігі**
Сью Струзерс	Қышқылды ағын су жөніндегі маман	MSc, PhD, ACSM
Амер Вахид Халаби	Жол қозғалысының тығыздығын бағалау	BEng, PhD, MBA, FCIHT, FAPM, MIoD, FFB

ЕСЕПТІҢ ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ

Полиметалл компаниясының «Қызыл» алтын шығару жобасы Шығыс Қазақстан облысының Жарма ауданының Шалабай селолық округі аумағындағы Әуезов кентіне жақын орналасқан кен орнын ашық (Фаза 1, 2016-2024жж) және жерасты (Фаза 2, 2025-2039) өңдеуден тұрады. Кен орнынан үзілістермен 1956 жылдан бастап алтын шығарыла басталды және 1997 жылдан бастап консервациялау үстінде.

Жобаның экологиялық және әлеуметтік әсерін бағалау (ЭӘӘБ) Халықаралық қаржы корпорациясының және Еуропалық қайта құру және даму банкінің стандарттарына сәйкес орындалды. Ол үлгісі «Экватор қағидаттарын» басшылыққа алатын Даму банктері мен қаржы институттарының стандарттары болып табылатын озат халықаралық тәжірибеге сәйкестілікті қамтамасыз етуге арналған.

Жобаланатын кәсіпорынның учаскесі ауылдық жерде орналасқан, ол 839 га алып жатыр және қатал контитенттік климатты адырлы шөпті ландшафтысымен сипатталады. Ауыл шаруашылығы жобаланатын кәсіпорын ауданында тұратын тұрғындардың күн көрісінің негізгі көзі болып табылады. Кәсіпорынның аумағын қоршап жатқан жайылымдарды Әуезов және Шалабай кенттерінің тұрғындарына тиесілі малды бағумен айналысатын маусымдық бақташылар пайдаланады. Шабындықтар мен жергілікті көлдерді де жергілікті тұрғындар жидек теру, балық аулау және аң аулау үшін пайдаланады. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің көбі ішкі тұтыну үшін өндіріледі, дегенмен, Шалабай кентінде дәнді дақылдарды өсірумен және бал өндіру үшін араларды өсірумен айналысатын«Шалабай» ЖШС мал шаруашылығы фермасы бар. Қазақстанның басқа да көптеген селолық аудандарындағыдай жергілікті елді мекендерде, әсіресе, Әуезов кентінде кеніш тоқтап тұрғаннан кейін, қазіргі уақытта, төмен тәртіпте көші-қон байқалады, себебі, тұрғындар жұмысқа тұру мүмкіндігін іздеп кетуде.

Жобаланатын кәсіпорын шамамен 1000 жұмыскерді жалдайды, оның ішінде жобаны іске асырудың бірінші фазасында 608 және екінші фазасында 1 084. Полиметалл, мүмкіндігінше, жұмысқа жергілікті тұрғындарды қабылдауға және өндірістегі жұмыс орындарының көп бөлігін жақын маңдағы елді мекендердің тұрғындарына беруге тырысатын болады.

Жергілікті тұрғындарды жаңа кәсіпорында жұмысқа орналастыру қолайлы әсерін береді деп күтілсе де, ол Әуезов және Шалабай кенттерінің кейбір тұрғындары үшін үйреншікті өмір салтын ауыстыруды тудыруы мүмкін. Дәстүрлі түрде мал бағу, жидек және саңырауқұлақ теру үшін пайдаланылған аумаққа аяқ басу кәсіпорын инфрақұрылымының объектілері орналасатындықтан, атап айтқанда, жобаланатын қалдық сақтағыш ауданында және оны айнала, сондай-ақ Әуезов кентінен оңтүстік шығысқа қарай байыту фабрикасы учаскесінде ішінара шектелетін болады.

Жаңа кәсіпорын ұсынып отырған жұмысқа орналастырудың тікелей және жанама мүмкіншіліктері де көшіп келушілерді тартуы мүмкін, бұл тұрғындардың санын әлеуетті түрде арттырып, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге сұранысты арттыруы мүмкін. Кәсіпорындағы

жалақылар есебінен көтеріңкі төлем қабілеттілігімен қабысқан көтеріңкі сұраныс инфляцияның таралмауына себін тигізеді. Полиметалл жобаланатын кәсіпорынның әлеуетті кері әлеуметтік әсерін кеміту мақсатында тұрақты мониторинг, ақпаратты тарату, хабардарлықты арттыру, мүдделі адамдарды тарту және жергілікті тұрғындардан келіп түсіп жатқан шағымдарды қабылдау және өңдеу механизмін қолдану арқылы жергілікті тұрғындармен және әкімдікпен жұмыс жасайтын болады.

Кәсіпорынның ағымдағы жобасын ескере отырып, Әуезов кентіндегі тұрғын рецепторлардың орналасқан жерлеріндегі шуыл әсері жұмыстарды жүргізудің алғашқы бірнеше жылдары ішінде түнгі уақытта едәуір деп және аса ұзақ мерзімді келешекте орташа деп бағаланды. Жеңілдету жөніндегі одан арғы шаралар егжей-тегжейлі жобалау сатысында әзірленуі тиіс. Кәсіпорынның инфрақұрылымы мен жергілікті тұрғын аймақтары арасындағы аралықты ескере отырып, «ең нашар» сценарий бойынша SO_2 шығарындыларын қоспағанда, ауаны ластаушы көздердің көп бөлігінің жергілікті тұрғындарға едәуір әсері күтілмейді. Ауаның сапасына әсер етуді нақты бағалау үшін қазандықтардың түтін құбырларынан шығарындылардың атмосферада шашырауын аса егжей-тегжейлі модельдеу талап етіледі. Көлік қозғалысының әсерін бақылау мақсатында Полиметаллдың тау-кен массасын кенттің жағдылы жол қозғалысынан оқшау тасымалдануын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жаңа жолдарды салуын қоса алғанда, барлық мүмкін болатын шаралар қабылданатын болады.

Кәсіпорынның ауыз сумен жабдықталуы Қызылсу өзеніндегі су қоймасынан (тәулігіне 1 400м^3) және Қызылту өзенінің аңғарындағы су алу ұңғымалары желісінен (тәулігіне 100 м^3) су алу есебінен жүзеге асырылады. Екі көзден алынған суды кәсіпорын жұмыскерлері мен Әуезов кентінің тұрғындары тұтынар алдында тазартады және залалсыздандырады. Техникалық мұқтаждықтарға арналған сумен жабдықтау кеніштің тұндырғы бөгетіне (№2 карьер) тартып шығарылатын, содан соң байыту фабрикасының ыдыстарына ағызылатын карьерден шығатын су және жерасты қазбаларының суы есебінен жүзеге асырылады. Қызылту су жинағыш ұңғымаларынан алынатын су техникалық сумен жабдықтаудың резервті көзі ретінде пайдаланылады. Өнеркәсіптік және тұрмыстық пайдаланылған су кәріз жүйесі арқылы өздігінен ағып, кәріз суының сорғы станциясына түседі де, одан өткізгіштік қабілеті тәулігіне 3 500м^3 биологиялық тазарту құрылыстарына беріледі.

Кәсіпорын өзі пайдаланатын жерүсті және жерасты суының қорларына айтарлықтай қолайсыз әсер жасамайды. Дей тұрғанмен, кен орнын жерасты өңдеу сатысында (сутөкпе, ағын шығысы) және кеніште тарату сатысында (карьер маңындағы су сорғы қалыңдығында қалып қоюы мүмкін ластаушы заттектер) туындауы мүмкін кейбір әлеуетті әсерлердің маңыздылығын растау үшін қосымша зерттеулер талап етіледі. Бұдан басқа, жақын жатқан ағын су, оның ішінде Ақбастау бұлақ бұлағы ағысының жоғалуын тудыратын ілеспелі әлеуетті экологиялық әсерлер де бақылануы мүмкін.

Жобаланатын кәсіпорын ауданының көп бөлгі бұзылып үлгерген жерлерге келеді, мұнда, геоологиялық барлау және тау-кен жұмыстары бұған дейін он жыл бұрын жүргізілген. Осылайша, жобаланатын объект өңірлің биоәртүрлігіне аз әсер етеді және жануарлар мен

өсімдіктердің сирек немесе өліп жатқан түрлеріне мүлдем әсер етпейді. Алайда, кәсіпорын қызметінің нәтижесінде шуыл мен шаңның шөгілуі есебінен объектіден тікелей жақын маңдағы табиғи тіршілік ортасының сапасы төмендейтін болады. Биоәртүрлілікке әлеуетті әсер етулер жерлерді таратудан кейінгі қалпына келтіру кезінде де тиісті шараларды қабылдау жолымен қаншалықты мүмкін болғанша төмендейтін болады.

Кеніштің жұмысының жоспарланған мерзімі аяқталысымен кенішті жоюдың толық бағдарламасы жүзеге асырылатын болады, ол аздырылған жерлерді қалпына келтіруді қамтиды. Полиметалл адамдардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне төнетін қандай да бір қауіпті болдырмау, сондай-ақ кәсіпорын қызметінің нәтижесінде табиғи ресурстардың ықтимал ұзақ мерзімді физикалық және химиялық бұзылуының алдын алуды қоса алғанда, қалдық экологиялық әсерлерді кеміту үшін қажетті шараларды қабылдайды. Полиметалл, сондай-ақ, жергілікті тұрғындарға қолайсыз әсердің ең төменгі деңгейге жетуіне, ал әлеуметтік-экономикалық пайданың жоғары болуына бағытталған шараларды қабылдайды.

Жүргізілген іздестірулердің нәтижесінде жобаланатын кәсіпорынның аумағында археологиялық құндылығы бар объектілер анықталған жоқ. Полиметалл жұмыстарды жүргізу кезінде анықталған кез келген маңызды объектінің немесе артефактінің тиісінше тіркеліп, зерттеліп, жойылып немесе қазылып алынуы үшін «табыс анықталған кездегі іс-әрекет тәртібін» әзірледі және бекітті.

Мүдделі тараптарды тарту Полиметаллдың негізгі құндылығы болып табылады. Кеніштің жұмыс жасап тұрған кезеңі бойына мүдделі тараптарды тарту жөніндегі шаралардың басты мақсаты Полиметалл мен мүдделі адамдар арасында олардың пікірі ЭӘӘБ жүргізу және кәсіпорынды техникалық жобалау кезінде ескерілуі үшін республикалық, өңірлік және жергілікті деңгейде екі тарапты қарым-қатынасты белгілеу, дамыту және қолдау болады. Жергілікті тұрғындармен жақсы қарым-қатынас осы күнге дейін Полиметаллдың кен орнындағы қызметін қолдап келді.

Кәсіпорын ЭӘӘБ қорытындысына сәйкес жобаланатын объектінің экологиялық және әлеуметтік әсерін бақылау үшін талап етілетін жеңілдету шараларын жүзеге асыру, басқару және мониторингілеу кезіндегі кешенді «Экологиялық және әлеуметтік іс-шралар жоспарын» басшылыққа алатын болады. Тұтас алып қарағанда, «Экологиялық және әлеуметтік іс-шаралар жоспары» үшін бастапқы құжаттама ретінде 14 «басқару жоспары» әзірленді. Құрылыс уақытында да пайдалану кезінде де ЭӘӘБ-да көзделген міндеттемелерді тиісінше орындау үшін кешенді «Экологиялық және әлеуметтік іс-шаралар жоспары» әзірленуде.

2 НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗА

Жоба Қазақстан Республикасының заңнамасына, нормативті актілеріне, нұсқаулықтар мен стандарттарға сәйкес жүзеге асырылатын болады. Оларға жақсы өндірістік тәжірибені қамтамасыз ететін және қорлардың пайдаланылуын, қоршаған ортаны ластайтын шығарындыларды, қалдықтардың кәдеге жаратылуын және басқаруын, сонымен қатар топырақ құнарлығын қалпына келтіруді ұтымды реттейтін ережелер жатады. Сонымен бірге, компания басшылығы Жобаны жетекші әлемдік тәжірибеге, халықаралық қаржы институттарының стандарттары мен талаптарына сәйкес жүзеге асыруға бағытталған. ЭӘӘБ осы жобасы тиісті заңнамалық және әкімшілік нормаларды, сонымен қатар нормативті-құқықтық базаның ережелерін нормативті талаптарды сақтауды қамтамасыз ету бойынша міндеттермен бірге, соның ішінде қоршаған ортаны қорғау, сонымен қатар қолдағы бар жобалық рұқсаттардың ағымдық дәрежесі бойынша жалпы деректердің сипаттамасын қамтиды.

2.1 Әкімшілік басқару және құқытық негіздер

Тау-кен өндіру индустриясын басқару

Қазақстан Республикасында пайдалы қазбалар категориясына байланысты тау-кен қазу өнеркәсібінің қызметір реттеп отыратын үш өкілетті орган бар. Бірінші кезекте, бұл, Қазақстанның Инвестициялар және даму министрлігі (еретеректе 2010 ж. дейін - Энергетика және минералды ресурстар министрлігі және 2010ж. бастап 2014ж дейін - Индустрия және инновациялық технологиялар министрлігі, ол қатты пайдалы қазбалармен жасалынатын келісім-шарттарды реттейді. Екіншісі, бұл, Энергетика министрлігі (ертеректе Мұнай және газ министрлігі (2010-2014жж.) және 2010ж. дейін Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі), ол мұнай-газ жобаларын бақылап отырады. Үшінші өкілетті орган облыстық әкімдіктер, олар көпшлікке мәлім пайдалы қазбалармен байланысты жобаларды реттеп отырады.

Инвестиция және даму министрлігі тау-кен қазу саласының қызметін Геология және жер қойнауын пайдалану ведомстволық бағыныстысты комитет арқылы бақылауды жүзеге асырады, оның өзінің облыстық бөлімшелері бар: КазЖер қойнауы Орталығы (орталық олбыстарда), Батыс КазЖер қойнауы (батыс облыстарда), Солтүстік КАзЖер қойнауы (солтүстік облыстарда), Шығыс Каз Жер қойнауы (шығыс облыстарда) және Оңтүстік Каз Жер қойнауы (оңтүстік облыстарда).

Тауарларда, жұмыстарда, қызметтер мен кадрларда , сонымен қатар қатты пайдалы қазбалар кен орындарында жер қойнауын пайдалану келісім-шарттарда жергілікті қамтылу үлесін қамтамасыз ету мәселесі Инвестиция және даму министрлігімен шешіледі, Жергілікті қамтуды дамыту бойынша Ұлттық агенттіктің көзқарасын есте ұстай отырып (NADLoC).

Қзақстанда қоршаған ортаны қорғау мәселесі бойынша мәселелерді Энергетика министрлігі - Эеологиялық реттеу, бақылау және мұнай-газ секторындағы мемлекеттік инспекция басшылық етеді, облыс деңгейінде - «Қазақстан Республикасының экологиялық реттеу, бақылау және мұнай-газ секторындағы мемлекеттік инспекция комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша экология департаменті» Республикалық мемлекеттік мекемесі , санитарлық-эпидемиологиялық амандық саласында - ҚР Экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқығын қорғау департаменті, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында - ҚР Төтенше жағдайлар бойынша министрлігі. Қазақстанда қоршаған ортаны қорғау саласында бақылау мемлекеттік, ведомстволық, салалық және қоғамдық деңгейлерде жүргізіледі. Экологиялық бақылау өнеркәсіптік қызметтің барлық кезеңдерінде жүзеге асырылады, құрылысты жоспарлау, өндірістік кезеңді іске қосу, кәсіпорынды тоқтату және жабуды қоса алғанда.

Қазақстандағы табиғатты қорғау сипатындағы мәселелер Экологиялық Кодекс ережелерімен реттеледі (2007ж. 2011ж және 2015ж. редакциясында). Экологиялық Кодекс бойынша Жобаның талаптары келесі бөлімде берілген.

Тау-кен қазу секторы Қазақстан Республикасының Инвестиция және даму министрлігімен, «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану заңына» сәйкес бақыланады (2010ж., №291-IV). Мұнан басқа, жер қойнауының кейбір аспектілерін реттейтін ҚР үкіметінің көптеген қаулылары бар.

Пайдалы қазбаларды қазу бойынша қызмет пайдалы қазбалардың кен орындарын өңдеуге келісім-шарт беру жолымен реттеледі (1999ж. тамыз айына дейін бастапқыда лицензия берілген, ал содан кейін келісім-шарт жасалған), олар конкурстық негізде, немесе қазақстандық компаниялармен белгіленген немесе өнеркәсіптік ашылулар жасайтын және оларды кейінгі мемлекеттік сараптама өту арқылы бағаланатын геологиялық зерттеу құқығының иегерлерімен тікелей келіссөздер жүргізу арқылы жасалады.

Тау-кен заңнамасы пайдалы қаздбалардың түрлеріне қарай жіктелуі мүмкін, қаттай пайдалы қазба болсын (алтын, күміс, көмір), мұнай және газ немесе көпшілікке таратылған пайдалы қазба болса да (құм, топырақ, және т.б.).

Қазақстандағы тау-кен жұмыстарын жүргізу құқығы

Қазақстанның заңнамасында ағылшынның «mining» сөзіне сәйкес келетін бекітілген заңды түсінік жоқ, кен орындарының өнеркәсіптік пайдалануын және пайдалы қазбалар қазуды сипаттау үшін ағылшын тілінде «production» немесе «extraction» деп аударуға болатын терминдер пайдаланылады. Тау-кен жұмыстарын жүргізу үшін келесілер қажет: (а) геологиялық барлау және қазу жұмыстарын үшін жер қйнауын пайдалану келісім-шарттары; (б) тау-кен телісмін алу; (в) сараптаманың оң қорытындысы бар жұмыс жобасы; (г) геологиялық барлау және қазу жұмыстарына лицензиялар алу.

2.2 Экологиялық кодекс

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі (2007ж. қаңтар, 17.11.2015ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізілген), ол Қазақстандағы қоршаған ортаны қорғау бойынша негізгі заң болып табылады, бірнеше екінші кезектегі экологиялық заңдарды қоршаған ортаны қорғау және табиғат ресурстарын тиімді пайдалану саласындағы халықаралық стандарттармен тығызырақ байланысқан бір ұлттық заңмен алмастыру, келісу және біріктіру мақсатында 2011 ж. өзгертілген және толықтырылған. Кодексте бірнеше қызмет түрлері үшін көптеген экологиялық талаптар қамтылған және жоғары деңгейдегі ашықтық және қоғамдық бақылауды қамтамасыз етуге бағытталған. Кодекске енгізілген кейінгі өзгертулер 2014 жылдың желтоқсан айында енгізілген.

Экологиялық кодекс келесілерді белгілейді:

- Экологиялық заңнаманың жалпы қағидалары, айта кетсек: «тұрақты» даму, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қатынасу және экологиялық ақпаратқа еркін рұқсат;
- Адамдардың денсаулығына және қоршаған ортаның жағдайына тікелей немесе жанама әсер етуі мүмкін белгілі бір қызмет түрлері үшін қоршаған ортаға әсерін бағалауды міндетті түрде орындау рәсімдері;
- Жылыжайлық газдардың шығарындыларын төмендетудің және көміртегіні шығаруға квота сатудың жалпы қағидалары

Кодекстің негізінде айыппұлдар жүйесі жатыр, жоба үшін қоршаған ортаны ластаудың максималды рұқсат етілген дәрежесінен асқан жағдайда. Жүйенің жұмыс істету үшін Кодекс шығарындылардың әртүрлі түрлеріне және қатты тұрмыстық қалдықтарды орналастыруға рұқсат алу рәсімдерін белгілейді. Кодекс егжей-тегжейлі нормативті құжат болып табылады, және ол кеңейтілген құқықтық базаны қамтамасыз еткенімен, заңдар жиі олардағы мағынасына тікелей қарама-қарсы мағынада талқыланады.

Қойылатын талаптар

Кодекспен пайдалы қазбалар кен орындарын пайдалану кезінде компаниялар төмендегілерге міндетті:

- Бөлінген жер учаскелерін келешекте пайдалануға жарамды күйінде сақтау;
- Топырақ жамылғысын бұзатын жұмыстарды жүргізу кезінде шұрайлы топырақ қабатын жою, сақтау және қайтадан пайдалану;
- Жобаны аяқтағаннан кейін бұзылған жерлердің құнарлығын қалпына келтіру.

Егер жер телімін өнеркәсіптік қалдықтарды орналастыруға, көмуге және сақтауға пайдалану жоспарланған жағдайда, телім келесі талаптарға жауап берулері тиіс:

- Егер маңында елді мекен орналасқан жағдайда, жерасты суларының ағысы бойынша төмен орналасу;
- Су жайылуға арналған жерлерге орналаспайды;
- Су өткізбейтін негізінің болуы, қоршаулы, өсімдіктер өсірілген болуы және қатты жабындысы бар кіреберіс жолының болуы;
- Жер беті және жер асты суларының ағысы ашық су объектілеріне түспеуі тиіс

Кодексің жер қойнакын пайджалану мәселелері бойынша кейбір талаптары келесілерді қамтиды:

- Топырақ астының ластануына жол бермеу, әсіресе жерасты мұнай-газ өнімдерін және басқа субстанциялар мен материалдарды сақтау кезінде;
- Қалдықтарды сақтау учаскелерінде экологиялық және санитарлық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету;
- Жерасты суларының ласталуын және зақымдануының алдын алу;
- Стандартпен белгіленген көрсеткіштерге дейін тазартудан өтпеген ағын сулардың бедерге шығарылуына тыйым салу; өнеркәсіптік ағын суларды шығару Су Кодексіне (2003ж.) сәйкес жүзеге асырылуы тиіс;
- Қоршаған ортаны қорғау бойынша тиісті органдармен белгіленген жерасты суларындағы ластаушы заттардың максималды рұқсат етілген концентрациясы бойынша нормаларға сәйкес келуі;
- Шығарылып жатқан сулардың сапа мониторингін аккредиттелген зертханада талдау жасау арқылы жүргізу.

Суға қатысты Кодекстің ерекше талаптары келесілерді қамтиды:

- Ағын суларды ашық су объектілеріне және бедерге шығаруға тыйым салынған, егер компанияның осыған тиісті рұқсаты болмаған жағдайда;
- Компанияның ағын сулардағы ластаушы заттардың шоғырлануы белгіленген нормадан аспауы тиіс, сонымен қатар ағын сулар рұқсат берілмеген ластаушы заттарды қамтымауы тиіс.

Эеологиялық КОдекстің талаптарына сәйкес, жоба алды және жобалық жұмыстардың кезеңдерінде жергілікті стандарттар бойынша қоршаған ортаға әсерін бағалау (ҚОӘБ) орындалуы тиіс. Жеке алғанда, ҚОӘБ орындау жаңа инфрақұрылым салуға немесе қолдағы барын қайта құрастыруға, сонымен қатар пайда қазбаларды барлаған кезде және өндіру кезінде талап етіледі. Қызыл Жобасы үшін 2012 ж. орындалған ҚОӘБ талап етілді. Кодекстік талаптарына сәйкес, жоба үшін жер ресурстарын, қалдықтар мен өнеркәсіптік шығарындыларды басқаруға қатысты арнайы рәсімдер мен жоспарлар дайындау қажет. Бұл туралы толығырақ төменде айтылып өтіледі.

Шешімдер мен хабарламалар

Тиісті лицензияның болуын талап ететін өндірістік қызметтердің түрлері ҚР «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» № 202-V Заңында аталып өткен (2014 ж. мамыры, 2015 жылдың қаңтарында өзгерістер енгізілген). Акт лицензия және рұқсатты беруге қатысты ережелерді, сонымен қатар лицензияның жарамдылық мерзімін қамтиды.

Іздестіру және барлау жұмыстары

Қазақстандық заңнамада «reconnaissance» деген түсінік жоқ, оның орнына «геологиялық-барлау жұмыстары» деген термин пайдаланылады. Бұл термин өнеркәсіптік қызығушылықты білдіретін кен орнындағы ісдестіру және бағалау жұмыстар үрдісін қамтиды. Геологиялық-барлау жұмыстарын орындау үшін заңды немесе жеке тұлға жер қойнауын пайдалану құқығын алуы тиіс. Мұнан басқа, мүдделі тараптар кейбір лицензияларды сұратуы мүмкін, мысалы, бұрғылау жұмыстарын орындауға, жарылғыш заттарды пайдалану, құрылыс жұмыстары немесе химикаттар және басқа реагенттерді пайдалануға берілетін лицензия.

Жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдалану заңының талаптары бойынша) мемлкеттік экологиялық және санитарлық сараптама өту үшін жобалау алды және жобалау құжаттамаларын ұсынуға міндетті. Құжаттама жоспарланған қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалауды қамтуы тиіс және қоршаған ортаны қорғау бойынша бөлімді қамтуы тиіс[1].

Қазылған пайдалы қазбаларды қайта өңдеу және байыту

Жер қойнауын пайдалану туралы заң минералды шикізатты байыту және қайта өңдеу түсініктерін айырады. Минералды шикізатты қайта өңдеу жер қойнакуын пайдалану құқығын алуды талап етеді, бірақ кен орнын барлау және пайдалануға лицензия талап етпейді.

2.3 ҚР қоршаған ортаны қорғау, ҚТ және ЕҚ саласында заңнамалық талаптары мен нормалары.

Табиғатты қорғау заңнамасы бар экологиялық проблемаларды шешуге және жаңа проблемалардың алдын алуға арналған нормативті және экономикалық іс-шараларды қамтамасыз ету механизмін ұсынады. Қазақстанда қоршаған ортаны қорғауға және табиғатты қорғауға қатысты көптеген заңдар бар, алайда қоршаған ортаны қорғауды өнеркәсіптік басқару саласында арнайы заңды шаралардың жоқтығы байқалады.

Жобаға қатысы бар, Қазақстан Ресапубликасының заңнамасымен басқарылатын басқа да актілер мен үрдістер келесіні қамтиды:

[1] Article 8.1 in http://www.iclg.co.uk/practice-areas/mining-law/mining-law-2015/kazakhstan

- Қоршаған ортаға ластаушы заттардың жылдық максималды рұқсат етілген шығарындыларына арналған нормативтер жобасының Қазақстандық мемлекеттік экологиялық сараптамасы.
- Рельефке және су объектілеріне әлеуетті ластаушы заттардың жылдық максималды рұқсат етілген лақтырындыларына арналған нормативтер жобасының Қазақстандық мемлекеттік экологиялық сараптамасы.
- Қалдықтардың түзілуі және оларды орналастыруға берілетін шектеулер нормативтері жобаларының мемлекетті сараптамадан өткендері. Қалдықтар Қазақстанның қоршаған ортаны қорғау министрінің №169 (31 мамыр 2007ж.) бұйрығымен бекітілген қалдықтар сыныптауышына және Қазақстанның қоршаған ортаны қорғау министрінің №162-п (23 мамыр 2006ж.) бұйрығымен бекітілген қалдықтар паспортының нысанын толтыру бойынша әдістемелік нұсқауға сәйкес, сонымен қатар Қазақстанның қоршаған ортаны қорғау министрінің №128 (30 сәуір 2007ж.) бұйрығымен бекітілген қауіпті қалдықтар паспортның нысанына сәйкес жіктелуі тиіс. Қазақстандық заңнамаға сәйкес қалдықтарды 5 (бес) қауіптілік класына бөлуге болады: I – өте қауіпті қалдықтар (компоненттерінің жалпы индексі 10000 немес одан артық); II – қауіптілігі жоғары қалдықтар (1000-10000); III – орташа қауіпті қалдықтар (100-1000); IV – қауіптілігі төмен қалдықтар (10-100); V – қауіпсіз қалдықтар (10-нан аз).
- Экологиялық мониторинг Қазақстанның қоршаған ортаны қорғау министрінің 2005 жылдың 4 тамызындағы №217 бұйрығымен бекітілген «Өндірістік мониторингті ұйымдастыру және жүргізудің типтік ережелерінің» талаптарына, «Қоршаған орта компоненттерінің өндіріс және тұтынушылық қалдықтарының токсиндік заттарымен ластану деңгейін анықтау бойынша әдістемелік нұсқауларға» (ЖНҚ 03.3.0.4.01-96), «Өндірістік қалдықтар жинақтаушылардың ластану деңгейлерін анықтау бойынша әдістемелік нұсқауларға» (ЖНҚ 03.3.04.01-95) сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Талдауға арналған сынамаларды іріктеу, сақтау, тасымалдау және дайындау бекітілген стандарттарға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

Жоғарыда аталып өткендерден басқа, Жоба ұлттық көзқарас тарапынан мойындалған жұмыстардың жетекші әдістері бойынша нұсқауды қамтитын келесі мемлекеттік стандарттарға сәйкес жүзеге асырылатын болады:

Топырақтар

- МЕМСТ 17.4.4.02 - 84 «Табиғатты қорғау. Топырақтар. Сынамаларды химиялық, бактериологиялық, гельминтологиялық талдау үшін іріктеу және дайындау әдістері»;
- МЕМСТ 17.4.2.01 - 81 «Табиғатты қорғау. Топырақтар. Санитарлық жағдай көрсеткішінің номенклатурасы»;
- МемСТ 17.4.3.01 – 83 «Табиғатты қорғау. Топырақтар. «Сынамаларды алуға қойылатын жалпы талаптар»;

- МемСТ 17.4.3.06 – 86 «Табиғатты қорғау. Топырақтар. Топырақтардың оларға химиялық ластаушы заттардың әсері бойынша топырақтардың жіктеліміне қойылатын жалпы талаптар».

Ауа

- МемСТ 17.2.4.02 – 81 «Табиғатты қорғау. Атмосфера. Ластағыш заттарды анықтау әдістеріне қойылатын жалпы талаптар»;
- «Өнеркәсіптік қалдықтарда ластаушы заттардың шоғырлануын анықтау әдістемесінің жинағы», Гидрометеобаспа, 1987ж.;
- МемСТ 17.2.3.01 – 77 «Елді мекендердің ауа сапасын бақылау ережелері».

Жерүсті және жерасты сулары

- МемСТ 17.1.3.07 – 82 «Табиғатты қорғау. Гидросфера. Су қоймалары мен ағын сулардың сапасын бақылау қағидасы»;
- МемСТ 17.1.5.04 – 84 «Табиғатты қорғау. Гидросфера. Табиғи судың сынамасын алуға, бастапқы өңдеуге және сақтауға арналған аспаптар мен құрылғылар. Жалпы техникалық шарттар»;
- МемСТ 17.1.5.05 – 85 «Табиғатты қорғау. Гидросфера. Жер үсті және теңіз суының, мұзының және атмосфералық жауын-шашынның сынамаларын алуға қойылатын жалпы талаптар»;
- МемСТ 17.1.5.01 – 81 «Табиғатты қорғау. Гидросфера. Су объектілерінің түптік шөгінділерінің сынамаларын ластанушылыққа талдау үшін алуға қойылатын жалпы талаптар».

Су

Су объектілерінің ластануы Экологиялық Кодекспен және Су Кодексімен (шілде 2003ж., 481-II, өзгертулер 2014ж желтоқсанында және 2015ж. желтоқсанында енгізілген) реттеледі. Осы Кодекс су нысандарының экологиялық тұрақтылығының тепе-теңдігін бұзуды болдырмауға мақсатталған, бұл тұрғындардың денсаулығына әсерін тигізуі мүмкін және кәсіпшілік балық пен жабайы табиғаттың басқа да ресурстарын қысқартуы мүмкін.

Су пайдалануға қатысты ұлттық заңнама суды ластауды болдырмау қағидасына негізделген. Табиғатты пайдаланушылар су ресурстарын ластауды төмендетуге бағытталған шараларды орындауға міндетті, олар қоршаған ортаға шығарудың алдында өнеркәсіптік науаларды міндетті түрде тазартуды қамтиды. Су ресурстарын ластауға рұқсат табиғи рұқсаттамалардың кешені режимінде беріледі.

Жобалық талаптар

Су кодексінің талаптарына сәйкес Жоба басшылығы міндетті:

- Суды пайдалануға белгіленген шектеулерді сақтауға;
- Су ресурстарын ластанудан сақтау шараларын орындау;
- Белгіленгеннен асатын зиянды заттар шоғырлануы бар өнеркәсіптік пайдаланылған су лақтырындыларына жол бермеу;
- Қоршаған ортаға ластаушы заттарды лақтыруға Экологиялық Кодекстке (2007ж.) сәйкес қажетті экологиялық рұқсаттар алу;
- Су объектілерін зиянды және қауіпті химиялық және токсинді заттардан және олардың құрамдаушыларынан қорғау, сонымен қатар қатты немесе ерімейтін заттардан немесе басқа қалдақтардан қорғау.

Өнеркәсіптік пайдаланылған судың жиналған жерлерінде ластаушы заттардың деңгейін рұқсат етілген мәнге дейін төмендету үшін және ластаушы заттарды белсенді емес күйге келтіру үшін тиісті шаралар қолдану қажет. Лақтыру орындарын пайдаланудан шығарғаннан кейін, коллектор ретінде пайдаланылған аумақтар қайта құнарландырылуы тиіс.

Қалдықтар

Қалдықтарды басқаруға қойылатын нормативті талаптар Экологиялық Кодексте қамтылған. Әртүрлі нормативті талаптарға сәйкес қалдықтар үш санатқа бөлінеді:

- Қауіпті қалдықтар - қоршаған ортаға және/немесе адам денсаулығына қауіп тудыратын радиоактивті, улы немесетоксинді матеиалдарды немесе заттарды қамитын қалдықтар;
- Қауіптілігі жоқ қалдықтар - қауіптілерге және инертті қалдықтарға жатпайтын қалдықтар қауіпсіз деп саналады;
- Белсенді емес (инертті) қалдықтар - түрлендіруге жатпайтын және қоршаған ортаға және/немесе адам денсаулығына жағымсз әсерін тигізбейтін қалдықтар.

Қауіпті қалдықтарды пайдалану қатаң түрде реттеледі. Қауіпті емес және инертті қалдықтарды пайдалануға ешқандай арнайы рұқсаттар немесе лицензиялар талап етілмейді. Осыған қарамастан, қалдықтарды кәдеге жарату ережелері барлық қалдық түрлеріне бірдей қолданылады, қауіпсіз емес және инерттілерді қоса алғанда.

2011 жылдң қазан айында Қазақстан Парламенті экологияның мүддесін қорғайтын қосымша заңды күшіне енгізді, оған сәйкес тау-кен өндірісінің қалдықтарын қайта өңдеу құны артуы тиіс болатын. Тау-кен өндірісінің қалдықтарын пайдалануға қатысты қойлатын нормативті талаптарда айыппұлдар туралы ережелер бұрыннан бар еді, алайда жаңа заңнама тау-кен өндіру компаниялары үшін қалдықтарды кәдеге жарату бойынша онжылдық бағдарламаны

дайындау талабын енгізіп отыр. Егер бағдарлама сақталмаған жағдайда, Министрлік қалдықтарды орналастыру рұқсаты қайта қайтарып ала алады.

Жобалық талаптар

Жобада қауіпті қалдықтарды қоса алғанда, әртүрлі қалдықтардың легі генерацияланатын болады, олар Экологиялық кодекске сәйкес жіктелуі және басқарылуы тиіс. Қауіпті қалдықтар үшін Компания «қалдықтар паспортын» дайындап және ұстанып отыруы тиіс, оларда келесі деректер қамтылады:

• қалдықтардың түрлерінің сипаттамасы, қамтылуы, мөлшері және олардың кәдеге жарату және тасымалдау жөніндегі талаптар;
• паспорт Минситрліктің жергілікті департаменттерінде тіркелуі тиіс.

Паспорт Компаниямен, Жоба қалдықтарын басқарудың кешенді қатынасының шеңберінде дайындалатын болады. Бұл жетекші халықаралық өнеркәсіптік тәжірибе болып табылады.

Жер ресурстары

Жерді пайдалану және жер ресурстарын қорғау келесі заңнамалық актілермен реттелетін болады:

- Экологиялық кодекс;
- 2003ж. ҚР Жер кодексі. (Жер кодексі, маусым 2013ж, 2014 ж. желтоқсан және 2015ж. қараша айында енгізілген өзгертулерімен);
- ҚР Үкіметінің 2003жылдың 29 қыркүйегінде бекітілген жерді қорғауды басқаруды жүзеге асыру ережесі (жер қойнауы бөлімін қара).

Жер кодексіне сәйкем барлық жер ҚР жеке меншігі болып табылады, егер тек олар жеке тұлғаларға жалгерлік шарты бойынша пайдалануға берілмеген жағдайда. Заң сонымен қатар топырақтағы зиянды заттардың шектелген зиянсыз концентрациясын белгілеу бойынша ережелерді қамтиды. Рұқсат етілген ластаушы заттардың шектері қоршаған ортаға эмиссия рұқсаттарында белгіленеді. Осы шектерді сақтау ретті негізде жүргізілетін Министрлікпен және басқа мемлекеттік органдармен жүргізілетін тексерулердің көмегімен бақыланып отырады.

ҚР «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 242-II Заңы (16 шілде 2001 жыл, 2014 жылдың желтоқсаны мен 03.12.2015ж. түзетулермен) құрылыс нәтижесінде, күрделі жөндеу және бизнес-объектілерді қайта құру кезінде пайда болған қарым-қатынастарды, сонымен қатар жобалау құжаттарын бекіту үшін және мемлекеттік құрылыс қадағалайын орындауға қажетті рәсімдерді реттейді. Бұл заң жобалық

құжаттама және инженерлік зерттеулердің, олардың техникалық талаптарға қаншалықты қанағаттанатындығын бағалау үшін мемлекеттік сараптамамен қарастырылатыны туралы айтып өтеді. Осы талаптар басқалардың ішінде, санитарлық-гигиеналық шарттарға, қоршаған ортаның жағдайына, мәдени нысандарды, өрт және радиациялық-ядролық қауіпсіздікті қорғауға, сонымен қатар ҚТ және ЕҚ ережелерін сақтауға жатады.

Жобалық талаптар

Жерді пайдалану үшін Компания жер қойнауын пайдалану құқығын алуға өтінім беруге міндетті, және, «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану» туралы заңына сәйкес Жер Кодексі келесіні талап етеді: Компания жерлерді жұмыс аяқталғаннан кейін құнарландыруға тиіс, сонымен қатар құнарлық топырақ жамылғысын сақтау және қайтадан пайдалану да талап болып табылады. Осы талаптарды жоба үшін дайындалған кен орындарфн жабу жоспарының көмегімен орындауға болады.

Жер Кодексінің талаптарына сәйкес, Компания құрылыс барысында жерді қорғау және жаңаларын және басқа объектілерді пайдалануға беру үшін шаралар дайындау және енгізуі тиіс (жаңа өңдеу фабрикасы және қалдықтарды сақтау орыны сияқты), олар жер учаскелерінің жағдайларына жағымсыз әсер ету әлеуетіне ие.

Атмосфералық ауаны қорғау

Ауаның ластануы Экологиялық кодекспен реттеледі. Ауаны ластауға рұқсаттар кешенді рұқсат берулер режимінде беріледі. Ауаға ластаушы заттарды шығару үшін шектеулер Министрлікпен және әкімшіліктермен берілетін қоршаған ортаға эмиссиясына рұқсаттарымен анықталады. Атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарылуы рұқсатсыз тыйым салынған және әкімшілік өндіріп алуларға алып келуі мүмкін.

Климатьтың өзгеру мәселесі бойынша үкіметт саясатының негізгі қағидалары Экологиялық кодексте және негізгі қағидаларда баяндалған, мысалы, Квоталарды сату бойынша ережелер және 2008 жылғы қоршаған ортаға эмиссияны қысқартуға міндеттемелер және 2008 жылға атмосфераға жылыжайлық газдардың шығарылуын шектеу, тоқтату және қысқарту ережелері. Жылыжайлық газдардың шығарындысын қысқарту бойынша мақсатты болжалдық көрсеткіштерін толғымыен алғанда немесе ғимарат эмиссиясына белгіленген емес. «Энергияны сақтау және энергия тиімділігін арттыру туралы» заң (1997ж. 17.11.2015 ж. жағдайы бойынша өзгертулер мен толықтыруларымен) энергия тиімділігн арттырудың, соның ішінде жаңа ғимараттарды соғуға және қолдағы барын қайта құрудың жалпы қағидаларын қамтиды.

Жобалық талаптар

Жобаға келесі талаптар қойылады:

- Жобаның эмиссиясын бағалау және олардың төмендетуі үшін шаралар қолдану;
- Атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындыларына белгіленген шектеулерді сақтау;
- Алфынған экологиялық рұқсаттардың талаптарын сақтау;
- Қоршаған ортаны және жұмысшыларды зиянды шығарындылардан қорғау.

Өсімдік және жануар әлемін қорғаға қатысты заңнама

Қазақстан Республикасының «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңы (2006 жылдың шілдесі, 2014 ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізілген)

Осы нормативті құқытық акті ереше қорғалатын табиғат аумақтарымен байланысты мәселелерді реттейді (ЕҚТА) - соның ішінде, ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының түрлері мен санаттарын анықтау саласында, олардың құқықтық мәртебесін, мемлекеттік билік органдарының өкілеттілігін, сонымен қатар ЕҚТА ұйымдастыру, қорғау және пайдалану тәртібі. Заң, сонымен қатар азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің ЕҚТА саласындағы құқытарын растайды және осындау аумақтардың түгендеуіне және кадастрына қойылатын жалпы талаптарды анықтайды. Ерекше назар ерекше экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени, немесе рекреациялық құндылықты білдіретін аумақтарға бөлінген.

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заң (2004г.)

Осы заң жануарлар әлемінің сақталуын және оның биоәртүрлілігін қамтамасыз ету мақсатында жануарлар әлемінің қорғанысын, ұлғайта өсірілуін және пайдаланылуын реттейді.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі N 477-II Орман кодексі (29.10.2015 ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) *Осы Заң өсімдік әлемін (флора) қорғау, ұлғайта өсіру және пайдалану саласындағы қоғамдық қарым-қатынасты реттейді және өсімдік әлемінің және оның биологиялық әртүрлілігінің, флора объектілерін экологиялық, экономикалық және эстетикалық мұқтаждықтарды қазіргі заманғы және келешек ұрпақ үшін сақталу шарттарын қамтамасыз етуге бағытталған.*

Жобалық талаптар

Жануарлар әлеміне және тіршілік ортасына әлеуетті әсер ететін кез-келген жұмыстар келесі талаптарға сәйкес орындалуы тиіс:

- биологиялық әртүрлілікті және фаунаның олардың табиғи тіршілік ортасындағы денсаулығын сақтау;
- фаунаның тіршілік ортасын, көбеюге арналған маңызды аумақтарды, көшіп-қону жолдарын және фаунаның жоғары шоғырлану аумақтарын сақтап қалу

- жануарлар әлемін қорғау бойынша қағидалар мен нормаларды белгілеу және сақтау.

Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау

ҚР тау-кен қазу өнеркәсібінде ҚТ және ЕҚ аспектілерін тікелей немесе жанама реттейтін құқықтық актілердің қатары бар. Қағидалар әрбір тау-кен өндіру компаниясы ҚТ және ЕҚ жауапты ретінде тағайындалған тұлғасы болуы тиіс екендігін қарастырады. Қауіпті жұмыстарды орындауға тікелей жұмылдырылған барлық жұмысшылар жүйелі түрде әртүрлі аттестациялардан өтп тұрулары тиіс. Өнеркәсіптік қауіпсіздік министрінің бұйрықтарымен бекітілген негізгі құқықтық актілер болып табылатындар:

- 2008ж. желтоқсанындағы № 219 бұйрықпен бекітілген өнеркәсіптік қауіпсіздіктің жалпы талаптары (1 және 2 бөлім).
- 2008ж. желтоқсанындағы № 219 бұйрықпен бекітілген пайдалы қазбалар кен орнын ашық әдіспен өңдеу кезіндегі өнеркәсіптік қауіпсіздікке қойылатын талаптар.
- 2008ж. шілдесіндегі № 132 бұйрықпен бекітілген пайдалы қазбалар кен орнын жерасты әдісімен өңдеу кезіндегі өнеркәсіптік қауіпсіздікке қойылатын талаптар.
- 2007ж. шілдесіндегі № 141 бұйрықпен бекітілген, жару жұмыстары кезіндегі өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары.
- 2012ж. қазанындағы № 484 бұйрығымен бекітілген, знеркәсіптік қауіпсіздіктің жалпысалалық талаптары (3–бөлім).
- 2008ж. қазанындағы № 189 бұйрықпен бекітілген, пайдалы қазбаларды ұсақтау, сұрыптау, байыту және кендерді және концентраттарды бөлшектеу.

Мұнан басқа, Жер қойнауы туралы Заңның 115 бабы («Тұрғындар мен қызметшілер үшін жер қойнауын пайдалану шарттарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету») техникалық қауіпсіздік және еңбекті қорғауға қатысты иегерлерге, жұмыс берушілерге, жетекшілер мен қызметшілерге арналған негізгі талаптарды белгілейді. Мысалы, осындай талаптарға жұмыстарды тез арада тоқтату немесе оларға тыйым салу, егер олар адам өміріне және денсаулығына қауіпті болып табылған жағдайда; жұмысқа тек арнайы біліктілігі бар адамдарды ғана рұқсат ету қажет; арнайы жұмыс киімін беру; жеке және ұжымдық қорғау құралдарына рұқсатты қамтамасыз ету; қауіпсіздік талаптары және санитарлық-гигиеналық талаптарға жауап беретін жабдықтарды және материалдарды пайдалану; атмосфераны оттегінің және зиянды газдар мен шаңның болуына тұрақты түрде мониторинг жасау [2].

Қазақстандағы ҚТ және ЕҚ рәсімдері 15.05.2007ж. № 251-III ҚР Еңбек кодексімен реттеледі (2015ж. жағдайы бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізілген). Еңбек кодексіне сәйкес еңбек қатынастары еңбек шарттарымен және, егер қолдануға болған жағдайда, ұжымдық еңбек шарттарымен реттеледі. Еңбек шарттары жазбаша түрде жасалуы тиіс және Еңбек кодексімен қарастырылған синималды стандарттарға сәйкес келуі тиіс.

[2] 10.1 бап, http://www.iclg.co.uk/practice-areas/mining-law/mining-law-2015/kazakhstan

ҚР «Азаматтық қорғаныс туралы» 188-V Заңы (сәйуір 2014 жыл, 2015ж. қаңтар айындағы жағдайы бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) табиғи және антропогенді төтенше жағдайлардағы азаматтық қорғаныс рәсімдерін орындау үрдісін, соның ішінде медициналық және психологиялық көмек, өнеркәсіптік және өрт қорғанысын көрсету үрдісін реттейді.

Жоба талаптары

Компания өз қызметкерлерінің алдында бірқатар міндеттемелерді орындаулары тиіс, соның ішінде нормативті талаптарға жауап беретін жұмыс орындарын қамтамасыз ету. Мұнан басқа, жұмыс беруші жұмысшыны өзінің еңбек міндттерін орындау барысында денсаулығына нұқсан келтірілген жағдайға азаматтық жауапкершілігін сақтандыруға міндетті.

ҚР Салық кодексі (2008ж. желтоқсан, 2013ж. және 2015ж. ақпан айында өзгертулер мен толықтырулар енгізілген)[3]

ҚР Салық кодексі салықтарды және басқа да бюджетке міндетті төлемдердің төленуі рәсімі үшін, сонымен қатар салық міндеттемелерін орындаумен байланысты мемлекет пен салық төлеушінің («салық агентінің») арасындағы қатынастың негізін белгілейді, енгізеді және қамтамасыз етеді. Кодекстің негізні қағидалары келесімен анықталады:

• Оның заңнамасы, кодекстің өзінің құжатында, сонымен қатар кодексте көрсетілгендей қабылданған нормативті құқықтық актілерде қарастырылғандай ҚР Конституциясына негізделу тиіс.
• Агенттердің ешқайсысыны Кодексте көрсетілмеген салықтар және басқа да міндетті төлемдерді төлеу міндеттемесімен ауыртпалық түсірілмеуі тиіс.
• Салықтар және басқа да бюджетке төленетін міндетті төлемдер осы Кодекспен белгіленген рәсімге және шарттарда белгіленеді, енгізеді, өзгертіледі және бас тартылады.
• Кордекстің ережелері мен ҚР басқа да заңнамалық актілерінде қарама-қайшылық туындаған жағдайда, салық алу мақсаттаында Кодекстің ережелері қолданылады.
• Егер ҚР ратификацияланған халықаралық шарттармен Кодексте қамтылғандардан өзге ережелер белгіленген жағдайда,онда көрсетілген шарттардың ережелері қолданылады.

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заң (2001 ж., шілде)

ҚР Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңымен пайдалануға енгізу үшін міндетті жоба және техникалық қадағалау тек қана мемлекеттік қабылдау комисссиясының келісімін талап ететін объектілер үшін қажет екендігін қарастырады. Дегенмен, қазірге уақытта

[3] http://www.salyk.gov.kz/eng/nk/documents/taxcode022013.pdf

жобалау және техникалық қадағалау қабылдау комиссиясымен (мемлекеттік емес) қабылданатын объектлер үшін де талап етіледі. Қазіргі уақытта, осы Заңға сәйкес, құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындау үшін, құрылыс жүргізушіден тиісті рұқсатты алудың орнынан тек сәулет-құрылысты қадағалау билігін жұмыстың басталуына дейін хабарлау ғана талап етіледі (ең кем дегенде басталу уақытына дейін 10 жұмыс күні бұрын). Мемлекеттік сәулет-құрылыс инспециясының өкілдері, заңға сәйкестігін және хабарламада көрсетілген ақпаратты тексеру үшін учаскеге хабарламаны алған сәттен бастап бес жұмыс күнінің ішінде барып көруге құқы бар.

Осы заңға 2012 жылы түзетулер енгізілді, онд лицензиялауды алып тастау және бірқатар өнеркәсіптік және сәулет қызметі үшін рұқсаттардың қысқартылуы қамтылды[4].

ҚР Кеден кодексі

«ҚР Кеден ісі туралы» Кодекс (2010ж., № 196-IV), және Кеден Одағының Кеден кодексі (Кеден Одағының Кеден кодексіне қосымша (2009 ж., қараша, №17) ҚР кеден қызметінің құқытық, экономикалық және ұйымдастырушылық қағидаларын белгілейді және ҚР егемендігін және экономикалық қауіпсіздігін қорғауға, қазақстандық экономиканы әлемдік экономикалық жүйелер шеңберінде бекітуге және сыртқы экономикалық қызметті ырықтандыруға бағытталған.

Жобаға қатысы бар басқа нормативті-құқықтық актілер

2013 жылдың мамыр айында ресми республикалық газеттерде ҚР Үкіметінің екі қаулысы жарияланған болатын (№№ 133 және 134):

• Жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу барысында тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді «Жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлар, жұмыстар және қызметтердің, және олардың өндірушілерінің тіркелімі» (Ереже 133).
• Жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу барысындағы тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді (ТЖҚ) сатып алу ережелері (134-ереже). Осы ережелерге сәйкес, жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану және олардың пайдаланушылары бойынша операцияларды жасау барысында пайдаланылатын Тауарлар, жұмыстар мен қызметтер тіркеуішімен синхрондалған жүйені пайдалана отырып тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды жүзеге асыруы тиіс (new.reestr.nadloc.kz). Алайда, Қазақстанда қазіргі уақытта Тіркеліммен синхрондалған жүйелер жоқ болғандықтан, ал онымен пайдалану міндеттемесі жер қойнауын пайдаланушыларда сақталып қалғандықтан 133-ші Ереже пайдалануға жатады[5].

[4] http://www.hg.org/article.asp?id=28429
[5] http://www.gratanet.com/up_files/article%20on%20new%20procurement%20rules_eng%20%282%29_2.pdf

Қоғамның қатысуы

ҚР құқықтық нормаларына сәйкес, ақпаратты жария ету және тарату, сонымен қатар қоғамдық кеңестер жобаның даму үрдісінің бір бөлігі болып табылады, әсіресе егер жоба қоршаған ортаға әлеуетті әсерін тигізген жағдайда.

Келесі заңнамалық актілер Қазақстандағы шешім қабылдауға қоғамдық қатысатындар қатарына жатады:

1. ҚР 09.01.2007ж. № 212-III Экологиялық кодексі (17.07.2009ж. редакциясында);

2. ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 28.06.2007ж. №204-п бұйрығымен бекітілген жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп, отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалау жүргізу бойынша нұсқаулығы;

3. ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 07.05.2007 ж. №135 мамырдағы бұйрығымен бекітілген Қоғамдық тыңдауларды жүргізудің ережелері;

4. ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 25.07.2007ж. № 238-п бұйрығымен бекітілген Қоршаған ортаға әсерді бағалау рәсіміне және көзделген шаруашылық және басқа да қызмет бойынша шешімдер қабылдау процесіне жататын экологиялық ақпаратқа қол жеткізу ережесі;

5. Табиғи монополия субъектілерінің реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге арналған өтінімдерін қарастыру кезінде жария тыңдауларды өткізу туралы ережелер. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 21.04.2003ж. № 376 қаулысымен бекітілген.

Осындай қолданыстағы заңнамалық жүйе басқару қағидаларын жұртшылықты кеңес беру үшін және шешім қабылдау кезінде қатысуды қамтамасыз етеді, алайда осындай қызметтің ауқымы ұсынылып отырған жобаның түрі мен ауқымына және қоғамдық қызығушылық дәрежесіне байланысты болады.

Жобалық талаптар

Компания жоғарыда аталып өткен ҚР құқықтық нормаларына, қызығушылық тараптармен өзара байланысу және кеңес берулер осы заңнамалық актілерге сәйкес өткізілетініне кепілдік бере отырып сәйкес келуі тиіс.

Жабылуы

Өнеркәсіптік кәсіпорынның пайдаланудан шығаруына және жабылуына заң борйынша қажетті рәсімдер Жер қойнауын пайдалану туралы заңмен (111-бап «Жер қойнауын пайдалану объектілерін тарату және консервациялау») және Экологиялық кодекспен бұйырылған.

Компания мемлекеттік органдарға Кен орнын жабу жоспарын жер қойнауын пайдалану келісім-шартына қол қойылғаннан кейін 2 жылдан кешіктірмей жасап шығаруы және ұсынуы тиіс. Қазақстандағы қолдағы бар жабу ережелері тұтастай алғанда кен орнын пайдалану мерзімінің соңындағы топырақты-құнарлы және өсімдік қабатын қалпына келтіруге ғана қатысты, кейінгі айрықшалама беру немесе қоршаған ортаға жобадан кейінгі мониторинг жүргізу бойынша ешқандай айрықшаламалар жоқ.

Кодекс компаниядан жобаны аяқтағыннан кейін бұзылған жерлердің топырақ құнарлығын қалпына келтіруді жүргізуді талап етеді, ол жер қойнауын пайдалануды тоқтату немесе минералды ресурстардың сарқылуы деп анықталады. Егер өндірісті тоқтату туралы шұғыл түрде шешім қабылдау талап етілген жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы өндірістік бөлімшелерді, олардың таратылуы немесе консервациясына дейін сақтап қалуға шаралар кешенін жүргізуі тиіс. Осы іс-шара жер қойнауын пайдаланушының тарату қорының есебінен қаржыландырылады және, қордың қаражаттары жеткіліксіз болған жағдайда, жер қойнауының пайдаланушының өз есебінен[6].

Топырқатың құнарлығын қалпына келтіруді өткізген жағдайда, компания келесіні назарда ұстауы қажет:

• жер ресурсстарының бұзылу сипатын;
• қоршғана аумақтың табиғи және физикалық қасиеттерін;
• аулшараушылық мақтсаттаарға арналған, тұрғын үй қорының жерлері немесе табиғиқалыптағы жерлердің болуына қарамастан жерлердің ақырғы мақсаттық тағайындамасын;
• өсімдік жамылғысын қалпына келтіру.

Тарату (жабу) бағдарламасын қаржылық қамтамасыз ету мақсаттық қорды құру жолымен ұйымдастырылады, онда компания жыл сайын активтердің баланстық құнынан 5% дейін аударылады. Осыған қарамастан, бұл тек жоғарыда аталып өткен әрекеттерге қатысты.

Жер қойнауы объектілерін тарату немесе консервациялау, өкілетті органдармен құрылған арнайы комиссияның қабылдау актісіне қол қойғанынан кейін ғана аяқталған болып саналады. Комиссия қоршаған ортаны қорғау, жер қойнауын зерттеу және пайдалану, өнеркәсіптік қауіпсіздік, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау, жер ресурстарын басқару және аймақтық жергілікті атқарушы орган саласындағы лауазымды тұлғалардан құрылады.

Жобалық талаптар

• кен орнын жабу ТЭН орындау;
• Жер қойнауын пайдалану туралы Заңға және қарқынды қалпына келтіруді болжамдауға сәйкес топырақты және геологиялық қалдықтарды бөлу және басқару;

[6]Article 8.2: http://www.iclg.co.uk/practice-areas/mining-law/mining-law-2015/kazakhstan

• кен орнын жабу жоспарын дайындау;
• тарату қорын жинақтау.

Тұрғындардың денсаулық жағдайы

Компанияның қоғамдық ұйымдармен және денсаулық саласындағы жеке тұлғалармен байланысы денсаулықты қорғауға конституциялық азаматтық құқықтарын сақтау үшін ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінде аталып өткен (2009ж. қыркүйегі, 2015ж. қазан айындағы жағдайына өзгертулер мен толықтырулар енгізілген). Осы Кодекстің 62-бабында келесідей делінген: ҚОӘБ жобасымен бірге, соның ішінде жер учаскелерін құрылысқа рәсімдеу бойынша санитарлық-эпидемиологиялық қорытындылар берілуі тиіс.

Энергия

Ең жақындағы «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Заң 2012 жылдың қаңтар айында қабылданды, оған 2012 жылдың шілде айында түзетулер енгізілді, және энергияны үнемдеу және тиімділік саласын қамтиды. Ол бұрынғы ҚР «Энергияны үнемдеу туралы» (1997ж. желтоқсан) заңымен және «Энергияның қалпына келетін көздерін пайдалануын қолдау туралы» ағымдағы заңымен (2009 ж. шілде) байланысты,. Заң энергия тиімділігіарттыру үшін бірқатар нақты шараларды енгізді, соның ішінде: тіркелу талаптарын құру, міндетті энергетикалық аудитті, энергетикалық менеджмент жүйесін, энергияны тұтыну коэффициентін енгізу, жаңа ғимараттарды, салу кезінде міндетті түрде энергиялық тиімді материалдарды пайдалану, энергетикалық ресурстардың шығынын өлшеуіштерін және жылу шығынын реттеудің автоматтандырылған жүйесін құру. Заңды қабылдаудан кейін бірінші заңға қосалқы актілер қабылданды, соның ішінде қайтадан тұрғызылған ғимараттар және энергия тиімділігін басқару жүйесі үшін энергетикалық тиімділікке қойылатын талаптарды қамтиды[7].

Айта кететіндей, өзінің жыл сайынғы жолдауында, ҚР президенті 2020 жылға қарай тұрғындардың басына 25%-ға ЖІӨ энергия сыйымдылығын төмендету мақсатын қойды.

Мұнан басқа, ҚР Ұлттық үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасының (2010+2014 жылдар) негізгі мақсаттарының бірі ел экономикасының ішінде бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізу мақсаттарында өнеркәсіптің энергиялық сыйымдылығын төмендету болды [8].

Археологиялық және мәдени мұра

[7]ЕҚДБ саясаты:
http://www.google.co.uk/url?sa=t&rct=j&q=&esrc=s&source=web&cd=10&ved=0CFEQFjAJ&url=http%3A%2F%2Fwww.ebrd.com%2Fdocuments%2Flegal-reform%2Fkazakhstan-country-law-assessment.pdf&ei=ym5xVbX2LMOO7Abmi4Jo&usg=AFQjCNFIsX8OxALBlriezBST3wznkxQRBQ&bvm=bv.95039771,d.ZGU&cad=rja

[8]http://www.energypartner.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=23&Itemid=32&lang=en

ҚР 1488-X11 (1992 жылдың шілдесі, 2014ж. қаңтар айындағы түзетулер енгізілген) «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Заңы тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану үшін міндеттер мен құқықтық негіздерді анықтайды. Әсіресе, 2–бап мәдениет және тарих ескерткіштердің анықтамасын қамтиды, сонымен бірге архитектуралық-археологиялық құндылығы барлары, сонымен қатар оларды қорғау және пайдалану аспектілерін қамтиды. Бақыршықтағы болмыстық әлеуметтік-экономикалық зерттеулер кезінде, мәдени мұра объектілері анықталған жоқ.

Жергілікті және облыстық маңыздағы заңнамалық актілер

Жобаға Шығыс Қазақстан облысының бірқатар ережелері мен құқықтық талаптары қолданылады, соның ішінде келесі заңнамалық және нормативті актілер. Алайда, Қазақстан Республикасының заңнамасы орталықтандырылған болып табылады және негізінде кодекстерден, заңдардан және үкіметтік қаулылардан тұрады. Жергілікті биліктердің заң қабылдау құқығына ие емес.

Дегенмен, Салық кодексінің 495.9-бабында (төлемдер мөлшерлемесі) жергілікті өкілетті органның (бұдан әрі «мәслихат») осы баппен белгіленген, қоршаған ортаға шығарылған шығарындылары екі еседен артпайтын және газды жағу нәтижесінен ластау үшін жиырма еседен артық емес төлемдер мөлшерлемесін арттыру құқығын қарастыратын нақты жағдайы баяндалған.

Аймақтық заңнама

Назарға алу қажеттілігі бар болуы мүмкін нақты аймақтағы әртүрлі провинцияға жататан аймақтық ережелер, рәсімдер, саясаттар немесе заңдар жоқ.

Жерге құқығы

Қазақстандық заңнамада жерге меншік құқығы деген түсінік жоқ. Жер қойнауына (жер қойнауын пайдалану құқығы) құқықты қамтымайтын жерге құқықығы өндіруге берілетін құқытан бөлектелген. Жер қойнауы туралы заңның 68.5 бабында (шарт жасау және тіркеу), жер қойнауын пайдалану келісім-шартын орындау сәйкес жер учаскесін сәйкес облыстық әкімшіліктерге беру үшін негіз болып табылады, жер учаскелерін Жер кодексіне сәйкес мемлекеттік мұқтаждықтар үшін экспроприациялау жағдайларын қоспағанда.

Жер кодексінің 71.1 бабына сәйкес (жер учаскелерін іздестіру жұмыстары үшін пайдалану), геологиялық, геофизикалық және түсіру жұмыстарын орындап жатқан жеке және заңды тұлғалар, осы учаскелерді олардың иегерлерінен немесе жалға алушылардан алмастан осындай жұмыстарды орындай алады. Осындай жағдай, әдетте, геологиялық барлау мақсаттары үшін пайдаланылады.

Осындай жағдайларда, немесе өндіру жұмыстарын жүргізуді болжалдап отырған жер учаскелері үшінші тараптың (жеке немесе заңды тұлға) меншікті иелігінде немесе жалдауында болған жағдайларда, жер қойнауын пайдаланушы жер учаскесінің иегерімен/жалға аушысымен тиісті шарт жасасуы тиіс. Егер басқа шарттар келісілмеген жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы ауылшарушылық қызметін тоқтату нәтижесінен келтірілген залалдың орнын толтыруға міндетті (ауылшаруашылық қызметі үшін пайдаланылатын жер учаскелерін алып қоюмен байланысты). Кейбір жағдайларда, жер қойнауын пайдаланушыларға сервитут шарттарын жасау міндеттеледі.

Өздерінің жеке меншігінде немесе жалға алынған жер учаскелеріндегі жер қойнауын пайдалануға қатысты жеке және заңды тұлғалардың иелік ететін жалғыз тұрақты және тегін құқығы - бұл, жеке бас қажеттілігі үшін көпшілікке таралған пайдалы қазбаларды өндіру.

2.4 Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заң, 2010ж. (2014ж. желотқсанындағы өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).

Қазақстанда елдің бай минералды ресурстарын пайдалануды регламенттейтін жаңа кешенді заңнама қабылданды. 2010ж. маусым айында жаңа жер қойнауы туралы заң қабылданды. Ол алдыңғы нормативті реттеу жүйесінен түпкілікті айырмашылығы болған жоқ, бірақ ол қатаң бақылау, тұрақтылық және әлеуметтік жауапкершілікті қамтамасыз ету бойынша маңызды мемлекеттік мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді деп күтілді. Ол бірқатар бұрынғы бірін-бірі толықтыратын, алайда кейде бір-біріне қарама қарсы заңдар мен ережелерді біріктіреді. Оған мемлекеттің сатып алуға тиісті бастамшы құқығы бар жер қойнауын пайдалануға кез-келген құқықты табыстауға келісімін талап ететін ереженің маңызды өзгерулері енгізілген. Оған қоршаған ортаны қорғау, жұмысқа қабылдау және жергілікті кадрларды кәсіби даярлау, және жергілікті кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің қызметін пайдалану бойынша, сонымен қатар жергілікті жобаларды дамыту үшін қаржыландыру бойынша міндетті талаптар бойынша кешенді талаптар енгізілген. Сонымен қатар заң, мемлекеттің экономикалық және мемлекет қауіпсіздігінің ұлттық мүдделерін қорғау үшін жерт қойнауын пайдалану шарттарына түзетулер енгізуге мүмкіндік беретін сенімді шараларын қамтамасыз етеді.

2010 жылы күшіне енген негізгі өзгерістердің бірі, тау-кен өндіру өнеркәсібін қолдау және дамыту мақсатында министрлікті қайта құру болып табылады. Бүгінгі уақытта тау-кен өндіру өнеркәсібі Инвестиция және даму министрлігінің құзыретінде. Ертеректе, тау-кен өндіру және мұнай-газ саласы бір министрліктің құзыретінде болған болатын.

Жақын уақыттан бастап Қазақстан қайтадан нормативті-құқықтық базаны тұрақты жетілдіруді, салалық тәжірибені халықаралық танылған стандарттарға сәйкес дамытуды қатаң назарда ұстап келеді.

«Жер қойнауын пайдалану құқығын беру ережелерін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің қаулысына сәйкес (2010 ж. желтоқсаны, 2013 ж. жағдайына түзетулер енгізілген), жер қойнауын пайдалану құқығы келесі операцияларды жүргізу үшін беріледі:

• жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу;
• геологиялық барлау;
• өндіру;
• барлаумен немесе өндірумен байланысты жер асты құрылыстарының құрылысын салу және/немесе пайдалану.

Жобалық талаптар

Жер қойнауын пайдалану туралы заңға сәйкес Жоба басшылығы міндетті:

• топырақтардың желдік екінші реттік эрозиясына жол бермеу және тау ландшафтының элементтерін болдырмайды.;
• жерүсті және жерасты суларын ластаудан қорғау үшін өндірістік алаңдарды гидрооқшаулау қажет;
• **атмосфераға түсетін ластағыш заттардың шығарындыларын болдырмау;**
тау-кен жұмыстарымен бүлінген жердің опырағының құнарлығын арттырады.
• мұнай өнімдерін және басқада зиянды заттарды сақтау немесе көму нәтижесінде немесе ағын суларды лақтыру нәтижесінен туындайтын ластануларға жол бермеу;
• жерүсті және жерасты суларының жиналу орындарында қалдықтардың жиналып болдырмау үшін, өндіріс қалдықтарын сақтау және орналастыру кезінде экологиялық талаптарды сақтауға.

ҚР экологиялық саясаты

Қазақстанның экологиялық саясаты бірқатар басқаратын қағидаларды қарастырады, олар тұрақты даму ұстанымдарын сақтауды талап етеді, және экологиялық іс-шаралардың келесілерге бағдарлануын талап етеді:

• адамға және қоршаған ортаға әсерін ескеруді;
• бағдарламларды жобалаудың және дайындаудың ерте кезеңдерінде экологиялық әсер етуді ескеруін қарастырады;
• жария тыңдалымдарға дұрыс назар аударуды;
• салдарларды жеңілдеті бойынша жоспарлардың және төтенше жағдайлардағы әрекет ету жоспарының қамтылуын;
• аудит және мониторингтің өткізілуін қарастыру;
• заңды түрде міндетті талаптар болып табылауын; және
• заңды түрде рәсімделуін.

ҚР Экологиялық кодексі 2007ж. қаңтарында қабылданды, 2011 жылдың желтоқсан айында оған өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Экологиялық сараптама екі түрде жүзеге асырыла

алады, бұл туралы Экологиялық кодекстің 45 бабында «Экологиялық сараптаның түрлері» сипатталған. Осы бапқа сәйкес, Қазақстан Республикасында мемлекеттік органмен бастамаланған мемлекеттік экологиялық сараптама, және сараптама комиссияларымен орындалағын қоғамдық экологиялық сараптама жүзеге асырылады.

Саясат қоршаған ортаға әсер етуді бағалауға (ҚОӘБ) және ластануды бақылауға қойылатын нормативті талаптардың негізіне сүйенеді, ол жобалардың басшылығынан, жобаны дамыту барысында қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік басқару саласындағы ең жоғарғы халықаралық стандарттарға ұмтылуды талап етеді.

Құрылыс жасауға рұқсат алу рәсімі «Қаржыландыру көздеріне қарамастан құрылысқа арналған жобалау алдындағы (техника-экономикалық негіздемелер) және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасына сараптама жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік инвестициялар есебінен салынып жатқан жобаларды бекіту ережесі туралы» (2014 жылдың сәуіріндегі жағдайына өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) қарарымен реттеледі.

2.5 ҚОӘБ/ЭӘӘБ орындау үдерісі

Барлық жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасы Қазақстанда мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткізуге жатады. Ол өзіне ҚОӘБ бойынша есепті ұсынуды қамтиды. ҚОӘБ орындау үдерісі ұлттық деңгейде, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 35-бабымен (2007жылдың қаңтар айынан, 2014 жылдың желтоқсанындағы жағдайына толықтырулар мен өзгертулер енгізілген) және ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің бұйрығымен бекітілген, көзделген шаруашылық және өзге қызметтердің жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын дайындау барысында қоршаған ортаға әсерін бағалау бойынша нұсқаулығымен (2007ж. маусым) реттеледі.

Шаруашылық қызметті сараптаманың оң нәтижесін алмауынсыз және арнайы табиғатты пайдалану бойынша рұқсатты алмастан жүзеге асыру мүмкін емес.

Қазақстандағы рұқсат алу рәсімі екі кезеңнен тұрады: жобаны бастамалау (жобаны дайындау және құрылысты қамтиды) және пайдалану. Осы рәсімнің шеңберінде ҚОӘБ орындау үрдісі алдын ҚОӘБ және толық ҚОӘБ дайындауды қамтиды. Алдын ала ҚОӘБ (қоршаған ортаға әсерін алдын ала бағалау) жоспарлауды бастаудың және инвестициялық фазаның алдында орындалады. онда жоспарланған шаруашылық және басқа қызмет сипатталады. ҚОӘБ алды ТЭН бір бөлігі болып табылады, ол негізгі жобалау алдындағы құжатты білдіреді. ҚОӘБ материалдарында объектілердің барлық аспектілерінің толық әсер етуінің егжей-тегжейлі талдауы және қоршаған ортаға жоспарланған шаруашылық қызметінің құрылымы қамтылған.

ҚОӘБ ережелерінде дайындаушылардың қоршаған ортаға әсерін бағалауды қалай жүргізу қажет және ҚОӘБ есебінің сараптамасын қалай орындау керектігіне қатысты жалпы талаптар қамтылған. Пайдалы қазбаларды өңдеуді бастаудың алдында қызығушылық танытқан

тараптар үшін қоғамдық тыңдалым өткізу және есепті мемлекеттік органдарда бекіту талап етіледі. Қоғамдық тыңдалымдардағы талқылаулар жазылады.

Қоғамдық тыңдалымдарды өткізу ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің Қоғамдық тыңдалымдарды өткізу ережелерін бекіту туралы» бұйрығымен реттеліп отырады (2007 жылдың мамыр айы, 2013 жылдың наурыз айындағы жағдайына түзетулер енгізілген). Жұртшылықпен әрекеттесу мәселелері Экологиялық кодекстің келесі баптарымен реттеліп отырады:

ҚР Экологиялық кодексінің (2007) 57 бабының 2-4 тармақтарында былай делінген: «барлық қызығушылық танытқан азаматтардың және қоғамдық бірлестіктердің мемлекеттік экологиялық сараптама өткізу кезеңінде өз пікірлерін білдіру мүмкіндіктері болуы тиіс»; «Қоғамдық тыңдалымдар, жүзеге асырылуы тікелей қоршаған ортаға және азаматтардың денсаулығына әсер етуі мүмкін жобалар бойынша өткізіледі»; «Қоғамдық тыңдалымдарды өткізу тәртібі қоршаған ортаны қорғау саласындағы өкілетті органмен белгіленеді және қызығушылық танытқан тұлғалардың анықталуын, ақпарат және кеңес алынуы мүмкін жерлерді көрсетілуін, халықты ақпараттандыру тәсілдерін көрсетуін, халыққа кеңес беру жүзеге асырылатын әдісті анықтау түрлері анықталуы тиіс».

• Экологиялық кодекстің (2007) 163-бабы, экологиялық ақпаратқа рұқсатты анықтайды. Онда экологиялық ақпараттың жалпыға қолжетімді деп танылуы тиіс деп баяндалған, ҚР заңымен қарастырылған жағдайларды қоспағанда.

«Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалау жүргізу бойынша нұсқаулық»

ҚОӘБ әрбір кезеңі мемлекеттік экологиялық сарапшыларының бағалауынан өтуі тиіс. Осындай бағалаудың оң қорытындысы жобаны жүзеге асырудың қажетті шарты болып табылады. Мұнан басқа, бағалады қорыту қоршаған ортаны қорғау бойынша жергілікті департаменттермен мақұлдануы тиіс.

Алдын ала ҚОӘБ-де қазақстандық шығарындылар/лақтырындылар деңгейінің нормаларына сәйкес Бақыршықтағы атмосфералық шығарындылар мен қатты және сұйық шығарындыларды лақтырындыларын бағалау жасалынады.

Қоршаған ортаға әсер етуін бағалауы жергілікті және халықатарлық стандарттар бойынша жалпы алғанда сәйкес келетіндігіне қарамастан, олар әртүрлі қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін жүргізіледі. Қоршаған ортаға әсерді бағалау, жергілікті стандарттар бойынша, мемлекеттік заңнаманың талаптарына сәйкес орындалады, экологиялық және әлеуметтік әсер етуді бағалау жобаны қаржыландыру үшін дайындалған. Халықаралық талаптар бойынша экологиялық және әлеуметтік әсерді бағалау жергілікті ҚОӘБ талаптарынан асады және нақты критерийлерді МФК «қызмет стандарттарын» қанағаттандыруға бағытталған, соның ішінде

жобаның әлеуметтік-экономикалық әсерін оден де кеңірек қарастыруды өткізу жоспарында. Қоршаған ортаның жағдайы бойынша фондық деректердің көп бөлігін ҚОӘБ үшін, және ЭӘӘБ үшін де пайдалануға болады, фондық деректерді жинау және дайындау үздік халықаралық тәжірибелермен салыстырылатынәдістермен жүргізіледі деген шартпен. Бағалау айырмашылығы фондық деректердің көлемінде және төменде аталып өткен тізім бойынша әсер етуді бағалауды орындау үрдісінде болып табылады:

• әлеуметтік аспектілер / жергілікті халық;
• биоалуантүрлілік;
• су ресурстары;
• экожүйенің интеграцияланған қызметтері.

Сурет 2.1 ЭӘӘБ үрдісін бейнелейді және оның ТЭН-мен қатарлас орындалатындығын бейнелейді. Берілген суретте сонымен қатар, барлық осы үрдістің жүргізу барысында қызығушылық танытқан тараптармен әрекеттесу талаптары көрсетілген.

Сурет 2.1: ЭӘӘБ орындау үдерісі

Бақыршық бойынша ҚОӘБ 2012ж. аяқталды, ҚОӘБ және ҚОӘБ-ге арналған шолу экологиялық және әлеуметтік зерттеулер бойынша қоғамдық тыңдалымдар 2012ж. наурыз айында жүргізілді. Салдарында жобалар бойынша қорытындылар алынды. ҚОӘБ-де максималды қоршаған ортаға зиянды заттардың рұқсат етілген шығарындылары мен лақтырындыларының

деңгейі бойынша деректер берілген, атмосфералық ластаушыларды, ағын сулар мен қалдықтарды қоса алғанда.

Мемлекеттік сараптама

Мемлекеттік экологиялық сараптама қоршаған ортаны қорғау саласында өкілеттілігі бар агенттікпен, сонымен қатар жергілікті атқарушы органдармен жүргізіледі. I санатты объектілердің мемлекеттік экологиялық сараптамасы қоршаған ортаны қорғау саласының орталық атқарушы органымен жүзеге асырылады; II және III санатты объектілердің сараптамасы қоршаған ортаны қорғау саласында өкілеттілігі бар органның аумақтық департаментімен жүзеге асырылады; IV санатты объектілер жергілікті атқарушы органдармен қарастырылады. Мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы міндетті түрде орындауға жататын ресми құжат болып табылады.

Қоғамдық сараптама

Жұртшылықтың қатысуы (азаматтық қоғам өкілдері) артады, қоғамдық пікір, әдетте, ұсыныс беру сипатында болады. Жұртшылықтың заңнамалық талаптарды сақтауы және орындауы жұртшылықтың қатысуының бір әдісі және оның қоршаған ортаны қорғауға әсер етуі, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және қоршаған ортаға жағымсыз әсерлерін болдырмау/жеңілдету болып табылады.

Қоғамдық экологиялық сараптама жеке халық тобының бастамасымен құрылған сарапшы комиссиялармен ерікті негізде, қауымдастықтар мен ғылыми ұйымдармен, қоршаған ортаға тигізетін кез-келген әсерді бағалау үшін жүзеге асырылатын қызмет болып табылады.

Қолданыстағы экологиялық заңнама ҚОӘБ-ды шаруашылық қызметтің барлық кезеңдерінде, бастапқы жопсарлаудан бастап, құрылыс кезеңдері мен жобалауды және пайдалануды қоса алғанда, кәсіпорынды жапқанға дейін өткізуді талап етеді. Экологиялық тәуекелді болжалдау және бағалау ҚОӘБ негізгі міндеті болып табылады, оны орындау мемлекеттік экологиялық сараптамамен тексеріледі.

Жобалық талаптар және мәртебе

Экологиялық кодекске сәйкес ҚОӘБ орындау үрдісі бірнеше кезеңді қамтиды:

- Фондық жағдайда бағалау;
- ТЭН-ге арналған алдын-ала бағалау;
- Табиғатты қорғау бағдарламаларын егжей-тегжей бағалау және дайындау;
- Жобаның қоршаған ортаға әлеуетті әсерін талқылау үшін қызығушылық танытқан тараптардың өкілдерінің қатысуымен міндетті қоғамдық тыңдалымдар (Қазақстандық

заңнамаға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін қажетті қоғамдық тыңдалымдардың жалғыз түрі);
- Жобаның жұмыс жасауын бастағаннан бір жылдан кейінгі бағалауы.

Рұқсаттар және лицензиялар

Қоршаған ортаны қорғау министрлігі бір жыл мерзіміне табиғат ресурстарын пайдаланумен байланысты рұқсаттарды беруге өкілетті. Компания, сонымен қатар табиғат ресурстарын, әлеуетті токсинді химиялық заттарды пайдаланумен, қауіпті материалдарды, жару жұмыстарына арналған материалдарды тасымалдау және алып келумен, сонымен қатар су ресурстарын пайдаланумен байланысты бірқатар басқа рұқсаттар мен лицензияларды алуы тиіс. Олардың көпшілігі аймақтық / жергілікті атқарушы органдар арқылы беріледі (әкімшіліктер деңгейі).

Барлық шығарындылар түрін қамтитын экологиялық рұқсаттардың екі түрі бар:

• Қоршаған ортаға эмиссияға рұқсаттар - рұқсаттың осы түрі ең көп тараған болып табылады. Табиғат ресурстарын пайдаланушылар қызметтің нақты түрлеріне және жыл сайынғы шығарындылар көлеміне қарай төрт санатқа бөлінген. Қоршаған ортаға эмиссиялау рұқсаттары үш жылдан бастап бес жылға дейінгі белгілі бір мерзімге беріледі. Дәл созылушылығы табиғатты пайдаланушының санатына байланысты болады.
• Кешенді экологиялық рұқсаттар - кешенді экологиялық рұқсаттар, өз қызметін ең үздік қолжетімді экологиялық технологияларды пайдалануға сәйкес жүргізіп отырған табиғат пайдаланушыларына, және алдын ала үкіметпен бекітілген кейбір жобалар үшін белгісіз мерзімге берілуі мүмкін.

Тау-кен жұмыстарын жүргізуді бастаудың алдында бірнеше рұқсаттар мен лицензиялар талап етілуі мүмкін, соның ішінде:

• Өндіруге берілетін лицензия;
• Су бөгетіне лицензия (бірінші рет 2009ж. БГР алынды);
• Қоршаған ортаға эмиссия рұқсаты, ауаны, су лақтырындылары және қалдықтарды кәдеге жаратуды қоса алғанда (2011 жылы алынды);
• Жер қойнауын пайдалану шарты (1995 жылы қол қойылған);
• Жару жұмыстарын атқаруға рұқсат*;
• Жару заттарын тасымалдауға рұқсат*;
• Жару заттарын пайдалануға рұқсат*;
• Жару заттарын сақтауға рұқсат*;
• Қауіпті қалдықтарды орналастыруға рұқсат.

(* Ескерту: жару заттарына қатысты барлық рұқсаттарды, жару жұмыстарын жасауды бастаудың алдында алу қажет, Полиметалл рұқсаттарды алу үрдісіні 2014 жылы бастауды көздеп отыр).

Рұқсат талаптарын сақтама әкімшілік жауапкершілікке алып келуі мүмкін (негізінде айыппұлдар) және кейбір жағдайларда қылмыстық жауапкершілікке алып келуі мүмкін. Әкімшілік айыппұлдар өте қомақты болуы мүмкін және рұқсатта белгіленген шектерден астаны шығарындылар құнының 1000% дейін болуы мүмкін.

2.6 Халықаралық конвенциялар

Қазақстан келесі халықаралық экологиялық және әлеуметтік конвенцияның қатысушысы болып табылады, олар көп жағдайда ішкі заңнамадан асып түседі.

• Трансшекаралық контекстіде қоршаған ортаға әсерді бағалау туралы конвенция (Эспо) - 1994 жылдың 31 қаңтарында қол қойылған.
•Қауіпті қалдықтарды шекара аралық тасымалдауды және оларды аулаққа шығаруды бақылау туралы Базель конвенциясы - 2003 жылдың 3-ші маусымынан кейін қол қойылған; қауіпті қалдықтардың шекара аралық тасымалдануын реттейді және Тараптарды осындай қалдықтарды экологиялық қауіпсіз тәсілдермен кәдеге жарату және басқаруын қамтамасыз етеді. Бақыршық жобасында қауыпты қалдықтар генерацияланады.
• Озон қабатын қорғау туралы Вена конвенциясы (1985 ж. 22 наурызы) - 1998 жылдың 26 тамызында қол қойылған; озон қабатын қорғауға арналған жаһандық ынтымақтастықты қамтамасыз етуге бағыталған. Бақыршық жобасы антропогенді озонды бұзушы заттардың шығарындыларын қысқарту немесе жоюға тырысуы тиіс.
• Ауаның алыс қашықтықтарға шекарааралық ластануы туралы БҰҰ БЭК Конвенциясы(1979 жыл, желтоқсан).
• Өнеркәсіптік апаттардың шекарааралық әсері туралы БҰҰ БЭК Конвенциясы (Хельсинки, 1992);
• Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль хаттамасы - 1998 жылдың 26 тамызында қол қойылған.
• БҰҰ-ның климаттың өзгеруі туралы Шекті Конвенциясы – Қазақстан Конвенцияны 2000 жылдың 14 қаңтарында № 11 Заңын шығару арқылы ратификациялады.
• БҰҰ-ның климаттың өзгеруі туралы Шекті Конвенциясына Киото хаттамасы – 2009 жылдың 19 маусымында ратификациялады: Шығарындылардың мақсаттық көрсеткіштерін енгізеді. Бақыршық Жобасының шығарындылары Қазақстан шығарындыларының жалпы көлемін есептеу кезінде есептелетін болады.
• Биологиялық әртүрлілік туралы конвенция - 2008 жылдың 8 қыркүйегінде қол қойылған; биологиялық әртүрлілікті сақтауға және оның компоненттерін тұрақты пайдалануға септігін тигізеді.
• Биоәртүрлілік Конвенциясына Биологиялық қауіпсіздік жөніндегі Картахен хаттамасы - 2008 жылдың 8 қыркүйегінде қол қойылған.
• ТМД елдерінің арасындағы экология және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім (1999ж.).
• Экологиялық мониторинг саласындағы ТМД елдерінің ынтымақтастығы (1999ж.).
• Жойылып кету қауіпті жабайы фауна және флора түрлерін халықаралық сату жөніндегі конвенция, (СИТЕС), немесе Вашингтон конвенциясы (2000 жылы қол қойылған; жабайы

жануарлар мен өсімдіктермен халықаралық сауда жасау олардың өмір сүруіне қауіп төндірмеуды қамтамасыз етуге бағытталған).

• Халықаралық маңызы бар сулы-батпақты жерлер жөніндегі конвенция, ең бастысы суда жүзетін құстардың тіршілік ету ортасы ретінде (Қазақстан үшін 2007ж. күшіне енген); барлық сулы-батпақты жерлерді жергілікті және ұлттық деңгейде сақтауға және ақылға қонымды пайдалануға бағытталған, сонымен қатар барлық әлемде тұрақты даму жетістіктеріне салым ретінде халықаралық ынтымақтастықтың көмегімен.

• Қазақстан Үкіметі Ақапаратқа рұқсат, жұршылықтың шешім қабылдау үрдісіне қатысуы және қоршаған ортаға қатысты шешімдер қабылдау үрдісіне, сонымен қатар Орхусс конвенциясы ретінде танымал БҰҰ ЕЭК Конфенциясын ратификациялады. Қазақстанмен 2002 жылдың қаңтар айында қол қойылған Орхусс конвенциясы үкіметтен қоршаған ортаны қорғау туралы ақпаратқа рұқсатқа қатысты қоғамдық құқықты қамтамасыз етуді талап етеді, соның ішінде корпорацияның корпоративті қызметінің экологиялық салдарлары туралы ақпаратты, оған қоршаған ортаны қорғау бойынша тиісі органдардың ғана рұқсаты болады. Осы экологиялық ақпарат әсерге түскен тарапқа тиісті уақытында берілуі тиіс.

• Орнықты органикалық ластағыштар туралы Стокгольм конвенциясы – 2001 жылы қол қойылған, 2007 жылы күшіне енді. Орнықты органикалық ластағыштармен (ООЛ) ластанудың шектелуін қамтамасыз етеді, Конвенция өзгеруі және толықтырылы мүмкін тиісті заттардың тізімін анықтайды, сонымен қатар осы заттардың қысқартылуын, импортын және экспортын реттейтін ережелерді белгілейді. Осы Конвенциямен қамтылатын заттар осы жобада әлеуетті пайдаланылуы мүмкін, сол себептен осы заттарға қатысты ережелер мен шектеулерді ұстану қажет.

• Еуропалық және Жерорта теңізінің Өсімдіктерді қорғау жөніндегі ұйымын құру туралы конвенция.

• Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ): Жобаға жұмысшыларды жалдау кезінде келесі ұстанымдарды сақтау қажет:

- Мәжбүрлі немесе міндетті еңбек туралы конвенция (№29, 2001ж. ратификацияланған; мәжбүрлі немесе міндетті еңбекті түбегейлі жою бойынша ұсыныстарды қабылдайды);
- Ассоциация бостандығы және ұйымдастыру құқығын қорғау туралы конвенция (№ 87, 2000ж. ратификацияланды; ассоциация бостандығы мен құқығын және ұйымдастыру құқығын қорғайды);
- Ұжымдық келіссөздерді ұйымдастыру және жүргізу құқығы туралы конвенция (№ 96, 2001ж. ратификацияланған; жұмысшыларды қысым жасаудан және кемсітушілік әрекеттерден қорғауды анықтайды);
- Бірдей сыйақы туралы конвенция (№ 100, 2001ж. ратификацияланған, ер азаматтар мен әйел азаматтардың бірдей құндылықты еңбегі үшін бірдей сыйақы төлеу ұстанымы бойынша ұсыныстарды қабылдайды);
- Мәжбүрлі еңбекті жою туралы конвенция (№ 105, 2001ж. ратификацияланған; міндетті және мәжбүрлі еңбек тараптарының кез-келген формадағы алшақтатуын және пайдаланбауын қарастырады;
- Еңбек және кәсіптер саласындағы кемсітушілік туралы конвенция(№ 111, 1999ж. ратификацияланды; еңбек және кәсіп саласындағы мүмкіншілктер мен жұмысқа орналастыру теңдігін ынталандырады);

- Жұмысқа қабылдау үшін ең төменгі жас туралы конвенция (№ 138, 2001ж. ратификацияланды; балалр еңбегін түбегейлі жоюды көздейді және жұмысқа қабылдаудың ең төменгі жасын арттырады);
- Балалар еңбегінің ең нашар түрлері туралы конвенция (№ 182, 2003ж. ратификацияланған; тараптарды балар еңбегінің ең нашар түрлеріне тыйым салу және жою үшін тиімді шараларды қабылдауды міндеттейді).

• БҰҰ басқа да конвенциялары: Жобаға жұмысшыларды жалдау кезінде келесі ұстанымдарды сақтау қажет:

- Әйелдерге қатысты барлық кемсітушілік түрлерін жою туралы конвенция (1998ж. ратификацияланған, әйелдерге қатысты кемсітушілктерді жою үшін іс-әрекеттер бағдарламасын белгілейді). Жорбаға жұмысшыларды қабылдау барысында Полиметалл басшылығына Жобаның кадр саясатындағы және кадрларды қабылдау үрдісінде гендерлік теңдікті қамтамасыз ету бойынша талаптарды мойындауы қажет болады
- Әйелдердің саяси құқықтары туралы конвенция (1999ж. ратификацияланған, әйелдерге дауыс беру құқығын немесе лауазымдық орындарда отыруға құқық береді, ұлттық заңнамамен белгіленгендей, ер азаматтармен бірге бірдей шарттарда және жынысы бойынша ешбір кемсітушіліксіз);
- Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция (2006ж. ратификацияланған, кемсітпеушілікке және мүмкіншілктердің теңдігін ілгерілетуге септігін тигізеді);
- Құл саудасы және құлдықпен күресу туралы конвенция (2008ж. ратификацияланған, құл саудасын болдырмауға және күрсеуге және бірте-бірте құлдықты, оның барлық түрлерін толығымен жоюға бағытталған);
- Адамдарды сатуға және үшінші тұлғалардың жезөкшелікті пайдалануына қарсы күрес туралы конвенция (2005ж. ратификацияланған, қатысушы мемлекеттерден «жезөкшелік жасау мақсатында басқа тұлғаны, сол тұлғаның келісімімен болса да тартқан немесе арбаған» және/немесе «сол тұлғаның келісімімен болса да басқа тұлғаның жезөкшелігін пайдаланған» кез-келген тұлғаны жазалуды талап етеді);
- Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт (2006ж. ратификацияланған, ерлер мен әйелдердің барлық экономикалық, әлеуметтік, мәдени құқықтарын пайдаланудың теңдей құқығын қамтамасыз етеді);
- Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенция (2008ж. ратификацияланған,мемлекеттердің өз шекараларының шегінде азаптаулардың алдын алу бойынша тиімді шаралар қолдануын талап етеді, және мемлекеттерге адамдарды кез-келген басқа елге тасымалдауына тыйым салады, егер олар заптауға душар болады деген болжал жасауға негіздеме болған жағдайда);
- Бала құқықтары туралы ЮНИСЕФ конвенциясы (1994ж. ратификацияланды, балалардың азаматық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарын, сонымен қатар олардың денсаулыққа деген құқығын баяндайтын адамдардың құқықтары туралы шарт);

- Нәсілдік кемсітушіліктің барлық түрін жою туралы халықаралық конвенция (1998ж. ратификацияланған, нәсілдік кемсітушіліктің барлық түрін жоюға бағытталған және проблеманы түсінуге көмектеседі);
- Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау жөніндегі ЮНИСЕФ конвенциясы (1972ж. ратификацияланған, 1994ж. қабылданды; дүниежүзінің мәдени және табиғи мұраларын қорғауды және сақтауды растайды);
- Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы ЮНЕСКО конвенциясы (2011ж ратификацияланған; материалдық емес мәдени мұраны сақтауға, сәйкес қауымдастықтар, топтар және мүдделі тұлғалардың материалдық мәдени мұрасына құрмет көрсетуге, материалдық емес мұраның маңыздылығы туралы жергілікті, ұлттық, халықаралық деңгейде арттыруға және оның өзара мойындауын қамтамасыз етуге бағытталған.

2.7 Қызметтің экологиялық және әлеуметтік тиімділігін қамтамасыз ету саласындағы халықаралық стандарттар мен басшылық ететіңін ұстанымдар

Дамушы нарықтардағы халықаралық жобаларға арналған жетекші салалық тәжірибе, әдетте, халықаралық кредиторлар қауымдастығымен қабылдатылған. Ең маңызды аспектілер Экватор Қағидаларын, қызмет стандарттарын (ҚС) қоса алғанда, Халықаралық қаржы корпорациясының (ХҚК) әлеуметтік және экологиялық-бағдарлы қызметінің режелерінің негізінде құрылған, жоба бойынша қаржылық мәмілелер кезінде экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді бағалау және басқаруды анықтау үшін тәуекелдерді өлшеу аспаптарын сақтау болып табылады.

Экватор Қағидалары

Экватор Қағидалары бастапқыда 2003 жылдың маусымында, жетекші қаржы институттары тобымен, жобалық қаржыландыру кезінде экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді бағалау және басқаруды анықтауға ықпалды қамтамасыз ету үшін жасалған болатын. 2012 жылдың тамызына 77-ден астам қаржы мекемелері, әлеуметтік-жауапкершілік мәнерде қаржыландырылған жобаларды жүргізуге кепілдік беру үшін және қоршаған ортаны басқарудың жетекші тәжірибелеріне сәйкес Экватор Қағидасының қол қоюшылары болып табылды.

Қағида жаһандық деңгейдегі, жалпы жобалық капиталды шығыстары 10 миллион және одан жоғары АҚШ долларын құрайтын барлық жаңа жобаларға қолданылады. Төменде 2006 жылдың шілдесінде қабылданған он Экватор Қағидалары берілген:

- **1-қағида – Талдау және жіктеу**: жобаға онымен байланысты экологиялық және әлеуметтік тәуекелдердің және әсерлердің ауқымын ескере отырып және ХҚК экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерінің жіктеліміне сәйкес тиісті санат береді.

- **2-қағида – Экологиялық және әлеуметтік баға**: әлеуметтік және экологиялық тәуекелдерге және әсер етулерді бағалаудан өткізуді талап етеді, сонымен қатар рұқсат етілген деңгейге дейін әсерді төмендету үшін, жеңілдету және басқару бойынша шараларды әзірлеу.
- **3-қағида – Қолданылатын экологиялық және әлеуметтік стандарттар**: елдің қолдағы бар заңнамасына қосымша ретінде әлеуметтік және экологиялық тиімділікті қамтамасыз ету негізіне сияқты жобаны іске асыру ХҚК-ның және қоршаған ортаны, денсаулықты қорғау және қауіпсіздік бойынша басшылық қызметінің стандарттарын белгілейді.
- **4-қағида – Басқару жүйесі және Әрекет ету жоспары**: бағалау ьбарысында белгіленген әсерлер мен тәуекелдерді басқаруға қажетті түзету және мониторингтік әсерлерді жеңілдеті бойынша іс-шараларды жүзеге асыру жоспарын дайындауды талап етеді.
- **5-қағида – Қызығушылық танытқан тараптармен әрекеттесу үрдісі:** жергілікті тұрғындарға маңызды кері әсер етуі мүмкін жобалар бойынша еркін, уақытылы және ақпараттандырылған қоғамдық тыңдалымдарды өткізуді талап етеді, сонымен қатар жұртшылықты әсер етуді бағалау нәтижелерімен және жергілікті мәдени дәстүрлерін ескере отырып іс-шаралар жоспарымен таныстыру.
- **6-қағида – Шағымдарды қарастыру механизмі**: басқару жүйесінің шағымдарды қарастырудың тиісті механизмін қамтығанын талап етеді, ал әсерге түскен тұрғындар осы механизмнің жұмысы туралы құлақтар болғандығын талап етеді.
- **7-қағида – Тәуелсіз талдау**: бағалау бойынша құжаттаманы талдау үшін экологиялық және әлеуметтік мәселелер бойынша тәуелсіз сарапшыларды тарту ұсынылады,Қоршаған және әлеуметтік ортаны басқару жоспарын, Әлеуметтік-экологиялық менеджмент жүйесін және Қағидалардың талаптарына сәйкестігін бағлау үшін қызығушылық танытқан тараптармен әрекеттесу үрдісінің құжаттамасын қоса алғанда.
- **8-қағида – Міндеттемелер**: Міндеттемелердің жобаны іске асыратын елдің заңнамасының талаптарын сақтауға қатысты кредиттік қамтамасыз ету құжаттамасына енгізуді, Әрекет ету жоспарын орындау міндеттемесін, компания қызметінің әлеуметтік және экологиялық тиімділігінің кезеңдік есебін беруді, сонымен қатар қажет болған жағдайда кәсіпорындарды пайдаланудан шығару және жабуды жүзеге асыруды талап етеді.
- **9-қағида – Тәуелсіз мониторинг және есептілік**: мониторинг және есептілік бойынша ақпаратты тексеру үшін экологиялық және әлеуметтік мәселелер бойынша тәуелсіз сарапшыларды тартуға кеңес беріледі.
- **10-қағида – Есептілік және ашықтық**: EPFI компанияларын жыл сайын Экватор Қағидаларын іске асыру бойынша есептерін жариялауға міндеттейді.

3-қағида тікелей ХҚК «қызметінің стандарттарына» және Қоршаған ортаны, денсаулықа және еңбекті қорғау (ҚДЕҚ) бойынша Дүниежүзілік банк тобының Жалпы басшылығына сілетеме жасайды, осылайша EPFI ұймдарынан қаржыландыру алуға тырысып жүрген жобаларға міндеттемелер жүктей отырып, ХҚК, ҚДЕҚ қызметінің стандарттарына жүгінеді, өнеркәсіптік

жеке салалары үшін Дүниежүзілік банк тобының / ҚДЕҚ бойынша ХҚК басшылығын қоса алғанда.

ХҚК-да өзінің жеке саясаты жасалған, ол ХҚК инвестицияларының саласында әрекет етеді. Оларға кіретіндер, а) ХҚК-ның өзі туралы және өз қызметі туралы ақпаратты ашатын міндеттемелерін анықтайтын ақпаратты жария ету саласындағы саясат; және б) Жоба демеушілерімен серіктестікте жобаны орындауды қолдануда ХҚК-ның рөлі мен жауапкершілігін анықтайтын әлеуметтік және экологиялық тұрақтылық саласындағы саясат.

Жоба деңгейінде «қызмет стандарттары», «басқару нұсқаулары», «ҚДЕҚ бойынша нұсқаулық», және жетеші тәжірибе материалдары қолданылады. Бұл ХҚК және EPFI инвестициялық жобаларына да қолданылады.

2012 жылдың 13 тамызында экватор қағидаларын ұстанатын Қаржылық институттар ассоциациясы қызығушылық тараптармен кеңесу және қоғамдық талқылау үшін жаңартылған Экватор Қағидаларының (ЭП III) жобасын шығарды. ЭП III жобасында ұсынылған дамудың негізгі тақырыптары мен бағыттары келесілерді қамтиды:

• жобасмен байланысты корпоративті кредиттер мен аралық займдарды қамту үшн ЭП көлемі мен мазмұнын кеңейту;
• ХҚК ҚС соңғы жаңартуын бейлейтін өзгерістер;
• климатқа әсер етубі басқарумен байланысты жаңа талаптар;
• аудит өткізу кезінде адам құқықтарының аспектілеріне үлкен акцент және БҰҰ-ның бизнес және адам құқығы саласындағы «Қорға, сыйла, қалпына келтіру» шекті концепциясын мойындау, сонымен қатар Кәсіпкерлік іс және адам құқығы мәселелері бойынша басқару қағидалары;
• есептілік пен ашықтыққа талаптардың артуы.

Жобалар ХҚК іріктейтін экологиялық және әлеуметтік критерийлеріне сәйкес әлеуетті әсерлер мен тәуекелдерден жіктеледі. ХҚК жіктелімі бойынша, жобалар түріне, орналасқан жеріне және жобаның ауқымына қарай үш санаттың біріне түседі, сонымен қатар оның қоршаған ортаға әлеуетті әсерлерінің сипаты мен шамасы. Санаттардың келесідей анықтамалары бар:

• А санаты - әртрлі жоспарлы, қайтарымсыз және теңдесіз болып табылатын маңызды жағымсыз әсері мүмкіндігі бар жлбалар.
• В санаты - жағымсыз әсері шектеулі мүмкіндігі бар жобалар, олар аз мөлшерде, және әдеттегідей, ауыздықталған және жиірек салдарларды жеңлдету бойынша шаралардың көмегімен жойылуы мүмкін.
• С санаты - мүлдем әсер етпейтін немесе өте төмен әсер ететін жобалар.

Бақыршық кен орнындағы көптеген экологиялық және әлеуетті салдарлар алдыңғы қызметінің нәтижесінде бұрын соңды орын алғандар, алайда қосымша болуы мүмкін, әдетте, жұмыстың

және өндірістік қызметтің жаңа түрлерінің ауқымының артуының нәтижесінде ауыздықталған әсерлер. Сондай-ақ жоба жиынтық әсерін тигізеді, оны ескерген жөн.

Тәжірибелік өндірістік тәжірибеге және кәсіби пайымдауға негізделе отырып, WAI пікірі бойынша, ұсынылған жоба А санатына жатқызылуы тиіс, бірінші қатарда жобалау қалдық сақтау орнының орнасуы үшін, ол жерүсті суларын бұруды қарастырады.

Осы жіктелімнің нәтижесінде жоба үшін толық ЭӘӘБ орындау талап етіледі.

ХҚК қызметінің стандарттары мен басқарушылық ұстанымдары

Ертеректе 2006 жылдың сәуір айында жарияланған және 2012 жылдың қаңтар айында жаңартылған әлеуметтік және экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша ХҚК қызметінің стандарттары халықаралық қаржы мекемелеріне қолжетімді және жеке сектормен жұмыс істейтін ең барлығын қамти алатын деп саналады. Қызмет стандарттары жобаның техникалық қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау аспектілерін басқару саласындағы міндеттерін және рөлін анықтайды, сонымен қатар ХҚК немесе экватор қағидаларын ұстанатын қаржы институтының қолдауын алу және ұстап тұру үшін жұртшылықпен әрекеттесу (қара Сурет 2.2).

Сурет 2.2: ҚС және ХҚК ҚС нұсқаулығы

ХҚК Қызмет стандарттарына, Қызмет стандарттарының талаптары бойынша және жоба тиімділігін арттыру үшін жетеші тәжірибе бойынша толық ақпарат берілген Нұсқаулық қоса тіркеледі. Жобаға 1-ден астап 6 және 8-ге дейінгі қызмет стандарттарының қатысы бар. «Клиент» термині Жоба иегерін немесе жобаны пайдалануға жауап беретін компанияны білдіреді.

Толық анықтамасы бар қызмет стандарттары төменде келтірілген:

- **Қызмет стандарты-1 – Экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді және әсерлерді бағалау және басқару**: бұл стандарт жобаның әлеуметтік және экологиялық әсерін анықтауға және бағалауға бағытталған, соның ішінде жиынтықты және/немесе секторлық, сонымен қатар техническалық және қаржылық тұрғыдан жүзеге асырылатын баламалар, адамдарға, олардың қауымдастығына, сонымен қатар қоршаған ортаға кез-келген шарасыз жағымсыз әсерлерді болдырмау, төмендету және басқару үшін. Ол, ҚС қағидаларын көрсететін формальды экологиялық және әлеуметтік саясат дайындауды талап етеді. Ол әртүрлі шарттарда қызығушылық танытқан тараптармен әрекеттесу деңгейлерін нақтылайды және әсерге түсетін, тұрғындардан басқа қажетті әрекеттесу деңгейлерін нақтылайды. Бұл экологиялық және әлеуметтік тиімділіктің басқарудың тиімді жүйелерінің көмегімен және жоғарғы басшылық атапынан өнімділікті мерзімді шолудың көмегімен жақсартуға септігін тигізеді. Ақырында, ол жеке сектордың адам құқықтарын сақтау міндеттемелеріне сілтейді.

- **Қызмет стандарты-2 – Жұмыс қызметкері және еңбек шарттары**: Бұл стандарт жұмысшылар мен басшылықтың арасындағы қызметтік қарым-қатынасты құруға, қолдауға және жақсартуға бағытталған. Ол тең мүмкіншіліктерді және жұмысшылармен адамгершілік қатынасты талап етеді және бала және/немесе мәжбүрлі еңбектен қорғайды. Ол кәсіпорынның жұмысшыларға, олардың денсаулығы мен әл-ауқытының жақсаруына септігін тигізетін қауіпсіз және дені сау еңбек шарттарын қамтамсыз етуді талап етеді. Ол еңбек етуші-мигранттар үшін шарттарды қалған еңбек етушілер үшін шарттармен салыстыру бойынша салыстыруды қаматасыз ету бойынша талаптарды белгілейді және жұмысшылардың мекендеу орнының сапасына талаптар енгізеді. Мұнан басқа, ол жеткізудің бірінші тізбегінің тұрақты мониторингін талап етеді және олар үшін қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қолдану «бастамшылық факторын» енгізеді. Жаңартылған ҚС құрылыс жұмыстары мердігерлерінің мониторингін өткізуді талап етеді.

- **Қызмет стандарты-3 – Ресурстарды оңтайлы пайдалану және қоршаған ортаның ластануын болдырмау**: Бұл стандарт адам денсаулығына және қоршаған ортаға жағымсыз әсерді, климаттың өзгеруіне алып келетін ластануларды төмендету, және шығарындыларды қысқарту жолымен төмендетуге арналған. Ол энергетикалық, су (соның ішінде судың жол берілмейтін тапшылығы) және басқа ресурстар саласындағы ресурстарды, сонымен қатар материалдарды оңтайлы пайдалану түсінігін енгізеді, әсіресе қызметтік бағдарлы бағыттарында. Энергия тиімділігі және жылыжайлық газдардың шығарындыларын өлшеу бойынша талаптар, сонымен қатар қауіпті қалдықтарды жойғандығы үшін «айрықша жауапкершілік» тұжырымдамасы маңызды болып табылады. 2007 жылдың ҚДЕҚ басшылығы жобалар үшін ластаулардың алдын алу және күресу әдістерін бағалау және таңдау бойынша нұсқаулар береді. Басшылық қызмет көрсеткіштерін және жобалар үшін әдетте

қолданылатын және қолайлы болып табылатын шараларды қамтиды. Егер жобаны іске асыратын елдің нормативті талаптары ҚДЕҚ бойынша Нұсқаулықта берілгендерден өзгеше көрсеткіштерді және шараларды ұсынған жағдайда, жоба бастауыштары қатаңырақ талаптарды таңдағаны жөн. Егер нақты жағдайларға сай қолайлылық ретінде қатаңдығы сәл төмен талаптар болып табылса, бастаушы кез-келген ұсынылатын баламалардың толық және егжей-тегжейлі негіздемесін беруі тиіс. Бұл негіздеме қызметтің жасалған кез-келген балама көрсеткіштері осы ҚС-ның жалпы талаптарына сәйкес жағдайда екендігін көрсетіп беруі тиіс. Жаңартылған ҚС-да жылдық ЖГ шығарындыларының жылдық есептік шегі 25000 тоннаға дейін азайтылған.

- **Қызмет стандарты-4 – Денсаулықты қорғау және тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету:**
  Бұл стандарт тәуекелді және жергілікті тұрғындарға әсерді төмендетеді, жобаның барлық кезеңдермен байланысқан, ерекше шарттарды қоса алғанда. Ол денсаулыққа тәуекелді және жобаның барлық кезеңдерінде қауіпсіздікке бағалау жүргізуді талап етеді, сонымен қатар тәуекелдің деңгейіне сәйкес профилактикалық шараларды орындауды. Ол экожүйелік қатынас арқылы табиғи ресурстарды пайдаланумен және/немесе түрі өзгеруімен және климаттың өзгеруімен байланысты жергілікті тұрғындар үшін тәуекелді қарастырады. Сонымен қатар, осы стандартта қауіпсіздік шараларын қамтамасыз етумен байланысты тәуекелдер қарастырылады. Қауіпсіздік шараларымен қамтамасыз ету кезінде тепе-теңдік қағидаларын, қызметшілерді жалдаудың жетекші әлемдік тәжірибесін, осындай қызметкердің тәртібін, оқыту, жұмысын жабдықтау мен бақылау ережелерін, сонымен қатар қолданыстағы заңнаманы басшылыққа алу қажет. Күш қолдану, әдетте, рұқсат етілмеген және қатыстырылған жергілікті халық қауіпсіздікті қамтамсыз ету шараларына қатысты өздерінің және тиісті қызмет қызметкерлерінің әрекеттеріне алаңдаушылықтарын білдіру мүмкіндігінің болуы үшін шағымдарды беру және қарастыру механизмі құрылуы тиіс. Жаңартылған ҚС-4 құрылысшыларды орналастыру мәселесін қарастыру талаптарын енгізеді.
- **Қызмет стандарты-5 – Жер учаскелерін сатып алу және мәжбүрлі көшу**: Бұл стандарт мәжбүрлі көшіруді болдырмауға және қысқартуға және шарасыз жағымсыз әсерлерге экономикалық активтердің жоғалтуларын өтеу және өмірдің экономикалық деңгейін қалпына келтіру есебінен шарасыз жағымсыз әсерлерді жеңілдетуге бағытталған. Жерді пайдалану мәселелері дамытудың тұрақтылығының кілті болып табылады және кеңес беруді өткізуді талап ету өте маңызды болып табылады. Көшіру бойынша шаралар экономикалық жағдайларды және өмір сүру құралдарының көздерін жақсартуға бағытталған. ҚС жаңарту, әртүрлі ресурстардың пайдаланушыларын қамту үшін ПС 5 қоладну саласын өзгертті, мысалы балық аулаушыларды, жер пайдаланушыларды және т.б.
- **Қызмет стандарты-6 – Биологиялық әртүрлілікті сақтау және тірі табиғат ресурстарын тұрақты бақылау**: Бұл стандарт биоәртүрліліктің сақталуын теңдестіруге және табиғат ресурстарын тұрақты басқаруды дамытуға бағытталған. Ол әртүрлі тіршілік ету ортасына егжей-тегжейлі анықтама береді және оларға қойылатын талаптарды

қамтиды. Ол биоәртүрлілікті өтеу бойынша нақты талаптарды енгізеді. 2012 жылғы жаңартулар жобалардан сыни тірішлік ету орындары үшін таза оң өсім алуды талап етеді. Жоба аумағы бірқатар сезімтал экожүйені немесе тіршілік орындарын сыйдырады, олар халықаралық маңыздылықтағы флораға және фаунаға маңызды. ЭӘӘБ-де осы экожүйелердің қызметтері толығымен қарастырылатын болады.

- **Қызмет стандарты-7 – Байырғы халықтар**: Бұл стандарт Жобаны адамның абыройы мен құқығын құрмет білдіре тырып жүзеге асыруға кепілдік береді, сонымен қатар байырғы халықтардың мәдениеттерін, сондай-ақ олардың дәстүрлері мен құндылықтарына жағымсыз әсер етпеуге бағытталған барлық шаралар қолданылып жатыр. Стандарт тұрақты қарым-қатынасты құруға және қолдауға бағдарланған, және байырғы халықтың әділ және ақпараттанған қатысуын қамтамасыз етуге бағытталған, егер жобалар олардың дәстүрлі өмір сүру аумағында орналасқан жағдайда, сонымен қатар олардың мәдениеті мен әдет-ғұрпына құрмет көрсету. Ол белгілі бір жағдайдарда еркін, алдын ала және есті келісім деген түсініктерді енгізеді. ХҚК жасаған байырғы халықтарды анықтаудан, осы Стандарт берілген Жобаға қолданылмайды.
- **Қызмет стандарты-8 – Мәдени мұра**: Бұл стандарт мәдени мұра объектілерін Жобаның әсерінен қорғайды және мәдени мұраны кәсіпкерлік қызметте пайдаланғаннан түскен пайданы әділ үлестіруге септігін тигізеді. Ол клиенттерден мәдени объектілерге рұқсатты қамтамасыз етуді талап етеді. Жоба шеңберінде қатыстырылатын жергілікті мәдени маңыздылықтағы объектілер ежелгі қорғандарды және ойпаттардағы артефакттарды қамтиды. 2012 жылы осы ҚС-ға ергізілген өзгертулер ақпараттық саясатқа рұқсатты қамтамасыз етуге қатысты.

Жоғарыда сипатталып өткен қызмет стандарттары және ХҚК барлық басшылық ететін құжаттарын http://www.ifc.org сайтынан табуға болады. Әрбір қызмет стандарты Нұсқаулықпен ілестіріледі.

Төмендегі кестеде әрбір қызмет стандартының Қызыл Жобасына қолдануға келетіндігі қысқаша сипатталған.

ХҚК қызмет стандарты	**Қызыл Жобасына әрбір қызмет стандартын қолданудың қысқаша сипаты.**
1 - Экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді және әсерлерді бағалау және басқару:	• Экологиялық және әлеуметтік әсерді бағалау орындалды және жағымсыз әсерлерді болдырмау, төмендету, өтеу және басқаруға арналған шаралар дайындалды. • Қызығушылық танытқан тұлғалармен тұрақты әрекеттесу қамтамасыз етілген, қызығушылық танытқан тараптармен әрекеттесу Жоспарын құруды қоса алғанда. Қызығушылық танытқан тараптарды жобаны іске асырудың барлық мерзімі бойы тарту және олармен әңгімелесу, қауымдастықпен қатыстырылғаннан басқа қызығушылық танытқан тараптарды қоса алғанда. • Жұртшылықтың және қызығушылық танытқан тұлғалардың Жобада тұрақты түрде қатысуын қамтамасыз ету бойынша кеңес беру және ұсыныстар беру. Осында

ХҚК қызмет стандарты	Қызыл Жобасына әрбір қызмет стандартын қолданудың қысқаша сипаты.
	тиісті МЕҰ және жұртшылық мүшелерімен бірге мониторингтеу бағдарламасына қатысты ұсыныстар кіреді. • Тиімді және бірлескен басқару жүйесін дайындау. Бұл Полиметаллдың міндеттемелерін ЭӘӘБ-де сипатталғандай тұрақты орындауын талап етеді. • ЭӘӘБ-де адам құқығын құқрметтеу міндеттемесіне көрсетеді.
2 - Жұмыс қызметкері және еңбек шарттары:	• Қызметкерлер мен басшылардың арасындағы әрекеттесудің жоғарғы стандарттарын белгілеу және қолдау. Полиметаллға ЭӘӘБ-де сипатталғандай, өзінің шағымдарды беру және қарастыру механизмін жүйелендіру қажет. • Қызмткерлерге әділ қарым-қатынас, ешқандай балалар және мәжбүрлі еңбек жоқ. • Барлық қызметкерлерге, мердігерлерді қоса алғанда, арналған қауіпсіз еңбек шарттары. • Қадағалау және жеткізу тізбегін тұрақты мониторингі.
3 - Ресурстарды оңтайлы пайдалану және қоршаған ортаның ластануын болдырмау:	• Адам денсаулығына және қоршаған ортаға ластануды қысқарту арқылы жағымсыз әсерді төмендету. Бұл 5-бөлімде сипатталғандай, әсерді жеңілдету бойынша шараларды енгізу жолыменқол жеткізіледі (Әсер етуді бағалау және басқару жоспары). ЭӘӘБ-де тұрақты мониторингті орындау бойынша талаптарға сілтеме бар. • ЭӘӘБ-де жылыжайлық газдардың шығарындылары есептелген және тұрақты мониторингті орындау бойынша талаптар сипатталған.
4 - Денсаулықты қорғау және тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету:	• ЭӘӘБ-нің әсерді бағалау бойынша әрбір бөлімінде жергілікті тұрғындарға және қызметкерлерге тәуекел қарастырылған. Жоба дамуының әрбір кезеңінде тәуекелдерді төмендетуге арналған қажетті профилактикалық шаралардың орындалып жатқандығына көз жеткізу үшін мониторинг жүргізу қажет. • ЭӘӘБ-де қызметкерлер үшін үздіксіз оқыту қажеттілігі туралы айтылған және Полиметаллға гигиена аспектілерін дамыту және еңбекті қорғау үшін қабылдауы қажет қадамдар сипатталған. • ЭӘӘБ-де Жобаның экожүйелердің сервистеріне әсері қарастырылған және Жобаны іске асырудың барлық сатыларындағы ағымдық мониторинг бойынша талаптар келтірілген. • ЭӘӘБ-де Полиметаллдың қолдануы қажет шаралар сипатталған, айта кетсек, қызыметкерлерге арналған шағымдарды беру және қарастырудың ресми механизмін енгізу.
5 - – Жер учаскелерін сатып алу және мәжбүрлі көшу:	• Жобаны іске асыру және лицензиялық алаңды дамыту үшін көшіру қажет, бұл халықтың өмір сүру көздеріне тікелей әсер етеді. Әуезов және Шалабай ауылдарының жобалау алаңдарына жақын тұрғындар үшін ақысы төленетін қызмет түрлерінің бірі мал шаруашылығы болып табылады. • Жобаға арналған қалдық сақтаушының және байыту

ХҚК қызмет стандарты	Қызыл Жобасына әрбір қызмет стандартын қолданудың қысқаша сипаты.
	фабрикасының құрылысын салуға мемлекеттен жалға алынған жерлер қолданылады. Бұл мәселені жергілікті мал өсірушілерге және малшыларға нақты түсіндіру қажет, бұл жобалау қызметі, жеке алғанда кейбір жер учаскелерін қоршау, Әуезов ауылының тұрғындарының өмір сүру құралдарының көздеріне әсерін тигізбейтіндігіне көз жеткізу үшін қажет.
6 - Биологиялық әртүрлілікті сақтау және тірі табиғат ресурстарын тұрақты бақылау:	• ЭӘӘБ-де биоәртүрлілік жағдайы бойынша фондық деректер берілген, сондай-ақ биоәртүрлілікке және экожүйе сервистеріне әсеріне бағалау жасалған. Жобаның аумағында мекендеудің сыни орындары жоқ. • ЭӘӘБ-де Жобаның жануарлар мен өсімдіктердің сезімтал түрлеріне әсер етуді төмендету бойынша шараларды үздіксіз зерттеуге қатысты нақты ұсыныстар жасалған. Тұрақты мониторинг және талдау жүргізу табандылықпен ұсынылады.
7 - Байырғы халықтар:	• Жоба аумағының жанында байырғы халық өмір сүрмейді, сол себептен бұл стандарт Жобаға қолдануға жатпайды.
8 – Мәдени мұра:	• ЭӘӘБ археологиялық және мәдени мұра бойынша және мәдени ұраға әсер ету бойынша бағалау бойынша фонды деректерді қамтиды. Болжалданған жағымсыз әсерді талдаудың негізінде ЭӘӘБ-де мәдени мұраны басқару бойынша жоспар дайындалған. • Мәдени мұраны басқару бойынша жоспар, мәдени құндылығы бар олжа табылған жағдайда, Полиметалл енгізген әрекет ету ретін қамтиды. Осы әрекет ету тәртібі учаскедегі өндірістік үрдіске тартылған барлық мердігерлерге және қызметкерлерге түсіндірілуі тиіс, сонымен қатар тиісті оқытулар өткізілуі тиіс.

7–Бөлімде Жобаның экологиялық және әлеуметтік әсеріне бағалау жасалынды және ХҚК ҚС-ға жобалау әсерін қолдануы бойынша кейінгі ақпарат берілген.

Жобаны іске асырудың әртүрлі аспектілері үшін релеванттық құжаттар, Халықаралық қаржы корпорациясының және Дүниежүзілік банк Тобының жарияланымдарын қамтиды, бірақ онымен шектелмейді, олар Кестеде.2.1

Кестеде.2.1 берілген: Халықаралық қаржы корпорациясының Басшылық қағидаттарының жарияланымдары мен Жобаға қатысы бар Дүниежүзілік Банктің тобы

Атауы	Күні
Ластануды болдырмау және қысқарту бойынша анықтама	1999ж.
Жеке сектордың жұмыс орындарын құруға қосқан үлесін бағалау: ХҚК ашық зерттеуі	2012ж., Сәуір
Адамдарға инвестиция салу: Бизнес тәжірибесін жетілдіру жолымен жергілікті қауымдастықты қолдау	2001ж.
Жұмыс орнындағы АИТВ/ЖИТС қатысты жетекші тәжірибе туралы жазба	2002ж.
Жеке секторлардың жобаларының әлеуметтік аспектісін қарастыруға қатысты жетекші тәжірибе туралы жазба	2003ж.
Шығындарды қысқартуды басқаруға қатысты №4 жетекші тәжірибе туралы жазба	2005ж.
Кемсітпеушілікке және әртүрлі мүмкіндіктерге қатысты жергілікті тәжірибе	2006ж.

Кестеде.2.1 берілген: Халықаралық қаржы корпорациясының Басшылық қағидаттарының жарияланымдары мен Жобаға қатысы бар Дүниежүзілік Банктің тобы	
Атауы	**Күні**
туралы жазба	
Жеке секторған арналған биоәртүрлілік бойынша ХҚК басшылығы	2006ж., Наурыз
Мүдделі тұлғалармен өзара қатынасы: Дамушы нарықта бизнес жүргізуші компанияларға арналған ХҚК жетекші тәжірибе анықтамасы	2007ж., Мамыр
Денсаулыққа әсер етуді бағалауға кіріспе, ХҚК	2009ж., Сәуір
Жергілікті шарттар үшін ашық жүйенің дамуы, ХҚК	2008ж., Қараша
Іскерлік байланыстар арқылы шағын және орта бизнесті дамыту, ХҚК	2008ж., Қараша
Жобалар және адамдар: Жобамен туындаған, ішкі көші-қонумен байланысқан тәуекелі бағалау, және осы тәуекелді басқарумен, ХҚК бойынша анықтама	2009ж., Желтоқсан
Адам құқықтарына әсерді бағалау және басқару бойынша нұсқаулық; ХҚК, Жаһандық шарт, Бизнес көшбасшыларының Халықаралық форумы	2010ж., Маусым
№6 нұсқаулық: Биологиялық әртүрлілікті сақтау және тірі табиғи ресурстарды тұрақты басқару	2012ж., Қаңтар
№8 нұсқаулық: Мәдени мұра	2012ж., Қаңтар

ҚДЕҚ бойынша нұсқаулық - бұл,пайдаланушылардың кең ортасына, жобалар дайындаушыларын, қаржыгерлерде, мекеме басшыларын және шешім қабылдайтын басқа тұлғаларды қоса алғанда, көмек ретінде дайындалған техникалық ақпаратты және тиісті салалар бойынша деректерді қамтитын техникалық анықтамалық құжаттар. Бұл ақпарат құрылыс салу, пайдалану, жобаны немесе объектіні пайдаланудан шығару сатыларында, қоршаған ортаға, денсаулыққа және қауіпсіздікке әсерін төмендету және басқару, болдырмауға бағытталған іс-аралар үшін пайдаланылады.

ҚДЕҚ бойынша жалпы нұсқаулық, кез-келген салаға және жобаға қолдануға болатын жалпы тақырыптарды қамтуға болатындай жасалған. ҚДЕҚ бойынша жалпы нұсқаулық және өнеркәсіп салалары бойынша ҚДЕҚ нұсқаулығы бірігіп пайдалануға арналған. Бақыршық сияқты кешенді жобалар үшін экономиканың көпсалалы секторларына арналған нұсқаулық қолданылады (қара Кесте 2.1).

Кесте 2.1: ҚДЕҚ жөніндегі нұсқаулық жарияланымдары: EHS Guidance Publications relevant to the Project	
Атауы	**Күні**
Қалдықтар айналысы бойынша кәсіпорындар үшін ҚДЕҚ бойынша нұсқаулық	2007ж., Желтоқсан
ҚДЕҚ бойынша нұсқаулық for Water and Sanitation үшін	2007ж., Желтоқсан
Сумен жабдықтау және канализация жүйелеріне арналған ҚДЕҚ бойынша нұсқаулық	2007ж., Мамыр
Түсті металлдарды балқыту және тазартуға арналған ҚДЕҚ бойынша нұсқаулық	2007ж., Қыркүйек
Тау-кен өндірісімен айналысатын компанияларға арналған ҚДЕҚ бойынша нұсқаулық	2007ж., Желтоқсан
Жылк электр станцияларына арналған ҚДЕҚ бойынша нұсқаулық	2008ж., Желтоқсан

Тау-кен өндіру кәсіпорындарына арналған ҚДЕҚ нұсқаулығы қоршаған ортаны, денсаулықты және тау-кен саласындағы еңбекті қорғау бойынша ең үздік тәжірибелердің талаптарын және амалдарын қамтиды, олар көптеген елдерде әлдеқашан қабылданған және әрекет етеді. Тау-кен өндіретін кәсіпорындарға арналған ҚДЕҚ бойынша басқарушы қағидалар ықтимал климаттық құбылыстардың, қауіпті материалдарды сақтау үшін үйме жалдауқұрылғысының, цианидті пайдалану үшін Цианидті пайдаланудың Халықаралық кодексінің талаптарына сәйкес цианидті пайдалану рәсімінің негізіндегі су баланстарын құру аспектілерін, сонымен қатар тау-кен жұмыстарын жүргізу барысында талап етілетін бірқатар басқа аспектілерді қамтиды.

ҚДЕҚ бойынша нұсқаулықтарда, технолгиялардың қазіргі заманғы деңгейінде және қолданылатын шығындарда қайтадан пайдалануға енгізілген объектілер үшін қол жеткізілген болып саналады. ҚДЕҚ бойынша нұсқаулықтың ережелерінің қолданушылығы, әрбір жобаға орнатуды талап етуі ықтимал, оны орнату экологиялық бағалаудың нәтижелерінің, денсаулық пен қауіпсіздікті бағалау негізінде, сонымен қатар әлеуметтік бағалау, нақты әр жобаға қолданылатын айнымалыларды ескере отырып, олар: жобаны іске асыру елінің ерекшеліктері, қоршаған ортаның көзделген қызметпен байланысқан бейімдеу қабілеті. Нақты техникалық ұсыныстарды қолдану ретін білікті және тәжірибелі мамандардың сарапшылық пікірінің негізінде дайындаған жөн.

Қызығушылық тараптармен әрекеттесу Экватор Қағидаларын сақтаудың(5-қағида), ХҚК қызмет стандарттарының (ҚС-1) және ЕҚДБ жобаларын іске асыруға қойылатын талаптардың (ТР1) маңызды бөлігі болып табылады. Қызығушылық танытқан тараптармен әрекеттесудің мақсаты - кірістірілген қоғамдастықтармен құрылымдық қарым-қатынасты байланыстыру және қолдауды құру. Әрекеттесудің сипаты мен жиілігіхалыққа тигізетін тәуекелдер мен жағымсыз әсерлермен сәйкес болуы тиіс. Қатысу сыртқы манипуляциялаудан, араласудан немесе мәжбүрлеуден және қорқытудан бос болуы тиіс, бірақ қазіргі заманғы, актуалды, түсінікті және қолжетімді ақпараттың негізінде жүзеге асырылады.

Жоба бойынша тиісті ақпаратты ашу қатыстырылған қоғамдарға жобамен байланысты тәуекелдерді, әсерді және мүмкіншіліктерді түсінуге көмектеседі. Егер қауымдастықтар тәуекелмен қатыстырылған немесе жобаның жағымсыз әсеріне түскен жағдайда, жоба бастамашысы осындай қауымдастықтарға жобаның мақсаттары, сипаты және ауқымы туралы ақпаратқа, және осы қауымдастықтарға қатысты кез-келген тәуекелдер мен әлеуетті әсерлерге рұқсатты қамтамасыз етуі тиіс.

Егер қатыстырылған қауымдастықтар анықталған тәуекелдерге немесе жобаның жағымсыз әсерлеріне ұшыратылған жағдайда, кеңестер қатыстырылған қауымдастықтарға жобаның тәуекелдері, олардың әсерлері, және әсерлерді жеңілдету шаралары туралы өз пікірін айтуға, және осы пікірді ескеретін және қажетті іс-әрекеттерді қабылдауға мүмкіндік беретіндей жүргізілуі тиіс. Мұндай кеңестер ЭӘӘБ үрдісінің басында жүргізілуі тіс, барлық назарды тәуекелдерге және жағымсыз әсерлерге, сонымен қатар оларды жеңілдету үшін

қарастырылған іс-шараларға салынуы тиіс. Кеңес беру үрдісі қатыстырылған қауымдастықтың қалайтын тіліне сәйкес жүргізілу тіс және жалпыны қамтитындай болуы тиіс.

Қатыстырылған қауымдастықтарға едәуір жағымсыз әсер етуі мүмкін жобаларға қатысты қатыстырылған қауымдастықтарға ақпараттанған кеңес беру және қатысу (АКҚ) үрдісі жүргізілуі тиіс, нәтижесінде қатыстырылған қауымдастықтардың есті қатысуын береді. АКҚ тереңірек пікірлермен және ақпаратпен алмасуды қарастырады, сонымен қатар ұйымдастырылған көп реттік кеңестер, олардың нәтижесінде клиент өзінің шешім қабылдау үрдісінде қатыстырылған қауімдастықтардың тікелей қатысты мәселелер бойынша пікірін ескере алады, айта кетсек, салдарларды жеңілдету бойынша ұсынылатын шаралар, игіліктер мен даму мүмкіншіліктерін бірігіп пайдалану, сонымен қатар жобаны жүзеге асыру мәселесі бойынша. Қызығушылық танытқан тараптармен әрекеттесу жоспары Полиметаллдың қалай қызығушылық танытқан тараптармен әрекеттесуін , ХҚК басшылығымен ұсынылған қызығушылық танытқан тараптармен әрекеттесу және қызығушылық танытқан тараптармен әрекеттесуді қатитын ЕҚДБ жобаларын іске асыруға қойылатын онынші талапқа сәйкес жетекші халықаралық тәжірибеге сәйкес сипаттайды.

Полиметалл қызметкерлерін басқару жүйесі жұмысшыларға арналған тұрғын үй-жайлардың қажетті сапа стандарттарын қамтамасыз етуге арналған саясатты және ережені қатиды және ХҚК ҚС-2 сәйкес негізгі қызметтерді қамтиды. Бұл жұмысшыларды кемсітпеушілік қағидасына сай орналастыруды және теңдей мүмкіншіліктерді қамтамасыз етуді қарастырады, сонымен қатар орналастыру шарттарының қозғалу еркін шектемеуін, сонымен қатар ассоциацияға бірігу еркін шектемеуін қамтамасыз етеді.

2.8 Компанияның саясаты мен жалпы қағидаттары

Полиметаллмен қоршаған ортаны және әлеуметтік ортаны қорғауды басқару және мониторинг бойынша қолжазбалық шекті жоспар дайындалды. Ол Жоба бойынша жалпы ақпаратты, нормативті-құқықтық базаны, басқарудың мақсаттары мен тиісті жоспарларын, әлеуметтік және экологиялық саясатты, жауапкершіліктің ағымдық рөлін, оқыту, қызығушылық танытқан тараптармен әрекеттесу бойынша ақпаратты, шағымдарды қабылдау және қарастыру механизмін, сонымен қатар жоспарланған экологиялық мониторинг бойынша деректерді қамтиды.

Полиметаллдың қауіпсіздік, экология және еңбекті қорғау саласындағы Саясаты бар. Бұл құжатта қауіпсіз өндірістік ортаға қатысы бар коммерциялық және әлеуметтік қалаулар нақты белгіленген, сонымен қатар жақсы үйретілген және талаптарды орындайтын қызметкерлер анықталған.

Сондай-ақ Полиметаллда 2012ж. дайындалған ҚТ және ЕҚ аспектілерін басқару жүйесі бар. Бұл жүйе Полиметалл қызметкерлерін қауіпті өндірістік факторлардан қорғауға бағытталған, сонымен қатар қайғылы оқиғаларды және кәсіби ауруларды болдырмауға бағытталған.

ҚТ және ЕҚ аспектілерін басқару жүйесі келесі мақсаттарды дайындалған:

- Полиметаллда ҚТ және ЕҚ аспектілерін басқару бойынша саясатты іске асыру үшін басшылық болу (бұдан әрі мәтін бойынша «Компания»), жалпы саясаттың және басқару жүйесінің бөлігі ретінде.
- Компанияның барлық қызметкерлерін және олардың өкілдерін ағымдағы қағидаларды және еңбекті қорғау тәжірибесінің тұрақты жақсаруына бағытталған еңбекті қорғауды басқару әдістерін пайдалануға ынталандыру.

2.9 Нормативтік көрсеткіштер мен бағалаудың белгілері

Жобаны Экватор Қағидаларын ұстанатын қаржы мекемелерінің есебінен қаржыландыру талап етілуі ықтимал. Осылайша, Полиметалл экологиялық және әлеуметтік сараптаманы қызметтің экологиялық жән әлеуметтік көрсеткіштерге арналған стандарттар мен басқару қағидаларына сәйкес жүргізуге шешім қабылдады, осыған мысал ертінде Экватор Қағидалары бола алады, ХҚК қызметінің 2012 жылғы нұсқасының стандарттарын назарға ала отырып. Экологиялық және әлеуметтік әсер етудің осы бағалауы ХҚК қызметінің Стандарттарына сәйкес орындалды, Қызмет стандарттары жобаның өлшеміне және талаптарына сәйкес қолданылады.

Жоба қоршаған ортаны ластайтын заттардың шығарындылары үшін белгіленген халықаралық және/немесе ұлттық стандарттарға сәйкес іске асырылуы тиіс. Осы сәйкестік тиісті жобалық шешімдердің көмегімен, ластаулармен күреске бағытталған әсерлерді жеңілдету бойынша шаралармен қиыстыра отырып қол жеткізілетін болады. Осы бөлімде Жоба қызметінің нәтижесінде, құрылысын салу кезеңінен бастап пайдалануға беру және жабуға дейінгі кезеңде қоршаған ортаға әлеуетті шығарындылардың әртүрлі санаттарына арналған белгілі нормативті көрсеткіштер берілген.

Жоба барлық тиісті ұлттық және халықаралық экологиялық стандарттарды ескере отырып жүзеге асырылуы және басқарылуы тиіс. Жобаға қатысы бар стандарттар келесі бөлімдерде берілген және өзіне келесілерді қамтиды:

• Өнімді топырақ қабаты үшін актуалды ластаушы заттардың табиғи фонды концентрациясы.
• Ауаға, топыраққа және ауыз суға арналған токсинді және әлеуетті токсинді химиялық элементтердің, қосылыстар мен заттардың қазақстандық ұлттық шекті рұқсат етілген концентрациялары (ШРК).
• Тәуелсіз Мемлекеттер Достығының (ТМД) экологиялық стандарттары - ауаға, топыраққа, тұрғын үй қорының жерлеріне және ауыз суға (кейбір жағдайларда судағы ластаушы заттардың рұқсат етілген деңгейінің стандарттары жоқ болған жағдайда балық шаруашылығы санатына арналған су қоймасының нормативті көрсеткіштері пайдаланылады).
• Ластауды болдырмау және қысқарту бойынша анықтама - Дүниежүзілік банктің ҚДЕҚ бойынша нұсқаулығы. Бұл Дүниежүзілік банктің саясаттары және басқарушы қағидалары, ХҚК

дереккөздерінен ақпаратпен толықтырылған және Дүниежүзілік банктің басқарушылық қағидаларының ұсынылып отырған өзгерулері.

Ластаушы заттардың әрбір анықталған шығарындылар немесе лақтырындылардың әрбір көздері үшін қабылдаушы ортаның ластаушы заттарды сіңіру және тарату мүмкіндігімен байланысты тиісті стандарттар анықталатын болады.

Судың сапасы

Кеніштің ӘТК ағын суы ҚР стандарттарына сәйкес тазартылатын болады және қайтадан пайдаланылатын болады. Кеніштің ӘТК-сы ағын суларды, канализациялық және тұрмыстық қалдықтарды генерациялайды. Кеніш жоспарына сәйкес ӘТК ағын суларын тазартуды жүзеге асыру қажет болады. 40м3/күн орташа қуатымен Bio-Acos-40 биологиялық тазартудың модульдік станциясын пайдалану ұсынылады: осы құрылғының көмегімен тұрмыстық қалдықтарды және басқа ағын суларды, коммерциялық балықаулауға пайдаланатын ағын суларды кейінгі су қоймаларына лақытыруымен, белгіленген нормаға дейінгі биологиялық тазартуы жүзеге асырылады. Биологиялық тазарту станцияларының науалары қалдық сақтағышқа бағытталатын болады. Қалдық сақтаушы жабық жүйеде жұмыс жасайтын болады, қоршаған ортаға лақтырындылар болжанбайды.

Сұйық қалдықтардың ағыны (ағын сулар және қалдық сұйықтықтар) қоршаған ортаға бөлінбейтін болады, егер олардағы компоненттердің концентрациясы қазақстандық нормативті талаптарға және халықаралық танылған ластаушы заттар концентрациясының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда.

Әрбір болжалданған шығарындылар көзі және қабылдайтын су объектілері үшін сәйкестіндірудің қолданылатын критерийлері келесі бөлімдерде толығымен сипатталған:

Су сапасының ұсынылған көрсеткіштері Қазақ ШРК негізінде берілген және 4-бөлімде берілген («Су ресурстары»).

Жерүсті және жерасты сулары (ауыз су емес)

Ауыз суының көзі ретінде пайдаланылмайтын жерүсті су ағындарында және жерасты су ресурстарында анықталған химиялық заттары үшін, әдетте, ең сәйкес келетін көрсеткіш ретінде Қазақстандық ШРК бойынша Нұсқаулықта аталып өткендер болып табылады (су ресурстарының бөлімінде көрсетілгендей, 4-бөлім).

Ауаның сапасы.

Атмосфералық ауаны қорғау

Ауаның ластануы Экологиялық кодекспен реттеледі. Ауаны ластауға рұқсаттар кешенді рұқсат берулер режимінде беріледі. Ауаға ластаушы заттарды шығаруды шектеулер Министрлікпен және әкімшіліктермен берілген қоршаған ортаға эмиссиясына рұқсаттарында анықталады.

Атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарылуы рұқсатсыз тыйым салынған және әкімшілік өндіріп алуларға алып келуі мүмкін.

Климаттың өзгеру мәселесі бойынша үкімет саясатының негізгі қағидалары Экологиялық кодексте және негізгі қағидаларда баяндалған, мысалы, Квоталарды сату бойынша ережелер және 2008 жылғы қоршаған ортаға шығарындыларды қысқартуға міндеттемелер және 2008 жылға атмосфераға жылыжайлық газдардың шығарылуын шектеу, тоқтату және төмендету ережелері.

ҚР «Энергияны сақтау және энергия тиімділігін арттыру туралы» заңы (1997ж. 17.11.2015 ж. жағдайы бойынша өзгертулер мен толықтыруларымен) энергия тиімділігінің, соның ішінде жаңа ғимараттарды соғуға және қолдағы барын қайта құрудың жалпы қағидаларын қамтиды.

Жылыжайлық газдардың шығарындыларының жалпы алғандағы төмендеу көрсеткіші немесе ғимараттан анықталған жоқ.

Атмосфералық ауаның сапа стандарты

Адамдардың тыныс алуына болатын ауадағы проблемалық ластаушы заттардың концентрациясының халықаралық стандарттары Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен (ДДСҰ) белгіленген. Қазақстан сонымен қатар ауадағы әрбір ластаушы заттардың рұқсат етілген концентрациясының деңгейін белгіледі (Қазақстан Республикасының №168 жаңа санитарлық нормалары және ережелері, 2012ж. 25 қаңтары). Төменде Кесте 2.3ауадағы рұқсат етілген ластаушы заттардың деңгейінің халықаралық және қазақстандық стандарттары, сонымен қатар осы ластаушы заттарды анықтау үшін ауа мониторингіне сынама алудың ұзақтығы берілген.

Кесте 2.3: Атмосфералық ауаның сапа стандарты[1,2]

Параметрлері	**ДДСҰ бекіткен концентрация деңгейі мкг/м^3**	**Қазақстандық стандарттармен белгіленген концентрация деңгейі [3] мкг/м^3**
Қатты бөлшектер - PM_{10}	*Орташа жылдық көрсеткіштері:* 70 (1-ші аралық мақсат) 50 (2-ші аралық мақстат) 30 (3-ші аралық мақсат) **20 (стандарттың талабы)**	*Орташа сағаттық көрсеткіші:* **300**
	Орташа тәуліктік көрсеткіші: 150 (1-ші аралық мақсат) 100 (2-ші аралық мақсат)	

Кесте 2.3: Атмосфералық ауаның сапа стандарты[1,2]		
Параметрлері	**ДДСҰ бекіткен концентрация деңгейі мкг/м³**	**Қазақстандық стандарттармен белгіленген концентрация деңгейі [3] мкг/м³**
	75 (3-ші аралық мақсат) **50 (стандарттың талабы)**	
Қатты бөлшектер - $PM_{2.5}$	*Орташа жылдық көрсеткіштері:* 35 (1-ші аралық мақсат) 25 (2-ші аралық мақсат) 15 (3-ші аралық мақсат) **10 (стандарттың талабы)**	қолданылмайды
	Орташа тәуліктік көрсеткіші: 75 (1-ші аралық мақсат) 50 (2-ші аралық мақстат) 37.5 (3-ші аралық мақсат) **25 (стандарттың талабы)**	
Азот қос тотығы (NO_2)	*Орташа жылдық көрсеткіші* **40 (стандарттың талабы)**	*Орташа тәуліктік көрсеткіші:* **40**
	Орташа сағаттық көрсеткіші: **200 (стандарттың талабы)**	
Күкірттің қос тотығы (SO_2)	*Орташа тәуліктік көрсеткіші:* 125 (1-ші аралық мақсат) 50 (2-ші аралық мақстат) **20 (стандарттың талабы)**	*Орташа тәуліктік көрсеткіші:* **125**
	Орташа сағаттық көрсеткіші: **350 (стандарттың талабы)**	
Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымы (ДСҰ). *Ауа сапасы бойынша басқару принциптері – ғаламдық жаңарту, 2005ж. Қатты бөлшектердің концентрациясы деңгейінің орташа тәуліктік мәні 99шы перцентильді құрайды.* *[2] Аралық мақсаттар, стандарттың талаптарына қол жеткізу үшін кезеңдік амал қажет деген есеппен белгіленген.* *[3] 2012 жылдың 25 қаңтарындағы* №168 *Жаңа Қазақстандың санитарлық нормалар мен ережелер негізінде.* *[4] Ауа сапасының Канадалық стандарттарының негізінде, 2005ж.*		

Топырақтар және жерді пайдалану

ҚР -да топырақтағы шекті рұқсат етілген концентрациялардың мәндері белгіленген, олар топырақтаға зиянды заттардың концентрациясын бағалау үшін пайдаланылады.

Кесте 2.4 2.4-те ШРК анықталған, олар топырақтың химиялық құрамын бағалау үшін қолданылады. Сонымен қатар, өнеркәсіптік/коммерциялық жерлердің келесі скрининг нәтижелерімен бірге топырақтағы концентрацияның орташа мәндерін салыстыру орындалды, топырақтағы зиянды заттарының Қазақстандық ШРК мәндеріне қосымша ретінде:

• Жалпы бағалау критерийлері бойынша Ұлыбританияның басқару қағидалары.
• Аймақтар үшін скринингтік бағалау деңгейлері бойынша АҚШ Қоршаған ортаны қорғау агенттігінің (АҚШ ҚОҚА) басшылығы (АҚШ ҚОҚА-да адамның бүкіл өмірінің барысында шекті рұқсат етілген деп аталатын тәуекел факторларын бағалауға негізделген). Дегенмен, АҚШ ҚОҚА мәндері «аймақтық» болып табылады және АҚШ бүкіл аумағы бойынша

топырақтық/климаттық шарттардың қиыспауын көрсетеді. Осы айырмашылықты теңестіру үшін айырмашылықтар, АҚШ ҚОҚА-ның 9-шы аймағына арналған алдын ала мақсатты көрсеткіштер скринингті бағалаудың ұқсас деңгейіне сәйкес келтірілді, олар АҚШ ҚОҚА-ның деректер базасындағы бір кестедегі 3-ші және 6-шы аймақтар үшін пайдаланылатын тәуекел факторын бағалауға негізделген. АҚШ ҚОҚА-ның дәл осы скринингтік бағалаудың аймақтық деңгейі алынған.

Жобаның құрылысын салу сатысында топырақ-өсімдік қабатының қажетті деңгейін алуға, сақтау қажет болады. Осы топырақ кен орны аумағының және ілеспе инфрақұрылымды топырағын қайта құнарландыру уақытында жабудың жобалық айрықшаламасына қол жеткізу үшін қайтадан пайдаланатын болады. Осылайша, топырақ сапасының тиісті нормативті көрсеткіштерін сақтау талап етіледі, бұл жұмыс жүргізу барысында ластаудың болмайтындығына кепілдік беру үшін, сонымен қатар топырақ сапасының бағдарын анықтау үшін, олар топырақ құнарлығын қалпына келтіру үшін пайдаланылатын болады. Осылайша, топырақтың тиісті топырақ профилі сақталады, оның көмегімен кен орнын жапқаннан кейінгі кезеңде өсімдік қабаты қалпына келтірілетін болады. Сонымен қатар Ұлыбританиядағы бағалаудың жалпы критерийлері және Кесте 2.4 белгіленген АҚШ ҚОҚА-ның аймақтық скринингтік бағалауы коммерциялық/өнеркәсіптік жер пайдалануға жататындығын нақтылау қажет, тұрғын үй қорының аумағында болмау шартымкен және жобалау қызметінің айрықшаламасын ескере отырып.

Кесте 2.4: Топырақтағы шекті рұқсат етілген шоғырланудың заттары - Қазақстандық және халықаралық мәндері (мг/кг)

Параметр	ШРК	АҚШ ҚОҚА-ның скринингтік бағалаудың аймақтық деңгейлері	Ұлыбританиялық бағалаудың жалпы критерийлері
Күшән	2	1,6	640
Бор	25		
Хром	100	1 500 000	8 840
Мыс	23	41 000	71 700
Никель	35	20 000	1 800
Қорғасын	30	800	750
Мырыш	100		
Бенз (а) пирен	20		
Жалпы ПХК	1000		

Фондық зерттеулер шеңберінде топырақ үлгілері топырақтың су сығындысында немесе сүзгілегішінде әртүрлі металлдарға және металлоидтарға талдау жүргізу үшін личатты дайындау үшін ұсынылған. Жалпы личат дайындау, қанықпаған ылғал зонасындағы табиғи процесстерге қарағанда жоғары агрессиялы деп саналады. Талдау нәтижелері топырақтағы затты сілтісіздендіруге кең өкілдік баға береді. Сүзгілегіш сынамалары судың сапасы үшін және

ауыз суға арналған ДСҰ ұсынылған шамалармен Қазақстандық ШРК-мен (шекті рұқсат етілген концентрация) салыстырылды (Кесте 2.5).

Кесте 2.5: Топырақтың сулы экстрактінде (личат) заттардың шоғырлануын талдау жөніндегі жиынтықты мәліметтер (мг/л/100г)

Параметр	Су ШРК[1]	ДСҰ[2]
Алюминий	-	0,2
Күшән	0,05	0,1
Барий	-	0,7
Бор	0,5	2,4
Кадмий	0,001	0,003
Хром	-	0,05
Кобальт	0,01	-
Мыс	1	2
Цианид	-	0,5
Темір	0,3	-
Қорғасын	0,03	0,01
Аммоний	2	-
Сүрме	-	0,02
Никель	0,1	0,07
Нитрат	45	50
Ванадий	0,1	-
Мырыш	5	-

[1]СанҚжН ШРК

[2]Ауыз суға арналған ДСҰ нормативтері, 4-ші баспа, 2011ж.

Шуыл, қысым атмосфералықтан жоғары және діріл

Қоршаған орта шуылы

Қоршаған ортаны, денсаулықта және еңбекті қорғау (ҚДЕҚ) бойынша ХҚК Нұсқаулығында келтірілген критерийлер (2007ж. сәуір) шуылдың үлкен абсолютті деңгейін белгілейді, ол Кесте. 2.6 көрсетілген шектерден аспауы тиіс. Мұнан басқа, шуылдың қолдағы бар фондық деңгейі кез-келген сезімтал рецепиент үшін жобалау алаңынан тыс жерде 3дБ артық шамадан артық болмауы тиіс (мысалы, елді мекендер), шуыл деңгейін арттыру нәтижесінде Жоба бойынша жұмыстармен байланысты жобалау алаңында - Кесте. 2.6 қара.

Кесте. 2.6: Елді мекендерде тұрғын үйлер бойынша нормативтік көрсеткіштер

Рецептор Елді мекеннің кен орнына ең жақын шеткі аймағы	Кең жолақты дыбыстық қысымның амплитудалық салмақталған деңгейі, $L_{Aeq,1ч}$ (дБ)	
	Күн (07:00-22:00)	Түн (22:00-07:00)
Шуылдың абсолюттік деңгейі (нормативті көрсеткіштер артық болмауы керек)	55	45
Жобалау аумағындағы болжалданған шуыл	+3	+3

деңгейі шуылдың фондық деңгейінен (қоршаған орта) келесіден артық аспауы тиіс:		

Күндізгі және түнгі уақытта шуылдың абсолютті деңгейі тұрғын үй зоналарының реципиенттері үшін, ұйымдарда және оқу орындарында қолданылады және жалпы алғанда халықаралық танылған стандарттарға сәйкес болады (тұрмыстық шуыл бойынша ДСҰ нұсқаулығы). Осылайша, шуылдың абсолюттік деңгейлері жоба шеңберінде нормативті көрсеткіштер ретінде қабылданатын болады (қара Кесте. 2.6). Болжалатын шуыл еңгейі қолдағы бар қоршаған ортаның шарттарына сәйкес 3дБ артық арттырылған жағдайда шуыл деңгейін зерттеу үшін пайдаланылатын болады, Жоба шеңберінде шуылдың фондық деңгейіне әсер етуі мүмкін шуылдың басқа сыртқы көздерінің сәйкестігін және есебін қамтамасыз ету мақсаттарында.

Жұмыс орнындағы шуылдық әсер

ХҚК-ның ҚДЕҚ бойынша Нұсқаулығының 2.3-бөлімі (2007 жылдың сәуірі) қызметкерге шуылдық әсер бойынша Кесте 2.7 келтірілген басқарушы қағидаларын қамтиды, және олар жоба шеңберінде тиісті нормативті көрсеткіштер ретінде пайдаланылатын болады.

Кесте 2.7: Жұмыс орындарында шудың әсер етуі бойынша нормативтік көрсеткіштер

Орналасқан жері/Жұмыс	LAeq эквивалентті деңгейі, 8сағ	Максимум LAmax, fast
Ауыр өндіріс (ұсақтау желісі, ашық карьер және механикаландырылған жұмыстар участкелері, стационарлық қондырғылар және мобильдік жабдықтар)	85 дБ(А)	110 дБ(А)
Жеке өндіріс (станционарлық қондырғылар және мобильдіжабдықтар мөлшері шектелген)	50-65 дБ(А)	110 дБ(А)
Толық ақпарат және зоналар жұмыс орнындағы шуылдық әсердің толық бағалауына негізделетін болады (ҚТ және ЕҚ басқару бойынша Жоспарды қара)		

Қысым атмосфералықтан және діріл әсерінен жоғары

Жобалау алаңы тұрғын үйлерден және басқа ғимараттардан қашықтықта орналасқандықтан, дірілдің қоршаған ортаға және тұрғындарға әсер ету критерийлері бағалауға енгізілмеген еді.

Жұмыс орнындағы діріл

Мемлекеттік мамандардың Американдық конференциясымен қолдың дірілдеуі үшін белгіленген дірілдің әсер етуіңі межелік шектері сонымен қатар Еуропаның діріл бойынша директивасымен белгіленген, жұмыс орнындағы адамның бүкіл ағзасына діріл әсерінің рұқсат етілген шектері

. Кестеде 2.8берілген:ЕО 2002/44/ЕО директивасына сай әсер етудің шекті күндізгі лимитінің X, Y немесе Z бағытында, өнеркәсіптік гигиена бойынша мемлекеттік мамандардың Американдық конференциясымен қолдың дірілдеуі үшін белгіленген дірілдің әсер етуінің шектеулі шектерінің мәндерін салыстыру	
АКГСПГ сәйкес күндізгі діріл әсерінің жалпы ұзақтығы (сағ.)	**Жиілікті-салмақталған үдеудің максималды мәні (м/с^2) және бағдары**
4-тен бастап 8 сағаттан кемге дейін	4
2-ден бастап 4 сағаттан кемге дейін	6
1-ден бастап 2 сағаттан кемге дейін	8
1 сағаттан кем.	12
Діріл әсерінің күндізгі нормасы (ЕО директивасы - 2002/44/ЕС)	Maximum value of frequency weighted acceleration (m/s^2) in and direction
Күндізгі 8 сағаттық әсердің межелік мәні	5
Күндізгі әсердің максималды мәні	2,5

Межелік мәндердің екі жиынтығын бір түзуге салыстыруға болмайды, себебі АКГСПГ әсер етудің ұзақтығына байланысты мәнді береді және 4м/с^2 асатын осьтердің біріне негізделген Күнгі әсер етудің межелік мәні 5м/с^2 құрайды, және векторлық сома ретінде, үш осьтік секторлық сомасы ретінде есептеледі және 8 сағ. ұзақтықтағы әсер етуге негізделеді. Екі стандарттардың арасында маңызды айырмашылықтар жоқ, сол себептен Жобада ЕО Директивасымен күндізгі әсер етудің мәні пайдаланылатын болады, себебі олар көпке бағытталған нормативті көрсеткіштер болып табылады.

АКГСПГ барлық денесіне діріл әсері Z және XY векторлық сызбасымен анықтайды, алайда АКГСПГ де әсер етудің ЕО Директивасында берілген 0,5м/с^2 межелік мәніне сілтейді. ЕС (2002/44/ЕС) директивасы үш осьтің кез-келгені бойынша шектеулер пайдаланады және Жобада нормативті көрсеткіштер ретінде ЕО әсерінің межелік мәні пайдаланылатын болады (Кесте 2.9 қара).

Кесте 2.9: Діріл бойынша Еуропалық директиваның дірілінің әсер етуінің шекті мәндері (2002/44/ЕС)		
Түрі	**Күндізгі әсердің максималды мәні (м/с^2)**	**Күндізгі әсердің мәні (м/с^2)**
Бүкіл денеге діріл әсері	0,5	1,15

Иондайтын сәулелендіру

ҚР «Халықтың радиациялық қауіпсіздігі» Заңы (219-I, сәуір 1998 ж., 2014ж. қыркүйегіндегі жағдайына түзетулер енгізілген) адам денсаулығын иондаушы сәулелендірудің зиянды әсерінен қорғау мақсаттарында халықтың радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін реттейді.

ЭӘӘБ орындау үрдісінде өткізілген сәулелендіру дозасын салыстыру үшін, ХҚК басшылығының жұмыс орны үшін радиациялық қауіптің тиімді дозасының рұқсат етілген межесі үшін

ҚДЕҚ бойынша (2007ж.) және Агенттіктің Ұлыбритания халқының денсаулығынқорғау бойынша нормалары ұсынылған халықаралық деңгейде қабылданған критерийлері пайдаланылды.

Жұмыс орнына арналған жылдық тиімді максималды рұқсат еілген сәулелендірудің дозасы жылына 20 мЗ құрайды, және 16-18 жаас аралығындағы тағылымгер үшін жылына 6мЗ құрайды. Халық үшін радиациямен байланысты қызметтерден рұқсат етілген сәулелендіру межесі жылына 1 мЗв құрайды (2.10-кестені қара). Ұлыбритания Заңнамасымен анықталған халыққа арналған рұқсат етілген сәулелендіру межесі жылына 300 мкЗв (0,3мЗв) шектегі деңгейде, бір объектіден/көзден иондалған сәулелендіру әсері олған жағдайда қолданылады (Халықаралық радиологиялық қорғау комиссиясының ұсыныс бойынша). Сәулелендірудің рұқсат етілген межелерінің барлық мәндері әсер ету үшін, орындағы табиғи фонға қосымша ретінде берілген

1999 жылғы Ұлыбританияның иондаушы сәулелендіру бойынша ережелері (IRR99) ағымдық халықаралық танылған қағидаларды, сәулелендірудің рұқсат етілген межесін және қызметшінің радиациялық қорғаудың ұсынылған тәжірибесін көрсетеді. IRR99 Ұлыбритания заңнамасына еуропалық директивалардың тиісті учаскелерін енгізеді (90/641/Евратом және 96/29/Евратом), олар ЕД енгізілген қызметшіні радиациялық қорғауға жатады. Өз кезегінде Евратом Директивалары Атом энергиясы жөніндегі Халықаралық Агенттіктің (АЭХА) ұсыныстарын біріктіреді, олар негізінде 1996ж. қауіпсіздік жөніндегі стандартта сипатталған, ол келесі ұйымдарға ұсынылды:

• БҰҰ-ның Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы;
• Атом энергиясы жөніндегі Халықаралық Агенттігі;
• Халықаралық еңбек ұйымы;
• Экономикалық даму және ынтымақтастық ұйымының Ядролық энергия жөніндегі агенттігі;
• Бүкіламерикалық денсаулық сақтау ұйымы; сонымен қатар
• Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымы.

Радиациялық қорғау жөніндегі Халықаралық комиссиямен дайындалған қызметшілерді радиациялық қорғауға қатысты ұсыныстар АЭХА-ның қауіпсіздік мәселелері бойынша негізгі стандарттарында назарға алынған болатын.

Кесте 2.10 Ұлыбританияның және ХҚК-ның сәулелеудің максималды әсері үшін критерийлері қамтылған. Сәйкестендіру критерийі ретінде Жобаға ЕО және ХҚК максималды рұқсат етілген межесі пайдаланылатын болады.

Кесте 2.10: Жұмыс орындары үшін радиациялық әсер етудің шектері (жылына мЗв)
Ұлыбритания және ХҚК Басшылығының Қағидалары максималды тиімді әсер

20 (жұмысшы) 6 (тағлымгер) 1 (жергілікті тұрғын)

Қалдықтарды басқару

Жетекші халықаралық тәжірибе /Қатты қалдықтарды кәдеге жарату бойынша кредиторларға арналған нұсқаулық

ХҚК Қоршаған ортаның, денсаулықта және еңбекті қорғау бойынша нұқсаулықтарында қатты қалдықтарды кәдеге жарату үшін жетекші халықаралық тәжірибеде және Еуропалық қайта құру және даму банкі саясатында көрсетілген, сонымен қатар кен орындарында қатты қалдықтарды кәдеге жаратудың жалпы тәжірибесі бар.

ХҚК ҚДЕҚ бойынша Нұқаулықтар техникалық анықтаманы білдіреді, онда тиісті халықаралық салалық тәжірибе (НИОП) мысалдарының жалпы сипаттағысы және сондай-ақ нақты салаға қатыстысы қамтылған. Қауіпті материалдарды пайдалану және қалдықтарды басқару жөніндегі ҚЕДҚ бойынша ХҚК Нұсқаулығы ҚЕДҚ бойынша ХҚК Жалпы нұсқаулығының сәйкесінше 1.5 және 1.6 бөлімдерінде бар, кейінгі әдістемелік қағидалар қалдықтарды өңдеу бойынша кәсіпорындарға арналған ҚЕДҚ бойынша ХҚК нұсқаулығында (2007 жылдың желтоқсаны) және тау-кен өндіру кәсіпорындарында (2007 жылдың желтоқсаны) берілген.

ҚЕДҚ бойынша ХҚК нұсқаулығында Қалдықтарды басқару жөніндегі жетекші халықаралық салалық тәжірибені қамтиды, ол келесі түрде болады, қалдықтардың пайда болуының бірізді стратегиясы түрінде, оларды қысқарту, қайтадан пайдалану, рекуперациялау және екінші реттік қайта өңдеу. Осы стратегияны қолданғаннан кейін қалған қауіпті емес қалдықтар өңделуі тиіс немесе қалдықтарды арнайы жинауға арналған, рұқсат етілген объектілерде кәдеге жаратылуы тиіс. Мысалдар қауіпті емес органикалық қалдықтардың компостингін қамтиды; сауатты жобаланған, рұқсаттары бар және пайдалануға енгізілген полигондар немесе қоқыс жағатын зауыттар тиісті қалдық түрлеріне арналған; немесе биодеградация сияқты қалдықтарды ақырғы жоюдың әйгілі тиімді және сенімді әдістері.

Дәл осылай, ЕҚДБ-ның әлеуметтік және экологиялық саясаты қалдықтар рекуперациялануы мүмкін емес немесе қайтадан пайдаланылмаған жерлерде, клиент оларды экологиялық қауіпсіз тәсілмен өңдеуі, түгендеп қоюы және кәдеге жаратуы тиіс.

Қатты қалдықтарды басқару жөніндегі жетекші халықаралық салалық тәжірибе

Тау-кен өндіру және қайта өңдеу өндірісінің қалдықтары үшін, сонымен қатар технологиялық емес қалдықтар үшін жою және заласыздандыру бойынша жұмыстар ұйымдастырылуы тиіс. Басқа қалдықтар өнеркәсіптік қалдықтарды/құрылыс жұмысының қалдықтарын,

тұрмыстық/кеңселік қалдықтарды және қауіпті қалдықтарды қамтиды. Қалдықтар қажеттілік негізінде, олардың арнайы өңдеуінде жіктелуі тиіс, қалдықтарды жинау және жою бойынша нақты стратегиялар Жобаның Қалдықтарды басқару жоспарында толығымен сипатталуы тиіс және Әлеуметтік және экологиялық іс-шаралар жоспарына енгізілуі тиіс. Төменде жобаға арналған қалдықтарды басқару тұжырымдамасының жалпы шолуы берілген. Қалдықтарды басқару кезінде кәсіпорын келесіге ұмтылуы тиіс:

• көздердегі қалдықтардың пайда болуын төмендету;
• қалдықтарды қайтадан пайдалану және қайта өңдеуін максимизациялау; сонымен қатар
• қайтадан пайдалануға және кәдеге жаратуға жатқызылмайтын қалдықтарды қауіпсіз пайдалануды тәжірибеден өткізу.

Осы мақсаттарға келесілердің көмегімен қол жеткізіледі:

• жобаны жоспарлауға және құрылыс жұмыстарын бастауға дейін нақты техникалық шарттарды енгізу;
• жабдықтың айрықшаламасына қалдықтарды пайдалану жөніндегі талаптарды енгізу;
• артық материалдарды және қалдықтарды қайтадан пайдалану/рециклинг;
• тиісті түрде қалдықтарды сақтау және кәдеге жарату; сонымен қатар
• осы бағдарламалар үшін әкімшілік бақылауды жүргізу.

Қалдық ағындарын сәйкестендіру

Қалдықтарды басқару жоспары құрылыс кезеңдерінің ішінде және тау-кен өндірісін пайдалану кезінде генерациялануы мүмкін қалдық ағындарын қамтуы тиіс. Қалдық ағындарының мысалдары келесілерді қамтиды:

• тау-кен өндірісінің және қайта өңдеу өндірісінің қалдықтары (қалдықтар және технологиялық реагенттер);
• қауіпті қалдықтар (пайдаланылған майлар, реагенттердің контейнерлері және медициналық қалдықтар);
• өнеркәсіптік қалдықтар (инертті қалдықтар, мысалы, пластик, шыны, құрылыс материалдары); сонымен қатар
• тұрмыстық (органикалық) қалдықтар (ас үй қалдықтары, азық-түлік және өсімдік қалдықтары, ыдырайтын қалдықтар).

Әрбір қалдық ағынын басқару, әдетте Жобаның қалдықтарын басқару жоспарында сипатталады.

Тау-кен өндірісі кәсіпорындарына арналған ҚЕДҚ бойынша ХҚК басшылығы, қауіпті емес (тау-кен өндірісіне жатпайтындар) қалдықтарды кәдеге жарату қажеттілігі болған жерде, олар бос жыныспен бірге кәдеге жаратылмауы тиіс деп талап етеді, «ерекше жағдайлардан басқа». Жетекші халықаралық салалық тәжірибе және еуропа стандарттары да, полигондарда қауіпті

емес және қуаіпті қалдықтарды кәдеге жарату бірігіп, бірдей аранайы ұяшықтарда жүргізілмеуі тиіс деп талап етеді. Сәйкесінше жобада, тау-кен жұмысын жасау кезінде шығарылған барлық бос жыныстар бас жыныстардың үйінділерінде орналастырылатын болады, ал тау-кен өндірісіне қатысы жоқ қалдықтар, сол жерде немесе полигонда жоюды талап ететін қауіпті емес және қауіпті қалдықтар мамандандырылған полигонның бөлек ұяшықтарында орналастырылатын болады.

3 ЖОБАНЫҢ СИПАТЫ

3.1 Географиялық орналасуы және жалпы ақпарат

Бақыршық алтынкенді кен орыны Қазақстанның бұрынғы астанасы Алматы қаласы Қалба жотасының солтүстік-батыс бөлігіннен солтүстікке қарай Қазақстан Республикасы Шығыс Қазақстан облысында 1100 ш. қашықтықта орналасқан. Жоба өткен жылдардың тау-кен қазу жұмыстары бөлімшесінің аумағындағы Жарма ауданы Әуезов ауылының жанында орналасқан.

Кен орнындағы таулы жұмыстар үзіліспен 1956 жылдан бастап жүргізілуде. Кәсіпорын шекарасында Әуезов ауылы бар, сондай-ақ аумақта пайдаланылмаған байыту фабрикасы және өнеркәсіп инфрақұрылымы бар.

Қазіргі таңда қабылданған нұсқамен кен орнын игеру екі кезеңдегі құрамдастырып сынау болып табылады:

- 1-ші кезең - таулы жұмыстарды ашу
- 2-ші кезең - жер асты таулы жұмыстары.

1 кезең 2016 және 2026 жылдар аралығы кезеңіне жоспарланған. Екінші кезең - 2026 және 2039 жылдарға.

Ашық өндіру дәстүрлі бұрғылау-жарылыс және тиеу-жеткізім жұмыстарын пайдаланумен жүргізіледі. Жер асты **сынау** цементті толтыру қоспасымен істеп шығарылған кеңістіктердің қаланған қабатты әдісімен жүзеге асырылады. **бетон салатын** қоспаны дайындау үшін қалдық қоймасындағы технологиялық қалдықтарды пайдалану болжанады.

Ашық өндірудің жобалық көлемі фабрикаға сатылатын - 8.5г/т Au-дан кеннің орташа мөлшерімен жылына 1.8млн. т. кенді құрайды. Таулы-байыту кешенінің құрамына уату, ұсақтау енеді және жұмыр диірменде, көміртек қалқытуда, шапшаң қалқытуда және дәстүрлі сульфидті қалқытуда ұсақтағанға дейінгіні қосқанда қалқытудың кешенді тізбегі енеді. Байыту өнімі болып құрамында шамамен 99.2г/т. алтыны бар сульфидті флотоконцентрат болып табылады. Концентратты кептіргеннен кейін сыйымдылығы 1.5т. қаптарға қапталатын болады. Қаптар жүк вагондарына тиеліп және одан әрі жасап шығаруға Амурскге Шалабай темір жол станциясына дейін автокөлікпен тасылатын болады.

2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 2012 жылғы JORC кодексі талаптарына сәйкес саналған Бақыршық кен орнының пайдаланылатын қорлары төмендегі (Кесте. 3.1)кестеде келтіріледі.

Кесте. 3.1: 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 2012 жылғы JORC кодексі талаптарына сәйкес саналған Бақыршық кен орнының пайдаланылатын қорлары*			
Пайдаланылатын қорлар	**Мың т. кен**	**Au, г/т құрамы**	Au қорлары, мың **унц.**
«Ықтимал» санаты (Probable)			
Ашық өндіру	14 100	6.9	3 148
Жер асты өндіру	15 050	8.5	4 106
Барлығы	29 150	7.7	7 254
* - Дөңгелектеу есебімен мәндерді сомалау кезінде олқылықтар болуы мүмкін.			

Өндірістің ілеспе өнімі болып кен секілді фабрикаға (шамамен 6.9г/т) берілетін құрамында дәл осындай алтыны бар көміртекті концентрат болып табылады. Осы материалды жасап шығарудың пайдалы тәсілі есте болмау, егер жасап шығару технологиясы пайда болса және/немесе алтын бағасы өссе, болашақта өндіріске тарту үшін ол сақталатын болады.

Байыту фабрикасының технологиялық қалдықтары қалдық қоймасына тасталады. Қалдық қоймасынан су фабрика және кеннің техникалық қажеттіліктері үшін қайта пайдаланылатын болады.

Бақыршық тау-кен қазу кәсіпорнының генералды жоспары графикалық қосымшалардағы № 1.3 сызбада көрсетілген.

3.2 Кәсіпорынның ағымдағы жағдайы

Кәсіпорын аумағында жыныстар үйінділері және өткен жылдарда таулы жұмыстар нәтижесінде қалыптасқан карьерлер бар. Өткен жылдарда алынған кенсіз материалдардың маңызды бөлігі жаңа жобаланатын карьер контурына арналған болып келеді. Өткен жылдары кен орнында сонымен қатар желдету немесе жер асты өндірудегі мүмкіндікті қамтамасыз ету үшін пайдаланылған үш шахта оқпаны қалған жер асты таулы жұмыстары жүргізілді. Өткен жылдар жұмыстары сонымен қатар байыту кешенінің (кенді күйдіруге арналған пешті қосқанда) және күшала қалдықтары қоймасының құрылысы қалдық қоймасы қосты.

Әуезов ауылы кеннің байыту кешені және әкімшілік ғимараттар жанындағы кәсіпорынның оңтүстігінде орналасқан. Азырақ ірі Солнечный ауылы 1,5 ш. қашықтықта оңтүстікке орналасқан, бірақ әкімшілік қатынаста Әуезов ауылының бөлігі болып табылады. Қазіргі таңда Әуезов ауылын сумен жабдықтау кәсіпорын аумағының солтүстігінде орналасқан Қызылту жер асты су жинауы есебінен жүзеге асырылады. Қызылту су жинауынан алынған су ауылды және өнеркәсіп ғимараттарын сумен жабдықтау үшін оны тазалау жүргізілетін сорғы-сүзгілеу станциясына беріледі.

Әуезов поселкесінде сонымен қатар ауылдың батысында орналасқан ағын суды тазалайтын жұмыс істеп тұрған станция бар. Ағын сулар механикалық және биологиялық тазалауға арналған негізгі тазартқыш ғимараттарға айдап қотарылатын коллекторлық-сорғы станциясына өздігімен ағып барады, содан кейін Ақбастаубұлақ жылғаларына келіп құйылады.

Кәсіпорын аумағының таулы жұмыстары басталғанға дейінгі қазіргі таңдағы жағдайы бойынша генералды жоспары №3.1 сызбада көрсетілген.

3.3 Дайындық жұмыстары, құрылыс және жұмыс кестесі

Бақыршық кен орнын өңдеу қолда бар кестенің екі кезеңімен қарастырылады:

- 1 кезең - ашық өндіру (2016+-2024жж.); және
- 2 кезең - жер асты өндіру (2025-2039жж. карьера негізінен ұңғылауы бар көліктік келулер).

Кезеңдердің әр қайсысының құрамына құрылыстар кезеңі және падалану кезеңі енетін болады. Екінші кезең соңында кен пайдаланулардан шығарылатын болады, бұзылған жерлер топырағының құнарлығын қалпына келтіріліп және кәсіпорынды тарату орындалатын болады.

Жобаның ТЭН (feasibility study) қызметінің сәйкес деңгейімен жүзеге асырудың толық кестесі 3.2 сызбада көрсетілген. 3.2 сызбадағы қызмет деңгейі нағыз ӘӘӘБ құрамында ұсынылған жобаны сипаттаудың егжей-тегжейлігін арттырады. Жоба кестесінің толық техникалық егжей-тегжейлі сипаты Бақыршық алтынкенді кен орнын игеру ТЭН-де бар, 5 том.

Құрылыстың 1 кезеңі

Бірінші кезеңнің таулы өндіруі басталғанға дейін жару кезінде кесектердің ұшуы бойынша қауіпті аймақтар шегіндегі барлық құрылыс демонтаждалған. Бұл ескі байыту фабрикасы ғимаратын, сондай-ақ Әуезов ауылын, және ауылдың тұрғын үйлерін жылумен қамтамасыз ететін қазандықты сумен жабдықтау үшін пайдаланылатын суайдауыш мұнараны қосады. Осыған байланысты, Полиметалл бірінші кезеңнің құрылыс жұмыстары шегінде Әуезов ауылына арналған жаңа суайдауыш мұнара және қазандық (күл және көмір үюге арналған алаңдарымен) салады. Жаңа қазандық Әуезов ауылының қолда бар тазартқыш ғимараттар жанына орналастырылатын болады.

Құрылымдық бақылаудың элементтері маңызды рөл атқарады деп саналады, сондай-ақ тектоникалық пішіні өзгерген қыртыстар пішіні өзгерген уақытта гидротермальды ерітіндінің қозғалысына арналған арна ретінде әрекет етеді, ал минералданған линзалардың орналасқан орны өткізгіштігі жоғары бойлаған аумақтардың барын білдіреді. Бұл элементтер бақылаудың литологиялық элементтерімен қосылады, онда басымды минералдану ірі түйіршікті шөгінділерде кездеседі. Интрузивті қыртыстар металл көзі және/немесе жылу қозғалтқышы ретінде әрекет етеді және минералданудың орналасқан орнына әсерін тигізеді деп саналады.

Алтын-сульфидті минералдану ҚЖА шегінде әдетте тақта тасты сазтастарда, құмайттарда, ірі - ұсақ түйіршікті құмдақтарда кездеседі. Жиынтығында минералданған аймақтардың үлгісі жазық келеді, себебі олар ҚЖА бақыланады. жергілікті масштабта минералданған аумақтар үлгісі бойынша біркелкі емес және кварцтелген, кеннің қалың қабатты кварцтерімен байланыстырылады. Арсенопирит әрқашан алтынның жалпы заңдылықтан ауытқыған мәнімен байланыстырылады. Табиғи минералдарға кварц, көміртек, сидерит, саз, барит және серицит, хлорит, кальцит, альбит және биотит сияқты аз таралған минералдар қосылады. 1 минералдануының үлгілік геологиялық кескіні ұсынылған.



Figure 7-5

7-11

Сурет 4.6.3: Бақыршық кен орнының минералдануының үлгілік геологиялық кескіні

Сульфидтердің бөлінуі шамасы сыйғызатын тау жыныстарының өткізгіштігімен байланысты. Ірі түйіршікті құмдақтар сульфидтер мен алтынның жоғары концентрациясын байқатады. Өткен жылдардың зерттеулері жарықтардың құрылуының бес туындауын және пириттің дамуының төрт кезеңін анықтады. Екі ертеректегі генерациялар маңызсыз пиритті минералдануының қосарласуымен, орташадан бастап ірі түйіршікті кварцқа дейін құралған. Үшінші түрленімнің

кварцы кеннің қалың қабаттарында қалып қойды. Бұл екінші кезеңнің дамуын және пиритті және арсенопиритті минералданудың басты кезеңін қосатын алтын-сульфидті минералданудың құбылыс болды. Бұл кезең алтын минералдануының 70% бастап 80% дейінгісін құрайды деп саналады. Төртінші түрленім полиметалл минералдарының және орташа түйіршікті пириттің шөгінділерімен байланыстырылады. Бұл минералданудың төртінші кезеңінде алтын жоқ. Соңғы түрленім сұртүсті - ақтан бастап сүтті - аққа дейінгі кварцтардың құрылуымен анықталады, олардың көлемі миллиметрден метрге дейін ауытқиды. Желілерде қайта мобилизацияланған алтынның төменгі шоғырланымы бар.

4.6.5 Геотехникалық сипаттамалары

Кіріспе

Бұл бөлімде Бақыршық кен орнының қолданыстағы болмыстық шарттары сипатталады, олар геохимиялық ортаға әсерін тигізеді немесе оның әсерінде қалады; бөлімде сондай-ақ кен орнында жүргізілген геохимиялық сипаттамалардың зерттелуінің нәтижелері көрсетілген. Бұл зерттеулер қышқылдың құрылуының әлеуетін анықтауға және бос қыртыстар мен кен орындарынан металлдардың сүзгіленуіне көмектеседі.

Зерттеудің аумақтары

Бұл бағалауда зерттеу аумағы кен шығарылатын орынның шектеріндегі аумақ және оларға жақын жатқан алаң ретінде анықталған, олардың шегінде топырақ пен су кен орындарын әзірлеуден тікелей немесе жанама түрде әсерге ұшырауы мүмкін, оған барлық биогеохимиялық үдерістер, анықтайтын топырақтың жағдайы мен судың сапасы қосылады.

Әсерлер жақын жатқан жерлерге тау-кен жұмыстарының телімінен ағын сулардың нәтижесінде жұмыстарды жүргізудің периметрінің шегінен тыс таралуы мүмкін, сәйкесінше, болмыстық зерттеулер осы аумақтың есебінен кеңейтілді. Кеңейтілген аумақтағы болмыстық шарттары туралы ақпарат сондай-ақ судың сапасы мен тау-кен жұмыстарының шегінде топырақтың сапасының төмендеуі нәтижесінде әсер етуін бағалау үшін негізгі қамтамасыз етеді.

Геология

Қызыл жобасы Орта Қалба жылы шұңқырларының орталық бөлігінде және Қалба-Нарым құрылымдық аймағында төменгі шөгінді жыныстарда орналасқан. Кен орны өңірлердің қиылысатын, солтүстік-батыс бағытындағы металлогениялық аумақтардың топтамасында алтын минералды үш қосарлас аумақтардың шығыс бөлігінде орналасқан. Бастапқыдағы алтынның минералдануы кварц желілерімен байланыстырылды, олар қатпарлы тасты-бұрышты құмдақтардың, конгломераттардың және карбонатты сазтастардың, құмайттарға өтетін шектерде жапыру аумағында кенді линзаларға бай болып табылады. Құрамында

алтыны бар кен ұсақ түйіршікті пиритпен және арсенопиритпен байланыстырылады, негізінен табанды болып табылады және көбіне арсенопириттің құрамында болады. Минералдану кварцты желімен, ұсақ түйіршікті пиритпен және инелі арсенопиритпен және өзгертілген дақтар мен белдеулерге біріктірілген ірі түйіршіктермен сипатталады. Барлық түрлері арсенопириттің көптігімен және алттынның жоғары құрамымен байланыстырылады. Табиғи минералдарға кварц, көміртек, сидерит, саз, барит және серицит, хлорит, кальцит, альбит және биотит сияқты аз таралған минералдар қосылады. Сульфидтердің бөлінуі шамасы сыйғызатын тау жыныстарының өткізгіштігімен байланысты. Ірі түйіршікті құмдақтар күкірт пен алтынның құрамына бай. Кейде кальцит кездеседі, бірақ ол барлық литологиялық үлгілерде емес. Арсенопирит әрқашан алтынның жалпы заңдылықтан ауытқыған мәнімен байланыстырылады.

Алдыңғы зерттеулер

Бақыршық кен орнының барлануы 60 жылдан астам уақыт жүргізілді және оған жыралардың 237 474м^3 өтімі қосылады. Ашық әзірленуі бес қосалқы кен шығарылатын орындардан және төрт шағын кен шығарылатын орындарынан жақын жатқан аумақтарда 1956 жылдан басталды және 1994 жылға дейін созылды. Жоғарғы қабаттағы қышқылдандырылған кен орнын жер астынан алу 1963 жылы 9 және 10 линзаларды әзірлеуден басталды және 1997 жылы қышқылдандырылған кеннің көп бөлігін алғаннан кейін тоқтатылды. Сәйкесінше, кен орнында тек сульфидті кен ғана қалды. Тәжірибелі - өнеркәсіптік қондырғы 1994 жылы кен орнында құрылды, бірақ тек 1996 жылға дейін ғана жұмыс істеді. Тәжірибелі күйдіретін қондырғы 2009 ж. ақпаннан 2010 ж. қыркүйекке дейін ғана жұмыс істеді.

Жобалау тау-кен жұмыстары

Бақыршық тау-кен жұмыстарын жүргізу үшін ұсынылған қалпына келтіру жоспарына кен орнының түбінен өндіруді ала отырып жер асты өніміне өте отырып кен шығаратын орынды кеңейту болып табылады. Жобаға сай, кен шығарылатын орынның аумағы шамамен ұзындығы 2400 м дейін, ені 860 м дейін және тереңдігі 320 м бастап 390 м дейін кеңейтілетін болады. Кен шығарылатын орын 30 метрлік ойықтармен және 10 метрлік бермдермен өңделеді, ол кен шығарылатын орынның бортын 41-48^o және ойықтың еңісінің бұрышын 50-80^o қамтамасыз етеді. Кен шығарылатын орыннан шығатын кен фабриканың кен шығаратын қоймасына жүкті өзі түсіретін машиналармен жеткізілетін болады, ал бос қыртыс арнайы қыртыс үйінділеріне тасымалданады. Жерастынан алу цементпен қалаудан бастап әзірлеу әдісімен жүргізілетін болады, ол үшін флотациялық байытудың қалдықтары пайдаланылады. Шахталы судың құйылуы 60 бастап 303м^3/ч дейін өзгереді, ол маусымға байланысты болып келеді, негізінен көктемгі қар еруге және кезеңмен қайталанатын ұзақ жазғы жауын-шашынның нәтижесінде орын алады.

Байыту

Бақыршық кен орнының кенін флотация әдісімен қайта өңдеу жоспарлануда, мүмкіндігінше, флотацияның өнімдерін қосымша гравитациялық айыруы мүмкні. Бастапқыдағы кен ПСИ одан әрі ұсақталардың және <0,8 мм дейін жіктелердің алдында <250 мм дейін ұсақталады. Бастапқыдағы көмір флотациясының нәтижесінде көмір концентраты мен қалдықтар алынатын болады. Көмірлі концентрат көмір кегін ала отырып қоюлануға және сүзгіленуге жатқызылады, ол көмір кегіне арналған жеке қоймада қатталатын болады. Көмір флотациясының қалдықтары сульфидті концентратын алу үшін сульфидті жылдамдықты флотацияға келіп түседі. <71 микронға дейін қалдықты сульфидті флотацияны майдалау майдаланған өнімнің екінші сульфидті флотациясы үшін құнарлануды қамтамасыз етеді, ол негізінен бақылау және үш кезеңнен құралған. Жылдамдық флотациясының біріктірілген концентратының және көміртектің жоғары және төменгі құрамдағы концентраттарын ала отырып үшінші флотацияның концентраттарының гравитациялық одан әрі бөлінуінің мүмкіндігі бар. Жеке сүзгілеу мен екі концентратты да құрғату бөлінуден кейін жүзеге асырылады. Сульфидті флотацияның қалдықтары қоюландырылуға жатқызылады және қалдықты сақтаушыға ауыстырылып құйылады. Жобаны іске асырудың соңғы кезеңдерінде ашық өндіруден жер астына өткен кезде, қалдықтардың бөлігі цементті қосу және жер асты өндірілулеріне беруге дайындалу үшін толтырылатын кешенге жіберілетін болады.

Егер гравитациялық айыру пайдаланылмайтын болса, флотацияның алтын сульфидті біріктірілген концентраты қайта өңделуі үшін металлургиялық шекке жіберілетін болады. Бірақ концентарттың айырғышын пайдаланған жағдайда, бай көмір концентраты металлургиялық шекке түсетін болады, ао нашар көмір концентраты гидрометаллургиялық қондырғыда қайта өңделетін болады.

Геохимиялық тәуекелдерді талдау

Бақыршық кен орнында күкірттің барын ескере отырып, металдың әлеуетті ластаушыларының жоғары концентрацияларымен біріктіре отырып, қышқылды құру қаупі және/немесе жобаны іске асырудың нәтижесінде металдардың шайылып кету қаупі бар.

Қышқыл ағын сулар, қышқыл шахталы сулар (ҚШС) немесе құрамында металлы бар ағынсулар сульфидті минералдар, әсіресе пирит (FeS_2), халькопирит ($CuFeS_2$) және арсенопирит (FeAsS) оттектің (ауаның құрамындағы) және судың әсерімен қышқылданған кезде құрылады. Құрамында сульфиді бар минералдарды алу мен өндіру қыртыстарды уату кезінде қышқыл ағын сулардың құрылуының мүмкіндігін арттырады және соның салдарынан, сульфидті минералдардың жоғарғы қабатының аумағы біршама ұлғаяды. Мұндай жағдайда, сульфидті қышқылданудың жылдамдығы және бейтараптандыратын материалдың болуы ОКС маңызды әлеуетін анықтайды. Сульфидтер қышқылданған уақытта күкірт қышқылы және темірдің гидро тотығуы түзіледі, ол төменде көрсетілген:

$$FeS_2 + 3.75\ O_2 + 3.5\ H_2O \Rightarrow Fe(OH)_3 + 2\ SO_4^{2-} + 4\ H^+$$

Темір сульфиді + Оттек + Су $\Rightarrow$ Темірдің гидрототығуы + Сульфат + Қышқыл

Көшіп-қонуға байланысты, кен орнының аумағы бойынша, (мысалы, кен шығарылатын орындардағы борттардың қыртысы, жыныстар үйіндісі, кен қоймалары және қатталған қалдықтар арқылы) құрылған қышқыл топырақ немесе қыртыстардың құрамындағы минералдармен реакцияға түседі және металдар мен тұздардың бірқатарын еріте алады. Сәйкесінше, қышқыл ағын сулар келесі химиялық қасиеттердің біреуін немесе одан да көбін анықтай алады:

- Төмен pH (үлгілік мәндер 1,5 бастап 4 дейін өзгереді).
- Еріген металдардың жоғары концентрациясы (темір, алюминий, марганец, кадмий, Мыс, қорғасын, Мырыш, Күшән және сынап сияқты)
- Қышқылдықтың жоғары мәні (50 бастап 15 000 мг/л дейін экв.$CaCO_3$).
- Жоғары минералдануы (сульфатты) (сульфаттың үлгілік концентрациясы 500 бастап 10 000 мг/л дейін өзгереді; минералданудың үлгілі мәндері 1000 бастап 20 000 мкСм/см дейін өзгереді).
- Еріген оттектің төменгі концентрациясы (мысалы, 6 мг/л кем).

Топырақ пен судың қалыпты pH диапазонында (5 бастап 7 дейін) минералдардың желмен ұшып кетуінің нәтижесінде бөлінетін металдар, әдетте, тұнады және озғалссыз қалыпты ұстанады. Бірақ pH мәні төмен болған жағдайда бұл минералдар ерітіндіге айналуы мүмкін және аумақтың шегінен тасымалдануы ықтимал, ол жерде олар жер асты суларына, топыраққа, судың экожүйелеріне және басқа да экологиялық мәндерге келесі кезеңдерде жағымсыз әсерін тигізуі мүмкін.

Көшіп-қонатын қышқыл, осы үдерістің нәтижесінде құрыла отырып, минералдармен бейтараптануы мүмкін, олар ол жерде ериді, соның салдарынан pH артуына әкеледі. Мұндай бейтараптандыратын қасиет карбонатты минералдардың болуы кезінде арта түседі. Қышқыл ағындар жалпы карбонатты минералдардың еруінің есебінен толығымен бейтараптануы мүмкін, егер олар жеткілікті көлемде болатын болса. Сондай-ақ көптеген улы металдардың ерігіштігі pH байланысты болып келеді, бейтараптандыру үдерісі металдардың тұнуына әкеліп соғуы мүмкін, оған Al, Cu және Pb қосуға және олардың кейіннен ағын судан жойылуын жатқызуға болады. Бірақ, бейтарап немесе сілтілі pH кезінде, мұндай ағын суларда металлдардың/бейметаллдардың, Zn, As, Nr және Cd сияқты, концентрациясы бұрынғысынша жоғары болуы мүмкін.

Жоба үшін қарастырылатын негізгі геохимиялық қауіп - бұл әлеуетті сульфидтердің ОКС, сонымен қатар, Бақыршық кен орнында арсенопириттің жоғары құрамы мен As жұмылдырылған қасиеттерін ескере отырып, күшәннің басқа металдармен біріге отырып шайылуының нәтижесінде ластанады.

Күкірт және күшән концентрациялары

1954 ж бастап 1967 ж кезеңнің арасында бұрғылау және сынау кезіндегіге қарамастан, As немесе S талдаудың шектеулі саны ғана орындалды, 1967 ж кейін алдын-ала жіктеу алтынның барын анықтады және осы уақыттан бастап кен қойыртпағы "толық талдауға" жіберілді. Сондай-ақ, жалпы көлемі 7400 құрайтын керндік сынамалары SGS зертханасында, Канадада талданды, онда күшәннің құрамына индуктивтік-байланыс плазмасы мен атомдық-абсорбациялық спектрометрияның әдісі, сонымен қатар, жалпы күкірт пен көміртекті анықтау LECO талдауышы қолданылды. Осы сынамалардың талдауының нәтижелері бойынша күшәннің мәні 3,75 милл үлесінен бастап 10.993 мд үлесіне дейін өзгерді Жалпы күкірт үшін осы диапазон 0,16% бастап 7,87% дейін құрады. Мәліметтердің осы таңдауы бойынша As және S деңгейлері бойынша тиімді талдаудың болуына қарамастан, бұл талдау сынамалардың шектеулі санында негізделеді.

Кеш геологиялық жұмыстар - ТЭН үшін 2015 ж - кен шығарылатын жерлерде алтынның қорларын анықтады, сонымен қатар, сульфидті күкірттің құрамы 1,6%, жалпы күкірттің 1,7% және As 0,7%. Бұл As арсенопиритте 46% ретінде орташа құрамына сәйкес келеді және сульфидтердің көптеген бөлігі мен As арсенопириттен алынатындығын көрсетеді. Жер асты қорларында сульфидті күкірттің орташа құрамы 1,2%, жалпы S 1,2% және As 0,7% құрады.

Орта есеппен, кен 1,33% бағаланады күшәннің құрамы мен жалпы күкірт бастапқы құрамы 1,86% құрайды. Тәжірибелік - өнеркәсіптік флотацияның қалдықтарының талдауы S құрамының 0,16-0,29% шегінде және As 0, 13% шегіндегігі құрамын көрсетті, бұл сульфидтердің көптеген бөліктерінің көбік өніміне алынатындығы көрінеді. "Көмір өнімінде" күкірттің пайыздық құрамы әдетте қалдықтарға қарағанда, жоғары.

Әлеуетті ОКС мамандандырылған зерттеулерінен бөлек, қазіргі таңда кен шығарылатын орындардың қыртысына арналған талдау мәліметтері аз болып табылады, арсенопиритте сульфидтер мен күшәннің көптеген бөлігі алтынмен бірге кен ретінде кеніш қоймасына тасымалданатындығын ескеру қажет, тау жыныстарында S және As құрамының төмен болатындығы күтіледі.

Қазіргі таңда блокты үлгі кенішті анықтайтындығына қарамастан, үлгілеудің одан әрі кезеңдері S және As құрамының % бойынша мәліметтерді қосады. Сәйкесінше, ТЭН және жалғасқан блокты үлгіленуі кен шығаратын орындарда оның түпкілікті контурына дейін кен шығаратын орынды пайдаланудың түрлі кезеңдерінде қыртыстың литологиялық құрамы бойынша мәліметтерді ұсынуы тиіс.

Ақпарат көздері

Болмыстық геохимиялық шарттарды бағалау қолда бар климаттық деректер, аймақтық геология және кен орнының геологиясы, судың сапасын және топырақты, сондай-ақ кен саласындағы жер талдау жолымен жүзеге асырылады.

Қосымша болмыстық мәліметтерді алу үшін орындалған зерттеулер, металдың қышқыл ағын сулары мен сүзгіленуін, сонымен қатар, материалдардың сипатын анықтауға бағытталған зертханалық зерттеулерді қоса отырып, геохимиялық қауіпті бағалауға арналған бағдарламаны қосты.

Бүгінгі таңда орындалған болмыстық зерттеулерден бөлек, кәсіпорын үздіксіз мамандандырылған зерттеудің бағдарламаларын енгізеді, бұл геохимиялық шарттарды одан әрі анықтау үшін қажет. Жердің қойнаулары үшін, кеніште бұрғылау үшін кен орындарын өңдеудің барлық кезеңінде жүргізілетін болады және бұл мәліметтер кен орнының геохимиялық сипаттамасы туралы мәліметтерді жаңғырту үшін пайдаланылады.

Климат

Әлеуетті геохимиялық қауіпті зерттеу кезінде климаттық жағдайларды ескерген жөн. Климаттық жағдайларға шеткі континентальдық температуралар және жауын-шашынның орташа жылдық мөлшері қосылатын болады. Жазы ыстық, құрғақ және жауын-шашыны аз шаңды, ал қысы суық және қатты желімен бірге қарлы. Көбіне қар жауатындықтан, жылына 6 ай бойы судың көптеген бөлігі қатып тұратындықтан, ал буланудың көлемінің жоғары болуы судың қыртыспен өзара әрекеттесуінің қажеттілігін ескере отырып ОКС қаупінің төмендеу мүмкіндігі туралы білдіреді.

Судың фондық сапасы

Беткі сулар - “Су ресурстары” атты 4.8 бөлімде бөлшектеп қарастырылады, бірақ геохимиялық сипаттамалардың көзқарасынша сипаттама осы бөлімге қосылған. Ауданның гидрологиялық желісі су ағынымен ұсынылған, олар Қызыл өзенінің, Ертіс өзеніне түсетін оң жақтағы құйылысы болып табылады. Қызыл өзені өңірдің басты су жолы болып табылады, судың жинау аумағы 1 067 км^2 құрады. Өзен ағыны толықтай дерлік қар мен жаңбыр маусымдық балқыту арқылы қалыптасады. Минералдануы және еріген қар суының химиялық құрамы географиялық және облыстың геологиялық сипаттамаларына тәуелді болып табылады. Тұтастай алғанда еріген және ағын минералдануы 17-50mg / л ауытқиды, сонымен қатар, бірнеше жылда ең үлкен мәні 78 мг / л дейін жетеді. Қар еріген сайын, су жинағыштардың еңісінен ағатын сулардың арыны шағын су ағынын құрайды. Ірі су ағындары мен су қоймаларына құйылардың алдында шағын су ағынының сулары топырақ қабатында өзінің химиялық құрамын құрайтын болады. Шағын су ағынының суларының құрамы жайылма су сияқты, бірақ оның минералдануы еріген гидрокарбонаттарға қарағанда жоғары болып табылады. Шағын су ағыны суларының минералдануы бұлақтардың тереңденуінің нәтижесінде төмен қарай ұлғаятын болады. Шағын су ағынының минералдануы зерттеу телімінде шегінде өзгереді. Өзендер мен көлдердегі сулар тұщы, минералдану 03 бастап 1,0 г/дм3 дейін өзгереді, химиялық құрамы бойынша гидрокарбонатты магний-кальцийлі, ал минералдануы жоғары болған уақытта - сульфат - гидрокарбонатты - калций - натрийлі.

Жер асты сулары - жоғарыда аталғандай, “Су ресурстары” атты 4.8 бөлімде көрсетілген, бірақ, геохимиялық сипаттамасы бойынша қысқаша сипаттамасы осы бөлімге қосылған - Ұзақ мерзімді сорғы сынағына сай жоғары су ұңғымаларын салу мүмкіндігі анықталды (шамамен 10 дм 3/с). Ұңғыма палеозой жыныстарының жоғары тектоникалық сынуы сулы жерлерде бұрғыланатын болады. Жалпы, өңірде жер асты сулары келесідегідей қалыптасқан. Қыста қыраттағы қар жинақталған аудандарда жоғары қоршаған ортаның температурасы басталуына балқи бастайды, сонымен қатар, жайылма суларының сүзгіленуі жүзеге асырыла бастайды. Осы үдерістің қарқындылығы географиялық біркелкі емес. Сулы гидрохимиялық шарттары табиғи факторлармен келесілермен анықталады: су-қабаттарымен еритін тұздардың мөлшері (химиялық және минерологиялық құрамы), өткізгіштігінің коэффициенті және сүзгілеу жер асты сулары. Жер асты суларының иондық-тұз құрамы тау жыныстарының минералдық массасының тарату және шаймалау процестерінің нәтижесінде қалыптасады. Қарқынды жылу және қысқа ұзақтығының арқасында, су тұтқышындағы қабатта су негізінен тұщы, аз-минералдандырылған,иондық құрамы гидрокарбонатты кальций-натрий, бейтарап немесе аздап-сілтілі,қалдығы құрғақ 0,2-0,4г/дм. Су, ашық түссіз, иісі жоқ және жағымды дәмі бар.

Шахталы сулар - сульфаттарға, күшәннің жылжамалы үлгілеріне, темір, марганец, сондай-ақ мыс, қорғасын, мырыш, кадмий және басқа да мыс, қорғасын, мырыш, кадмий және сол сияқты элементтерге бай. Судың химиялық құрамы гидрокарбонатты және гидрокарбонатты - сульфатты кальцийлі, кальцийлі - натрийлі минералдануы 0,2 бастап 0,6 г/дм3 дейін. Судың қаттылығы 2,1 бастап 5,3 мг дейін, pH 6,7 бастап 7,9 дейін өзгереді. Жер асты сулары көбіне Қазақстан Республикасының нормативтік талаптарын қанағаттандырады. Улы элементтердің құрамы мг/дм3: темір 0,1-0,25; Mn 0,01; As 0,005; F 0,1-0,15; Mo 0,0025; Cu 0,7-0,87. Zn, Pb, Cd, Al құрамы төмендегі ШРШ “Капитальный” ұңғысынан алынған шахталы сулардың химиялық талдауы ластаудың айтарлықтай жоғары құрамын көрсетеді, әсіресе As және Cd; сульфаттар және жиі нормативтік шектен асады 500 мг/дм^3. Алайда, 2002 жылдан бастап, шахта сулардың орташа жылдық pH мәні 7,5 төмен емес еді.

Топырақтар және жер пайдалану

Ауданы қара-қоңыр және орта саздақтар топырағының көптігімен сипатталады, олар 800 м дейінгі белгіде батыс, солтүстік және оңтүстік бөліктерде көп таралған. Қара қоңыр топырақтың осы деңгейінен таудың топырағына айналады, ол Калбин үстіртінің шығыс жоғары бөлігінің бәрін жабады. Қалба жотасының орталық бөлігінде тау-шалғынды топырақ тасты оқшауланған дақтары тау-орман сұр топырақты сәйкес келеді. Жотасының төменгі бөліктерінде ақшыл қоңыр саз және ауыр сазды топырақтарда жабылған шағын аудандар бар. Минералданудың көз қарасы бойынша, зерттеу теліміндегі топырақтар қалыпты топырақтардың көрінісін береді, олар құрғақ аймақ үшін тән болбыр тау жыныстары болып табылады. Сондай-ақ, үлгілі «құрғақ» топырақтар кездеседі, оған оңтүстік қара топырақ, қоңыр топырақ және ақшыл қоңыр топырақ қосылады, әдетте саздақтар қалың шөгіндер бойынша дамыған. Топырақ құнарлылығы, әдетте, төмен. Негізінен, осы саладағы топырақ

жаюға және шөп шабу үшін пайдаланылады. Жоба аймағында топырақтың толық сипаттамасы «Топырақ және топырақ жамылғысы» 4.7 бөлімінде ұсынылған.

Геохимиялық зерттеулер

Геохимиялық сипаттағы кенді зерттеудің бірнешеуі жүргізілді, оның мақсаты қышқыл ағын сулар мен металл сүзгілерінің әлеуетті құрылуын бағалау, олар кен шығарылатын орынның ашық борттарынан көрінуі мүмкін болатын. Қышқыл ағын сулар мен сүзгілеудің құрылуының ағымдағы әлеуетін бағалау аясында келесі есептер мен құжаттар пайдаланылды:

- ЕГИ Лтд. - Бос қыртыстар мен кеніштердің геохимиялық бағалануы, № 8553/920 құжат, 2010 ж. тамыз
- ЕГИ Лтд. - Қалдықтардың геохимиялық бағалануы, № 8553/991 құжат, 2011 ж. наурыз.
- ЕГИ Лтд. - Жобаның іске асырылу барысы туралы есеп, 2012 ж.шілде;
- Сынау нүктелерінің орналасу сұлбасы;
- “Полиметалл Инжиниринг” ЖШҚ - бос қыртыстардың бейтараптану/құрылу қышқылдарының әлеуеті, 2015 ж. қаңтар
- Бақыршық кен орнында қышқылдың әлеуетті түзілуі туралы есепке қосымша

Осы зерттеулер геохимиялық кен орындары туралы көрініс берген уақытта, жоба бойынша металдардың қышқылы және сілтілі әлеуетті тәуекелі туралы толық ақпаратты алу үшін үздіксіз жұмысты қажет етеді, ол қосымша іріктеу, талдау және сынамаларды зерттеу арқылы жүзеге асырылады.

ЕГИ зерттеу

2010 ж. ЕГИ орындалған бастапқыдағы зерттеудің мақсаты кен орындарында қышқыл ағын суларының құрылуының әлеуетін бағалау, қышқыл ағын сулардың құрылуымен байланысты негізгі проблемаларды анықтау және материалдарды басқару жөніндегі ұсыныстарды ұсыну және ары қарайғы жұмыстардың қажеттілігі. Зерттеудің аясында орындалған жұмыстар 1996 жылдың деректер базасының талдауына, зерттеуге арналған қыртыстар мен кен орындарының сынамаларын іріктеуге, қалдықтарды қайта өңдеуді зерттеудің бағдарламасын әзірлеуге қосылды, оларды “Хейзен Рисерч” компаниясы орындау керек болатын, сонымен қатар, кәсіпорынның жұмыстарының осы негізгі өнімдерінің геохимиялық сипаттамалары анықталды. Саладағы қолда бар қолданыстағы кен қалдықтарын бағалау, зерттеудің бастапқы көлеміне кірмейтіндігіне қарамастан,себебі ескі қыртыстардың кейбір бөліктері болжанған жаңа жер асты өндірістерінде іргесі ретінде пайдаланылуы мүмкін еді, бұл материалдың сынамасына іріктеу және зерттеу жүргізілді.

Сынамаларды іріктеудің кеңістікті мақсатты литологиялық түрлері, тереңдігі және кеңістікті бөлінуі тау-кен жұмыстарын жасаудың нәтижесінде алынған қыртыстардың ұсынылуын қамтамасыз ету үшін таңдалынды. ОКС әлеуетті көздерін анықтағаннан кейін, осындай жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде (ашық және жер асты тау-кен өндірістері, өткел жұмыстарының қыртысы, кен қыртыстары және қалдықтар) геологиялық дерекқорларының негізінде және Бақыршық кен орындарын сынаудың дерекқорларының негізінде сынамалар іріктелініп алынды. Осылайша, зерттеудің бағдарламасы үшін сынамалардың тиісті диапазоны алынды.

Барлығы 1996 ж. бұрғылау бағдарламаларының 8 ұңғымасынан 186 сынама геологиялық сипаттамалардың негізінде, кен орны мен материалды бөлуде және талдаулардың негізінде алынды. Сыналған ұңғымалардың орналасуын / бөлінуін ескере отырып, 8 ұңғыманың 186 сынамасы осы зерттеу үшін жеткілікті болып саналды. Әлеуетті ОКС бағалау үшін алынған сынамалар диапазонды және кен орнының тау-кен массасында кездесетін түрлі литологиялық бірліктердің салыстырмалы көлемін көрсету керек болатын және ең дұрысы, 1 млн.т кем дегенде 1 сынаманы алу қажет, ол кен орнында литологиялық бірлікті ұсынуы тиіс. Сонымен қатар, кен шығаратын орындардың қыртыстарындағы ескі шөгінділерден алынған шурфтардың 24 штуф сынамасы алынды, оларға мақсатты тау-кен линзасының жалғасы әзірленді. Осылайша, 210 сынамаға аршу жыныстарының 160 сынамасы мен материалдың 50 сынамасы қосылды. Сынамаларды іріктеу, таңбалау, тасымалдау және дайындау әдістермен қатаң сәйкестендіріле отырып жүргізілді және мұқият құжатталынды. Сапаға мұқият бақылау жүргізілді. Барлық қателіктер анықталды және ескерілді.

Аршылған қыртыстар мен кен орындарының сынамаларын зерттеу бағдарламасы алға қойылған мақсаттарға сәйкес және стандартты әдістемелерге сай жүргізілді. Зерттеу pH анықталуын, Электрлік өткізгіштікті (ЭӨ), Leco талдауышында жалпы күкіртті талдаудың негізінде қышқылдықтың анықталуын және негізін (ABA), қышқылдың бейтараптану қабілетін (ANC) және салыстармалы қышқылдың құрылуын анықтау үшін біркелкі сынақтарды (NAG); S жоғары пайыздық құрамы бар сынамаларда NAG кинетикалық анықталуы мен күкірттің анықталуымен NAG кезеңдік анықталуын; күкірттің түрлілігінің анықталуын; көп элементті талдауды; сонымен қатар, кинетикалық топтық сілтілікті қамтыды; Барлық зерттеулер мен талдаулар үшін пайдаланылған зертханалар танылған және аккредиттелген болып саналады;

Қалдықтарды зерттеу тәжірибелі қондырғыда күйдіргеннен кейін сорбциялық сілтілену композитті сынамада жүргізілді және сәйкесінше, олардың нәтижелері флотациялық нәтижелердің қалдықтарына қолданылмайды. Сонымен қатар, осы зерттеудің нәтижелері бойынша маңызды қорытындылар жасалынды, олар жүргізілген болмыстық зерттеулер үшін ақпарат берді.

ЕГИ орындалған екінші зерттеусорбциялық сілтіленудің анықталуын көрсетті: сәйкесінше, пайдалы мәліметтердің шектеулі саны ғана осы зерттеудің нәтижесінде алына алады.

Қорытынды зерттеу: бұл минерологиялық зерттеу және әлеуетті ОКС анықтау “Полиметалл инжиниринг” ААҚ 2015 жылы аршулы қыртыстар үшін жүргізілді. Осы зерттеудің барысында бұрғылау кернінен композитті сынамалар, жобаның аршулы қыртыстары алынды. Бұл сынамалар минерологиялық талдауды тиісті микрографиямен микроскоп арқылы зерттеу жолымен жүргізу үшін пайдаланылды. ОКС әлеуетін зерттеуге қышқылдықты, салыстармалы қышқылдықтың құрылуы мен майдаланылған сілтіленуді пайдалана отырып топты сілтілеуді анықтау қосылды.

Зерттеудің нәтижелері мен қорытынды

ЕГИ жүргізілген ОКС әлеуетін зерттеудің нәтижесінде диапазоны pH 7,3-9,4 құрайтын барлық сынамалардың pH салмағының деңгейі, сонымен қатар, минералдануы төмен ӘӨ 0,12-0,98 дСм/м анықталды (**paste ph)** Жалпы күкіртті анықтаудың нәтижесінде S мәндерін 0,01% бастап 6,5% дейін өзгертетін мәндері алынды, сонымен қатар, кеннің сынамаларындағы мәндер, әдетте, қыртысқа қарағанда жоғары болды. Кеннің сынамалары үшін жалпы күкірттің орташа мәні 0,8%S құрады, ал қыртыстардың сынамасы үшін орташа мәні 0,2%S кем болды.

Қышқылдың бейтараптану қабілеті сынамаға тұз қышқылының шамадан тыс көлемін қосу арқылы зерттеудің көмегімен анықталады. Одан әрі сіңірілмеген қышқыл pH 7,0 дейін натрий гидроксидімен титрленеді, ол сынамамен сіңірілген қышқылдың мәнін береді. Алынған Бақыршық кенінің сынамасы үшін ANC мәні жалпы кен орнындағы карбонатты минералдардың жалпы таралуын көрсетеді. ANC максималды мәні 204 кг H_2SO_4/т құрады. Қыртыстың және кеннің сынамаларының арасындағы ANC мәнінің айырмашылығы аз болды. Екі түрі үшін де орташа мағынасы 45 кг H_2SO_4/т құрады.

Қышқылды түзуші қабілет (APP) күкірт құрамының % және күкірт қышқылының теориялық көлемін талдаудың нәтижесінде алынған негізде есептелінеді, ол материалдың толық қышқылдануының нәтижесінде құрылуға қабілетті, бірақ шарты, барлық ортасы пириттің құрамында болуы тиіс. Сәйкесінше, мұндай есеп жалпы қышқылдықты түзетін қабілетті арттырады. Салыстармалы қышқылды түзуше қабілет (NAPP) APP және ANC сынамаларының арасындағы айырмашылықты көрсетеді, сонымен қатар, теріс мәннің көрсетуінше, сынамада қышқылдықты құрудың алдын-алу үшін бейтараптандыру қабілеті жеткілікті болуы тиіс. Және керісінше, NAPP оң ммәнінің көрсетуінше, материал қышқылды түзуге қабелетті. Зерттеудің нәтижелерінің көрсетуінше, аршулы қыртыстардың сынамаларының 93% NAPP жағымсыз мәндерімен сипатталады, ал кеннің сынамасына арналған теріс мәні сынаманың 69% көрсетті. NAPP алынған мәндердің бірқатары <20 до >-20 кг H_2SO_4/т кейбір белгісіздікпен сипатталатындығын атап өту қажет.

NAG анықтау сутек тотығын қосу арқылы сынамада белсенді сільфидтердің барлығының қышқылдануын көрсетеді, онда қорытынды ерітіндінің pH қышқылды құрайтын және бейтараптандыратын реакцияның арасындағы айырмашылықты береді. NAG біркелкі

қосымша анықтамаларының көрсетуінше, 200 Бақыршық сынамалары үшін NAG алынған мәндері NAPP есептерімен келісіледі, ал 10 нәтиже қарама-қайшы болатын.

Бұл анықтаулардың көрсетуінше, 180 сынама қышқылды түзбейтін (NAF), 20 сынама - әлеуетті қышқылды түзетін (PAF) және 10 сынама - анықталмаған болып табылады. 28 қышқылды түзбейтін сынамалардың >0.5S% құрағандығын атап өткен маңызды, ал ANC орташа-жоғары мәні материалдың толық емес қышқылдауын көрсетуі мүмкін.

Пириттің қышқылдануының толықтығын тексеру үшін және жалпы қышқылдықты түзетін қабілетті нақты болжауды арттыру үшін күкірттің жоғары құрамы бар сынамаға арналған NAG көп сатылы анықталуы орындалды. құрамында S >1% бар 20 сыналған сынамалардың ішінде 10-ы қышқылды түзбейтін болды және 10-нда қышқылды түзетін қабілеті төмен болды.

ANC өлшенген мәндерінің салыстырмалы тиімділігінің таңдалынған сынамалары үшін қышқылды бейтараптандырудың буферлік қабілетінің қисық сипатын анықтау (ABCC) бейтараптандыратын минералдану толығымен ферроандоломиттермен-доломиттермен ұсынылғандығын және 100% ANC көрсетті.

Күкірттің орнын анықтау үлгісінің көрсетуінше, жалпы күкірттің көптеген бөлігі пирит үлгісінде кездеседі. Минерологиялық зерттеулердің көрсетуінше, пирит және арсенопирит ең көп таралған сульфидті минералдар болып табылады.

Пириттің химиялық белсенділігін тексеру және реакцияның кідіру уақытын анықтау үшін күкірттің құрамы жоғары сынамаларға арналған NAG кинетикалық анықталуы жүргізілді. Нәтижелердің көрсетуінше, кідіру уақыты 2 айдан 2 жылға дейін өзгереді, сондай-ақ, тәжірибелердің көптеген бөлігі 2 айдан 6 айға дейін қышқылдың түзілуі басталғанға дейін уақытты болжайды. Жалпы кіліру уақыты S құрамының пайызының артуымен азаяды.

Барлың сынамалардың көп элементті талдауы As және Sb қатты қанықтығын көрсетті, ал кейбір басқа элементтер жер қабатында таралуының орташадан жоғары мәнін көрсетті. Талдаудың көрсетуінше As>Sb>S>Be, Se>Ag, W.

Суды пайдалана отырып топтық сілтіленудің нәтижесінде барлық сынамалардың тартылуы алынды. Сілтілі pH кезінде де күшәннің кейбір жылжымалылығы байқалды. Күшәннің көлемі судың тартылымында As қатты бөлшектерінің құрамының өзгеруімен арта түседі. Үш сынамада Mo құрамы аздап жоғары болды, бірақ Sb, Be және Se жылжымалы болған жоқ.

”Полиметалл Инжиниринг” минерологиялық талдауының нәтижелері

Барлық 5 литологиялық үлгісі де бірдей өзгерген тұнбалы қыртысты байқатады, сонымен қатар, тереңдігі 35 метрден кем болатын жоғарғы қабатты материалдың қышқылдануы жоғарырақ. Бес композитті сынама бірдей минерологиялық құрамды көрсетті, бірақ сандық

арақатынастары аздап ерекшеленді. Басты минералдар кварцпен, слюдамен, хлоритпен және жылан түтікпен ұсынылды. Карбонаттар және карбонатты материалдар аздаған көлемде. Барлық зерттелген 5 сынаманың құрамы 0,3% S кем, пирит түрінде басымды және пирротиннің, арсенопириттің және сфалериттің аздаған көлемі де кездеседі. Карбонаттар 4-14% құрады, негізгі түрінде кальцит пен доломит, магнезит-сидерит және анкерит жиі кездесті.

"Полиметалл Инжиниринг" ОКС әлеуетін анықтаудың нәтижелері

композитті сынамаларды күкірттің құрамының төмендігін ескере отырып, қышқылды түзетін қабілеттің есептік мәні <0,15 бастап 8,9 кг H_2SO_4/т дейін құрады. Осылайша, карбонаттардың құрамы ANC салыстырмалы жоғары мәнінің артуына әкеледі. Өз кезегінде бұл барлық сынамалардың NAPP теріс мәнінің көрсетуіне әкелді. NAG pH 4,5 кемді көрсеткен NAG анықтау, сынаманың қышқылды түзетіндігін көрсетті. Барлық сынамалрдың қорытынды pH 5,74 бастап 7,27 дейін өзгерді. Топтық сілтіленудің нәтижесінде тазартылған суда сүзіндісі алынды. Темірдің жоғары құрамы барлық сүзгілерден байқалды. әсіресе жоғары қабатты материалдың сынамасында, бірақ күшәннің жоғары құрамы тек 1 сынамада байқалды, мүмкін ол, осы материалдағы арсенопириттің төменгі құрамын көрсеткен болар.

Аршулы қыртыстардың және кеніштердің сипаттмалары туралы жалпы қорытынды

- Күкірттің (және сульфидтердің) пайыздық құрамы қыртыста қарағанда, кеніште жоғарырақ.
- Аршулы қыртыстың 94% қышқылды түзбейтін болып шықты.
- Кеніштің сынамаларының 38% әлеуетті қышқылды түзуші немесе қышқылды түзуге қатысты "белгісіздік" диапазонында жатты.
- Барлық ескі штуф сынамалары күкірттің құрамының төмендігін көрсетті, <0.5%S; барлық сынамалар қышқылды түзбейтін болып шықты.
- Әлеуетті қышқылды түзушілердің аздаған бөлігі мүмкін, қышқылды түзгенге дейін 2-6 ай бұрын реакцияның кідіруімен сипатталады.
- Жалпы S құрамы әлеуетті ОКС көрсеткіші ретінде пайдаланылуы мүмкін.
- CO_3 деректер базасының негізінде ANC бағалау үшін қолайлы параметр болып табылмайды.
- Күшәннің құрамы барлық дерлік сынамаларды артық, сонымен қатар, күшән бейтарап/сілтілі pH кезінде де жылжымалы болуы мүмкін; және
- кеніш өңделерінің алдында қаншалықты сақталғандығына байланысты қышқылды құруы мүмкін. Бұл, ішінара, теңгерімнен тыс кеніштің қоймалары үшін проблема болуы мүмкін.

Аршулы қыртысты мұқият араластыру келесіге алып келуі мүмкін: қыртыстар қышқылды түзбейтін болады, бірақ аршулы қыртыстарды одан әрі контурлау қажет, бұл осы материалдың қыртысты үйіндінің сыртқы бөлігінде жиналмауы үшін қажет.

Сорбциялық сілтіленудің қалдықтары

Күйдірудің барлық қалдықтары - сорбциялық сілтіленуге дейін және одан кейін - күкірттің төменгі құрамын көрсетті, бірақ күшәнмен біршама байытылған. Осы материал үшін ОКС анықталған әлеуетінің нәтижелерінің жарамсыздығына және байытудың ұсынылған сұлбасының флотациясының қалдықтарына қолданылмауына қарамастан, осы жұмыстардың нәтижелері бойынша кейбір қорытындылардың белгі үшін пайдаланылатын цементі бар қалдықтарға арналған мәні болуы мүмкін.

Сорбциялық сілтіленуге дейін күйдірілген қалдықтың композитті сынамасы бөлінді және түрлі пропорцияларда цементті қосу үшін пайдаланылды, сосын 28 күн ұсталынды. сипаттамаларды анықтаудың мұндай бағдарламасы цементті қоса отырып 4 сынамада жүргізілді, сонымен қатар, сілтіленудің көмегімен улылығын анықтау және тазартылған суды пайдалана отырып бір кезеңді топтық сілтілену және барлық сүзінділерді одан әрі талдай отырып жер асты суларына талдау жүргізілді.

Флотациялық байытудың болжанған қалдықтарына арналған мәндері бар нәтижелердің мәні - сілтіленудің сүзінділері тазартылған суды пайдаланғандағыдай, сондай-ақ жер асты суларының үлгілері сілтілі болды, сонымен қатар, pH 8,1-12,5 цементтің құрамының артуына қарай жоғарылады. сондай-ақ, күкірттің құрамы, цементте тұрақтандырылады, сондықтан күкірт суға алынған жоқ. As шамамен 50% судың екі түрімен бірдей бастапқыдағы қалдықтардан алынды және сүзінділерде As құрамының цементтің ұлғаюына байланысты азаюына қарамастан, күшән бәрібір қатқан цемент қоспасынан сілтіленді. TCLP тәжірибелерінің сүзінділерінде As концентрациясы АҚШ қоршаған ортаны қорғау жөніндегі агенттіктің белгіленген нормаларымен бекітілген максималды-рұқсат етілген шектен барлық сынамаларды 20-40 есе асты, мұнда цементтің құрамының пайызына байланысты болған жоқ. Барлық басқа элементтердегі концентрация АҚШ ҚОҚА ШРШ төмен болды. Үлгілеудің нәтижелері мен тәжірибелердің көрсетуінше, цементтің қосылуы As бөлуіне қарамастан, ол оны толығымен тоқтатпайды. Жоғары pH кезінде цменет As тұрақтандырады, бірақ атмосфералық жағдайларда және ұзақ жуған уақытта As бөлігі бөлінуі мүмкін.

Осындай нәтижелер сорбциялық сілтіленуден кейін қалдықтар үшін де алынды - судағы топтық сілтіленудің сүзінділері бастапқыдағы қалдықтардан 20 000 мг/л As көрсетті, ал қалдықтардың сілтіленуден кейінгі сүзінділері цементпен қоспада 100-200 мг/л As құрады. Осындай үрдістер Sb алу үшін де байқалды. Көп сатылы топтық сілтіленудің көрсетуінше, цементі бар қоспадағы сынамадан As үздіксіз бөлінуін көрсетті, бірақ мәндері төмендеу болды (75-240 мг/л). TCPL нәтижелері келесіні көрсетті - As концентрациясы бастапқыдағы қалдықтар үшін АҚШ ҚОҚА белгіленген шектен 7 есеге және цемент қоспасы үшін 2 есе асады. Бағандарда сілтілеудің тәжірибелерінің көрсетуінше, бастапқы қалдықтардан As бөлінуінің аздап үздіксіз ұлғайды, ал Sb бастапқыдағы жоғары алынуы уақыт өте төмендеді, ал бордың концентрациясы аздап артты және уақыт өте ұлғайды. Цементі бар қоспада сынамаларды

бағанмен сілтілеу кезінде As арналған ұқсас үрдіс байқалды, бірақ ол бірқатар төмен болды. Күшәннің сілтіленуі сілтілік пен pH төмендеуіне қарай арта түсті.

Осы нәтижелердің абсолютті басқа қалдықтардың түрінің зерттеуінен кейін алынғандығына қарамастан, олар ерігіштігінің жоғарылығын және түрлі үлгідегі күшәннің жылжымалылығын тіпті цементі бар толтырылған сілтілігі жоғары қоспада да көрсетеді.

Қорытындылар

- Бақыршықта қышқыл ағын сулардың құрылуы маңызды проблема болып саналмайды, бірақ үнемі геохимиялық зерттеулерді және осы тұжырымды үздіксіз бағалау және түзету үшін үнемі мониторингті жүргізіп отыру қажет.
- Жалпы S пайыздық құрамы 0.5% S шекті мәнінің негізінде ОКС болжау үшін пайдаланылуы мүмкін, бірақ осы мәнді растау үшін одан әрі зерттеуді қажет етеді.
- S құрамының % жоғарылығымен аршулы қыртыстардан қышқыл ағын сулардың құрылуы басталар алдында 2-6 айға реакцияның кідірілуі мүмкін.
- Кеніш қоймасында және теңгерімнен тыс кендеді қоймада кен тым ұзақ сақталған жағдайда қышқыл ағын сулардың құрылуы мүмкін.
- S құрамының % жоғары қыртыстар, ұзақ уақыт бойы кен шығарылатын орындардағы борттарда ашық қала отырып, қышқылды құруы мүмкін.
- Флотациялық байытудың қалдықтарының геохимиялық зерттеулері әлі жүргізілген жоқ. Осы қалдықтардың ОКС күтілген қабілетінің төмендігіне қарамастан, As пен басқа металлдардың сүзгіленуінің қаупі туындауы мүмкін.
- Қалдықтардан, цементтен және аршулы қыртыстан құралған толтырылмалы қоспа уақыт өте As бөлуі мүмкін, сондықтан оны одан әрі зерттеу қажет.

Сынамаларды пайдалану мен зерттеуді бұрғылау мен талдау кен орнының кеніштерінде құрамында S жоғары қышқылды құрайтын әлеуетті қыртыстардың бөлінуі туралы мәліметтерді алу және нақтылау мақсатында жалғастырылатын болады.

Бұдан әрі сульфидтер мен күшәннің қалдықты құрамын анықтау үшін флотациялық байытудың қалдықтарының геохимиялық сипаттарын анықтау және сәйкесінше, ОКС қабілеттері мен қалдықтарды сақтайтын қоймадан осы элементтердің сүзгіленуі жүзеге асыратын болды.

Тау-кен жұмыстарын жүргізудің технологиясының сипаттамасы геохимиялық зерттеулердің үлкен көлемі орындалғаннан бері біршама өзгерді. Кен орындарындағы іріктемелер мен жалпы зерттеулер ОКС қабілетін анықтау үшін өзекті болған жағдайда, тау-кен жұмыстарының жаңа жоспарына сай аршудың көлемі, алдын болжанғаннан гөрі одан көбірек болады. Қалдықтардың зерттеулуін тәжірибелік - өнеркәсіптік қондырғыны флотациялық байыту үшін қайталау қажет.

Қышқыл ағын суларының проблема тудырмайтындығына қарамастан, қалдықтардың геохимиялық сипаттамасын түсіну толық болмай тұр. Сәйкесінше, “Геохимиялық әсерлерді бағалау” атты 5.5 бөлімінде сипатталған әлеуетті әсерлерді ескере отырып, салдарын минимизациялау жөніндегі консервативтік шараларды қарастыру қажет.

4.7 Топырақтар және өсімдік

4.7.1 Кіріспе

Бұл тарауда Жобаның аумағында кездесетін топырақ түрлері сипатталған. Ол жарияланған ақпараттарды пайдалана отырып, кәдімгі ғылыми өңдеу жұмыстарынан басталады және кейінтопырақтың морфологиялық ерекшеліктерін сипаттау үшін жүргізілген топырақ зерттеулерінің нәтижелері туралы хабарлайды. Топырақтың химиялық қасиеттері зерттеулер жүргізу барысында жиналған сынамаларды және топырақтың ағымдағы мониторингінен алынған мәліметтерді талдау негізінде ұсынылған.

4.7.2 Жарияланған ақпарат

1:25 000 000[1] масштабындағы Әлемдік ресурстық база картасының топырақ ресурстары картасына сәйкес, Жоба Kl4-2b және Kh1-2b, шабындық-қара топырақ және қара-қызғылт топырақ байланыстары шегінде, сәйкесінше, тасты фазада орналасқан (топырақтың айтарлықтай тастылығы кездесетін облыс). Қызғылт топырақтар өзінің қара-қоңыр түсіне байланысты солай аталады. Қандай да бір басқа топырақ байланысысыз және қосылуларсыз, байланыс ойлы-қырлы және адыр-бұдыр жерлердегі орташа топырақты қамтиды. 1:2 500 000[2] масштабындағы ҚазКСР-ның топырақ картасы таудың қызғылт топырағы ретінде классификацияланады.

Типтік топырақ профилі қоңырдан сары түске дейін өзгеретін органикалық заттарға бай Ah қара-қоңыр қабатынан (қарашірікті топырақ) (нашар дамыған) немесе Б иллювиальды қабатынан (балшықтың мөлшері жоғары болғанда) және Б қабатында немесе одан төмен шоғырланған әк және/немесе гипс қорынан тұрады. Қызғылт топырақтар егістік жерлер ретінде пайдаланылуы мүмкін, олар көбіне суармалы болып табылады. Көптеген қызғылт топырақтар мал жаю үшін қолданылады. Құрғақшылық (желге және суға мүжілу айтарлықтай шектеулер болып табылады).

4.7.3 Топырақты зерттеу

Топырақ қабаттарын сипаттау үшін 1 м тереңдікке дейін немесе байырғы тау жыныстарына дейін шурфтер қазылды. Шурфтерді тексеру 2015 жылы шілде айында (1-34 зерттеу нүктелері) және 2013 жылы қыркүйек айында мониторингтің 18 нүктесіне жүргізілді (М1–М18 зерттеу нүктелері). Нүктелердің, сәйкесінше, карьерді әзірлеу үшін қажет кен орнының негізгі инфрақұрылымын қамтитын қолданыстағы және болжалды кен орнына қатысты орналасуы 4.7.1 және 4.7.2-сызбада көрсетілген.

[1] 2>http://www.fao.org/soils-portal/soil-survey/soil-maps-and-databases/other-global-soil-maps-and-databases/en/ сайтында қолжетімді (қолжетімділік 2015 жылғы 6 қыркүйектен басталады).
[2] http://eusoils.jrc.ec.europa.eu/library/maps/country_maps/metadata.cfm?mycountry=KZ сайтында қол жетімді (қолжетімділік 2015 жылғы 6 қыркүйектен басталады).

Топырақ қабаттары осы есептің фондық зерттеулер туралы 4.15-тарауында сипатталған жерді пайдаланумен тығыз байланысты. Әсіресе, топырақ қабаттарына антропогендік әсерлер малшылар мал жаю үшін пайдаланатын аудандарда едәуір елеулі болып табылады (4.12.4-сызба).

2015 жылы шілдеде топырақ сынамасы 34 шурфтен жиналды. 2015 жылы шілдеде алынған сынамаларға pH-қа талдау жасалды, органикалық заттардың, цианидтер, мұнай көмірсутектер және келесі элементтер мөлшері: As, B, Be, Cd, Co, Cr total, Cr (III), Cr (VI), Cu, Fe, Hg, Mn, Mo, Ni, Pb, Sb, Se, V, Zn.

Мониторингтің 18 нүктесінен сынама: pH, құрғақ қалдыққа, Ca, Mg, Na, K, HCO_3, Cl, SO_4, NO_3; жалпы мөлшеріне талдау жасалды: Cu, Pb, Zn, As, Mn, Cd, V, Hg, F, Ni. 2010, 2012 және 2013 жылдары алынған сынамаларға суға еритін формаларға қосымша талдау жасалды: Cu, Pb, Zn, As, Mn, Cd, V, Hg, F, Ni; және жылжымалы формалар: Cu, Pb, Zn, As, Mn, Cd, V, Hg, F, Ni.

4.7.4 Топырақтың сипаттамасы

Шурфтердің топырақ профилінің сипаттамасы 4.7.1-қосымшада көрсетілген. Көптеген сынамаларда топырақтың құнарлы қабатының текстурасы ұсақ сазды, әлсіз, құрылымы бір қиыршықты және консистенциясы борпылдақ болады. Жалпы алғанда, жер қойнауы 15-30 см тереңдіктен басталады және олардың текстурасы құмдауыт және қиыршық тасты болады, кейде саз балшық та кездеседі, ол, әдетте, мөлшері тереңдігіне байланысты күрт өсетін бұзылған тау жыныстарының немесе қиыршық тастың қатты артуымен ерекшеленеді **кесте. 4.7.1** қараңыз).

кесте. 4.7.1: Жоба аумағындағы топырақтың негізгі түрлері

Топырақтың жалпыланған типі	Сынамаларды іріктеу нүктелері	Ұқсас көріністер, ерекшеліктер
Тасты жердің үстіндегі топырақтың аса терең емес құнарлы қабаты (15-30 см).	1, 3, 5, 8, 10, 11, 14, 15, 16, 19, 21, 23, 24, 26, 27, 31, 32 M1, M2, M3, M5, M6, M7, M8, M9, M10, M11, M14, M18	M16 (35 см тау жынысы қабатына дейін), 34, M40 (40 см тау жынысы қабатына дейін), 4 (тау жыныстары арқылы)
Қашықтағы ТҚҚ	2, 7	M4 – құрылыс қоқыстары бар
Топырақтың едәуір терең қабаттары (тау жыныстарына немесе тау жынысы қабатына дейін 40 см үстінде)	17, 18, 22, 25, 28, 29, 30, 33.	12, 13, 20, M12, M13 (қара топырақ), 6 (су басып кеткен)

Жобаның үлкен аумағының топырағында органикалық заттардың мөлшері төмен (1,4-тен 9,5%-ға дейінгі шекте, орта есеппен 3,5%, см. 4.7.3-қосымша), органикалық заттарға бай топырақ (7–9,5%), әдетте, өзен алқаптарында кездеседі.

4.7.5 Топырақтың химиялық құрамы

Химиялық талдаудың егжей-тегжейлі нәтижелері 4.7.2 және 4.7.3-кестеде берілген, олар 2010, 2011, 2012, 2013, 2014 жылдары жиналған сынамаға (М1–М18 нүкте) және 2015 жылы шілде айында жиналған 34 сынамаға арналған 18 мониторингілік нүктенің мәліметтерін қамтиды. Олар **кесте 4.7.2** және **кесте. 4.7.3** кестеде көрсетілген.

pH-тың жуырда өлшенуі (2015 жылы шілде айы 1–34 нүктелері үшін және 2013 жылы қыркүйек айы М1–М15 нүктелері үшін) адам аяғы баспаған аумақтағы топырақтың құнарлы қабатының (бос жыныстың үйіндісі, тау-кен байыту фабрикасының учаскесі маңында, 4.7.2-сызбаны қараңыз) әлсізден қалыпты сілтіліге дейін болатындығын, pH-тың 7,5-тен 8,1-ге дейін түрленетіндігін (7–33 нүктелер, М12 және М13) көрсетті. pH <8,9 белгіленген аумақтар қатты сілтілі учаскелер болып табылады (М8 және М9 нүктелеріне арналған нәтижелерді қараңыз); дегенмен, сынамаларды іріктеп алудың осы нүктелері үшін көршілес нүктелердегі pH сәйкес келмеуі жергілікті ауытқушылықты болжайды. pH > 9,0 мәні екі нүктеде, М10 және М17 нүктелерінде және тек 2013 жылға дейін алынған сынамалар үшін ғана белгіленді. Бұл мәліметтер байырғы тау жыныстарының бұзылуы мен ТҚҚ-ға енгізілуі нәтижесінде орын алған үлкен жергілікті өзгергіштіктің салдарынан болған шығар және 2015 жылы алынған сынамалармен расталған жоқ.

Нитрат концентрациясы қазақстандық стандартқа сәйкес, шекті ұйғарынды концентрациядан (ШҰК) артқан жоқ. Орташа фондық мәнмен салыстырғанда (М18 нүктесі) натрий және сульфат концентрациясының артуы М4 нүктесінен алынған сынамаларда ғана белгіленді, мұны құрылыс қалдықтарының болуымен және/немесе топырақтың осы түрінде кездесетін гипс қорын ашқан жергілікті жердің топырағының бұзылуымен түсіндіруге болады.

Әлеуетті ластаушы заттардың мөлшерін бағалау үшін қазақстандық заңнамаларға сәйкес, ең жоғары ұйғарынды концентрациялар мен фондық мәліметтер (М18 сынаманы іріктеп алу нүктесі) пайдаланылды. Концентрациялар сондай-ақ жалпы бағалаудың ұлыбританиялық критерийлерінің негізгі қағидаларымен салыстырылуы тиіс. Жалпы бағалау критерийлерінің негізгі қағидалары ЕО нұсқауларына сәйкес келеді және үнемі жаңарып отырады. Онда әсер ету арналарына байланысты өзгеретін және сәйкесінше, қазақстандық стандарттарға сәйкес жалпы ЕҰК-пен қамтамасыз етілетінге қарағанда бірмаша ақпараттық бағалауды қамтамасыз ететін пайдаланудың нақты топтарына арналған мәндер берілген.

Ұлыбританияның Қоршаған ортаны қорғау агенттігі 2009 жылы қаңтар айында Ұлыбританиядағы адам денсаулығы үшін тәуекелдерге бағалау жүргізу жөнінде өзінің ұсынбалы тәсілдерін, олардың зақымдалған жерлердің сыртқы әсерін бағалаудың қайта қарастырылған техникалық жетекші қағидаларын (зақымдалған жерлердің сыртқы әсерін бағалау моделі) жариялады. Сонымен қатар, Қоршаған ортаны қорғау агенттігі топырақтың қарастырылған шамамен алынған көрсеткіштерін (SGV) есептеу үшін зақымдалған жерлердің (1.06 нұсқа) сыртқы әсерін бағалаудың жаңа әсерімен бірге SC050021/SR2 және SC050021/SR3 ғылыми есептерін жариялады. Осы есепті жасап жатқан кезде бірқатар әлеуетті ластаушы

заттар үшін топырақтың шамамен алынған көрсеткіштері жарияланды (яғни, бензол, этилбензол, толуол, ксилол, фенол, сынап, селен, күшәла, никель, кадмий және диоксиндер).

Қоршаған орта гигиенасы және жердің сапасын басқарудың хартирленген институты 2009 жылғы CLEA моделін қолданатын бағалаудың жалпы критерийлерінің кешенін дайындады. Есепте бірқатар әлеуетті ластаушы заттарға арналған бағалаудың жалпы критерийлерінің мәндері берілген (соның ішінде скринингтік мәндер мен триггерлік концентрациялар), соның ішінде:

- Көмірсутектің алифат және аромат фракциялары;
- Көмірсутектің жеке полициклдік және аромат фракциялары (ПАК);
- Іріктеп алынған ұшпа органикалық қоспалар және жартылай ұшпа органикалық қоспалар;
- Металдар мен металл еместер – бериллий, бор, кадмий, хром, мыс, ванадий және мырыш.

Сонымен қатар, экологиялық өнеркәсіп комиссиясының (EIC) мүшелері осы уақытқа дейін Қоршаған ортаны қорғау агенттігі жариялаған топыраққа арналған нормативтік мөлшерлерді және CIEH/LQM жариялаған бағалаудың жалпы критерийлерін толықтыру мақсатында өздеріне 2009 жылғы желтоқсан айындағы бағалаудың жалпы критерийлері мәнінің ары қарайғы кешенін жасау бастамасын алды. Есепте бірқатар әлеуетті ластаушы заттарға арналған бағалаудың жалпы критерийлерінің мәндері берілген, соның ішінде:

- Металдар – сүрме, барий және молибден;
- Фталаттар;
- Галогенезирленген органикалық заттар;
- Іріктемелі көмірсутектер;
- Таңдаулы фенолдар.

Жақын арада, 2015 жылы қаңтар айында, CIEH және LQM «Пайдалануға жарамды деңгейлер» (S4ULs) құрады; «LQM/CIEH бағалаудың «ескі» жалпы критерийлерін толық қамтамасыз етуге және өзекті ауыстыруға арналған» сандық тәуекелге (GQRA) жалпы бағалауды өткізуге көмек көрсетуге арналған бағалау критерийлерінің ары қарайғы кешені. Тұрғын аудандарға арналған өсімдіктермен сіңірілетін RPU) және бөлінетін (ALLOT) таяу арадағы мәндер осы бағалауда қолданылды. Бұл мәндер коммерциялық және өнеркәсіптік нысандарға арналған шектерге қарағанда айтарлықтай төмен, бірақ олар негізінен, Жоба аумағының адам аяғының жетпегендігіне және ластанбағандығына байланысты сәйкес келетін болып саналады.

кесте 4.7.2: Мөлшері артық болған сынамаларды іріктеу орны мен анықтамалық мәндері, жекелеген сынамалардың нәтижелерін алу үшін 4.7.2-қосымшаны қараңыз

Аналит	Формасы	ЕҰК	Бағалаудың жалпы критерийлері		Фондық маңыздар[3]
			ALLOT[1]	RPU[2]	
	Концентрациялар кг/мг				
Мыс (Cu)	Жалпы	-	520 жоқ	2400 жоқ	40
	Лабильді	3 жоқ	-	-	<0,01
Қорғасын (Pb)	Жалпы	32 M1, M3–M7, и M9	80 жоқ	200 жоқ	22
	Лабильді	6 жоқ	-	-	0,06
Мырыш (Zn)	Жалпы	-	620 жоқ	3700 жоқ	80
	Лабильді	23 жоқ	-	-	0,97
- **Мемлекеттік қорықшалар** – мемлекеттік табиғи-қорықтық қордың бір немесе бірнеше нысандарын сақтауға және қайта жаңғыртуға арналған ерекше (тапсырыс берілген) қорғау режімі немесе реттелетін экономикалық қызметі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар (Заң, 49-бап). Қорықшалардағы жер қолданудан шығарылмаған және нысандарды қорғау шаруашылық қызметі барысында жұмыстардың осы немесе өзге түрлерінің саласын және мерзімдерін шектеу арқылы жүзеге асырылады.
- **Табиғат ескерткіштері (мемлекеттік табиғи ескерткіштер)** – «мемлекеттік табиғи-қорық қорының нысандарының кейбірін табиғи қалпында сақтауға арналған ерекше қорғалатын табиғи аумақтар».
- **Дендрологиялық саябақтар (орман қоры)**
- **Зоологиялық саябақтар**
- **Ботаникалық саябақтар**

Жақын орналасқан қазақстандық қоғалатын аумақ – жобадан солтүстік шығысқа шамамен 160 км орналасқан Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорығы. Қорық таулар (тау шабындықтары, тау тундралары және қар аумақтары) мен тайгалық орман экожүйелерін сақтау және зерттеу үшін құрылған. Қорықтың жалпы алаңы шамамен 56 га құрайды. Сондықтан әлеуетті нәтижелер анықталуы мүмкін.

4.9.3 Өзге қорғалатын аумақтар

Жоба 4.9.1 көрсетілген (http://www.birdlife.org/datazone/sitefactsheet.php?id=21920 алынған) «Калбин жотасының батыс және солтүстік тау етектерінің халықаралық орнитологиялық аумағының шектерінде орналасқан». Халықаралық орнитологиялық аумақ (ХОА) 2008 жылы құрылған және Қазақстанның биоалуантүрлілігін сақтау ассоциациясы, Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылық министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылық комитеті және Құстарды қорғау халықаралық ассоциациясы мақұлдаған және шамамен 657 170 га аумақты алып жатыр.

Халықаралық орнитологиялық аумақта жойылу қаупі төніп тұрған Табиғатты қорғау халықаралық одағының (ТҚХО) шамамен 18 жұмыртқалайтын ителгі (Falco cherrug) жұбы және «осал» Шығыс ақиықтың *(Aquila heliaca)*шамамен екі жұмыртқалайтын жұбы; сонымен қатар, «қауіптіге жақын жағдайда орналасқан», дала құладыны *(Circus macrourus)*, ала дүпілдік*(Limosa limosa)* және дала қарақасы*(Glareola nordmanni)* популяциялары орналасқан.

4.9.1-қосымшада ХОА Калбин батыс және солтүстік тау етектерінде табылған даралардың толық тізімі берліген.

4.9.1-сур: ХОА Калбин батыс және солтүстік тау етектерінің ұзақтығы.

4.9.4 Қорғалатын түрлер

Табиғатты қорғау халықаралық одағы (ТҚХО) Қазақстан Республикасының аумағында жойылу шегінде, жойылу қаупінде тұрған немесе осал сүтқоректілердің 16 түрінің тізбесін белгіледі. Сонымен қатар, жойылу қаупінде тұрған құстардың 21 түрі және өсімдіктердің 16 түрі бар.

Алуантүрлі және жойылғалы тұрған ірі сүтқоректілерге сайғақ (Saiga tatarica), жабайы қойлар мен ешкілер және қасқыр мен барыс секілді аңдар кіреді.

Сайғақтар, каспий итбалығы, бекіре (қортпа) және жыл құстары секілді осал түрлердің популяциялары ірі жылсайынғы қозғалыстарды жүзеге асырады, ол олардың антропогендік және климаттық факторлардан келетін қауіптерге ұшырауын ұлғайтады. Қазақстан халықаралық деңгейде өсімдік және жануарлар әлемінің сирек және жойылып бара жатқан түрлерінің популяциялары болуына байланысты алуантүрлілікті сақтап қалу үшін, жиі бөлінуі шектеулі, сондай-ақ оның жабайы құстардың қыстау ауданы және көші-қон қиылысы ретіндегі мағынасы, жекелеп алғанда, Каспий теңізі жағалауының бойы маңызды мағынаға ие

Камералық зерттеу деректері жоба аумағында ТҚХО қызыл тізіміне және Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген кейбір даралардың болу болжамын көрсетті. Бұл даралар кес. 4.9.1 көрсетілген.

кес. 4.9.1: Камералық зерттеулер барысында анықталған жойылу қаупінде тұрған түрлер

Даралар	**Атауы**	**Өрістік зерттеулер барысында бақыланды**
Құстар		
Ақбас тырна - *Anthropoides virgo*	Қазақстанның Қызыл кітабы – 5-санат (популяция саны ұлғаюына байланысты қауіптен тыс). ТҚХО қызыл тізімі – Аз қауіп тудыратын түрлер	Иә
Сұр тырна - *Grus grus*	Қазақстанның Қызыл кітабы – III санат (сирек) ТҚХО қызыл тізімі – Аз қауіп тудыратын түрлер	Жоқ
Шәукілдек - *Crex crex*	Қазақстанның Қызыл Кітабында белгіленбеген ТҚХО қызыл тізімі – Аз қауіп тудыратын түрлер	Жоқ
Безгелдек - *Otis tetrax немесе Tetrax tetrax*	Қазақстанның Қызыл кітабы – II санат (осал түрі). ТҚХО қызыл тізімі – қауіптіге жақын жағдайда тұрған	Жоқ
Ақсұңқар - *Chettusia gregaria*	Қазақстанның Қызыл кітабы – I санат (жойылу қаупінде тұрған) Ресей және Қазақстанның оңтүстігін мекендейтін. ТҚХО қызыл тізімі – жойылудың қатерлі қаупінде тұрған	Жоқ
Үлкен дүпілдек - *Limosa limosa*	Қазақстанның Қызыл Кітабында белгіленбеген ТҚХО қызыл тізімі – жойылуға жақын жағдайда тұрған	Жоқ
Азиялық бекасовидті дүпілдек - *Limnodromus semipalmatus*	Қазақстанның Қызыл кітабы – IV санат (аралық). ТҚХО қызыл тізімі – Аз қауіп тудыратын түрлер	Жоқ
Үлкен балшықшы - Numenius arquata	Қазақстанның Қызыл Кітабында белгіленбеген ТҚХО қызыл тізімі – жойылуға жақын жағдайда тұрған	Жоқ
Дала қарақасы - *Glareola Nordmanni*	Қазақстанның Қызыл Кітабында белгіленбеген ТҚХО қызыл тізімі – жойылуға жақын жағдайда тұрған	Жоқ
Қылқұйрық бұлдырық - Syrrhaptes paradoxus	Қазақстанның Қызыл кітабы – IV санат (аралық). ТҚХО қызыл тізімі – Аз қауіп тудыратын түрлер	Жоқ
Қарабауыр бұлдырық - *Pterocles orientalis*	Қазақстанның Қызыл кітабы – III санат (сирек). ТҚХО қызыл тізімі – Аз қауіп тудыратын түрлер	Жоқ
Бүркіт- *Aquila chrysaetos*	Қазақстанның Қызыл кітабы – III санат (сирек). ТҚХО қызыл тізімі – Аз қауіп тудыратын түрлер	Иә
Дала бүркіті - *Aquila nipalensis*	Қазақстанның Қызыл кітабы – V санат (қауіптен тыс). ТҚХО қызыл тізімі – Аз қауіп тудыратын түрлер	Жоқ
Қарақұс - *Aquila heliaca*	Қазақстанның Қызыл кітабы – III санат (сирек).	Жоқ

кес. 4.9.1: Камералық зерттеулер барысында анықталған жойылу қаупінде тұрған түрлер		
Даралар	**Атауы**	**Өрістік зерттеулер барысында бақыланды**
	ТҚХО қызыл тізімі – осал түр	
Шаңқылдақ қыран - *Aquila clanga*	Қазақстанның Қызыл Кітабында белгіленбеген ТҚХО қызыл тізімі – осал түр	Жоқ
Аққұйрықты субүркіт- *Haliaeetus albicilla*	Қазақстанның Қызыл кітабы – II санат (осал түрі). ТҚХО қызыл тізімі – Аз қауіп тудыратын түрлер	Жоқ
Тазқара - *Aegypius monachus*	Қазақстанның Қызыл Кітабында белгіленбеген ТҚХО қызыл тізімі – қауіптіге жақын жағдайда тұрған	Жоқ
Дала құладыны - *Circus macrourus*	Қазақстанның Қызыл Кітабында белгіленбеген ТҚХО қызыл тізімі – қауіптіге жақын жағдайда тұрған	Иә
Ителгі - *Falco cherrug*	Қазақстанның Қызыл кітабы – I санат (жойылу қаупінде тұрған). ТҚХО қызыл тізімі - жойылу қаупінде тұрған.	Жоқ
Далалық күйкентай - *Falco naumanni*	Қазақстанның Қызыл Кітабында белгіленбеген ТҚХО қызыл тізімі – Аз қауіп тудыратын түрлер	Жоқ
Үкі - *Bubo bubo*	Қазақстанның Қызыл кітабы – II санат (осал түрі). ТҚХО қызыл тізімі – Аз қауіп тудыратын түрлер	Жоқ
Көк қарға - *Coracias garrulus*	Қазақстанның Қызыл Кітабында белгіленбеген ТҚХО қызыл тізімі – қауіптіге жақын жағдайда тұрған	Жоқ
Еменшіл сұлыкеш- *Emberiza aureola*	Қазақстанның Қызыл Кітабында белгіленбеген ТҚХО қызыл тізімі - жойылу қаупінде тұрған.	Жоқ
Сүтқоректілер		
Шұбар күзен - *Vormela peregusna*	ТҚХО қызыл тізімі (осал түр). Қазақстанның Қызыл кітабы – III санат (сирек).	Жоқ
Жәндіктер		
Қысқақанатты боливария дәуіт - *Bolivaria brachyptera* Pall.1773.	Қазақстанның Қызыл кітабы – II санат (осал түрі). ТҚХО қызыл тізіміне енгізілмеген.	Жоқ
Дала кергісі - *Saga pedo* Pall. 1771.	Қазақстанның Қызыл кітабы – II санат (осал түрі). ТҚХО қызыл тізімі (осал түр).	Жоқ
Поляк карминді сымыры - *Porphyrophora polonica.*	Қазақстанның Қызыл кітабы ТҚХО қызыл тізіміне енгізілмеген.	Жоқ
Керемет барылдауық қоңызы - *Carabus imperialis*	Қазақстанның Қызыл кітабы ТҚХО қызыл тізіміне енгізілмеген.	Жоқ
Геблер барылдауық қоңызы - *Carabus gebleri.*	Қазақстанның Қызыл кітабы ТҚХО қызыл тізіміне енгізілмеген.	Жоқ
Түкті сколия - *Scolia hirta* Schrenk, 1781.	Қазақстанның Қызыл кітабы – II санат (осал түрі). ТҚХО қызыл тізіміне енгізілмеген.	Жоқ
Сенница туллия – *Coenonympha tullia.*	Қазақстанның Қызыл кітабы	Иә

кес. 4.9.1: Камералық зерттеулер барысында анықталған жойылу қаупінде тұрған түрлер		
Даралар	**Атауы**	**Өрістік зерттеулер барысында бақыланды**
	ТҚХО қызыл тізіміне енгізілмеген.	
Өсімдіктер және саңырауқұлақтар		
Siberian adder's grass - *Erythronium sibiricum*	Қазақстанның Қызыл кітабы	Жоқ
Дала таушымылдығы - *Paeonia hybrid (Pall)*	Қазақстанның Қызыл кітабы	Иә
Ледебур бадамы - *Amygdalus ledebouriana (Schlect)*	Мәртебесі – мекендеуші. ТҚХО Орталық Азия ағаштары тізіміне шамамен 5000 км^2 төмен, кіші географиялық орналасуына байланысты жойылу қаупінде тұрған түр ретінде енгізілген.	Жоқ
Жапырылатын қызғалдақ - *Tulipa patens*	Қазақстанның Қызыл кітабы	Иә
Сібір қандық – Calophaca howenii Schrenk	Мәртебесі – мекендеуші, реликтілік түр.	Жоқ
Людвиг ирисі - *Iris ludwigii*	Қазақстанның Қызыл кітабы	Иә
Алтай қасқыржидегі - *Daphne altaica* (Pall.)	Қазақстанның Қызыл кітабы	Жоқ
Көктемдік жанаргүл - *Adonis vernalis L.*	Қазақстанның Қызыл кітабы	Иә
Тамырсүйгіш полипорус - *Polyporus rhizophilus* (Pat.) Sacc.	Статусы-сирек	Жоқ

4.9.5 Табиғи мекендеу ортасы

Бақыршық тау-кен өндіру кәсіпорны (БТК) және жақын жатқан аумақтар Алтай Солтүстік батыс провинциясында орналасқан және Калбинский жотасының және оның етегінің тарамдарында жайғастырылған. Ландшафт негізінен ойпатты құрғақ дала аймағы ретінде берілген. Табиғи мекендеу ортасының толық картасы 4.9.1-сызбасында көрсетілген, ол БТК байланысты қолданыстағы және болжамдалған әзірлеме қол тимеген және қолданылатын жайылымдылық жер (ойпатты құрғақ дала аймағы) учаскелерінде; төмен қыратты учаскелерде, өзен алаптары және қолданыстағы өнеркәсіптік аймақта орналасқанын көрсетеді.

4.9.6 Амалдар және әдістер

Жобада қозғалуы мүмкін биоалуантүрлілік және экожүйелер жөніндегі біркелкі деректерді зерттеу көлемдері табиғатты сақтау және қорғауға қатысты ҚР заңдары, сондай-ақ ҚР қол қойған конвенциялар мен келісімдерді қоса алғанда тиісті құқықтық және саяси талаптармен нығайтылған. Жоба үшін әлеуетті қаржылық несие берушілердің (жекелеп алғанда, МФК және ЕБРР) биоалуантүрлілік және экожүйелік қызметтерге қатысты талаптары қаралды.

Сонымен қатар біркелкі деректерді зерттеу көлемдері ұлттық заңнама талаптарына, 6 МФК (2012 ж.) қызметінің талаптарына және ЕБРР жобасын іске асыру талаптарына сәйкес келетін биоалуантүрлілікті сақтау және тұрақты қолдануға қатысты Полиметалдың көзқарасымен белгіленді. Осылай, ол табиғи мекендеу ортасының «жиынтық шығындарына жол бермеуге» және қатерлі мекендеу ортасына қандай да бір қалдықты әсер ету үшін «таза табысқа» қол жеткізуге бағытталған.

Осы талаптарды ескере отырып, қолдағы ақпараттың камералық зерттеулері әлеуетті болуын анықтау мақсатында жүргізілді:

- Заң бойынша жобаның ықтимал әсер ету аймағында табиғаттың сақтау және халықаралық биологиялық негізгі бағыттары, әлемдік 200 экоөңірлер, құстардың эндемикалық аудандардың (EBAs) және Маңызды орнитологиялық аумақтар (IBas), оның ішінде жоғары биологиялық, бар деп танылған аудандарда бағыттары қорғалған.

- ҚР аумағында қорғалатын түрлер (Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген).
- Мамандардың пікірі бойынша қауіп төніп тұрған немесе олардың саны Қазақстан аумағында немесе өңірде төмендеп келе жатқан түрлер.
- СД6 МФК немесе ТР6 ЕБРР белгілеріне сәйкес табиғи мекендеу ортасының учаскелері.
- СД6/ТР6 сәйкес қатерлі мекендеу ортасының болуын болжамдау немесе шақыруы мүмкін түрлер. Бұл жойылу қаупінде немесе әлемдік немесе еуропалық деңгейде жойылу шегінде тұрған Табиғатты қорғау халықаралық одағы (ТҚХО) атаған түрлерден, сондай-ақ Қызмет стандарттарында көрсетілген өзге белгілерге жауап беретін түрлерден тұрады.
- СД6 МФК сәйкес «қатерлі» саналатын мекендеу орталары немесе экожүйелер.

Біркелкі деректердің камералық зерттеулерінің дәлдігін анықтау үшін биоалуантүрліліктің бастапқы деректері өрістік зерттеулер барысында жиналды, олар:

- 2010 жылы күзде (біркелкі деректердің ботаникалық зерттеулері және фаунистикалық зерттеулер)
- 2011 жылғы 23 және 24 маусым аралығы (Зоологиялық өрістік зерттеулер, соның ішінде құстардың көбеюін зерттеу)
- 2011 жылғы 28 қыркүйек және 2 қазан аралығы (орнитологиялық өрістік зерттеулер – күздік көші-қон)
- 2013 жылғы шілде (гидрофаунаны зерттеу)
- 2013жылғы шілде (жылдам кесіртке популяциясын нақты зерттеу)
- 2013 жылғы шілде (омыртқасыз жануарларды зерттеу)

Өрістік зерттеулер биоалуантүрлілік саласындағы тиісті мамандардан кеңес алу және әдебиетті шолу негізінде әзірленген.

Жобаны зерттеу учаскесі жарамды деп қаралған негізгі таксономикалық топтар мен түрлер үшін зерттеулер жүргізілді. Жалпы, ғылыми-зерттеу, (СС33 шегінде) ұсынылатын дамыту аудандардың (қалдықтарды рок, қалдық тоған және болашақ кенішінің ауданы дамп) және аумағында немесе БТК жұмысты қолданыстағы іргелес бағытталған және буферлік аймақ немесе басқару аумағы болып саналатын АҚА тыс жерлерде бұл жүргізіліп жатқан жұмысқа әсер етпейді.

Өрістік зерттеулер саласы және сынау стратегиялары зерттеліп жатқан таксономикалық топтарға сәйкес ерекшеленеді. Осы бөлімде әдістердің қысқаша сипаты беріледі, онда таксономикалық топтардың біркелкі жағдайы сипатталады. Жобадан бұзылуға, ластануға немесе өзге әсерге ұшырауы мүмкін жобаның шекаралары мен учаскелерінен тұратын жобаның зерттелетін аумақтары үшін зерттеулер жүргізілді.

кес. 4.9.1 Жоба аумағында жүргізілген экологиялық зерттеулер көрсетілген.

кес. 4.9.1 : Жүргізілген экологиялық зерттеулер

Күні	**Зерттеу**
2010 ж. күзі	Әдебиетті шолу
	Алдын-ала зерттеу - сүтқоректілер
	Алдын-ала зерттеу – құстар
	Алдын-ала зерттеу – бауырымен жорғалаушылар
	Алдын-ала зерттеу – қос мекенділер
	Геоботаникалық өрістік зерттеулер
2011 ж. маусым	Әдебиетті шолу
	Құстардың көбеюін зерттеу
	Жаяу бағыттар бойынша зерттеу - сүтқоректілер
	Жаяу бағыттар бойынша зерттеу – бауырымен жорғалаушылар
	Жаяу бағыттар бойынша зерттеу – қос мекенділер
	Жаяу бағыттар бойынша зерттеу – омыртқасыз жануарлар
	Балықшыларға сауалнама жүргізу - балықтар
2011 ж. қыркүйек және қазан аралығы	Қосымша орнотологиялық зерттеу – күздік көші-қон.
2013 ж. шілде	Өрістік зерттеулер – гидрофлора және гидрофауна экологиясы
2013 ж. шілде	Өрістік зерттеулер – жылдам кесірткенің популяциясы

кес. 4.9.1 : Жүргізілген экологиялық зерттеулер	
Күні	**Зерттеу**
2013 ж. шілде	Әдебиетті шолу және өрістік зерттеулер – омыртқасыз жануарлар

4.9.7 Өрістік зерттеулердің нәтижелері

Келесі бөлімдерде өрістік зерттеулердің әдістеріне қысқаша сипат беріледі және зерттеулер және сынау қайда жүргізілгені көрсетіледі. Сосын олар нәтижелерді қосады.

Өсімділік және өсімдіктер

БТК аумағындағы және оған іргелес жатқан аумақтың қсімдік қабаты дала ендік аймағының шарттарына сәйкес құрылады (негізінде құрғақ дала кіші аймақ шегінде). География бойынша аумақ Алтай солтүстік батыс облысына тиесілі және Кальба жотасының және оның етектерінің тарамдарында орналасқан. Бедер негізінде ойпат құрғақ дала алқабына арналған, дегенмен кейбір учаскелері тауалды жақсы желденетін дала алқабында орналасқан.

Жобаның зерттеліп жатқан аумағындағы флористикалық құрам және өсімдік түрлерінің деректері 2010 жылғы күзде жүргізілген өрістік зерттеулерден және ақпараттық іздеуден алынған. 2010 жылдың ботаникалық өрістік зерттеулер әдістері жазылмаған, соған қарамастан, зерттеудің бес нүктесі 4.9.2-сызбада белгіленген.

Гүл композициялары және алуантүрлілік экожүйе жағдайының индикаторы ретінде қолданылуы мүмкін. Табиғи көздерді жеткіліксіз қолданбау топырақ-өсімдік экожүйесінің жағдайы төмендеуіне; топырақтың биологиялық өнімділігінің төмендеуіне; гүлдік құрамы мен түрінің тығыздылығының өзгеруіне; өнімділіктің төмендеуіне; және (қорғау өсімдік қабаты төмендеген жерде) желмен топырақ мүжілуінің ұлғаюына әкелуі мүмкін. 2010 жылдың өрістік зерттеулері барысында карьерде және үйінді алаңдарындағы табиғи өсімділікке антропогендік қызметтің (өндіру және жайылымдылық) әсері зерттелген.

Камералық зерттеулер

Өңірдің жүйелік ботаникалық зерттеулері 20-ғасырдың басынан ортасына дейін жүргізілген (В.А. Крюгер, 1913ж, С.Е Рожанец-Кучуговский 1924ж, Н.В. Павлов 1928-1938; К.А.) Крюгер, 1913ж, С.Е Рожанец-Кучуговский 1924ж, Н.В. Павлов 1928-1938; К.А. Пашковский 1951ж, Н.В. Лысова 1958ж, және А. Калинина 1960ж.). Осыдан кейін 1970 және 1980 жылдары Қазгипрозем институтының Кешендік зерттеулер бөлімінің геоботаниктері мемлекеттік фермерлік шаруашылықтардың жайылым алқаптарының карталарын жасады. Семейдің (Семей қ.) Шар ауданының жайылым алқаптарының картасы 1988-1989 жылдары жасалған.

Зерттеліп жатқан аумақты, соның ішінде БТК қолданыстағы және жобаланып жатқан әзірлеме аумағын қамтитын геоботаникалық карта 4.9.3-қосымшада көрсетілген. Картаға жағылған түс қауымдастықтар/құрылымдардың негізгі түрлерін көрсетеді, ал мәтін қауымдастықтар және кіші қауымдастықтардың салыстырмалы санын көрсетеді. Геоботаникалық картаға қатысты шарттық белгілер жер қойнауын пайдаланудың үш түрін сипаттайды: жайылым шөптердің өрістері, ойпаттар (төмпешіктер арасындағы төмендеулер) және өзен алаптары, сонымен қатар, өзге аумақтар (тұрғын аумақтар және БТК жұмыстарын жүргізу аумақтары секілді); және жанындағы флористикалық қауымдастықтарды сипаттайды.

Зерттеліп жатқан аумақтағы камералық зерттеулер төмпешіктер және өзен алаптары арасындағы ойпаттарда дала өсімділігі артық екенін көрсетеді. Дала негізінде тырс-бозды-бетегелі, селеулі-бетегелі, бетегелі-селеулі, тобылғытұс-дерновиндәнді өсімділікпен көрсетілген. Жайылым алқаптары ойпаттарда және өзендер алабында дәнді алуан шөппен, жабайы қарабидаймен, қой бозотымен көрсетілген. (Дәнділер сонымен қатар «Poaceae» немесе мятликті ретінде белгілі).

Аласа төмпешіктер мен тау етектерінің өсімдік қабаты қанық ксерофитті сипатқа ие. Дала бұтақтары – шайқурай таволга және бұталы қараған басым өсімділік кеңінен тараған, олар төмпешіктердің қырлары мен төбелерінде бидайтәріздес – тырс, типчак, Лессинг ковыль қауымдастықтарын құрады.

Тобылғықұс-дән тәрізді-дәнді-жусанды өсімділік тау етектері мен төмен таулардың барлық бөктері бойынша кездеседі. Шайқұрай тобылғы шымылдығы астынан бидай тәріздес дәндерден – тырс, бетеге және тар тілімделген жусаннан австриялық жусан және алуан шөптердің кейбір түрлері – сабақсыз қазтабан, Маршаллиевский шебірі, кәдімгі мыңжапырақтың қатысуымен қабат құрастырылады.

Тау бөктері бойындағы бұталы өсімділік тырс-типчакты, типчакты-жусанды, тар-тілікжусанды-ағашдәндес болып тас төбелерде алмасады.

Жоғарыда аталған зерттеулер нәтижелерін жиынтықтау, сондай-ақ, өңірлік, флористикалық жинақтар мен көрсеткіштерді (Қазақстанның өсімдік әлемі, 1956-1966 жж, Иллюстрацияланған негізгі фактор 1969, 1972 жж.) мұқият талдау нәтижесінде 97 тектен және 56 тұқымдастан тұратын 297 түрге жуық барлық зерттеліп жатқан аумақ бойынша жиі және кеңінен таратылған аса қарапайым өсімдіктер түрлерінің тізімі ұсынылған (4.9.4-қосымша).

Аса көптүрлі тұқымдастар болып күрделігүлділер (Compositae) есептеледі – 45 түр, дәнділер (Gramineae) – 30 түр, раушангүлділер (Rosaseae) – 21 түр, бұршақ тұқымдастар (Leguminosae) – 22 түр, ерінгүлділер (Labiatae) – 14 түр. Өмірлік нысандарының құрамы бойынша шөпті көпжылдықтар басып озады; екінші орында шала бұталар, сосын шөпті біржылдықтар орын алады.

Төмен тауларда солтүстік және оңтүстік баурайларында топырақты-өсімдікті қабаттың кереғарлығы анық байқалғандықтан, өсімдік әлемі бойынша экологиялық түрлердің құрамы бойынша ксерофиттер мен мезофиттер бөлінеді. Оңтүстік баурайлардың (жылы және құрғақ) бірдей биіктігіндегі өсімділік аса ксерофильді, ал солтүстік баурайларда (суық және ылғалды) аса мезофильді (төмен температураларда жақсы өседі, 25°С-дан 40°С-қа дейін).

Сонымен қатар, қауымдастықтардың түрлі эдафикалық нұсқалары бөлінеді: пелитфитті – балшық топырақта, петрофилдер – тасты және қыйыршықтасты топырақта. Зерттеліп жатқан аумақ шегінде псаммофиттер және галофиттер жоқтың қасы.

Тауалды дала қауымдастықтары сонымен қатар олардың өсімдіктерінен тұратын түрлік құрам байлығы бойынша бөлінеді. Мекендеудің жеке орындарында (тасты баурайларда және төбелерде) біртүрдес, баурайлардың төменгі бөліктері мен төмендеу бойынша – көптүрдес қауымдастықтар кездеседі.

Топырақты өсімдікпен жалпы жобалық жабуы 60-70 %, ал кейбір жерлерде 80-90 % құрайды.

Өрістік зерттеулер

Ботаникалық зерттеулер 2010 жылдың күзінде жүргізілген, зерттеу алаңдары 4.9.2-суретте белгіленген. Зерттеу нәтижелері бойынша 46 тұқымдастарға тиесілі тамырлы өсімдіктердің 196 түрі анықталды (4.9.5-қосымша). Далалық ортада аса таралған тұқымдастар дәнділер болып табылады, олар барлық анықталған түрлерге 35 түрі келеді (18%). Келесі таратылған тұқымдас - 28 (немесе 14%) түрі бар аққекіре (немесе күрделігілділер, әдетте бұл аққекіре, түймедақ немесе күнбағыс). Үшінші ең таратылған тұқымдас – бұл 16 (немесе 8%) түрі бар қалақайлы (бұрын Labiatae ретінде белгілі және әдетте ерінгүлділер тұқымдасы ретінде айтылады), **Ошибка! Неизвестный аргумент ключа.** қараңыз. Анықталған түрлердің ішінен 76% көпжылдық шөптер, біржылдық шөптер көптілігі бойынша келесі болып табылады және 7% құрайды. Толық тізім 4.9.5-қосымшада келтірілген. 4.9.6-қосымшада зерттеудің фото есептері берілген.

кес. 4.9.3: Жоба аумағында гүлдейтін өсімдіктердің негізгі тұқымдастары

р\р	Тұқымдас	Түрлер көлемі	Жалпы көлемінен %
1	Астық тұқымдастар	35	18
2	Күрделігүлділер	28	14
3	Ерінгүлділер	16	8
4	Раушангүлділер	16	8
5	Бұршақ тұқымдастар	9	5

Түрлерді бөлу мекендеу ортасының түріне және өсу талаптарына байланысты. Анықталған түрлердің көбі мезофильді, 46% (ылғалды мекендеу орындары, бірақ қысқа құрғақшылыққа шыдай алады) немесе ксерофитті, 26% (құрғақ мекендеу орындары, құрғақшылықтың ұзақ кезеңіне шыдай алады). Камералық бағалаудағыдай ксерофитті түрлер ойпаттарға үйретілген.

Сонымен бірге, су өсімдіктерінің 31 түрі (жалпы көлемнен 17%) анықталды, өзге түрлері аралық немесе бір түрге жоғары болды. Түрлерді бөлу топырақ өнімділігімен және минералдық құрамымен, мезотрофикалық (өнімділігі шамалы топырақ) болып бөлінетін түрлер (50%) және эвтрофикалық түрлердің үлкен көлемімен (топырақ өнімділігінің төмен дәрежесі) (4.9.5-қосымшасы) байланысты.

Зерттеліп жатқан алаң аясында анықталған өсімдіктердің көп түрлері экономикалық мағынаға ие, мысалы, тамақ немесе азықтық дақыл ретінде, медициналық мақсаттарда қолданылады немесе шикізат (жиһаз өндіру) ретінде қолданылады. Қосымша 4.9.5-қосымшада белгіленген.

Басты ресурстық функцияның бірі ретінде жайылымдықтар болып табылады. Табиғи өсімділігі бар барлық жыртылмаған аумақ әдетте құрғақ салмақтың 2 – 4 ц/га бастап орта өнімділігімен жайылымдар ретінде қолданылады. Кен өндіру ауданындағы өсімділік қабат мал жайылуына әсіресе елдімекендердің шеттерінде (Әуезов және Солнечный кент.) кен орындарын игеруге, карьерлерді әзірлеуге, рұқсат етілмеген жолдардың үлкен көлемін салумен байланысты үлкен антропогендік жүктемені сезуде. Мұның барлығы қауымдастықтар құрылымының төмендеуіне ғана емес, сонымен қатар, биоалуантүрліліктің кедеюіне, эрозиялық және дефляциялық үрдістердің айтарлықтай нығаюына әкеледі.

2010 жылғы күзде біз жүргізген зерттеу карьерлер және үйінділер ауданында табиғи фитоценоздардың антропогендік бұзылуы жүргенін көрсетті. Карьерлер мен үйінділер жанында 50 м бастап 200 м радиусында құс тараны қоспасымен австриялық жусанды модификациялық пішені пайда болды. 40-50% бастап жобалық қабаты бар осы жердегі өсімдіктер, өсімдік қабатының нашарлауының негізгі себебі – түрлі бағыттарда қиылысатын автомобиль қара жолдарының желісі. Флористикалық құрам көлемдік қатынаста жиі тамырлы қауымдастықтарға (10-15 түрлерге дейін) жол бермейді, бірақ сапалық жағынан айырмашылық бар. Егер болса, тамырлы түрлер аз көлемде болады, әдетте австриялық жусан басым болады. Техногендік әсерден басқа, үлкен әсерді биогенді фактор көрсетеді (жануарларды жаю әсері), себебі жобаланған қойма орнында және шоқыаралық баурайлар бойынша бүлінген шабындық шөп байқалды.

Топырақ-өсімдік қабатының механикалық бұзылуы топырақ профилінің бұзылуымен (тығыздалған, қазылған немесе шешілген қарашірікті көкжиек) және өсімдік қауымдастықтарының доминанттары ауысуына немесе өсімділіктің толық жойылуына байланысты. Әдетте бұл бұзылымдар іргелес аумақтарда алаң бойынша бұзылудың жергілікті сипатына ие болады.

В.В. Ковальскийдің қызметкерлермен (ВАСХНИЛ) жүргізілген зерттеулері ағзалар мен олардың қауымдастықтары техногендік факторлардың әсерімен белсенді орнын ауыстыруы, белгілі шекараларда өз айналасын, өз ортасын өзгертуі және реттеуі мүмкін, ал айналасын жасанды өзгерту арқылы ағзалардың өзі өзгеруі мүмкін екенін анықтауға ықпалын тигізді.

Микроэлементтер сондай-ақ микронутриенттер ретінде белгілі; оларды дәрумендер мен минералдар деп атайды. Оларды «тірі ағзаның дұрыс өсуі және заттар алмасуы үшін аз көлемдердегі маңызы көп» деп белгіленеді. Өсімдіктерде олар құрғақ заттың 1 мг төмен болады және кішкене артық болғанда улы болып саналады. Микроэлементтер өсімдік ағзаның құрылымына қолданылмайды, бірақ ереже бойынша, метаболизмнің түрлі үрдістеріне қатысады.

Жалпы микроэлементтер Жердің түрлі аумақтарында теңдей бөлінбеген, ол олардың геологиялық тарихымен, топырақ түзуші жыныстардың әркелкі химиялық құрамымен және топырақ түзуші үрдістермен анықталады. Топырақтағы химиялық элементтердің жетіспеушілігі немесе артықтығы құрамына және өсімдіктегі олардың арасындағы қатынасына, тиісінше өсімдік азықтардағы және ағам өнімдеріндегі құрамына және қатынасына әсерін тигізеді, өз кезегінде, жануарлар ағзаларына химиялық элементтердің түсуіне әсерін тигізеді. Химиялық элементтердің топырақ түзуші жыныстардан топырақ және су арқылы, өсімдіктер арқылы жануарлар ағзаларына жылжу жолы биогеохимиялық тағамдық тізбекті құрайды.

Жетіспеушілік (төменгі өтпелі шоғырлану) немесе артықтық (жоғарғы өтпелі шоғырлану) басталатын микроэлементтердің өтпелі немесе қатерлі шоғырлануын орнату қажет. Осы өтпелі шоғырлану арасында жануарлардың микроэлементтерге сұранысының шектері көрсетілген микроэлементтер көлемі тұрғаны анық.

Өсімділік қабатының жағдайын бағалау үшін 2010 ж.қарашада ОВОС бөлімі және «Казмеханобр» НОО ДГП ГНПОПЭ мамандары топырақ сынамаларын іріктеу орындарында өсімділіктің сынамаларын іріктеді және талдау жүргізді. Өсімдіктердің (олардың жерүсті бөлігі) келесі түрлері іріктелді: қылтан селеу, жатаған бидайық, көлденең-жолақты бозот, Маршалловский жебірі, шалғын қоңырбас және басқа. Зерттеліп жатқан техножүйе аумағында өсімдіктерде келесі металдардың болуы анықталды: мырыш, никель, кобальт, мыс, қорғасын, кадмий және хром. Өсімдіктерге металдардың әрекет етуі келесі тәртіпте орналасқан Pb>Cu>Co>Cr>Ni>Zn. Талдау нәтижелері 4.9.6-қосымшада көрсетілген.

2010 жылдың зерттеу нәтижелері өсімдіктердегі мыстың орташа құрамы 0,08 МДУ; мырыш - 0,34 МДУ; қорғасын – 0,39 МДУ; никель – 0,85 МДУ; кобальт – 0,6 МДУ; хром – 0,02 МДУ құрайтыны анықталды. Осылай, ешбір сынама МДУ артық болуын көрсеткен жоқ.

Күлдегі элементтерінің көбісінің құрамы жер қыртысындағы олардың орташа құрамынан айтарлықтай ерекшеленеді, себебі өсімдіктер элементтерді таңдап жұтады. Топырақ/тау жынысының құрамымен салыстырылатын жұту қарқындылығы (құрғақ салмақта өсімдіктер материалындағы өлшенетін деңгей) A_x биологиялық жұту коэффициенті деп аталады:

$A_x = I_x/n_x$

мұнда Ix – өсімдік күліндегі хв элементінің құрамы, nx – бұл өсімдік өсетін тау жынысы немесе топырақтағы құрамы.

Дегенмен, бұл көрсеткіш элементтердің әлеуетті биогеохимиялық қозғалымын көрсетеді. Әлсіз еріткіштермен топырақтан шығарылған элементтердің суеріткіш формаларының өсімдіктері үшін қолжетімді, қозғалмалы және өсімдіктердің құрғақ затын салыстыру аса дұрыс көріністі береді. Ол өсімдіктерге элементтердің қолжетімділігін және топырақ құрамындағы элементтердің жылжымалы формаларын қолдану дәрежесін сипаттайды. Элементтердің көбісінің B_x мағынасы A_x қарағанда жоғарырақ болады.

Ах>1 болғанда элементтер өсімдіктерде жинақталады, ал A_x, немесе B_x<1 ұстап алынады.

кес. 4.9.4: Болашақ су қоймасының және оның фонының (БТК 5км) өнеркәсіптік алаңы өсімдіктерінің биологиялық жұту (A_x) және биологиялық белсенділігі (B_x) коэффициенттерін есептеу нтижелері

Өсімдіктердің іріктелген сынамаларының орналасқан жері		**A_x/B_x элементтері бойынша**					
		Zn	**Ni**	**Co**	**Cu**	**Pb**	**Cr**
Болашақ су қоймасы	A_x	0.17	0.02	0.03	0.05	0.08	0.001
	B_x	6.45	0.84	0.41	7.93	0.84	0.53
Фондық нүкте топырағы	A_x	0.08	0.02	0.03	0.03	0.08	0.001
	B_x	7.94	0.37	0.25	3.21	0.47	0.02

Ошибка! Неизвестный аргумент ключа.мырыш және мыс қарқынды және орташа жинақталу элементтеріне жататыны; қорғасын, никель және кобальт – әлсіз жинақталу және күшті ұстап алу элементтеріне; хром – әлсіз ұстап алу элементтеріне жататыны көрінеді.

Деректер қаралып жатқан аумақта мыс, никель, кобальттың табиғи геохимиялық ауытқуы болуын, сонымен қатар, қорғасын және мырыш бойынша техногенді қысымның болуын растайды.

Өсімдіктердің жеке түрлерінде микроэлементтердің болуы топырақтың элементті құрамының сипатымен, сонымен қатар, өсімдіктердің түрлік бұйымдарымен анықталады.

Өсімдіктердің сирек, реликтілік және жергілікті түрлері

Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген сегіз түр 2012 жылы зерттеу барысында зерттелген

аумақ шегінде анықталды: дала пионы, көктемгі златоцветник, *Hyssopus macranthus Boriss,* құндызшөп (*Pulsatilla patens),* қызғалдақ, жабайы гүлшетен(*Ledum palustre Rhododendron tomentosum)* ретінде жіктеледі*, Euphorbia macrorrhiza* С.А. Меу және Людвиг ирисі (4.9.5 қосымша және 4.9.6 қосымша).

Жабайы гүлшетен Қызылсу өзенінің жанында жаңа бұлаққа жақын аумақта анықталды. Қазақстанды бұл түр сирек болып саналады, бірақ Ресей Алтай аумағында көп таралған және осылай, ТҚХО тізімінде аз қауіп төндіретін түр ретінде мәртебеге ие. Дегенмен, өңірдегі өзіңің сиректігіне байланысты осы популяцияны сақтап қалу үшін құрылыс басталуына дейін учаскені қоршап қою ұсынылады. Қалған жеті түрді ТҚХО Қызыл тізіміне сәйкес бағалау керек .

Экономикалық және функционалдық мағынаға ие өсімдік әлемі мен өсімділілік.

Жобаның зерттеліп жатқан алаңының шегінде анықталған өсімдіктердің көбі экономикалық және функционалдық мағынаға ие (4.9.5-қосымша). Жеке түрлерді бір санаттан көбіне жатқызуға болады:

- Азықтық өсімдіктер (43 түр);
- Дәрілік өсімдіктер (80 түр);
- Сәндеу өсімдіктер (67 түр);
- Улы өсімдіктер (16 түр);
- Арам шөп өсімдіктер (23 түр);
- Жеуге болатын өсімдіктер (33 түр);
- Өндірісте қолданылатын өсімдіктер (31 түр);
- Тозаңды өсімдіктер және балды өсімдіктер (11 түр);
- Дәнді-дақыл өсімдіктер (52 түр).

Бұл түрлер өмірдің келесі негізгі түрлерімен көрсетілген: шөпті көпжылдық, біржылдық өсімдіктер, шала бұталар, бұталар және қысқа бұталар.

4.9.8 Жануарлар әлемі

Сүтқоректілер

Жоба аумағын мекендейтін сүтқоректілердің түрлері туралы ақпарат әдебиетті зерттеу және өрістік зерттеулер (2010 жылғы күз және 2011 жылғы 23 және 24 маусым) арқылы алынды.

2010 жылғы зерттеулердің әдістемесі белгіленбеген, дегенмен зерттеу орындары 4.9.2-сызбада жасыл штрихтармен көрсетілген және мекендеу орындары, өріс белгілері түрлерінің және түсірілім орындарының фотографиялық журналы 4.9.8-қосымшада көрсетілген. 2011 жылы басты әдістемелік амал жаяу маршруттарды популяция түрлері мен санын құжатқа түсіру, сонымн қатар, биотоптарды, жануарларды және олардың қызметінің іздерін суретке

түсіру мақсатында зерттеу болды (Новиков, 1953; Банников, 1997; Bibbi, 2000). 2011 жылғы маршрутты зерттеуді орындау барысында кеміргіштер мен құндыздарды есептеу үшін ені 30 м кескін қолданылды (Новиков, 1953). Маршруттар 4.9.2-сызбаның трансекталарында (қызыл сызықтар) көрсетілгендей жобаланған су қоймасының, жобаланған бос жыныстың үйіндісінің, жобаланған байытылған фабрика және Әуезов кентінің жанынан өтті. Жалпы алғанда, зерттеу маршруттары шамамен 6 км қамтыды. Жалпы аумақта популяция санын алдын ала болжау үшін анықталған құндыздар көлемі қашықтыққа бөлінді, сосын 1 шаршы километрге қайта есептелді. Жергілікті сүтқоректілердің толық тізбесін құрастыру үшін қолданылған әдебиет және зерттеу деректері.

(Афанасьев, 1960; Қазақстанның сүтқоректілері, 1969-1985жж.) әдебиет зерттеулері бойынша және 2010 және 2011 жылғы зерттеулер деректері, соның ішінде жергілікті тұрғындармен әңгімелер, Жоба аумағында мекен ететін сүтқоректілердің 7 отрядқа: жәндікқоректілер *Insectivora,* қолқанаттылар *Chiroptera,* етқоректілер *Carnivora,* кеміргіштер *Rodentia,* қостұяқтылар *Artiodactyla,* қоянтәрізділер *Lagomorpha* және тұяқтылар *Artiodactyla* жататын 49 түрі ұсынылған (Түрлердің толық тізбесі 4.9.15-қосымшада берілген). Аса көп таралған екі отряд – ол кеміргіштер (25 түр) және етқоректілер (10 түр).

2011 жыл ішінде жергілікті тұрғындар, аңшылар, балықшылар берген ақпарат Қызылсу өзенінің алқабында бұлан (*Alces alces*) және шығыс құндызы (*Mustela vison*) байқалғанын растады. Дегенмен әдебиет материалдарын зерттеу және өрістік зерттеулер Жоба аумағында осы екі түрдің болуын көрсеткен жоқ.

Шұбар күзен (*Vormela peregusna)* фаунистикалық кешенге кіргізілген және Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген, популяция саны төмендеуіне байланысты «осал» ТҚХО ретінде жіктеледі; дегенмен жоба аумағында ол 2010 және 2011 жылдары зерттеу барысында байқалмады. Тоған жарқанаты (*Myotis dasycneme*) 2010 жылғы зерттеу барысында байқалды. Бұл түр ТҚХО тізіміне «жойылуға жақын трған түр» ретінде енгізілген. Бұдан басқа, ТҚХО популяция тенденциясы туралы жақсы білім, әсіресе ақпарат өте аз таратылу аумағының шығыс бөлігінде (Орталық Ресей және Қытай) аз қауіп төндіретін түрлерге дейін тізімдегі ығысуға әкелуі мүмкін.

Әлеуетті 49 түрден 2010 және 2011 жылдары өрістік зерттеулер және жергілікті тұрғындармен әңгімелесу барысында жоба аумағында кездесетін сүтқоректілердің 21 түрі анықталды, **Ошибка! Неизвестный аргумент ключа.** қараңыз.

кес. 4.9.5: 2010 және 2011 жылдары зерттеулер барысында Жоба аумағынан табылған сүтқоректілердің түрлері

Виды			**ТҚХО Қызыл кітабы**
Виды	2010	2011	
Кеміргіштер			
Қызылұрт сарышұнақ(*Spermophilus*	X	X	Ең аз қауіп төндіретін

кес. 4.9.5: 2010 және 2011 жылдары зерттеулер барысында Жоба аумағынан табылған сүтқоректілердің түрлері

Виды			ТҚХО Қызыл кітабы
Виды	2010	2011	
erythrogenus)			түрлер
Қызғылт жирен сарышұнақ (*Spermophilus undulanus*)		X	Ең аз қауіп төндіретін түрлер
Зокор сібірі (Myospalax myospalax)		X	Ең аз қауіп төндіретін түрлер
Дала шақылдағы (*Ochotona pusilla*)		X	Ең аз қауіп төндіретін түрлер
Бабарин алақоржыны (*Cricetulus barabensis*)	X		Ең аз қауіп төндіретін түрлер
Эверсман алақоржын (Allocricetulus eversmanni)	X		Ең аз қауіп төндіретін түрлер
Су тоқалтісі (Arvicola terrestris)	X		Ең аз қауіп төндіретін түрлер
Сұр тышқан (*Microtus arvalis)*	X		Ең аз қауіп төндіретін түрлер
Кәдімгі слепушонка *(Ellobius talpinus)*	X		Ең аз қауіп төндіретін түрлер
Қаптесер тышқан (*Mus musculus*)	X		Ең аз қауіп төндіретін түрлер
Дала тышқаны *(Apodemus agrarius)*	X		Ең аз қауіп төндіретін түрлер
Еуропа тышқаны (Apodemus sylvaticus)	X		Ең аз қауіп төндіретін түрлер
Ондатр (*Ondatra zibethicus*)		X	Ең аз қауіп төндіретін түрлер
Орқоян (Lepus europaeus)	X		Ең аз қауіп төндіретін түрлер
Жыртқыштар			
Сары түлкі (Vulpes vulpes)	X		Ең аз қауіп төндіретін түрлер
Дала күзені (Mustela eversmannii)	X		Ең аз қауіп төндіретін түрлер
Көкжал қасқыр		X (құстарды зерттеу барысында)	Қызыл тізім үшін ескерілген жоқ.
Жәндікқоректілер			
Орташа жертесер (*Sorex caecutiens)*	X		Ең аз қауіп төндіретін түрлер

кес. 4.9.5: 2010 және 2011 жылдары зерттеулер барысында Жоба аумағынан табылған сүтқоректілердің түрлері			
Виды			**ТҚХО Қызыл кітабы**
Виды	2010	2011	
Көптісті жертесер (Crocidura suaveolens)	X		
Құлақты кірпі (*Hemiechinus auritus*)		X	Ең аз қауіп төндіретін түрлер
Жарқанаттар			
Су жарқанаты (*Myotis daubentoni*)	X		Анықталған жоқ
Тоған жарқанаты (*Myotis dasycneme*)	X		Жойылуға жақын тұрған түр

2010 жылы зерттеу барысында зерттеліп жатқан алаң аумағында тоғыз сынып қа жататын сүтқоректілердің 16 түрі, сонымен қатар жергілікті тұрғындар айтып берген екі басқа түрі белгіленді. Белгіленгендердің көбі кеміргіштер, сондай-ақ жәндікқоректілер және кіші етқоректілер, бірақ аз көлемде.

Жіндікқоректі сүтқоректілердің түрлері орташа жертесер және кіші жертесермен ұсынылған. Бұл түрлер дала алаңының және су ағындарының жағалауы бойында гектарына шамамен 1-2 түр тығыздылығымен анықталды.

Кәдімгі жарқанаттар және тоған тышқандары тұрғын айматары және қнеркәсіптік нысандар аумағында гектарға шамамен 3-4 түр тығыздылығымен кездесті. Жәндіқоректілердің екі түрі қосқанаттылардың барлық түрлерінің үштен бірін құрайтын жарқанаттардың ірі және ең белгілі тұқымдастары болып табылатын жылтыртұмсықтылар немесе кешкі жарқанаттар тұқымдастарына жатады.

Ит немесе ит тұқымдасынан сары түлкі ұсынылған, ол барлық аумақ бойынша ауыл шеттеріне дейін 1000 га шамамен 2-3 түр тығыздылығымен кездеседі. Дала күзенінің жеке түрі қалдық қоймасының тұндырғыштарына жанында табылды.

Кеміргіштер 2010 жылы зерттелген ауданда сүтқоректілердің аса жиі кездесетін сыныбы болды. Қызылұрт сарышұнақ дала түрінің су-балшықты алқаптарында және егістік шеттерінде гектарға шамамен 4-5 жануар тығыздылығымен табылды.

Атжалман тұқымдастарының түрлері (Барабин атжалманы және Эверманн атжалманы) жайылымдардың құрғақ аудандарында табылды; сол уақытта кәдімгі тоқалтіс далалы аудандарда мекендейді. Бұл түрлер гектарға шамамен 3-5 жануар тығыздылығымен табылған. Су тоқалтісі кішкентай тоған жағалауларында табылды. Кәдімгі соқыртышқан дадалы аудандарда табылды.

Тышқандар тұқымдастарының өкілдері жыртқыш болып табылады және қауіпті ауруларды таратуы мүмкін. 2010 жылы кәдімгі дала тышқаны және үй тышқаны бұталы өсімділігі бар тұрғын аудандарды мекендейтін ретінде белгіленген. Шұбар дала тышқаны шабындық өсімділігі жақсы дамыған аудандарды және камыс пен қоға бар биотоптарды мекендейтін ретінде белгіленген.

2010 жылы зерттеулер барысында жасанды көшеттері бар дала учаскелерінде ор қоян (Lepuseuropaeus) кездеседі, бұл түрдің саны төмен деңгейде.

2011 жылы зерттеу барысында сүтқоректілердің алты түрі белгіленген. Зерттеу маршрутында 1 км сарышұнақтардың 3 – 10 індері табылды. Жалпы, 6 км кескінде 28 ін (орташа 1 км 4,7 ін, ол 1 кв.км. 140 інді құрайды). Ең үлкен тығыздық жаңа байыту фабрикасының аумағында белгіленген (1 кв. км 300 ін). Көзбен, тек қана ұзынқұйрықты сарышұнақ дала жолының бойынан көрінді.

Атжалмандарға, қосаяқтарға немесе тышқандарға тиесілі болуы мүмкін кішкентай індер жиі кездесті (орташа 1 кв. км 198 ін). Дегенмен, індерді түрлер бойынша бөлу мүмкіндігі болған жоқ, сондықтан қорытынды сәйкестендіруді жасау немесе түрлер санын санау мүмкін болмай тұр.

Қалдық қоймасының және байыту фабрикасының аумағында бұтақтар астынан шыққан кіші шақылдақ дыбысы естілді. Дыбыстар маршруттың 1 км бір екі тығыздығы бойынша естілді. Қалдық қоймасы аумағында кіші шақылдақтың орташа тығыздығы 1 кв.км. 60 түрді құрауы мүмкін.

Кәдімгі бқраубас тышқан қазған жердің жеті кесегі бұлақ жанындағы бұтақтар аумағынан табылды. Жыртқыш жеп қойған құлақты кірпінің терісі де табылды.

Қызылсу өзенінің су қоймасында бір ондатр кездесті (сынау учаскесі). Су қоймасының қызметкері (күзетші) берген ақпаратқа сәйкес су қоймасының аумағында отдатр жұбы өмір сүрді. Ол қолданыстағы қалдық қоймасының аумағындағы судың жақсы сапасы туралы куәландырады, ол отүйрек (Tadorna ferruginea) жұбының және бізтұмсық шағаланың (Sterna Hirundo) үш жұбымен қолдалады. 2011 жылы қыркүйекте орнитологиялық зерттеулер барысында Қарақоға өзенінде және Қызылсу су қоймасының ауданында (АҚА шегінен тыс ауданда) отдатрлар байқалды; отдатр іздері қолданыстағы қалдық қоймасының тоғанының жағалауында байқалды; баспанасы кеніштің жобаланған тоғанына іргелес жатқан тоғанда байқалды (ол жоба салдары ретінде жойылатын болады). Бұдан басқа, сұр қасқыр (Canis lupus) іздері қолданыстағы қалдық қоймасы тоғанының жағалауында табылды (4.9.11-қосымша).

Бауырымен жорғалаушылар және қос мекенділер

Жобаның зерттеу аумағында мекендейтін бауырымен жорғалайтындар және қос мекенділер туралы ақпарат әдебиеттен іздестіру және өрістік зерттеулер (2010 жылғы күз және 2011 жылғы 23 – 24 маусым) арқылы алынды.

2010 жылғы зерттеулердің әдістемесі белгіленбеген, дегенмен зерттеу орындары 4.9.2-сызбада жасыл штрихтармен көрсетілген және мекендеу орындары, өріс белгілері түрлерінің және түсірілім орындарының фотографиялық журналы 4.9.8-қосымшада көрсетілген. 2011 жылы басты әдістемелік амал , 4.9.2 сызбада қызыл сызықтар түрінде көрсетілген бауырымен жорғалаушылардың санын құжатқа түсіру мақсатында жаяу маршруттарды зерттеу болды. Өсімділігі жоқ топырақты аудандарда трансекталар ені 8м болды, дегенмен өсімділігі бар аудандарда 2 м дейін тарылған (Новиков, 1953; Банников және басқа, 1977). Қосмекенділер тоғандарда тіркелді.

Әдебиет көздеріне (Параскив, 1956; Банников және басқа, 1977; Искакова, 1959) және 2010 және 2011 жылдар зерттеулерінің деректеріне сәйкес Жоба аумағында тұратын қосмекенділер мен бауырымен жорғалаушылардың фаунистикалық бөлшегі тоғыз түрмен: төрт қосмекенділермен және бауырымен жорғалаушылардың алты түрімен ұсынылған.

2010 және 2011 жылдардың (**Ошибка! Неизвестный аргумент ключа.**-кесте) өрістік зерттеу барысында анықталған алты түрінің ешбірі Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілмеген, ТҚХО Қызыл тізімінде аз қауіп тудыратын түрлер ретінде мәртебеге ие. Дегенмен, 2011 жылдың зерттеу есебінде зерттеу алаңында сирек болып саналатын үш анықталған түрдің көбі белгіленді.

2010 жылдың зерттеулері бойынша, жалпы, бауырымен жорғалаушылар аз тұқымды және негізінен кесірткелермен ұсынылған, олар әсіресе антропогендік әсерге ұшырайды. Олардың санына айтарлықтай әсерді автокөлік, үстінгі қабаттың бұзылуы, жер жұмыстары береді.

2010 жылы кесіртке тұқымдасынан жылдам кесіртке (*Lacertaagilis*) кездесті, ол тоғандардың жағалауы бойынша ашық дала учаскелерін мекендейді. Гектарға саны 3-5 түрге жетуі мүмкін. 2011 жылы болашақ қалдық қоймасының аумағында үш түр белгіленді. Бұл түр сәуірден бастап қыркүйекке дейін белсенді.

Жыландар көп тұқымды және 2010 жылғы зерттеуге сәйкес екі түрмен ұсынылған. Кәдімгі жылан түрі аз тұқымдас болады (гектарға 1-2 түр), жайылымдарда және тоған жағалауында мекендейді. Ылғалды жерлерде кәдімгі улы сұр жыланның (*Vipera berus)* мекендеуі мүмкін, 2010 жылғы зерттеуге сәйкес бұл түрдің саны төмен деңгейде – бірлі-жарым түрлер. Кәдімгі жылан және улы сұр жылан сәуірден бастап қыркүйекке дейін және сәуірден бастап қазанға дейін тиісінше белсенді. 2011 жылғы зерттеулерге сәйкес кесірткелер тұқымдастарынан жылдам кесіртке кездесті.

2010 жылы зерттелген алаң аумағында қосмекенділер түрінің жалғыз өкілі кәдімгі бақа (*Bufo bufo*) болды. Бұл түр сәуірден бастап қазанға дейңн белсенді және тоған жағалаулары бойындағы жайылым учаскелерін мекендейді. Қосмекенділердің саны ортаның pH деңгейіне және тоғандардың жанар-жағармаймен ластану дәрежесіне байланысты болады.

2011 жылы зерттелген алаң аумағында қосмекенділер түрінің жалғыз өкілі батпақты бақа болды. Жобаланған кеніш шегіндегі тоғанның аумағында 24 маусымда екі түр белгіленді. Бұл объект әзірлеме жобасына сәйкес жойылатын болады.

кес. 4.9.6: 2010 және 2011 жылдардың зерттеу барысында анықталған Жобаның бауырымен жорғалаушылар және қосмекенділер аумақтары

Түрі				**ТҚХО Қызыл тізіміне сәйкес мәртебесі**
Түрлер	2010		2011	
	Қосмекенділер			
Кәдімгі құрбақа *(Bufo bufo)*	X			Ең аз қауіп төндіретін
Сүйіртұмсық бақа*(Rana arvalis)*			X	Ең аз қауіп төндіретін
	Бауырымен жорғалаушылар			
Жылдам кесіртке (*Lacerta agilis*)	X		X	Ең аз қауіп төндіретін
Кәдімгі жылан (*Natrix natrix*)	X			Ең аз қауіп төндіретін
Кәдімгі улы сұр жылан (*Vipera berus*)	X			Ең аз қауіп төндіретін

Биоиндикатор ретінде жылдам кесірткенің популяциясын нақты зерттеу

Бауырымен жорғалаушылар трофикалық тізбекте омыртқасыздардың және майда омыртқалылардың санын реттей отырып, бір уақытта өзге омыртқалы жануарлардың бір қатарына азықтық негіздің құрама бөлігі бола отырып, маңызды рөл ойнайды. Осылай, кесірткелер қауіпі ағзалармен биологиялық күрес агенттері ретінде қолданылуы мүмкін және орта және оның өзгерістері жағдайының индикаторлары ретінде қаралады.

Жылдам кесіртке адам тіршілік еткен жерлерде мекендеуге қабілетті және бұл мекендеу жерлерді тұрғындардың тығыздылығын ұлғайту туралы хабарланған болатын. Бұл жылдам кесірткені техногендік ландшафттардың маңызды бөлшегі етеді және осы модельдік түрді зерттеу ауданы шегінде экожүйе мәртебесін анықтау үшін жасайды. Зерттеу мақсаты көлемдік көрсеткіштерді және зерттеу саласында популяцияның жыныстық құрылымын анықтау болды. Зерттеу 2013 жылдың үшінші аптасында жүргізілген.

Жылдам кесіртке орманды, орманды дала және дала аймағын мекендейді, кей уақытта жартылай шөл және құм шеттеріне кіріп кетеді. Құрғақ биотоптарға, соның ішінде синатроптық; ареал оңтүстігінде – аса ылғалды орындарға орналасады. Тауларда т.д. 3500 м биіктікке дейін белгілі. Түрдің максималдық саны дала алқабында 1000 түр/га белгіленген.

Белсенділік күндізгі. Қыстау қыркүйек және қазан соңынан бастап наурыз және мамырға дейін, ауданына байланысты. Кесірткелер +7,5о С температурада қатып қалады. Жұптастыру қыстаудан шыққан соң бірден басталады; еркектер арасында төбелестер болады. Көбею кезеңінде жұптар туындайдауы мүмкін. Ұзындығы 70 см жеке індерін қазады.Ұрғашылар мамыр соңынан маусым басына дейін маусымына 4 – 15 жұмыртқадан 1 – 2 қалау жасайды. Инкубациялық кезең 2 айдай жалғасады. Жастары ұзындығы 23 - 34 мм аралығында шілдеден бастап пайда болады. Жынысы жетілген болып үшінші қыстаудан кейін дене ұзындығы 70 - 80 мм болғанда саналады. Өмірдің тіркелген ұзақтығы 6 – 7 жыл. Түрлі жәндіктермен және олардың құрттарымен, өрмекшілермен, жер құрттарымен, ұлулармен қоректенеді. Кей кезде өзге түрдің майда кесірткелерін және өзінің жастарын жейді.

Жылдам кесіртке кіші сұңқар, батпырауық және сирек дала бүркіті үшін құрбан түрі болады.

Көп дәрежеде кесірткелер нақты экотонды сипаттарға ие антропогендік биотоптардың сериясын таңдайды. Ол, кесу, тоқсандық клирингтік және өрт әр түрлі, электр беру желілері бойынша кең трансекталды клиринг, мұнай және газ құбырлары бар және жол дамыту барлық табиғи және антропогендік мекендеу орындарын ең жоғары мәні - 79,4%. Ең артықшылықты Бұл олардың жақсы жылыну салдарынан болып, батпайтын тесіктер, жол жиегімен (беткейлері) беріледі.

Сонымен қатар, адам қызметі қалдықтарды (азық-түлік қалдықтары, астық және басқа да ауыл шаруашылығы өнімдері) жыланға тесіктерді көп бойындағы құруға кеміргіштер тартылған.

Сонымен қатар, қалдықтарды, ауыл шаруашылық малдарын тіршілік, түрлі жәндіктер көп тарту - жыланға негізгі азық-түлік.

Буферлік, денсаулық сақтау және санитария 1 2, «Әуезов» Өндірістік және есеп айырысу: Біз көзбен байқауды, бес аймақтардың эксперименттік алаңдарында маршрут сауалнамалар, антропогендік әсер ету дәрежесін ерекшеленетін қамтамасыз етеді.

- Буферлік аймақ қыратты аумағы болып табылады.
  Шөптер мен бұталар өсімдік, жобалық жамылғысы 80-90%.

- Санитарлық аймақ үлкен астық өседі ойпаты өсімдіктердің мезоксерофильді түрі бар.
  Жобалық қамту 70-80%. Санитарлық аймағы 1 (өнеркәсіптік алаң шамамен 5 км) және санитарлық аймағы 2 (өнеркәсіптік алаң жылғы 1,5-2 км, желдің басым бағыты өсті).

- Өнеркәсіптік аймақ үшін шөп қабатының, өсімдіктердің бурьяндық топтардың әлдеқайда үлкен Жұқарған сипатталады.
  Жобалық қамту 55-65%. Топырақ қатты.
- Ауылдың учаскелерін үшін «Әуезов» отандық ғимараттар арасында рудералды өсімдік қауымының таңдалған.

Бауырымен жорғалаушылар санын бағалау үшін В.М. Маекеев және А.Т. Божанский (1988) мақаласында сипатталған мартшруттық есепке алу стандартты әдісі қолданылды. Есепке алу жолақтың ауыспалы ен трансекталарында жүргізілді, мекендеу тығыздығы формула бойынша анықталды:

$$A=\frac{\sum ni}{2ldi}$$

мұндағы А - мекендеу тығыздығы, l - маршруттың ұзындығы, di - жануарлар анықтау қашықтығы, ni - интервалда табылған жануарлар саны.

Түрлердің жыныстық түрісыртқы белгілер кешені бойынша көзбен анықталды: дене түсі, құйрық негізінде қалыңдықтың болуы және басқа.

Табиғаттағы бақылау жылдам кесірткенің бір бірінен аз оқшаулау бөгеттерімен бөлінген және жалпы алғанда, жалпы бір түрді құрайтын популяциясы бар екенін көрсетеді; популяциялардың мұндай тығыз орналасуы көбінесе далалық аймақта және жиң көршілес (жартылай шөл және орманды дала) аймақтарда орналасатын оңтайлы аймақ үшін сипатты. Өзге ландшафттарда кесірткелер популяциялары мозаикалық бөлінген болады, жиі – сызықты (мысалы, өзендер жайылымдары немесе тауалды аудандар бойынша).

Шілде соңында ауыл шеттерінде жылдам кесірткелер күн түскен күндері індерінен таңғы сағат 8—9, ал температура 23° аспаған бұлтты күндері – сағат 11 кейін шығады. Олар күн бойы белсенді және қалың ымырт түскенде ғана індеріне тығылады. Балаларының жұмыртқа жаруы – шілденің ортасынан. Орташа маршрутқа бауырымен жорғалаушылардың 2 данасы тиісінше белгіленеді.

Буферлік аймақта мекендеу тығыздығы бақылау барысында басқа ценоздар ішіндегі ең жоғарғысы болды.

Кесте4.9.7: Кесіртке санының тығыздылығы және бес аймақта жыныстардың қатынасы			
Есепке алу алаңы	**Саының**	**% еркертер / %**	**Сипаттық бионеоценоз**

	тығыздығы (ос/га)	**ұрғашылар (қатынасы)**	
Әуезов кенті	3.8	29.3 / 70.7 (1 : 2.4)	бақшалар
Өнеркәсіптік аймақ	4.6	32.5 / 67.5 (1 : 2.1)	Арам шөп өсімдіктерінің топтамалары
Санитарлық аумақ 1	7.1.	43.4 / 56.6 (1 : 1.3)	Бұталы түрлішөпті-дәнді дала
Санитарлық аумақ 2	5.8.	49.1 / 50.9 (1 : 1)	Жусанды-типчакты-ковыль даласы
Буферлік аумақ	13.7.	43.2 /56.8 (1 : 1.3)	Бұталы түрлішөпті-дәнді дала

Зерттеу тіршілік ету ортасы және өсімдіктердің деңгейдегі түрі буферлік аймағында үлкен сандар әкелуі мүмкін. Сондықтан Әуезов ауылында өсімдіктердің және жыланға арналған баспана өте сирек кездеседі; сонымен қатар, ауыл бақшаларында кеңінен колорадо қоңызына қарсы химиялық заттар пайдаланылған, ол кесірткелердің санына әсерін тигізуі мүмкін.

Панмикті популяцияларда жыныстар қатынасы популяция түрі мен санының филогенетикалық икемділігін реттегіш ретінде болады. Жануарлардың еркін будандасатын популяцияларының репродуктивті бөлігіндегі 1:1 жыныстар қатынасын аса оңтайлы деп санау қалыптасқан, себебі көбею кезеңінде қарама қарсы жыныс түрлерін кездестіруді барынша қамтамасыз етеді.

Маршруттық есепке алу нәтижелері бойынша табиғи ценоздар үшін жылдам кесірткенің еркектері мен ұрғашыларының (түрлердің жасын есептемегенде) шамамен теңдей қатынасы сипатты екенін айтуға болады.

Карьердің борттарында және жер асты қазбаларда құрамында күшән және сульфидтік минералдары бар ашылудың нәтижесінде шахта суларының ластануы (карьерде және жер асты зумпфтарда): Әлеуетті ықпал жасау объектілері шахта және ағынды сулар ағқан жағдайда сулы деңгейжиек, сондай-ақ шахта суларын бетке тарту нәтижесінде өзен жүйесі кіреді. Масштаб: қышқыл ағындардың пайда болуы Карьердің борттарында және жер асты қазбаларда құрамында сульфидтік минералдары бар ашылудың нәтижесінде мүмкін, бірақ кен орнының геологиялық құрылысының жалпы минералогиялық зертеткелері жасалған қышқылды тиімді бейтараптандыру үшін қоршаған жыныстардың маңызды бейтараптық әлеуетінің мүмкіндігіне көрсетеді. Бірақ кенжарда арсенопириттің ашылуы тіпті бейтарап және сілті суда күшіннің бөлінуне әкеліп соғуы мүмкін, ол болмыстық зерттеулердің шеңберіндегі байқауларға келісімді шахта суында As көреіңкі болуымен расталады. Демек, шахта суларының ластану мүмкіндігі ***аздан орташаға*** дейін болып саналады, сондықтан пайдалану сатысында ықпал консервативті ***маңызды*** деп қабылданды.

Пайдаланылған кеңістікті жабу үшін пайдаланылатын цементпен қоспада қатып қалған жыныстық материалдан қышқыл ағындарды және/немесе құрамында металл бар сүзінділердің бөлінуі: Бұл әлеуетті ықпалдың объекті жер асты тау қазбаларымен байланысы бар сулы деңгейжиек, сондай-ақ шахта суларын бетіне тарту кезінде өзен желісі болып табылады. Жабу қоспасында орындалған геохимиялық зерттеулер болжалды флотациялық байыту қалдықтарына емес, ал күйдіру қалдықтары үшін жүргізілді. Демек, зертеу нәтижелерін жабу қоспасынан ықпал масштабының көрсеткіші ретінде пайдалану мүмкін. Нәтижелері қышқыл ағындардың жасалуы, әсіресе жоғары сілтілігін және цемент қосу нәтижесінде материалдың қатуын есепке алып, проблема болмайды. Бірақ, зерттелген жапқыш цемент қоспасынан тіпті сілтілі pH болған кезде жылжымалы As бөлінді. Бар деректер бойынша күйдіру қалдықтары флотация қалдықтарында мүмкін болуымен салыстыру бойынша As жоғары концентрациясының болуына қарамастан, бұрыңғыдай цементпен жапқыш қоспасынан As кейбір мөлшерінің бөліну мүмкіндігі бар. Келешек зерттеулердің қажеттілігіне қарамастан, төмен масштабтың көрсеткіші ***аз*** ықпалдың маңыздылығын істейді, демек, болжалды әсер ***маңызды емес*** болады.

Жыныстық үйінділерде сақталатын, әлеуетті қышқыл жасайтын ағын және тазарту арқылы ластанған қышқыл ағындардың және/немесе құрамында металл бар судың бөлінуі. Бұл әлеуетті ықпал жасаудың объектілері жыныстық үйінділерден тікелей жақын топырқтар, сондай-ақ оларға аршу жыныстарымен байланыстан кейін су түсуі мүмкін, беткі сулар мен жер асты сулардың запастары (өзен желісі және суды деңгейжиек) болып табылады. Аршу жыныстары үлгілерінің геохимиялық сипаттамаларын белгілеу жыныстардың үлкен бөлігі жасалатын қышқылды зиянсыздандыру үшін, жоғары бейтараптық әлеуетке ие болса да, олардың аз бөлігі ғана әлеуетті қышқыл жасаушы болуы мүмкін. Аршу жыныстары ол негізінде кенде болатын арсенопириттың шамалы төмен болуымен және де сипатталады. Аршу үйінділерінен ластанудың нәтижесінде ықпалдардың масштабы, демек, аз болып табылады,

ықпалдардың деңгейі ***ескерілмейтіндей аздан азға*** дейін қабылданды, демек***,*** ықпал ***маңызды емес*** болып табылады.

Көмір кекігін сақтауға арналған құрылыстардан және тазарту нәтижесіндегі ластану: Ықпал жасау объектілері көмір кекігінің қоймасынан тікелей жақындықтағы топырақтар, сондай-ақ оларға аршу жыныстарымен байланыстан кейін су түсуі мүмкін, беткі сулар мен жер асты сулардың запастары (өзен желісі және сулы деңгейжиек) болып табылады, онда кекпен байланысқаннан кейін су түсуі мүмкін, Көмір өнімі тұтас алғанда бұл материал көтеріңкі бейтараптық қабілетіне ие болуы мүмкін болса да, үшінші тазарту қалдықтарымен салыстыру бойынша күкірттің аса жоғары болуымен сипатталады, неге десең оның геохимиялық сипаттамалары зерттелген жоқ, қышқыл ағындардың жасалу тәуекелінің масштабы орташа ретінде қабылданды Қышқыл ағындардың жасалу және металлдарды шайю тәуекелін бегілеу үшін қосымша зерттеулер жүргізілгенге дейін , көмір кегінің қоймасынан ластанудың нәтижесімен ықпал ***орташа***, ал әлеуетті салдары ***маңызды*** болып саналады.

Қалдықтар қоймасынан тазарту нәтижесінде және/немесе қалған суды тартқан кезде ластануы. Қалдықтар қоймасынан ластанған судың ықпал жасау объектілері жергілікті топырақтар, сондай-ақ апаттық ағу немесе қалдықтар қоймасының бөгетінен инфильтрация нәтижесінде беткі және жер асты сулар (өзен желісі және сулы деңгейжиек) болып табылады. Бірақ, күкірттің болуына тәжірибелік қондырғы қалдықтарының барлық анализдері күшәннің >0.3%S және 0,13% нәтижелерін берді. Флотация қалдықтары үшін қышқыл ағындардың жасалуының геохимиялық сипаттамаларын және әлеуетін белгілеу мақсатында зерттеулер жүргізіледі, бірақ, химиялық анализдердің бар алдық ала деректерінің есебімен қалдықтардың неохимиялық ықпалдары тәуекелінің аталған масштабы ***төмен***, демек, ықпал ***үлкен емес*** және бәлкім ***маңызды емес*** болып табылады. Бірақ, зерттеулер нәтижелерінің бар кемшіліктерін есепке алып, қалдықтар қоймасынан қышқыл ағындардың жасалу және тазарту тәуекелін басқаруға консервативтік тәсіл қолданды.

Ластанған суда кен қоймаларына, әсіресе, ұзақ уақыт ішінде пайдаланылмаған баланстан тыс кеннің қоймаларынан бөлінуі: Кен қоймаларынан барлық әлеуетті ықпал жсау объектілері жергілікті топырақта мен су ресурстары болып табылады. Бақыршық кен орнының кендері, онда алтын арсенопиритте біріктірілген және алынған сульфидтік минерализациялау сипатының арқасында жоғары геохимиялық тәуекелдермен сипатталуына қарамастан, қашқыл ағындардың жасалу әлеуетін зерттеу қышқыл жасалу алдында реакцияның мүмкін кідіруі туралы айтады. Сульфидтердің осындай төмендетілген химиялық белсенділігі (тотығуға) және 2- айдан 6 айға дейін кідіруі, егер кенді ұзақ уақыт ішінде сақатамаса, проблема болмауы мүмкін. Кеннің күшінді бөлуге беймділігі әлі белгіленбеген, бірақ өзімен тағы үлкен тәуекел білдіруі мүмкін. Бұндай ластану масштабының есебімен кен қоймаларының бұндай ластануы ***орташа*** болып қабылданды, ол жеңілдету шараларсыз ***маңызды*** салдарына әкеледі.

Кейбір ықпал көздері беткі және жер асты сулардың (өзен желісі және сулы деңгейжиек) запастарына әлеуетті зиянды ақпалы бар ретінде белгіленді. Бұл ықпал кен орнының бүкіл

аумағында маңызды болуы мүмкін, неге десең өзен желісі жақсы дамыған: кен орнының аумағын бірнеше ірі су ағыны дренажды, алкен орнының бүкіл ауданы бойынша кездесетін сулы деңгейжиек маңызды қуатымен және суды ұстау қабілетімен сипатталады және өзімен судың маңызды көзін білдіреді.

Айқындалған ықпалдарды жеңілдету үшін ұсынылатын шаралар және бұл шараларды қаблдаудан кейін қалдық ықпалдарды бағалау бұдан әрі қаралады.

5.5.9 Жеңілдету шаралары

Сол уақытта "Маңызды" ретінде жіктелетін теріс салдары ,қалдық ықпалдары маңыздылығының деңгейін төмендету үшін, жеңілдету шараларды талап етеді, маңыссыз салдарының кейбір ықпалдары әсіресе, онда белгісіздік дар жерде, жеңілдету шараларды талап етеді. Кәсіпорынмен ашылатын және тасымалданатын кейбір материлдардың геохимиялық сипаттамаларына қатысты бар белгісіздікті есепке ала отырып, металлдардың қышқыл ағындарының бөліну және тазарту тәуекелдерін басқаруға консервативтік тәсіл қолданды. Осы құжатта сипатталған кейбір іс-шаралар әртүрлі қалдықтардың қасиеттері қосымша белгіленгеннен кейін, керек болмай қалады.

Сонымен қатар жеңілдету шаралардың тиімділігін бағалау мақсатында мониторинг бойынша іс-шаралар белгіленеді.

Барлық вйқындалган геохимиялық ықпалдар үшін жеңілдету шараларын жоспарлаудың ең маңызды басты элементі оған мынала кіретін, Экологиялық және әлеуметтік аспектілерін басқару жоспарының (ESMP, 8 тарауды қараңыз) бөлігі ретінде минералдық ресурстарды басқару жүйесін әзірлеу және енгізу болады:

- Геохимиялық сипаттамалардың кейінгі анықтамалары;
- Әлеуетті қышқыл жасайтын және құрамында күшәні бар материалдарды басқару;
- Минерадық қалдықтарды сақтауға арналған құрылыстарды жобалау және пайдалану; және
- Кәсіпорынды тиісті қалпына келтіру және жабу.

Бұл шаралар жұмыс жобалау сатысында әзірленді және сипаты, саны және қышқыл жасайтын және құрамында күшәні бар материалдарме, сондай-ақ кәсіпорынның жерді пайдалану жөніндегі бұдан әрі жоспарларымен байланысты, тәуекелдер туралы жаңа деректер оүсуіне қарай құрылыс және пайдалану уақытында жүйелі жаңарады.

Жеңілдету шараларының баспалдақтары іс-шаралардың құрылымдалған және әлеуетті ықпалдардан құтылуға немесе болдырмауға және содан кейін қысқартуға, жұмылдаруға және бақылауға бағытталған болуын талап етеді. Минералдық қалдықтарды басқаруға барлық тәсілдерле базаланатын негізін қалаушы талаптар олардың қышқылды жасау қабілеті және

металлдарды шаю тәуекелі көзқарасынан аршу жыныстар мен кендердің сипаттамаларын дұрыс белгілеу және тұрақты растау қажеттілігі болып табылады.

Барлық жыныстық үйінділерді және байланстан тыс кеннің қоймаларын жобалау, салу және пайдалану кезінде мыналарға бағытталған іс-шаралар көзделеді:

- Қышқыл ағындардың жасалауын болдырмау немесе төмендету;
- Құрамында металл бар сүзінділердің бөлінуін бақылау;
- Тиісті біліктілігі бар тәжірибелі жобалаушымен жыныстық үйінділерді және қалдықтар қоймасын сараптаудың арқасында геохимиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету;
- Қышқыл жасау және металлдарды бөлі көзқарасынан беткі сулардың түсуін және ағынын бақылау; және
- Құрамында металл бар сүзінділердің және қышқыл ағындылардың беткі және дер асты суларға және топыраққа түсуін болдырмау.

Аршу жыныстарының үйінділерін және баланстан тыс кеннің қоймаларын басқару бойынша егжей-тегжейлі шаралар бұдан әрі сипатталды. Барлық бұл алдын алу шаралары қосымша деректерді алуына және пайдалану сатысында кейінгі зерттеулердің нәтижесінде кен орындары шегінде қышқыл жасау қабілетін жақсы түсінуге жетуіне қарай және кейін қайта бағаланады.

Жобаның әлеуетті геохимиялық ықпалдарын жеңілдетудің басты шарасы – тау жұмыстарының жоспарын жобалау және есептеу, сондай-ақ пайдалану кезіндегі басқару шаралары. Мұнда сөйтіп, сульфидтердің тотығу немесе ластауыш металлдардың бөлінуі мүмкіндігін төмендету үшін, кен қоймаларын, көмір кегін, аршу жыныстарды және қалдықтарды сақтауға арналған құрылыстарды, жобалау кіреді. Сумен қамтамасыз ету жүйесін негізінде жабық жүйелерде пайдаланушылық қажеттіліктерге қайта пайдалану үшін барлық байланысты болған шахта суларын жинауды көздеу үшін, қышқыл ағындардың жасалауын және/немесе металлдардың шайылуын бақылау үшін негізін қалаушы маңызы бар.

Жобалық шешімдерге:

Байыту фабрикасының буферлік кен қоймасы кіреді: барлық жиналған ағындарды қалдықтар қоймасына бағыттаумен 0.5 м сүзуге қарсы сазды экранның құрылғысы. Неге десең кенде As пен S жоғары болуы мүмкін, кен қоймасынан кез келген ағындарда/сүзінділерде қышқыл ағындар мен еріген металлдар болуы мүмкін, сондықтан барлық кен қоймалары үшін периметр бойынша барлық ағындарды ұстау үшін арықтар құрылады және оларды қайта пайдалануға бағыттайды.

Көмір өнімінің қоймасы: Бұл өнімде қалдықтарға қарағанда, күкірттің жоғары болады және сондықтан қышқыл жасауға зор қабілеті бар. Көмір кегінің қоймасы қалыңдығы 1,5мм полиэтилен экранымен қорғалады. Ағындар арыққа жиналады және тұндырғыш-бөгетке

бағытталады, одан бөгеттің қоршау дамбасы арқылы қалдықтар қоймасын тарту үшін зумпфте сүзіледі. Арықтардың, тұндырғыш-бөгеттердің және зумпфтың нтүбі қатайтылады және төселетін топыраққа инфильтрациялауды болдырмау үшін сазды экранмен қорғалады. Құрылыстың айналасында ағындардың жер асты суларыа миграциясын белгілеу үшін мониторингтік ұңғымалар құрылады.

Қалдықтар қоймасы: Қалдықтар қоймасының түбі қалыңдығы 1 мм полиэтилен дәнекерлеу экранымен қорғалады. Қалдықтар қоймасының борттары қалыңдығы 1,5 мм ПНД үлдірімен қорғалады. Үлдір табақтары қапсырма дәнекерленеді. Онда бар қадықтардың тығыздалуына қарай су бетінде жиналады, бұл ретте бетінен булану «сіңіргіш» әсер көрсетеді. Үлдірдің астында барлық инфильтраттарды/ қалдық қоймасының бөгетіне қайтарумен ағуларды ұстау үшін ұнтақталған қиыршық таспен толтырылған, **саусақ тәрізді** қашыртқылар құрылады. Ағартылған су қайтадан пайдалану үшін фабрикаға қайтарылады, ал судың қалдықтары буланды.

Жыныстық үйінді: Жыныстық үйінді топырақ-өсімдік қабаты алынған және дренажбен жабылған дайын алаңда құрылады. Пайдалану кезінде жыныстық үйіндіні басқару құрамындағы заттарды бақылау жүйесінің бөлігі ретінде, карьерде барлық жоғары тәуекелдерді және әлеуетті қышқыл жсайтын жыныстарды белгілейді. Бұл материал үйінді алаңдарының шетінен алыста қатталса және үйіндінің қышқыл жасамайтын жыныстарынан негізгі денемен сенімді қоршалса жақсы болады. Шоғырланғандар мен науалар үйіндінің периметрі бойынша дренажды арықтарға жиналып, су жинауыш тоғанға жіберіледі, ал содан кейін қажеттілігі бойынша сақтауыш тоғанға аударылатын болады.

Кеніш және жерасты су ағынының барлық суы жиналып, кеніштің су төгетін жинауыш тоғанына жіберілетін болады.

Жоба қызметіндегі қышқыл ағындар мен металл сүзгілерінің әрекетін жұмсарту жөніндегі жедел басқарудың негізгі тәсілі болып **байланыстыратын шахта суларының** артығын Ақбастаубұлаққа төгу алдында шахта суларын тазалауға арналған қондырғыға жіберу болып табылады. Мүмкіншілігі бойынша барлық шахта сулары байыту үдерісінде негізінен Жобада, сондай-ақ жазғы шаңды басу және техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жұмыстарының қажеттілігі үшін қайта пайдаланылатын болады.

Аталған сатыда қышқыл ағындылары мен металды сүзгілеу әрекетін жұмсарту стратегиясы консервативті болып табылады және күкірт құрамы>0.5% барлық материал қышқыл түзуші болып табылады, ал As құрамы артық барлық материал сілтілеуге жатады. Тәжірибеде геохимиялық зерттеулер күкірт құрамы >0.5% материал бөлігі қышқыл түзбейтін болуы мүмкін және түзілген қышқылды залалсыздандыру үшін жеткілікті болуы мүмкін. Ары қарайғы зерттеулер жоғары тәуекелді білдіретін материалды өндіруді бастағанға дейін күшәлә материалдарын бөлетін және қышқыл түзетін материалдар көлемінің нақты мағыналарын алуды нақтылауға бағытталатын болады.

5.5.10 Топырақ құнарлылығын қалпына келтіру жөніндегі іс- шаралар

Ұзақ мерзімді геохимиялық әрекеттерді басқару үшін кен орындарын қайта қалпына келтіру және жабудың алдын ала Жоспары мына іс-шаралар мен ресімдерді қарастырады:

Кеніш: Кенішті жапқаннан кейінгі іс-шаралар жоспары кеніштегі көлдің қалыптасуын қарастырады, ол су түпкілікті деңгейге тұрақтағанша жерасты суын өндіру аяқталған соң 35 жылды қамтиды. Пайдалану кезінде кеніштегі судың жиынтық сапасын болжау мақсатында әзірлеудің блоктық үлгісі негізінде тұрақты үлгілеу жүзеге асырылатын болады. Кеніштің соңғы контурындағы борттарда күшәла және сульфидті құрамды жыныстарды анықтаудың жиынтық деңгейі жабылғанға дейін бірнеше жыл бұрын белгілі болады, себебі өндіру жерасты тәсілімен жалғасатын болады, ол судың сапасын болжауды нақтылауға және жабу стратегиясын әзірлеуге мүмкіндік береді. Ары қарайғы зерттеулер де жабылғаннан кейін топырақ суларымен бірге хабарландыру ықтималдығын анықтау үшін су ағынының көздерін, жолдарын зерттеуге бағытталатын болады.

Жыныстық үйінді: Үйіндінің түпкілікті биіктігі 105 метрді құрайды, үйінді екі қабатқа салынады: алдын ала сақтандырғыш бермасы 20м және еңіс бұрышы 34^{o} бар төменгі алаңы 390 га (3500 х 1500 м). Қосымша жоспарлау өндіруді аяқтағаннан кейін қажет емес. Үйіндінің соңғы үстіңгі беті қалыңдатылатын және топырақты қалпына келтіру үшін қалыңдығы 0,2 м құнарлы қабатпен жабылатын болады. Тұрақты дренаж арықтар жынысты үйіндінің үстіңгі бетіндегі су үйінділерін қамтамасыз етеді және үйіндінің үстнідегі ағынды су нәтижесінде пайда болған эрозияны азайтады.

Көмір үгінділерін жинау Көмір үгінділері табиғи бұрышы 27^{o}, алаңы 55600 шаршы метр, биіктігі 15 метрге дейін бір қабат болып жиналатын болады. Құрылым басында тығыздылған 10-20 см қуатты топырақ қабатымен жабылып, содан кейін құнарлылықты қайта келтіру алдында геотор төселетін болады. Дренажды жүйе құрылымнан жер үстіндегі суларды бұрып, ағындарды су жинағышқа бағыттайтын болады.
Қалдықтар қоймасы: Жабу кезінде үйіндіні сақтағыш тоғандағы ағартылған су түсіріліп, суды шығаруға рұқсаты болған жағдайда қоршаған ортаға түсірілуі керек. Үйінділерді бөлу және тасу жөніндегі барлық құрылымдар қайта жөнделуі керек. Су көлемін азайту және үйінділерді нығыздағаннан кейін үйіндінің үстіңгі бетін тығыздап, қалыңдығы 0,6 м шағыл мен жынысты ұсақ тастар қабатын төсеу керек. Жер үстіндегі сулар мен жауын суларының бұру үшін Бұратын жыраларға ағынды суы бар үстіңгі беттің еңістерін жоспарлау жолымен өзенге қорғайтын бөгеттер орнатып, қамтамасыз ету қажет. Жоспарланған үстіңгі бет қалыңдығы 0,2 м қабатпен жабылып, ағаштар мен бұталардың ұрықтары себіледі.

5.5.11 Қалдық ықпалдар

Жұмсартушы шараларды қолданғаннан кейінгі әрекет етудің маңыздылығын қайта бағалау (олардың тиімділігі болған жағдайда) Жоба қызметі нәтижесінде қалған әрекеттерді анықтау үшін орындалады. Мұндай бағалау жұмсартушы іс-шараларды қолданғанға дейін әрекет етуді бағалау үшін пайдаланылатын Әрекет ету маңыздығы матрицасы мен әдістемесі бойынша орындалатын болады. Әлеуетті әрекеттерді жұмсартуға бағытталған шаралардың тиімділігін тексеруге бағытталған мониторинг бағдарламасы негізінде тәуекелдерге тиісті талдау жалғасатын болады.

Топырақтағы және су ресурстарына арналған металдарды сүзгілеу және қышқыл ағындарының әрекет ету шараларын қабылдаған жағдайда тау кен жұмыстарының жоспар бөлігі ретінде тұрақты түрде оларды басқаруға болады. Бірақ ESMP-де жұмсартушы шаралардың тиімділігін бағалау үшін ұзақ мониторинг тұжырымдамасы ұсынылатын болады. Жоғарыда сипатталған бақылау тәсілдерін қолданған жағдайда қышқыл ағындылары мен металдарды жуудың жағымсыз әрекеттері тәуекелі құрылыс кезінде **ескерілмейтіндей аз** дейін және пайдалану кезінде **маңызды емеске** дейін азайтылатын болады. Кәсіпорын тарату сатыларына жеткенше ашылатын жыныстарды қаттау учаскелері бірнеше жыл бойынша қайта қалпына келтірілетін болады және тиісінше қышқыл ағындылар мен металдарды жууды басқару тәсілдерінің тиімділігі мен ұзақтығы біршама уақыт ішінде әрекет ететін болады. Тиісінше, егер басқару жүйесі тоқтап қалмаса, As жуу мен қышқыл науалар перспективада әрекет етуге әсерін тигізбейді. Бұл жағдайда аршылатын жыныстар мен жақын жатқан аймақтарда қаттау учаскелерінде топырақ және өсуіне, сондай-ақ рельеф бойынша төмен судың сапасына зиянды әсерін тигізеді, ол жапқаннан кейінгі су мен топыраққа әсер етудің біршама тәуекелінің сақталуына алып келеді.
Жұмсарту шараларын қолдану нәтижелері және қалдық әсерлері төмендегі келтірілген Кесте 5.5.2.

Кесте 5.5.2: Жұмсартушы шаралар мен қалдық әрекеттер

Ықпал	**Өндіру кезеңі**	**Жеңілдету шараларды қабылдауға дейінгі ықпал**	**Басты жеңілдету шаралары**	**Қалдық ықпалдар**
Ескі жыныс үйінділерінің немесе сақтау қоймаларының бұзылуы нәтижесінде қышқыл науалардың немесе металл сүзгіштерінің бөлінуі	Құрылыс	Маңызды емес	Тыңғылықты көшіру және барлық ескі аршылатын жыныстар мен тәжірибелік қондырғылардың үйінділерін сақтаудың жаңа орнын дайындау Құрылыс кезінде барлық байланыстырушы суларды жинау мен сақтау	Ескерілмейтінде аз
Кеніш және жерасты өндірім борттарындағы қышқыл түзуші	Пайдалану	Орташа	Кеніш және жерасты өндірім борттарындағы қышқыл түзуші және күшәла құрамды барлық жыныстардың сипаттамасын анықтау, анықтау	Маңызды емес
	Жабу	Орташа		Маңызды

және күшәла құрамды жыныстарды азайту нәтижесінде шахта суларының ластануы			және белгілеу. Жобада қайта пайдалану және су қоймасында сақтау үшін кеніш және жерасты суды төккіштің суының барлық көлемдерін жинау. Кеніште толық су басу алдында жапқаннан кейін қышқылды ағындар тәуекелін жоспарлау мақсатында кеніштің соңғы контурының геологиялық құрылымын үлгілеу Жұмсартушы шаралардың тиімділігін тексеру үшін әзірлеу алдында топырақ суларын мониторингтеу	емес
Цемент құю қорытпасынан металл құрамды сүзіндіні бөлу	Пайдалану	Маңызды емес	Тәуекелдерді нақтылау үшін цементі бар қорытпадағы флотация үйінділерінің геохимиялық сипаттамаларын анықтауды жалғастыру Үйіндіне сақтауды қайтару арқылы жинау қоспасынан барлық бастапқы сүзінділерді жинау Қабаттау қоймасын жууды бағалау үшін шахталық және топырақ суларын мониторингтеу	Ескерілмейтінде аз
	Жабу	Маңызды емес		Ескерілмейтінде аз
Жыныста үйінділердегі науалар мен сүзгілеу нәтижесінде қышқыл науалар және/немесе металл құрамды сүзгіштермен ластану	Пайдалану	Маңызды емес	Блоктық үлгідегі және кеніштегі жоғарғы As құрамды аршылатын жыныстар мен қышқыл түзуші жыныстардың сипаттамасын анықтау, анықтау және белгілеу. Жыныс үйіндісі шегінде анықталған барлық әлеуетті аршылатын жыныстарды жою және қорыту. Жыныстар үйіндісінің барлық ағындары мен сүзінділерін жинау және басқару. Қышқыл ағындардың түзілісін және металдың шайылуын басқару әдістерін тұрақты мониторингілеу және ынталандыру, сондай-ақ ашылған жыныстарды қоймалау бойынша жұмыстарды бақылау Кеншарды өңдеу аяқталған соң және беткі жаққа ашылған жыныстарды қоймалау тоқтатылған соң жыныстар үйіндісін жабу, оқшаулау және қалпына келтіру.	Ескерілмейтінде аз
	Жабу	Маңызды емес		Ескерілмейтінде аз
Көмір кегы қоймасының қышқылды ағындары және металдармен ластанған сүзінділері	Пайдалану	Орташа	Барлық байланыстағы сулар қалдықтар қоймасына жиналуы мен ағуы үшін, кекты жабық жүйеде өңдеу және сақтау. Басқару шараларының тиімділігін тексеру үшін көмір кегы қоймасының жанындағы жерасты суларының сапасын мониторингілеу Көмір флотациясы тоқтаған соң бірден құрылымды жабу, оқшаулау және қалпына келтіру	Маңызды емес
	Жабу	Орташа		Маңызды емес
Қалдықтар қоймасындағы	Пайдалану	Маңызды емес	Қышқылды ағындардың шығуы мен металдың шайылуы қауіп-қатерін анықтау	Ескерілмейтінде аз

сүзгілеу нәтижесінде және/немесе тазартылған суды айдау кезіндегі ластану.	Жабу	Маңызды емес	мақсатында, флотация қалдықтарының сипаттамасын анықтау жөніндегі зерттеулерді жалғастыру. Қалдық қоймасының тоғанына барлық инфильтраттар мен байланысатын суды қайтара отырып, тұйық айналымда қалдық қоймасының жұмысын қамтамасыз ету. Инфильтраттарды/ағуларды анықтау мақсатында қалдықтар қоймасының маңайындағы жер асты суларының сапасын мониторингілеу. Қалдықтар жеткілікті нығыздалған соң қалдықтар қоймасының беткі жағын жабу, оқшаулау және қалпына келтіру	Ескерілмейтінде аз
Кен қоймаларынан ластанған суды бөлу	Пайдалану	Орташа	Барлық ағындар мен сүзінділерді оқшауландыруды қамтамасыз ететіндей кен қоймасын жобалау және салу Барлық байланыстағы суларды жинау және оны кәсіпорында қайтара пайдалану, қажет болған жағдайда қалдықтар қоймасында сақтау Кенді ұзақ уақыт сақтауды болдырмау (<2 ай). Баланстағы кен қоймасының қондырғысы қажет болған жағдайда, қойма сүзіндіге қарсы экранмен қорғалуы және жабық жүйе ретінде жұмыс істеуі тиіс Кен орнын өңдеу аяқталған кезде, бастапқы және баланстағы кеннің барлық қоймаларын өңдеу және/немесе бұзу қамтамасыз етілсін.	Ескерілмейтінде аз
	Жабу	Маңызды емес		Жоқ

ESMP кеншарды пайдалану жөніндегі жоба мен жоспарға енгізілген және құрамында As болуы жоғары барлық әлеуетті қышқыл түзетін материалдар мен қауіпті материалдарды анықтау мен басқаруды қамтамасыз ететін бірқатар басқару іс-шараларынан тұратын болады Бұдан әрі қышқылды ағындардың түзілуі мен металдың шайылуы қауіп-қатерін анықтауға, сондай-ақ басқарудың тиісті шараларын оңтайландыруға бағытталған зерттеулер орындалатын болады.

ESPM көзделген шаралар, мыналардан тұрады:

- Келесі әдістердің көмегімен әлеуетті қышқыл түзетін материалдарды бұдан әрі кескіндеу және сипаттау:
  - қышқылды ағындардың түзілуі қабілетін/металдардың шайылуын зерттеудің үздіксіз бағдарламасы;
  - қышқылдың және As құрамының түзілуі қабілетіне қатысты гұғыл деректерді алу үшін ашылған кендердің сынамасын тұрақты іріктеу;
  - пайдаланылатын ұңғыманың қожында күкірттің болуына талдау жасау; және
  - селективті шұңқырды қамтамасыз ету үшін жақсы көрінетін маркерлермен жұмыс кеншарын контурлау.

- Пайдаланылатын ұңғыманың қожында күшәланың болуына талдау жасау.
- Ашылған кендерді қоймалау кезіндегі селективті шұңқыр және қауіпті материалдарды бөлу.
- Физикалық кедергіні түзе отырып, инертті немесе бетараптайтын материалдардан жабын қондырғысы.
- Тоғанның түзілісін және тұнбаның сүзілуінің алдын алу мақсатында ашылған кендер қайырмасының бетін формалау.
- Қоймадан бөлінетін инфильтраттарды жинау және бөлу үшін тұғырға дрен орнату.
- Қабылданатын су объектілерінің құйылатын жеріне талаптарда көзделген жағдайда, сүзінділерді тазартуды қарастыру; және
- Ашылған кен қоймасынан, көмір кегы қоймасы және қалдық қоймасынан сүзінділерінің бөлінуін мониторингілеу; тиісті түрде орналасқан бақылау ұңғымаларының көмегімен жер асты суларын мониторингілеу; барлық байланыстағы шахта суларын мониторингілеу.
- Бедерлі жағдаймен салыстырғандағы топырақтың сапасын кезеңді мониторингілеу.

5.5.12 Мониторингілеу және аудит

Мониторингінің қажетті деңгейі, қолайлы шаралардың жеткілікті екендігіне көз жеткізу үшін және 8-тарауда сипатталғандай қолайлы шекте нақты әсерді ұстап тұру үшін белгілі кезеңде белгіленеді. Жоспарда бақылау ұңғымаларының жеткілікті саның бұрғылау және шешщім талап ететін проблемаларды көрсететін сынамалаудың кешенді тұрақты бағдарламасы көзделетін болады. Бағдарлама кен орнында қышқылды ағындардың түзілуі мен металдардың шайылуы мүмкіндігіне қатысты барынша сенімді деректер беретін тұрақты әрекет ететін бағдарламаның берілуне қарай жаңартылатын болады.

Шахта суларын, минералды қалдықтар мен қоймаларды мониторингілеу бағдарламасының басты міндеттері болып табылады:

- Басқарушы іс-шаралардың жеткіліктігін анықтауға көмектесетін және барынша оңтайлы іс-шаралар мен рәсімдер әзірлеуге мүмкіндік беретін ақпаратты беру.
- Қоршаған ортадағы үрдістер мен өзгерістерді табу және өлшеу, олардың себептерін талдау мүмкіндігін қамтамасыз ету.
- Жекелеген қызмет түрлерінің нәтижесіндегі әсер етулерді растау, болжанбаған салдарларды және қосымша реттеу шараларының қажеттілігін анықтау.

Геохимиялық мониторингілеу бағдарламасы SEMP және Кеншарды сумен жабдықтауды ұйымдастыру жоспарында сипатталған мониторингілеудің барынша ауқымды бағдарламасына байланысты және мыналардан тұрады:

- Кенді қайырмалардың, көмір кегы қоймасының, қалдық қоймасы мен кен қоймасының беткі ағындары мен инфильтраттарының беткі ағындарының сапасын мониторингілеу, бастапқыда апта сайынғы негізде, басқарушы іс-

шаралардың тиімділігі расталғанға дейін. Одан кейін мониторингінің кезеңділігі ай сайынғыға дейін азайтылатын болады.

- Барлық әлеуетті геохимиялық әсер ету көздерінен – кеншардан, жер асты өндірулерінен, кенді қайырмалардан, көмір кегы қоймасынан, қалдық қоймасынан және кен қоймаларының маңайында немесе жер бедері бойынша төмен орналасқан ұңғымалардағы судың сапасын мониторингілеу.
- Кен қайырмалары мен қалдық қоймасының тұтастығын (сыртқы қайырмалардағы, кеншар және қоршаған дамбалардағы эрозияның және инфильтрацияның белгілерін анықтауға баса назар аударылатын болады), пайдалану процестерін (яғни, судың деңгейін) мониторингілеу.
- Су жиналатын арықтауды және кен қайырмасының тоғандарын, көмір кегы қоймасы мен кен қоймаларын тұрақты тексеру (ауысымда бір рет).
- Ақауларды анықтау үшін сорғы беру қысымын үздіксіз бақылау (автоматты жүйе).
- Минералды материалдар қоймасына жақын аумақтағы топырақтың сапасын жыл сайынғы мониторингілеу.

Жоғарыда сипатталған іс-шаралар pH және металдың болуын анықтау үшін жүргізілетін тұрақты талдауды қоса, кеншарды сумен жабдықтау жоспарына сәйкес беткі сулар сынамаланатын бақылау ұңғымаларында немесе арнайы нүктелерде беткі және жер асты суларының сапасын тұрақты тексерумен толықтырылатын болады. Атап айтқанда, геохимиялық әсерді азайту бойынша шаралардың тиімділігі ең алдымен судың сапасын бағалау жолымен анықталатын болады, бұл ретте қышқылды ағындардың бөлінуі мен металдардың шайылуына, сондай-ақ тиісті стандарттардың сақталуына байланысты қоршаған ортаға әсер етуін анықтауға баса назар аударылатын болады. Барлық байланыста болатын сулар кәсіпорында қайтара пайдаланылатындықтан, судың ағысына техникалық талаптар әзірлеудің қажеттілігі жоқ, алайда авариялық судың төгілуі жағдайында талаптарға сәйкес шекті-рұқсат берілетін шоғырлану пайдаланылатын болады. Алынған бақылау деректері үнемі талданатын және күтілетін талаптар мен нормативті талаптарға сәйкес салыстыралатын болады.

Аудит бағдарламасын мына мақсатта жүргізіледі:

- Қышқылды ағындардың бөлінуі мен металдардың шайылуын басқару бойынша іс-шараларды мониторингілеу/тексеру және аудит, көзделген азайту іс-шаралары мен рәсімдерінің тиісті қолданылуына көз жеткізу.
- Кеншар басшылығына тексеру нәтижелері мен аудит туралы есеп беру.
- Оқиғаларды тіркеу және уәкілетті органдарды хабарландыру.

5.6 Ауа сапасы

5.6.1 Әсерді бағалау

Атмосфераға шығарындылардың түсуі емсебінен ластанудың ықтималк әсері PS 3 бойынша анықталады және жобада қарастырылатын аудан мен тұрғындарды бағалауды талап етеді. Ықтимал әсер етуді ьағалау әдістемесі 5.1-тарауда баяндалған әдістемеге сәйкес келеді. Бұл тарауда еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігіне қойылатын талаптар жекелеп қарастырылған жоқ, бірақ Полиметалл компаниясы құрастырған нақты саясаттар мен іс-шаралар арқылы оларға сілтемелер жасалды.

Әсер ету нысандарының (рецепторлар) сезімталдығын бөлуге арналған тұжырымдамалар кесте 5.6.1 сипаталады. Әсер ету масштабын анықтауға арналған тұжырымдамалар кесте. **5.6.2** келтірілген.

Кез-келген экологиялық әсеодің маңыздылығы оның масштабының және рецепторлар сезімталдығының өзара әрекеттестігімен анықталады. Ауа сапасымен байланысты әсерлерді бағалау үшін пайдаланылған әсер ету маңыздылығының матрицасы, мысалы, стандартты матрица 5.1-тарауда келтірілген (5.1.3-кесте).

кесте 5.6.1: Әсер ету нысандарының сезімталдығын анықтау әдістемесі

Сезімталдық	Әдістеме
Төмен	Нысан өзіне тән қасиеттерге залал келтірмей, өзгерістерді сіңіреді, төмен немесе жергілікті маңыздылығы бар, мысалы, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы қызметі, оған ауа сапасының өзгерістері әсер ете алмайды.
Орташа	Нысанның өзінің қасиеттеріне айтарлықтай залал келтірмей-ақ өзгерістерді сіңіру қабілеті бар немесе маңыздылығы жоғары. Мысалы, тұрғын үйлер мен елді мекендер.
Жоғары	Нысан өзінің қасиеттеріне айтарлықтай залал келтірмей, өзгерістерді аз сіңіру қабілеті бар немесе мемлекеттік маңызы бар. Мысалы, ауруханал, коммерциялық/өнеркәсіптік нысандар, оларға қызмет ету үшін таза ауа қажет; сондай-ақ ауа сапасының өзгеруіне және/немесе мекендеу ортасының тұр құрамы мен сапасына қатысты өлшенген бөлшектердің шөгуіне сезімтал өсімдік қажет.
Өте жоғары	Нысан ауа сапасының өзгеруіне анағұрлым жоғары сезімталдығымен сипатталады немесе халықаралық мағынасы бар. Мысалы, ауа сүзгіш агрегаттарды пайдалану үшін таза ауа қажет болатын сезімталдығы жоғары және жоғары технологиялық өндірістер; және халықаралық маңызы бар және ауа сапасының өзгеруіне және/немесе өлшенген бөлшектердің шөгуіне сезімтал спецификалық мекендеу орталары.

кесте. 5.6.2: Әсер ету масштабын анықтау әдістемесі

Әсер ету	Фондық күйіне қатысты өзгерістер немесе болжалды деңгейі мен нормативтік деңгейі арасындағы айырмашылық
Болмашы	Қоршаған ортаның фондық күйіне қатысты өлшемдердің рұқсат етілген кемшіліктерінің ауқымында минималды өзгешеленетін өзгерісі (орташа жылдық артуы немесе төмендеуі <1%).
Төмен	Қажет/қажет емес жағдайлардың туындауы арқылы қоршаған ортаның фондық күйіне қатысты өзгерістерге әкеп соғатын өзгеріс (орташа жылдық артуы немесе төмендеуі 1-ден 5%-ға дейін).
Бірқалыпты	Қоршаған отаның фондық күйіне байланысты әртүрлі өзгеріс тудыратын және болжам бойынша тиісті рұқсат етілген немесе нормативік көрсеткіштердің шамалы асып кетуіне әкеп соғатын, не болмаса әсер ету нысаны үшін қолайлы/қолайсыз әсерлерге әкеп соғатын әсер ету (орташа жылдық артуы немесе төмендеуі от 5-тен 10%-ға дейін).
Жоғары	Қоршаған ортаның фондық күйіне байланысты айтарлықтай өзгерістер тудыратын және болжам бойынша тиісті рұқсат етілген немесе нормативтік көрсеткіштердің ұлғаюына және әсер ету нысаны үшін қолайлы/қолайсыз салдарына әкеп соғуы мүмкін әсер (орташа жылдық ұлғаюы немесе төмендеуі >10%).
Ескертпе: Өзгеріс масштабын бағалау үшін ресми анықтамалық критерийлерге негізделген[1]	

5.6.2 Кәсіпорынның ауа сапасына қатысты қызметі

Ося бағалауда қарастырылатын атмосфераға ықтимал шығарындылар келесі критерийлерге жатады:

- **Шаңдану:** Тау жұмыстары, жер жұмыстары кезінде, тау массасы мен топырақты тасымалдаған және тиеген кезде, көлік қара жолмен қозғалған кезде, кезде түзілетін өлшенген бөлшектер, ұсақтау-сұрыптау кешенінің жұмыстары кезінде түзілетін өлшенген бөлшектер;
- **Отын жанған кездегі дақтырыдылар:** Ішкі жану қозғалтқыштарының жұмысы кезінде түзілетін газ бен өлшенген бөлшектер (жеңіл және жкү автокөліетері, агрегаттардың қозғалтқыштары, генераторлар), көмермен жанатын қазандықтардың шығарындылары;
- **Жағымсыз иістер:** жергілікті тұрғындардың немесе қызметккерлер құрамының денсаулығына әсер етпейтін (эстетикалық сипаттағы) газ шығарындылары.

Шаң-тозаң қалыптасудың ықтимал қайнар көздері

Бакырчик кен орнын өңдеудің жоспарланатын тәсілі тереңдеп қазудан және тау жыныстарын карьерден бастап солтүкке қарай үйіндіге тасымалдаудан тұрады. Кен тасып шығаратын жолмен оңтүстік-шығыстағы байыту факбрикасына тасымалданатын болады, ол жерде өңдеу алдында қоймаланады.

Шаңға сезімтал бес рецепторға айтарлықтай шаңмен әсер етуге әкеп соғатын шаңның және ұсақ өлшенген бөлшектердің қайнар көзі болып карьерден кенді және бос жыныстыөндіру және

[1] Significance in Air Quality, Institute of Air Quality Management (2009)

оларды өздігінен түсіретін автокөліктермен тасып шығаратын жолдар арқылы байыту фабрикасына және тау жыныстары үйіндісіне одан әрі тасымалдау есептеледі.

Тау жыныстары мен кендер электрлік және гидравликлық экскаваторлардың көмегімен, карьерді біртіндеп тереңдету арқылы тау жұмыстарының өрбу шамасына қарай шығарылады. Сонымен, шаң түзілудің ең жоғары әлеуеті тау жұмыстарының ерте кезеңдерінде байқалатын болады, себебі жұмыстың одан кейінгі кезеңдерінде күндізгі беткі қабаттан төменірек жүргізілетін болады.

Автокөліктің тасып шығаратын жолдар арқылы эрозиялық қозғалысы шаң түзілудің негізгі әлеуеті болып есептеледі, себебі доңғалақтардың жолдардың беткі қабатына механикалық әсері жолдың беткі қабатында жатқан шаңды көтереді және көтерілген шаң ауа ағысымен ілініседі. Бұл шаңның шөгуі бөлшектердің өлшеміне және метеорлогиялық жағдайларға байланысты болады. Тасып шығаратын жолдардың эрозияға шалдығу дәрежесі доңғалақтардың саны мен өлшеміне, автокөліктің қозғалу жылдамдығына және жолдың беткі қабатындағы материалдың ылғалдылығына тәуелденеді.

Тау жыныстары үйіндісі шаңның әсеріне сезімтал бес нысандардың көбісінен 1км-ден артық қашықтықта орналасады, тек DSR 5 ғана анағұрлым жақын қашықтықта орналасқан. Дегенмен, DSR 5 ең жақын үйіндіден 910 м қашықтықта орналасқан, сондықтан жыныстық үйіндіде жұмыстар жүргізген кезде түзілетін кез-келген шаң шөгеді, ал ұсақ өлшенген бөлшектер Әуезов кентіндегі осы нысанға жетпей тұрып сейіледі.

Отын жану салдарынан туындаған шығарындылардың қайнар көздері

Жұмыстар жүргізілген кезде жарылу жұмыстарынан, өздігінен жүретін жабдықтардан және ADR құрылғыларынан газ бен өлшенген бөлшектер лақтырылатын болады. Кәсіпорынның аумағындағы басқа шығарындылар түрлерінің қайнар көздерімен салыстырғанда ADR құрылғысынан отынның жану өнімдерінің болмашы лақтырылуы күтіледі.

Жағымсыз иістер

Құрылыс және пайдалану фазаларындағы жағымсыз иістер тұрмыстық қалдықтарды және/немесе тұрмыстық ағын суларды дұрыс өңдемеу және дұрыс орналастырмау (тасымалдау және полигонда орналастыру) салдарынан туындауы мүмкін.

Ауаны ластағыш көздер туралы жинақ ақпарат

кесте 5**.6.3**Төменде құрылыс және пайдалану кезінде ауа сапасына әсер етуі мүмкін шығарындылардың әртүрлі типтері жұмыс учасмкелері мен тұрлері бойынша келтірілді.

кесте 5.6.3: Шығарындылардың ықтимал қайнар көздері						
Жұмыс учаскесі/түрі	**Шығарындылар және салдары**	**Шаңдану**	**Жану газдары**	**Жағымсыз иістер**	**Шаңды шығарындыларда күшәннің болу ықтималы**	**Сипаттамалары**
Құрылыс: 1-кезең және 2-кезең						
Жер жұмыстары, алаңдарды жоспарлау, ғимараттардың демонтажы және құрылысы	• Шаң және жалаң беткі қабаттардан үрілетін шаң	X			X	Жүк көлігі қозғалған кезде және жер қазатын жабдықтардың жұмысы кезінде түзілетін шаң; қысқа мерзім әсер етуі. Күшән тиелетін тау массасында ғана (мысалы, тау жыныстарының үйінділері)
	• Пайдаланылған газдар		X			NO_x, SO_x, CO, CO_2, және күл; қысқа мерзім әсер ету.
Тау жұмыстары						
1-кезең БЖЖ	• Бұрғылаған кезде шаңдану	X			X	Бұрғылау жұмыстары кезінде түзілетін, шаң сүзгілерімен жұмсаратын шаң; қысқа мрзім жүйелі әсер ету.
	• Жарылыс кезінде шаңдану	X			X	Жарылыс кезінде шаң бұлтының лезде түзілуі; жүйелі әсер етуі
	• Жарылыс кезінде газ бөлінуі		X			Жарылыс кезінде түзілетін газдар.
1-кзең мен 2-кезең кезінде тиеу-тасып шығару жұмыстары және технологиялық көліктің қозғалысы	• Тау массасын тиеген кезде және жүк көлігі қозғалған кезде түзілетін шаң	X			X	Тау массасын тиеген кезде түзілетін кеннің/бос жыныстың ұшпа шаңы; технологиялық көлік қара жолмен жүрген кезде шаңдану, тасып шығаратын жолдарды және тиеу алаңдарын сумен себу арқылы бақыланады
	• Пайдаланылған газдар		X			NO_x, SO_x, CO, CO_2 және өлшенген бөлшектердің шығарындылары
2-кезең Бетон қалау зауыты	• Цементтік шаң	X				Цементті сүрлемге тиеген кезде ұшпа шаңның түзілуі
1-кезең және 2-кезең Бос жыныс үйіндісі	• 1-кезең: Бос жынысты тиеген кезде, алаңды жоспарлаған кезде	X			X	Шаңның ұшпа бөлшектері тітіркендіргіш

кесте 5.6.3: Шығарындылардың ықтимал қайнар көздері						
Жұмыс учаскесі/түрі	**Шығарындылар және салдары**	**Шаңдану**	**Жану газдары**	**Жағымсыз иістер**	**Шаңды шығарындыларда күшәннің болу ықтималы**	**Сипаттамалары**
	және жел тұрған кезде шаң түзілуі • 2-кезең: Жел тұрған кезде ғана шаңдану					әрекеттің қайнар көзі болуы ықтимал; құрғақ ауа-райы кезіндегі шығарындылар;
	• Автокөліктің пайдаланылған газдары		X			NO_x, SO_x, CO, CO_2 және өлшенген бөлшектер
Кен дайындау және өңдеу						
Буферлік кен қоймасы; ұсақталған кен қоймасы	• Шаң	X			X	Жел тұрған кезде шаңдану ауа-райы жағдайына тәуелденеді; су себу арқылы бақыланады
Уақтау	• Шаң	X			X	Уақтау кешені ғимаратынан, қайта тиеу бөлімшелерінен және уақталған кен қоймасынан шыққан шаң; су себу арқылы, жабу арқылы және шаң аулағыш жүйелер арқылы бақыланады.
Көміртекті өнім қоймасы	• Жел тұрған кезде көтерілетін құрамында жоғары мөлшерде көміртек бар шаң	X				Көміртекті өнімнің ылғалдылығы салыстырмалы түрде жоғары болуы мүмкін, ол тиеу жұмысары кезінде шаң шығарындыларын жұмсартатын болады; жел таситын шаңның түзілуі үйінді құрғаған кезде болуы мүмкін; бөлшектер ірілігінің өте кішкентай болуы ұсақтау салдарынан
Концентратты құрғату және қапқа қаптау	• Тиеген кезде шаңдану	X				Концентрат қаптамас бұрын құрғатылады; бөлшектер ірілігінің өте шағын болуы ұсақтау салдарынан; тиеген кездегі шаң шығарындылары

кесте 5.6.3: Шығарындылардың ықтимал қайнар көздері						
Жұмыс учаскесі/түрі	**Шығарындылар және салдары**	**Шаңдану**	**Жану газдары**	**Жағымсыз иістер**	**Шаңды шығарындыларда күшәннің болу ықтималы**	**Сипаттамалары**
						; жабу арқылы және шаң аулағыш жүйелер арқылы жұмсартылады
Реагенттерді жеткізу және босату	• Пайдаланылған газдар		X			NO_x, SO_x, CO, CO_2 және өлшенген бөлшектердің шығарындылары
Қосалқы инфрақұрылым						
Әуезов кентінің ағын суларды тазарту станциясы	• Жағымсыз иіс			X		Ағын сулардың төгілу, ағылу ықтималдығы немесе канализациялық құбыржолдардың бітелуі нәтижесінде жағымсыз шіріген иістердің шығуы; мұқият мониторинг арқылы және құрылысты сауатты пайдалану арқылы жұмсартылады
Кеніштің ағын суларын тазарту станциясы	• Жағымсыз иіс			X		Ағын сулардың төгілу, ағылу ықтималдығы немесе канализациялық құбыржолдардың бітелуі нәтижесінде жағымсыз шіріген иістердің шығуы; мұқият мониторинг арқылы және құрылысты сауатты пайдалану арқылы жұмсартылады
2-кезең Көмір қазандықтары; Желдету жүйесіне арналған ауа жылытқыштары	• Көмірдің жануы нәтижесінде шығатын түтіндік газ		X	X		NO_x, SO_x, CO, CO_2 және өлшенген бөлшектер шығарындылары (көмір); шығатын газ жеткілікті сейілмеген кезде немесе толық жанбаған кезде иіс шығуы мүмкін
2-кезең Күл мен көмірдің үйінділері	• Материалды тиеген-түсірген кезде және жел тұрған кезде түзілетін шаң	X				Жел тұрған кезде шаңдану, ауа-райы жағдайына тәуелденеді; су себу арқылы

кесте 5.6.3: Шығарындылардың ықтимал қайнар көздері						
Жұмыс учаскесі/түрі	**Шығарындылар және салдары**	**Шаңдану**	**Жану газдары**	**Жағымсыз иістер**	**Шаңды шығарындыларда күшәннің болу ықтималы**	**Сипаттамалары**
						бақыланады
Кенішті тарату						
Кенішті пайдаланудан шығару жөніндегі жұмыстар	• Шаң	X				Демонтаждау жұмыстары, жер жұмыстары, үйінді борттарының баурайында түзілетін шаң. Қажет болса су себіледі.
	• Пайдаланылған газдар		X			

5.6.3 Сезімтал рецепторлар

Ертеректе талқыланғандай, бөлшектердің 95% тау жұмыстарымен байланысты, олардың ірілігі 10-на 75μм-ге дейін құрайды, сондықтан олардың салмағы мен шөгу жылдамдығы салыстырмалы жоғары (ауаның фондық сапасына арналған 4.4-тарауды қараңыз). Нәтижесінде бөлшектер шығарынды нүктесінен 500 м радиусында шөгеді (ірілігі 30μм бөлшектер 60-90 м радиусында, ал ірілігі 10-нан 30 μм-ге дейінгі бөлшектер 250 және 500 м аумағында шөгеді).

Сондай-ақ кен дайындау кешені мен аршу жұмыстарының есебінен PM_{10} және $PM_{2.5}$ өлшенген бөлшектерінің азғантай үлесі болады, бірақ бұл бөлшектер бөлшектердің қалған 5%-ң азғантай мөлшерін құрайды. Осы айтарлықтай ұсақ бөлшектердің шоғырлануы сейілу есебінен фондық деңгейге дейін төмендегенше олар негізінен желмен 1 км-ге дейінгі қашықтыққа таралады.

Сондықтан шаңмен және ұсақ бөлшектермен байланысты ықтимал әсерлерді бағалау шығарындылардың ықтимал қайнар көздерінен шамамен 1 км қашықтығында жүргізілді. Сезімтал рецепторлар зерттелетін алаңдар бойынша қолда бар картографиялық деректердің көмегімен жүргізілді. Бағалау үшін Әуезов кентінде және жақын орналасқан Солнечное ауылында алтырецептор анықталды, олардың барлығы тұрғын сипатына ие. Осы рецепторлар туралы ақпарат төменірек кесте 5.6.4 келтірілді. Рецепторлардың кәсіпорын нысандарына қатысты орналасуы 5.6.1-сызбада көрсетілген.

кесте 5.6.4: Сезімтал рецепторлар					
Рецептор	**Сезімталдығы**	**Орналасуы**	**Жергілікті тор бойынша координаттары**		**Кәсіпорыннан бағыты**
			X	**Y**	
DSR 1	шаң мен газ бойынша	Солнечное ауылының солтүстік бөлігі	14543265	5507899	Оңтүстік
DSR 2	шаң мен газ бойынша	Әуезов кентінің солтүстік-батыс бөлігі	14541444	5509255	Оңтүстік
DSR 3	шаң мен газ бойынша	Әуезов кентінің солтүстік бөлігі	14542596	5509187	Оңтүстік

DSR 4	шаң мен газ бойынша	Әуезов кентінің оңтүстік-батыс бөлігі	14542679	5508904	Оңтүстік
DSR 5	шаң мен газ бойынша	Әуезов кентінің солтүстік-батыс бөлігі	14542809	5509205	Оңтүстік
DSR 6	газ бойынша ғана	Әуезов кентінің солтүстік-батыс бөлігі	14540885	5508467	Оңтүстік

Қазандықтардың газ шығарындыларының ықтимал әсері шаң әсеріне арналған рецепторларға қатысты бағаланды.

Осы рецепторлардан бастап негізгі қайнар көздерге дейінгі арақашықтық Бакырчик кенішінің жұмыспен байланысты және кесте 5.6.5 көрсетілген.

кесте 5.6.5: Шаңдану көздерінің әсеріне сезімтал рецепторларға дейінгі болжалды арақашықтық

	рецептордан бастап арақашықтығы			
Рецептор	**шекті күйдегі карьердің жигіне дейін (м)**	**табиғи үйіндіге дейін (м)**	**карьер-факбрика тасып шығаратын жолға дейін (м)**	**кен дайындау кешеніне дейін (м)**
DSR 1	1750	2100	1260	1210
DSR 2	500	1420	1710	2500
DSR 3	410	1030	610	1350
DSR 4	690	1240	690	1230
DSR 5	400	900	420	1150

Рецепторлардан бастап пайдаланылған газдардан басқа газ тәрізді шығарындылардың негізгі қайнар көздеріне дейінгі арақашықтық төменде келтірілген кесте 5.6.6. Рецепторлардың негізгі шығарындылар 5.6.1-сызбада көрсетілген.

кесте 5.6.6: Газ тәрізді шығарындылардың нүктелі қайнар көздеріне сезімтал рецепторларға дейінгі болжалды арақашықтық

Рецептор	**Рецептордан бастап Әуезов кентінің жаңа (қазандығына дейінгі арақашықтық м)**	**Рецептордан бастап ауа жылытқышына, батыс учаскеге дейінгі арақашықтық (м)**	**Рецептордан бастап ауа жылытқышына, орталық учаскеге дейінгі арақашықтық (м)**	**Рецептордан бастап ауа жылытқышына, шығыс учаскеге дейінгі арақашықтық (м)**	**Рецептордан бастап кеніштің қазандығына дейінгі арақашықтық (м)**
	ЕМ1	**ЕМ2**	**ЕМ3**	**ЕМ4**	**ЕМ5**
DSR 1	2820	3150	2160	1670	1080
DSR 2	1230	870	680	1490	2360
DSR 3	2220	1980	770	490	1200
DSR 4	2230	2140	1020	680	1070
DSR 5	2420	2170	930	350	1010
DSR 6	360	1230	1620	2300	2910

Маңыздылық критерийі – сезімтал рецептор

Эклогиялық әсердің маңыздылығы осы әсердің масштабымен ғана емес, сондай-ақ анықтау критерийлері жоғарыда кесте 5.6.1 келтірілген рецептордың сезімталдығымен анықталады. Осы криетйриелрге сәйкес, барлық бес сезімтал рецепторлар (яғни DSR 1 бастап DSR 6 дейін) әр рецептордың тұрғын сипатына байланысты шаң мен газ тәрізді шығарындыға қатысты сезімталдықтың орташа деңгейіне қатысты есептеледі.

5.6.4 Ауа сапасына ықтимал әсерлер

Жергілікті ауа-райы жағдайы

Жергілікті ауа-райы жағдайының атмосфераға және шалабайлық метеорологиялықстанциядан шыққан шаңның шөгуіне әсер етуін бағалау үшін[2] 1938-2013 жж. кезең үшін деректер алынды. Желдің жылдамдығы мен бағыты туралы 1986 жылдан бастап 2009 жылға дейінгі деректер ғана бар. Ауа-рауы мен климаттық жағдайлар климатқа арналған 4.2-тарауда егжей-тегжейлі талқыланады.

Жел туралы 4.2.3-кестеде келтірілген деректерден осы төңірек үшін желсіз ауа-райы тән екенін (яғни жылына орташа есеппен 24%), ал желді ауа-райы кезінде жел көбінесе оңтүстік-шығыстан соғатынын (яғни жылына орташа есеппен 21%) көруге болады. Алайда желдің негізгі бағытының маусымдық өзгерістері, әсіресе жаз айларында құрғақ желді ауа-райы кезінде байқалады

Желдің жылдамдығы секундына 1 метрден кем болған кезде ауа ағысы өлшенген шаңды бөлшектердің айтарлықтай мөлшерін қамти алмайды. Жел жылдамдығының бірнеше есептік максималды мағыналары бар, олар кезінде шаң бөлшектері ашық топырақты беткі қабаттан көтеріле бастайды. Құрғақ жағдайда шаң желдің жылдамдығы 5.5-6.0м/с болған кезде көтеріледі ((Британиялық метеорологиялық станцияның жер деңгейінен 10 м стандарты өлшеулері бойынша өлшеуге сәйкес), бірақ айтарлықтай мөлшері алаңда жұмыс жүргізген кезде ғана көтеріле алады. Дала жағдайында қандай да бір өзге механикалық әсерсіз шаңның айтарлықтай мөлшерінің топырақтан шаңданып шығуы әдетте желдің айтарлықтай жоғары жылдамдығы - 17.0 м/с кезінде болады.

Шалабайлық метеорологиялық станцияда желдің әр бағыты бойынша жел жылдамдығы егжей-тегжейлі бөлібегенімен, 4.2.4-кестеде 23-жылдық кезең ішінде желдің жылдамдығы туралы жинақ деректер келтірілген. 4.2.4-кестеде келтірілген деректерден уақыттың 50% кезінде желсіз ауа-райы болатынын және желдің жылдамдығы минималды болатыны (яғни 1 м/с немесе одан кем) байқалады. Жел жылдамдығының белгіленген мағыналарының үстем бөлігі (яғни 98%) 10 м/с-тен кем болады. Шалабайлық метеорологиялық станцияда 1994 жылдан бастап 2013 жылға дейінгі кезеңде шалабайлық метеорологиялық станцияда өлшенген жел

[2] «Бакырчик» тау-кен өндіру кәсіпорны, Бакырчик алтын-кен орны, КЕНІШ ПЕН БАЙЫТУ ФАКБРИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ, 34.01.06.001.00 PZ3, Санкт-Петербург қ-сы, 2015 ж.

ұйытқуының максималды жылдамдығы желдің жалпы орташа жылдамдығынан 12 м/с-ге асады және 14-тен 18 м/с-ке дейін құрайды.

Шалабайлық метеорологиялық станциядағы температура мен атмосфералық жауын-шашын туралы деректер максималды температура мен жауын-шашын мөлшері шілде айында, ауаның орташа температурасы 20°C және жауын-шашынның орташа мөлшері 43 мм болған кезде орын алатынын көрсетті. Қаңтар мен ақпан айларындағы орташа температура -15°C-ге дейін төмендейді, жауын-шашынның орташа мөлшері 16 мм-ге дейін болады. Орташаша есеппен, қар жамылғысы 8 қарашадан бастап 2 сәуір аралығында орнығады (4.2.3-тарау), жауын-шашынның бір бөлігі салқын айлары қар түрінде түседі.

Тітіркендіргіш шаң әсерлерін бағалау

Шаң жүйелері түрде немесе жұмыс жылы бойына жүргізілетін жұмыстардың нәтижесінде түзілуі ықтимал.

Бағалау барысында 2025 жылғы ахуал ескерілді, ол кезеңде карьер мен тау жынысы үйіндісі максималды өлшемге жетуі мүмкін, сондықтан бағалау пессимисттік сценарийге негізделген.

Ұсынылған ақпараттан белгілі болғандай, кеніш күндіз-түні (яғни 12 сағаттық екі ауысыммен), жылына 340 күн жұмыс істейді. Шаң басу бойынша тиісті іс-шаралар орындалмаған кезде жұмыстарды жүргізу салдарынан шаң шығарындылары туындауы мүмкін жұмыс сағаттарының саны кесте 5.6.7 көрсетілген.

кесте 5.6.7: Кеніште шаң шығарындылары туындауы мүмкін кеніштегі бір жылдағы жұмыс сағаттарының саны

Бағыты	С	СШ	Ш	ОШ	О	ОБ	Б	СБ	желсіздік	Барлығы
Бір жылдағы сағаттар саны	978	653	734	1714	1469	734	898	978	1958	8160

кесте5.6.8 бір жыл ішінде жел сезімтал нысандардың бағытында шаң көтеріуі мүмкін жұмыс сағаттарының орташа саны. Бұл рецепторлар желдің әсеріне ұшырайтын уақыт кезеңіне міндетті түрле сай келмеуі тиіс екенін атап өткен жөн. Шаңның көп мөлшерінің қайнар көзден 250 м радиусында орналасуына байланысты рецепторлардан 250 м-ден артық қашықтықта орналасқан рецепторлар әс жүзінде ешқандай әсер етпейтін болады.

кесте5.6.8: Бір жыл ішінде жел жұмыс учаскелерінен 1 км қашықтығында сезімтал нысандардан шаң көтеретін сағаттардың орташа саны

Рецептор	Жел бағытының секторы (°)	Желдің тиісті бағыты	Жұмыс учаскелеріне ең жақын қашықтық (m)	Тиісті сектордан жел жақындайдың уақыт %	Жел рецепторларды ң бағытында кеніштің үстімен соғатын

кесте5.6.8: Бір жыл ішінде жел жұмыс учаскелерінен 1 км қашықтығында сезімтал нысандардан шаң көтеретін сағаттардың орташа саны					
					жұмыс сағаттарының бір жыл ішіндегі орташа саны
DSR 1	307-35	СБ-СШ	1100	32	2609
DSR 2	313-95	СБ-Ш	500	41	3343
DSR 3	286-101	Б-Ш	410	52	4241
DSR 4	290-89	Б-Ш	700	52	4241
DSR 5	283-103	Б-Ш	400	52	4241

Шаңға сезімтал рецепторлардан бастап ең жақын жұмыс учаскелеріне дейінгі қашықтық анықталды. Шаңға сезімтал төрт немесе бес рецепторға (яғни DSR 2 бастап DSR 5 аралығында) қатысты ең жақын ықтимал шаң көзі болып карьер табылады. Тасып шығаратын жол Солнечное кентіндегі DSR 1 жақын орналасқан. Алайда, барлық бес шаң рецепторы ең жақын жұмыс учаскелерінен 250 м-ден артық қашықтықта орналасқан. Сонымен, барлық ірі шаң бөлшектері мен ірілігі оршата бөлшектердің басым бөлігі сезімтал нысанға жетпей-ақ шөгетін болады деп болжауға болады.

Шудың негізгі қайнар көздері, мөлшері және бағалау кезінде пайдаланылатын акустикалық қуаттылығының деңгейі кесте 5.7.7, кесте 5.7.8 және кесте 5.7.9 көрсетілген.

кесте 5.7.7: Карьер, эксплуатациялық, 2016 ж. (жұмыс жылы) - Шудың негізгі қайнар көздері, акустикалық қуаттылық деңгейі		
Қайнар көз	**Акустикалық қуаттылық деңгейі L_w(дБ)**	**Қайнар көздер саны**
Бұрғылау станогы - Pit Viper 271 Atlas Copco	100	3
Бұрғылау станогы - FlexiROC D65 Atlas Copco	100	3
Арқанды экскаватор - EKG-20	116	4
Гидравликалық экскаватор - Komatsu PC-2000	111	2
Араластырғыш-зарядтау машинасы - IVECO-AMT 693903	110	5
Бульдозер - Komatsu D 275A-5	112	7
Бульдозер - Komatsu D-375-A	113	5
Автоматты түрде өздігінен түсіргіш - Komatsu HD 785-5	116	6
Автоматты түрде өздігінен түсіргіш - БелАЗ 7518	120	5

кесте 5.7.8: Карьер, эксплуатационная фаза 2019 - Шудың негізгі қайнар көздері, акустикалық қуаттылық деңгейі		
Қайнар көз	**Акустикалық қуаттылық деңгейіLw(dB)**	**Қайнар көздер саны**
Бұрғылау станогы - Pit Viper 271 Atlas Copco	100	3
Бұрғылау станогы - FlexiROC D65 Atlas Copco	100	3
Арқанды экскаватор - EKG-20	116	4
Гидравликалық экскаватор - Komatsu PC-2000	111	2
Араластырғыш-зарядтау машинасы - IVECO-AMT 693903	110	5
Бульдозер - Komatsu D 275A-5	112	7
Бульдозер - Komatsu D-375-A	113	5
Бульдозер - Komatsu D65EX-16	108	1
Автоматты түрде өздігінен түсіргіш - Komatsu HD 785-5	116	9
Автоматты түрде өздігінен түсіргіш - БелАЗ 7518	120	19
Кен дайындау алаңы	95	1
Сығысдалған ауа сығымдағышы	82	1
Негізгі желдеткіш	88	1
Көтергіш жабдық	78	1
Негізгі шахта үстіндегі ғимарат	66	1
Автомобильдік көлікті жөндеу цехы	79	1
Орталық қосалқы станция	80	1
Орталық қазандық	92	1
Сорғылық станция	73	1

кесте 5.7.9: Карьер және жерасты кеніші, эксплуатациялық фаза, 2027 ж. - Шудың негізгі қайнар көздері, акустикалық қуаттылық деңгейі		
Қайнар көз	**Акустикалық қуаттылық деңгейі Lw(дБ)**	**Қайнар көздер саны**
Бұрғылау станогы - Pit Viper 271 Atlas Copco	100	3
Бұрғылау станогы - FlexiROC D65 Atlas Copco	100	3
Арқанды экскаватор - EKG-20	116	4
Гидравликалық экскаватор - Komatsu PC-2000	111	2
Араластырғыш-зарядтау машинасы - IVECO-AMT 693903	110	5
Бульдозер - Komatsu D 275A-5	112	7
Бульдозер - Komatsu D-375-A	113	5
Бульдозер - Komatsu D65EX-16	108	1
Автоматты түрде өздігінен түсіргіш - Komatsu HD 785-5	116	9
Батыс желдеткіш діңгек (VO-30VKR)	89	1
Шығыс желдеткіш діңгек (VO-30VKR)	89	1
Күрделі діңгек (VO-40VKR)	89	1
Кен дайындау алаңы	95	1
Сығысдалған ауа сығымдағышы	82	1
Негізгі желдеткіш	88	1

кесте 5.7.9: Карьер және жерасты кеніші, эксплуатациялық фаза, 2027 ж. - Шудың негізгі қайнар көздері, акустикалық қуаттылық деңгейі		
Қайнар көз	**Акустикалық қуаттылық деңгейі Lw(дБ)**	**Қайнар көздер саны**
Көтергіш жабдық	78	1
Негізгі шахта үстіндегі ғимарат	66	1
Автомобильдік көлікті жөндеу цехы	79	1
Орталық қосалқы станция	80	1
Орталық қазандық	92	1
Сорғылық станция	73	1

Жобаға жақын орналасқан шу рецепторлары 5.6-кестеде келтірілген. 5.6. Әсерге ұшырайтын елді мекендерге сезімтал рецепторлар – тұрғын орынжайлар жатады, осылайша барлық рецепторлардың сезімталдығы орташа болып есептеледі (кесте 5.7.1 қараңыз). кесте 5.7.10 тарауда әр рецептордың орналасуы және сәйкесінше Жобаның негізгі эксплуатациялы алаңдарына дейінгі болжалды қашықтығы көрсетілген.

кесте 5.7.10: Қайнар көздерден рецепторларға дейінгі қашықтық				
Елді мекен	**Қашықтық «м)**			
	Карьер	**Карьерлік жол**	**Бос жыныс үйіндісі**	**Байыту фабрикасы**
ESR 1 – Солнечный	1700	1100	2100	900
ESR 2 – Әуезов кентінің солтүстік-батыс бөлігі	500	1700	1400	2300
ESR 3 – Әуезов кентінің солтүстік-шығыс бөлігі	400	600	1000	1200
ESR 4 – Әуезов кентінің шығыс бөлігі	650	700	1200	1100
ESR 5 – Әуезов кентінің солтүстік-шығыс бөлігі	400	400	900	1000

Нүктелі қайнар көздің шудың берілісіне әсер ететін негізгі фактор – бұл шу көзі мен рецепторлар арасындағы арақашықтық. Барлық рецепторлар үшін нақты шу көздерінің әлсіреуіне қатысты белгілі арақашықтық маңызды болып табылады. ISO9613-2:1996[1] пайдалану арқылы шуды болжау үшін дәлдік 1 км-ге дейінгі қашықтықта ± 3 дБ ретінде анықталады. 1 км-ден асатын арақашықтық үшін дәлдікті бағалау аз анықталған болып табылады. Барлық жақын орналасқан елді мекендер өндіріс жүргізілетін жерден 1 км қашықтықта орналасқанын атап өткен жөн.

Шуды ауа мен жердің жұтуы шудың берілісіне, сондай-ақ маусымдық/атмосфералық климаттық өзгерістерге әсер етеді; алайда Жобаның әсерін бағалау үшін бұл әсерлер болмашы деп есептеледі, және шу көзі мен рецепторлар арасындағы арақашықтық мүдделі болып

[1]Акустика – Ашық ауада таралған кезде дыбыстың өшуі – 2-ші бөлім: Жалпы есептеу тәсілі, ISO9613-2:1996

табылатын негізгі бағыт болып қалады. Сонымен, жобаның салдарынан туындайтын шу жыл бойы салыстырмалы түрде тұрақты болып қалады деп болжанады.

Шу сипаттамаларын есептеу

Жерді, айналадағы жұмыстарды дәл үлгілеу мақсатында AutoCAD БҚ-да сызбаларорындалды, шу көзі мен рецепторлар арасындағы шудың әлсіреуінің табиғи шекарасын анықтау үшін бағалау жүргізілген жылдары олар болжалды тау жұмыстары мен осы жер контурының жоспарына енгізілді.

Есептеулер 7.4 нұсқалы SoundPLAN компьютерлік үлгілеу бағдарламасын пайдалану арқылы жүргізілді. Компьютерлік үлгілеу тәсілі ISO 9613-2: 1996 (акустикалық өлшемдерге арналған стандарты рәсімдер) баяндалған есептеу рәсіміне сәйкес келеді. ISO 9613-2: 1996 стандартында дыбыстың әлсіреуінің көптеген коэффициенттерін сипаттайды, соның ішінде шудың таралуын, геометриялық айырмашылықты, атмосфералық сіңіруді, жердің беткі қабатының әсерін есептеулерде және скрининг кезінде пайдалануы мүмкін және осылармен шектелмейді. Жоғарыда сипатталған әлсіреу факторлары үлгіде пайдаланылды.

Жұмыс учаскесінен шудың шығуын болжау үшін анықталған рецепторлардың әрқайсысы бойынша келесі жорамалдар жасалды:

- Геометриялық арақашықтық жердің беткі қабатына жақын орналасқан нүктелі қайнар көзден басталатын бос өрісте шудың жартылай сфералық таралуы үшін есептелді, геометриялық арақашықтық шудың әлсіреуінің айтарлықтай маңызды коэффициенті болып табылады, ал оның негізгі компоненті болып арақашықтық табылады.
- Атмосералық сіңіру – бұл атмосфералық әсер ету нәтижесінде шудың әлсіреуі. Шудың атмосферада таралуы екі факторға тәуелденеді, олар: температура және салыстырмалы ылғалдылық. Ертеректе көрсетілген барлық жағдайларда ешқандай нақты қосымша әлсіреулер жорамалдарда пайдланылған жоқ.
- Жердің беткі қабатының әсері салдарынан әлсіреу негізінен қайнар көзден басталып, алушыға тікелей таралатын дыбысы бар жердің беткі қабатымен өзара әрекеттесу нәтижесі болып табылады. Жоба мен шуға сезімтал рецепторлар арасындағы жер негізінен жынытармен және топырақпен жамылғанын ескере отырып, жер бетінің коэффициенті ISO9613-2:1996 стандартының 7.3.1-тармағында келтірілген ұсыныстарға сәйкес 0,2 мөлшеріндегі қарапайым қосымша есептеулерге сәйкес қабылданды.
- Экрнадау салдарынан әлсіреу қайнар көзден басталып, алушыға таралған кезде шуды тосқаулыдардың бейнелеуінің немесе сіңіруінің нәтижесі болып табылады. Осындай есептеу барысында тосқауылдар болып жер контурлары табылады, олар жорамалдарда пайдаланылатын жер үлгісінің көмегімен анықталғандай, шу таралатын жолдың бойында кездеседі.

Жоғарыда айтылғандарға қосымша ретінде, акустикалық үлгіні есептеу параметрлері ISO9613-2:1996 стандартының 8-тарауында баяндалғандай дыбыс қысымының ұзақ мерзімді үздіксіз баламалы жеңгейін есептеу үшін пайдаланылатын Cmet метеорологиялы түзетулерге енгізу үшін белгіленді.

5.7.4 Пайдалану кезеңін болжау

Қолда бар деректерге сүйенсек, шудың қолданыстағы рецепторларға ықтимал әсері жобаны пайдалану кезеңінде болжанатын шу деңгейлерін ХҚК ҚОДЕҚ шектеріндегі шу деңгейінің абсолюттік шектерімен жобаны пайдалану кезеңнді болжанатын шу деңгейлерімен салыстыру арқылы бағаланды, олар күндізгі (07:00-22:00) және түнгі уақытта (22:00-07:00) асып кетпеу ітиіс. 2016 ж. (бірінші жыл), 2019 ж. және 2027 ж. пайдалану кезеңдерінде жақын орналасқан елді мекендерде күндізгі уақытта шудың болжалды мағыналары сәйкесінше кесте 5.7.11, кесте 5.7.12 және кесте 5.7.13 келтірілген мағынадармен салыстырылады.

кесте 5.7.11: 2016 (бірінші жыл) Шудың күндізгі уақыттағы әсерін бағалау, пайдалану кезеңі

Рецептор	Учаскедегі шудың болжалды деңгейі, $L_{Аэкв}$ (дБ)	Күндізгі уақыттағы шу критерийлері, $L_{Аэкв}$ (дБ)	Айырмашылық
ESR 1 – Солнечный	40	55	-15
ESR 2 – Әуезов кентінің солтүстік-батыс бөлігі	54	55	-1
ESR 3 – Әуезов кентінің солтүстік-шығыс бөлігі	51	55	-4
ESR 4 – Әуезов кентінің шығыс бөлігі	52	55	-3
ESR 5 – Әуезов кентінің солтүстік-шығыс бөлігі	52	55	-3

кесте 5.7.12: 2019 Күндізгі уақыттағы шу әсерін бағалау, пайдалану кезеңі

Рецептор	Учаскедегі шудың болжалды деңгейі, $L_{Аэкв}$ (дБ)	Күндізгі уақыттағы шу критерийлері, $L_{Аэкв}$ (дБ)	Айырмашылық
ESR 1 – Солнечный	40	55	-15
ESR 2 – Әуезов кентінің солтүстік-батыс бөлігі	49	55	-6
ESR 3 – Әуезов кентінің солтүстік-шығыс бөлігі	48	55	-7
ESR 4 – Әуезов кентінің шығыс бөлігі	47	55	-8
ESR 5 – Әуезов кентінің солтүстік-шығыс бөлігі	49	55	-6

кесте 5.7.13: 2027 Күндізгі уақыттағы шу әсерін бағалау, пайдалану кезеңі

Рецептор	Учаскедегі шудың болжалды деңгейі, $L_{Аэкв}$ (дБ)	Күндізгі уақыттағы шу критерийлері, $L_{Аэкв}$ (дБ)	Айырмашылық
ESR 1 – Солнечный	38	55	-17

ESR 2 – Әуезов кентінің солтүстік-батыс бөлігі	43	55	-12
ESR 3 – Әуезов кентінің солтүстік-шығыс бөлігі	46	55	-9
ESR 4 – Әуезов кентінің шығыс бөлігі	45	55	-10
ESR 5 – Әуезов кентінің солтүстік-шығыс бөлігі	48	55	-7

2016, 2019 және 2027 жылдары пайдалану кезеңіндегі күндізгі уақытта мағыналар ХҚК рецепторлар орналасқан барлық орындар үшін ұсынған мағыналардан төмен болатынын көруге болады. Осы болжалдар «ең нашар» сценарийді білдіретінін және көптеген пайдалану әсерлері үшін шудың сезімтал рецепторларға деген әсері төмен болатынын атап өткен жөн.

Жобаның пайдалану кезеңіндегі күндізгі уақыттағы шу әсерін көрсететін шу бойынша болжалды үлгінің 2016 ж., 2019 ж. және 2027 ж. нәтижелері сәйкесінше 5.7.1, 5.7.2 және 5.7.3 сызбаларда көрсетілген. Контурлық графиктердің штрихтенбеген бөліктері учаскеде болжанған шу деңгейі L_{Aeq} 55 дБ кем болатын саланы білдіретінін атап өткен жөн (ХҚК күндізгі уақыттағы шу деңгейіне сәйкес).

кесте 5.7.3 пайдалана отырып, рецептордың сезімталдығымен салыстырған кезде осы әсердің маңыздылығы **жоқ**.

2016, 2019 және 2027 жылдарда пайдалану кезеңдерінде туындайтын түнгі уақыттағы шу деңгейлері кесте 5.7.14, кесте 5.7.15 және Кесте. 5.7.16 бағаланды.

кесте 5.7.14: 2016 (бірінші кезең) Түнгі уақытта шудың әсер етуін бағалау, пайдалану кезеңі

Рецептор	Учаскедегі шудың болжалды деңгейі, $L_{Аэкв}$ (дБ)	Түнгі уақыттағы шу критерийлері, $L_{Аэкв}$ (дБ)	Айырмашылық
ESR 1 – Солнечный	40	45	-5
ESR 2 – Әуезов кентінің солтүстік-батыс бөлігі	54	45	+9
ESR 3 – Әуезов кентінің солтүстік-шығыс бөлігі	51	45	+6
ESR 4 – Әуезов кентінің шығыс бөлігі	52	45	+7
ESR 5 – Әуезов кентінің солтүстік-шығыс бөлігі	52	45	+7

кесте 5.7.15: 2019 Түнгі уақыттағы шу әсерін бағалау, пайдалану кезеңі

Рецептор	Учаскедегі шудың болжалды деңгейі, $L_{Аэкв}$ (дБ)	Түнгі уақыттағы шу критерийлері, $L_{Аэкв}$ (дБ)	Айырмашылық
ESR 1 – Солнечный	40	45	-5
ESR 2 – Әуезов кентінің солтүстік-	49	45	+4

батыс бөлігі			
ESR 3 – Әуезов кентінің солтүстік-шығыс бөлігі	48	45	+3
ESR 4 – Әуезов кентінің шығыс бөлігі	47	45	+2
ESR 5 – Әуезов кентінің солтүстік-шығыс бөлігі	49	45	+4

Кесте. 5.7.16: 2027 Түнгі уақытта шудың әсер етуін бағалау, пайдалану кезеңі

Рецептор	Учаскедегі шудың болжалды деңгейі, $L_{Аэкв}$ (дБ)	Түнгі уақыттағы шу критерийлері, $L_{Аэкв}$ (дБ)	Айырмашылық
ESR 1 – Солнечный	38	45	-7
ESR 2 – Әуезов кентінің солтүстік-батыс бөлігі	43	45	-2
ESR 3 – Әуезов кентінің солтүстік-шығыс бөлігі	46	45	+1
ESR 4 – Әуезов кентінің шығыс бөлігі	45	45	0
ESR 5 – Әуезов кентінің солтүстік-шығыс бөлігі	48	45	+3

2016 және 2019 жылдары түнгі қатта пайдаланған кезде шудың деңгейі Әуезов кентінде рецепторлардың барлық орналасқан орындары үшін ХҚК ұсынған деңгейден жоғары болады. Шекті асып кету 2017 жылы түнгі уақытта Әуезовтегі екі рецептор үшін күтілетін болады. Солнечный кентіндегі рецептор үшін шу деңгейі 2016, 2019 және 2027 жылдары пайдалану кезеңдерінде ХҚК ұсынған деңгейден төмен болады.

Шу әсерін болжау үлгісі сезімтал рецепторлар орналасқан барлық нүктелер үшін ілеспе жел жағдайларын білдіретінін атап өткен жөн. Бакырчиктан оңтүстік-батысқа қарай шамамен 5 км қашықтықта орналасқан Шалабай метеостанциясындағы [2]желдердің негізінде бір жылдағы шамамен 50% уақытта сезімтал рецепторлар өндіру жөніндегі жұмыстардан желге қарсы орналасатыны анықталды. Сондықтан болжалдар «ең нашар» сценарийді білдіреді және сезімтал рецепторларға шудың әсері төмен болады.

Қосымша есептеулер бір жыл ішіндегі орташа метеорологиялық жағдайларды қарастырған кезде сезімтал рецепторларға шудың ықтимал әсерін сандық анықтау үшін жүргізілді. Нәтижелер есеп-қисапта көрсетілген рецепторларға 2-ден 3 дБ(А) дейінгі төмен әсерді болжайды.

Күндізгі уақыттағы пайдалану кезеңінде Жобадан болатын шу әсерін көрсететін шу бойынша болжалды үлгінің нәтижелері 5.7.1, 5.7.2 және 5.7.3 сызбаларда сәйкесінше 2016 ж., 2019 ж. және 2027 ж. үшін көрсетілді. Контурлық графиктердң штрихтелмеген бөліктері учаскеде болжанған шу деңгейінен $L_{Аэкв}$ 45 дБ кем (түнгі уақытта ХҚК шу деңгейіне сәйкес).

[2] «Бакырчик тау-кен өндіру кәсіпорны», Бакырчик алтын өндіру кәсіпорны, КЕНІШ ПЕН БАЙЫТУ ФАБРИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ, 34.01.06.001.00 PZ3, Санкт-Петербург, 2015

ESR 1 нүктесінде (Солнечный кентінде) 2016, 2019 және 2027 жылдардағы пайдалану кезеңдерінде қалыптасатын болжалды шу деңгейлерін ХҚК ұсыныстарымен шу әсерімен салыстырған кезде пайдалану кезеңіндегі шу әсері **болмашы** деп есептеледі. 5.3-кестені пайдалана отырып, рецептордың сезімталдығымен салыстырған кезде осы әсердің маңызылығы **жоқ**. 5.3.

ESR 2-ден 5-ке дейінгі учаскеде (Әуезов кенті) 2016, 2019 және 2027 жылдардағы пайдалану кезеңдерінің нақты болжалды шу деңгейлерінің әсерін ХҚК ұсыныстарымен салыстырған кезде Әуезов кентіндегі рецепторлардың нүктесіндегі шу әсері орташадан бастап жоғары деңгейде болады. кесте 5.7.3 пайдалана отырып, рецепторлардың сезімталдығымен салыстырған кезде осы әсердің маңыздылығы қысқа мерзім ішінде **маңызды**, ал ұзақ мерзім ішінде **бірқалыпты** болады.

Ісерге ұшырайтын ең жақын орналасқан елді мекен Әуезов кенті Жобаның негізгі нысандарынан 400 м қашықтықта орналасқан. 5.5-тарауда ұсынылған шу әсерін төмендету жөніндегі стандартты шаралар мен алдыңғы қатарлы тәжірибелер денсаулықты қорғауды басқару және қауіпсіздік техникасы жоспарынан алынатын болады.

5.7.5 Әсерді жұмсарту жөніндегі шаралар

Жобаны салу және пайдалану кезеңдері бойынша туындайтын салдарды жою үшін жүзеге асырылатын барлық шу көздері үшін қолданылатын салдарды жұмсарту жөніндегі жалпы шаралар төменде келтірілген:

Әсерлерді жұмсарту жөніндегі жобалық шаралар

- Сезімтал рецепторлар орналасатын жерлерде шудың ағымдағы бастапқы деңгейлерін белгілеу үшін шуға мониторинг жүргізу.
- Жоба басталғанға дейінгі салдарды жұмсарту бойынша әзірленген шараларды енгізу, соның ішінде уақтау құрылғысының ғимараты уақтауды сынауды бастағанға дейін салынуы тиіс. Өздігінен түсіргіштер мен жақын орналасқан елді мекендер арасындағы шуды қосымша әлсіретуді қамтамасыз ету үшін карьерлік жолдың жанында топырақ үймесін жабдықтау қажет.
- Егжей-тегжейлі жобалау кезінде генераторлар, сығымдағыштар, сорғылар, бәсеңдеткіштер сияқты жабдықтардың шу шығарындыларымен күресуді қамтамасыз ету үшін шу тосқауылдарын және корпустарды пайдалану мүмкіндігін қарастыру және стационарлық шу көздері мен жақын орналасқан елді мекендер арасындағы жеткілікті арақашықтықты қамтамасыз ету.

Фабриканы пайдаланған кезде әсер етуді жұмсарту жөніндегі шаралар

- Құрастырылған тұншықтырғыштары бар екеніне, жұмысы талаптарға сай келетініне және тозған бөлшектері ауыстырылатынына кепілдік беру үшін барлық ұтқыр қондырғылар жүйелі түрде тексеріліп, техникалық қызмет көрсетілуі тиіс;
- Шу шығаратын құрылыс жұмыстарының кестесін құрастыру, осылайша жергілікті тұрғындар мүдделі тараптармен өзара әрекеттесудің қолданыстағы механизмдерінің көмегімен осы қызмет туралы алдын-ала хабардар болады.
- Мүмкіндігінше, шу жұмыстары «қалыпты» жұмыс кезеңінде жүргізілуі тиіс.
- Жолдарды беткі қабатын жақсы күйде ұстау және жылдамдықтар шектеулерін орнату.

Жұмыстар кезінде шуды азайту жөніндегі алдыңғы қатарлы шаралар жүзеге асырылатын болады:

- Жұмыскерлер алдыңғы қатарды тәжірибеге сәйкес шуды азайту бойынша оқудан өтеді, соның ішінде қажет болмаған кезде қозғалтқыш айналымдарының ұлғаюына және жабдықтың өшіп қалуына жол бермеуді үйренеді;
- Карьерлік жолдар жақсы күйде болады және күрделі көтерілістер талап етілетін жерлерде операторлар қозғалтқыштың қажет емес айналымдарына және т.б. жол бермеу арқылы қозғалтқыштың шуын барынша азайтуды үйренетін болады;
- Материалдардың құлау биіктігі барынша азайтылады;
- Бір мезгілдегі шуға жол бермеу үшін техника мен қондырғылар бірізді қосылады;
- Денсаулықты қорғау және қауіпсіздік техникасын қамтамасыз ету үшін барлық техника төмен деңгейде артқы жүріспен қозғалу туралы дабылдармен қамтылған;
- Стационарлық және өзге қондырғылар үшін (мысалы, генератор) ауа кірісінде тұншықтырғыштың және пайдаланылған газ шуын тұншықтырғышының болуы;
- Орнатылған сапалы тұншықтырғыштары бар екенін, тозған бөлшектері ауыстырылатынын және майламалары тиісті түрде қолданылатынын, бастапқы шудың жобалық сипаттамалары бұрынғысынша қанағаттандыратынын қамтамасыз ету үшін тиегіш көлік құралдары мен жабдықтарды жүйелі түрде қарап тексеру және қызмет көрсету;
- Жабдықты ауыстыру қажет болған кезде таңдалған жабдықтың дыбыстық қуаттылығы ауыстырылуы тиіс жабдықтың дыбыстық қуаттылығына тең немесе кем болады;
- Жару жұмыстарын жобалау әр жарылысқа арналған экологиялық көрсеткіштердің жоғары деңгейін қолдау үшін тығындамаларды кескіндеуден және жарылғыш заттарды қаптаудан тұратын болады;

- Өндірумен және жару жұмыстарымен айналысатын қызметкерлер мен мердігерлер шулы жерлерде есту мүшесіне арналған тиісті қорғаныс құралдарын тағуы тиіс. Осындай аудандар тиісті тілдегі маңдайша жазулармен белгіленетін болады және қызметкерлер мен мердігерлер есту мүшелерін қорғау бойынша нұсқамадан өтеді;
- Уақтағыш пен байыту фабрикасының аумақтарында орналасқан статикалық қондырғы ғимараттың ішінде орнатылатын болады, ал ғимараттың қасбетіндегі саңылаулар (яғни есіктер, терезелер және т.б.) барынша азайтылады, бұл дыбысты сіңіретін материалмен бақыланатын ғимарат ішіндегі реверберлеуші дыбысты барынша азайтады;
- Пайдалы қазбаларды өндірумен байланысты шығатын шуға қатысты шағымдар мүдделі тараптардың өзара әрекеттесу іс-шараларының және Жобаға қатысты шағымдар мен ұсыныстарды түсіру үдерісінің ауқымында бақыланатын болады, соның ішінде жасалған жұмыс туралы түсініктемелерді салу үшін жәшіктер қойылады;
- Шуға қатысты мониторинг Шуды басқару жоспарына сәйкес және жергілікті тұрғындар арасынан зардап шеккендерден қандай да бір шағым келіп түскеннен кейін жүргізілетін болады;
- Барлық өлшенген деректер жазылатын болады және қоршаған орнаты, денсаулықты қорғау және қауіпсіздік техникасын орындау жөніндегі құжат түрінде қолданылады және Жоба пайдаланылатын мерзім ішінде жыл сайын жарияланатын болады.

Келесі ортақ шаралар Жобаны жүзеге асырумен байланысты көлік құралдарынан болатын шу әсерін барынша азайтатындай етіп жүзеге асырылатын болады:

- Жол қозғалысының шарттарына және елді мекендер сияқты сезімтал рецепторлардың орналасуына байланысты жылдамдық шектеледі;
- Шиналардан болатын шу деңгейін төмендету үшін кірме жол жабындарын жақсы күйде ұстау;
- Ұзақ мерзімді бос жүріске жол бермеу үшін үздіксіз қозғалысты қамтамасыз ету.

5.7.6 Мониторинг және аудит

Мониторинг пен аудитті жоспарлау кесте 5.7.17 көрсетілгендей әсерді жұмсарту жөніндегі стратегияларды жұмсарту тиімділігін анықтауды тексеру үшін қажет.

кесте 5.7.17: Шу мен дірілге мониторинг пен аудит жүргізу
Шу – мониторинг тәсілдемесі

Стандартты жұмыс рәсімдері	ESIA көрсетілген шуды бағалау мониторинг жоспарымен бекітілетін болады, ол пайдалану және тарату кезеңдеріндегі рәсімдер мен мониторинг нүктелері бойынша нақты нұсқамаларды қамтамасыз ететін болады. Жоспар мыналардан құралады: • Тиісті мониторингтік жабдық – ҚО мониторинг жүргізу аспаптары бар 1-ші класты шу өлшегіштері шуға мониторинг жүргізу үшін пайдаланылатын болады, техникалық қызмет көрсетуге және сәйкессіздік рәсімдеріне қойылатын тиісті талаптар анықталатын болады. Жеткізілім тізбегінің құжаттамасы • Шуға мониторинг жүргізу рәсімдері – Шуды бағалау мониторинг жүргізуге және жұмыстар аудандарына бағытталатын жабдықты пайдалану мерзіміне қойылатын талаптарды анықтайтын болады, бұл орайда салдарды жұмсату жөніндегі шаралардың тиімділігі анықталатын болады. Рәсім жоба жүргізілетін кезеңде деректер жиналатынына және жазбалар сақталатынына кепілдік беретін болады, келесі мәліметтерден тұрады: - мониторинг үшін сай келетін орындар; - жұмыстардың әр сәйкестендірілген кезеңі үшін әр жерде жүргізілетін мониторингтің ұзақтығы; - Барлық қажетті деректердің жазбалары, соның ішінде шу деңгейі (L_{Aeq}), күні, уақыты, ауа-райы жағдайы және кез-келген тиісті ақпарат кіреді. - шу деңгейлері бойынша нұсқаулық - шу деңгейлері бойынша ұсыныстар рецепторлар үшін анықталған деңгейлерден асып кеткен жағдайда өлшемдер қабылданатын болады. • Шағымдарды қарастыру рәсімі – рәсімде егер шуға қатысты нақты шағымдар операторлар арқылы немесе обаның ауқымында асырылатын байланыс механизмдері арқылы тікелей кліп түскен кездегі әрекеттердің жан-жақты сипаттамасы берілді.

Мониторинг стратегиясы	**Жабдық**	**Рәсім**
Шу	ҚО мониторинг жүргізу аспабы бар 1-ші класты шу өлшегіштері учаскеде орналастырылады және жоба жүзеге асырылатын мерзім ішінде техникалық қызмет көрсетілетін болады.	Шу мониторингі жобаланатын Жобаның әр кезеңінде Жобаға жақын орналасқан сезімтал рецепторлар үшін өкілді болып есептелетін жерлерде жүзеге асырылады. Қосымша мониторинг тиісті жерлерде шуға қатысты түскен шағымдарға жауап ретінде жүзеге асырылатын болады.

5.7.7 Қалдық әсерлер

Әсерді төмендету жөніндегі стандартты шаралар және алдыңғы қатарлы тәжірибелер жұмыскерлерді және кенттердің тұрғындарын қорғау үшін жобаның ауқымында қабылданатын болады. Әсерді төмендету жөніндегі тиісті шараларды қолданған кезде әрбір елді мекендегі шудың деңгейі рецептор орналасқан әр жерге қатысты шу әсерін төмендетеді. Сондықтан қалдық әсер жергілікті рецепторлар үшін қысқа мерзім ішінде **маңызды** деп және ұзақ мерзім ішінде **бірқалыпты** деп қарастырылады.

Қосымша есептер бір жыл ішіндегі орташа метеорлогиялық шарттарды қарастырған кезде сезімтал рецепторларға деген ықтимал әсерді мөлшерлік анықтау үшін арналған. Нәтижелер бойынша рецепторлардың шамамен 2-ден 3 дБ (А) дейінгі барлық орналасқан орындарына төмен әсері болжанады.

Жұмыстардың ерте кезеңдерінде жақсы тәжірибе болып сезімтал салаларда тап болатын болжалды шу әсерін қамтамасыз ету үшін жақын орналасқан сезімтал рецепторларға әсер ететін шуға мониторинг жүргізу табылады. Бұл шуға монитроинг жүргізу жоспарына және басқару жоспарына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

Сонымен қатар, шу салдарын жұмсарту жөніндегі іс-шаралардың тиімділігі шағымдар мен ұсыныстарды түсіру механизмінің көмегімен бақыланатын болады. Қалдық әсер туралы деректер кесте 5.7.18 келтірілген.

кесте 5.7.18: Шудың әсері туралы деректер

Әсер ету	Қайнар көз	Негізгі рецептор (1)	Фаза (2)		Маңыздылығы (3)		Салдарын жұмсарту жөніндегі шаралар	Басқару жоспары
			C	O	ST	LT		
Шу	2016 ж. пайдалану кезеңі – 5.6-кесте 2019 ж. пайдалану кезеңі – 5.7-кесте 2027 ж. пайдалану кезеңі – 5.8-кесте	R	-	X	SU	M	• Көлік құралдары мен ұтқыр жабдықтарға, соның ішінде тұншықтырғыштарға жүйел қызмет көрсету және қарап шығу. • Ауыр техника үшн жылдамдықтың шектеулерін және барлық жолдардағы ортақ трафик пен жолдардың күтімін қамтамасыз ету. • Құрылыс техникасында шуды әлсіреті құрылғыларын орнату. • Елді мекеннен алыс жерде стационарлық шу көздерін орналастыру.	Қозғалысты басқару жоспары
							• Қалыпты күндізгі жұмыс уақыты кезінде шуы жоғары жұмыстарды жүргізу кестесі. • Шуы жоғары деңгейдегі учаскелерді белгілейтін тиісті тілдердегі маңдайша жазуларды орналастыру, ол жерлерде есту мүшелерін қорғау құралдары міндетті түрде қолданылуы тиіс. • Қажет болу шамасына қарай, уақытша шудан қорғайтын экрандар ретінде пайдалануға арналған контейнерлерді орналастыру.	Шуды басқару жоспары

кесте 5.7.18: Шудың әсері туралы деректер

Әсер ету	Қайнар көз	Негізгі рецептор (1)	Фаза (2)		Маңыздылығы (3)		Салдарын жұмсарту жөніндегі шаралар	Басқару жоспары
			С	О	ST	LT		
							• Шағымдар мен ұсыныстарлы орналастыру үдерісі арқылы шумен байланысты шағымдарға мониторинг жүргізу.	Мүдделі тараптарды жұмысқа тарту жоспары

Ескертпе:
(1) Негізгі рецепторлар: R = жергілікті тұрғындар, E = қызметкерлер, B = ғимараттар
(2) Жобаның кезеңдері: C = құрылыс, O = пайдалану
(3) Күтілетін мағынасы: ST = әсерлерді жұмсарту жөніндегі шараларды жүзеге асырған кезде қысқа мерзімді, LT = әсерлерді жұмсарту жөніндегі шараларды жүзеге асырған кезде ұзақ мерзімді, VS = өте маңызды, SU = маңызды, M = бірқалыпты, SL = болмашы, N = жоқ

5.7.8 Қорытынды

Әсерлерді бағалау Жобаның пайдалану кезеңінің шуға сезімтал рецепторларға қатысты әсерін бағалау мақсатында жүргізілді. Әсер ету нәтижелері кесте 5.7.18 кестеде келтірілген.

Жоба салдарынан туындайтын шудың ықтимал шамасы анықталған сезімтал рецепторларда және шу әсерін айтарлықтай төмендету үшін ұсынылған салдарды жұмсарту тиісті шараларында бағаланды. L_{Aeq} орташа ұлттық нормативтік шекті деңгейлер болмаған кезде ықтимал күндізгі және түнгі әсер ХҚК-ң денсаулықты, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы туралы ұсыныстарына сәйкес бағаланды.

Учаскеге жақын орналасқан қолданыстағы рецепторларға шудың ықтимал әсерін төмендету мақсатында салдарын жұмсарту жөніндегі стандартты шаралар мен үздік тәжрибелер жергілікті тұрғындарды қорғау жөніндегі жобаның ауқымында қабылданатын болады. Сонымен қатар, шу салдарын жұмсарту жөніндегі іс-шаралардың тиімділігі Жобаға қатысты шағымдарды түсіру және қарастыру механизмінің көмегімен бақыланатын болады.

Маңызды және болмашы әсер арасындағы айырмашылық «бірқалыпты» және «маңызды» сезімталдық арасында болады. Бірқалыпты әсерлер айқын және міндеттелген болуы мүмкін, бірақ мінез-қылықта болмашы өзгерістер туындатады. Маңызды салдар білінетін және бұзатын болуы мүмкін, және мінез-қылықта немесе қарым-қатынаста айтарлықтай өзгерістер туындатуы мүмкін.

Пайдалану кезінде қалдық әсер күндізгі уақытта болмайтын әсер ретінде қарастырылады. Түнгі уақытта қалдық әсер жергілікті тұрғындар үшін қысқа мерзім ішінде **маңызды** деп және ұзақ мерзім ішінде **бірқалыпты** деп есептеледі.

5.8 Топырақ және жер пайдалану

5.8.1 Жобалау қызметінің түрлері және ықтимал әсер ету көздері

Тау жыныстары қайырмаларының, қалдық қоймаларының және көмірлі кек қоймасының құрылысы сияқты жердің жаңа аудандары қажет болатын жобалау қызметінің барлық түрлері топыраққа әсер ететін болады, себебі топырақ қабаты осы учаскелерден алынып тасталады және кеңішті жапқаннан кейін топырақтың құнарлығын қалпына келтірген кезде пайдалану үшін қоймаланады. Жобалау қызметіне іргелес орналасқан бұзылмаған жерлер де топырақты ластауы ықтимал құрғақ және дымқыл материалдарды орналастыру нәтижесінде әсерге ұшырауы мүмкін.

5.8.2 Әсер ету нысандарының сезімталдығы

Жоба көп бөлігі өңделмеген далалы жерде орналасқан. Қазіргі таңда кеңішті және қосалқы инфрақұрылымды болашақта дамыту үшін бөлінген кейбір алаңдарда, атап айтсақ қалдықтар сақталатын жерлер мен байыту фабрикасының аумағында мал жайылады. Пайдалану қарқындылығының төмен болуы және жерді ығыстыру мүмкіндігінің болуы салдарынан жер көбінесе ауыл шаруашылығы үшін өте маңызды болып есептеледі. 4.7-тарауда көрсетілгендей, Жобаның айтарлықтай көп ауданындағы топырақ құрамында органикалық зат мөлшерінің аз болуымен (орташа есеппен 3,5%), қуаттылығы төмен және тасты болуымен сипатталады (табиғи жыныстар мен байыту фабрикасының көп аумағында). Анағұрлым қуатты топырақтар ойпаттармен және ағын су алқаптарымен шектеледі (қалдық қоймасы аумағының және тау жыныстары қайырмасының шығыс секциясының бір бөлігі). Сәйкесінше, көміртекті сақтауға байланысты жерлердің жергілікті маңыздылығы бар. Олар қазір қолданылатын нысанда эрозияға төзімді. Топырақтардың типтері мен олардың экожүйелері жергілікті таралған (4.9-тарау: Биологиялық әртүрліліктің фондық күйін қараңыз). Сондықтан олардың жергілікті мағынасы мен төңректің шегінде жоғары ығыстыру ықтималы бар деп есептеледі.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде және кесте 5.8.1 келтірілген критерийлерді пайдалана отырып, Жобаның аумағындағы топырақтар сезімталдығы **аз** нысандар болып есептеледі.

5.8.3 Ықтимал әсерлер

Жобаның барлық кезеңдерінің ықтимал әсерлері (құрылыс, пайдалану және жою/құнарлығын қалпына келтіру) мыналардан тұрады:

- топырақ қабатының бұзылуы және алынып қалуы;
- сақтау кезінде топырақ сапасының өзгеруі;
- апаттық төгінділер мен шығарындылар салдарынан ластану нәтижесінде топырақтың химиялық құрамы мен сапасының өзгеруі; және
- жел немесе су эрозиясының нәтижесінде топырақтың шығарылуы.

Бұзылатын жер телімдерінің шектерінде ағымдағы ластану көздері анықталмайды, сәйкесінше осы учаскелердегі топырақтың бұзылуы нәтижесінде ластағыш заттардың шоғырлану тәуекелі анағұрлым аз болады.
Тиісті қорғаныс шараларынсыз Жоба бұзылған учаскелерде құнарлы қабат толық бұзылатын дәрежее дейінгі өзгерістерді тудырады. кесте 5.8.1 белгіленген критерийлерге сәйкес өзгерістер масштабы **үлкен** болады.

кесте 5.8.1 белгіленген критерийлерге сәйкес жұмсартқыш шараларсыз әсер ету нысандарының аз сезімталдығы өзгерістердің үлкен масштабымен үйлесе отырып, ***бірқалыпты*** әсер береді, ол ***маңызды*** салдарға әкеп соғады.

5.8.4 Жұмсартқыш шаралар

Қалдық әсердің ауырлық дәрежесін төмендету үшін тиісті шараларды қабылдау қажет. Топырақтың шығынын және бұзылуын азайту үшін құрылыстардың орналасу жоспары мен жобасында келесі шаралар қарастырылды:

- Құрылыс көлемдерін кен орнын зерттеу үшін қажет ауданмен шектеу.
- Уақытша құрылыстар алаңдарын, мысалы, кірме жолдар мен пайдалану кезеңі үшін қажет аудандары бар құрылыс кезінде уақытша қоймалау алаңдарын біріктіру.
- Бұзылған жерлерді барынша пайдалану мақсатында инфрақұрылым нысандарының орналасу сызбасын оңтайландыру.
- Ертеректе болған ықтимал ластанулар көздерінен алыстағы құнарлы қабатты қоймалау учаскесінің орналасуы (1.3-сызба).
- Ластағыштарға іргелес аумақтарды қорғауды қамтамасыз ету мақсатында қалдық қоймасының, буферлік кен қоймасының және көмір өнімі қоймасының құрылымдарында сүзуге қарсы экранды орнату.
- Қалдық қоймасының, буферлік кен қоймасының және көмір өнімі қоймасының алаңдарынан дренаждық науаларды жинау және бұзылған жерлер мен ПСП қоймасынан бұру.
- Топырақтың ластануына жол бермейтін қалдықтарды жинау және уақытша сақтау үшін ұйымдастырылған алаңдар.
- Сонымен қатар, келесі пайдалы жұмсартқыш шаралар ұсынылады:
- Тау жыныстары қайырмасының, қалдық қоймасының және көмірлі кек қоймасының учаскелерінен оларды пайдалану басталғанға дейін топырақ қабатын алып тастау (құрамында өзгергіш қуаттылығы шамамен 30 см құрайтын органикалық заттар бар биологиялық белсенді қабат – топырақ кескінінің егжей-тегжейлі сипаттамасы 4.7.1-қосымшада келтірілген).
- Қалдық қоймасының учаскесінен және өсімдік жамылғысы қалың өзге учаскелерінен өсімдік қабаты (шым) ПСП алынып тасталғанға дейін алынып

тасталады және мүмкіндігінше эрозия тәуекеліе азайту мақсатында ПСП қоймаларының жамылғысы ретінде пайдаланылуы тиіс («Топырақтарды оңтайлы пайдаланудың түбегейлі жоспары» 5.8.1-қосымшасын қараңыз).
- Топырақ қабатын топырақ асты қабатпен араластыруға болмайды.
- Топырақ асты қабатын (әдетте 30 м-ден төмен тереңдікте орналасқан, құрамында органикалық заттар аз болатын сазды немесе құмды қабат) қалдық қоймасындағы қорғаныс полиэтилен үлдірі үшін негіздеме және жабын қабат ретінде пайдаланылатын болады. Топырақ қабаты осы мақсат үшін осы төңіректе топырақ асты қабатының көлемі жеткілікті болмаған кезде пайдаланылатын болады.
- Қолданыстағы өнеркәсіптік учаскелер мен бұзылған учаскелердегі топырақ бұзылмаған учаскелерден алынған топырақпен араласпайды.
- Көлік құралдарының қозғалысы қолданыстағы бағыттармен және жаңа жобалау бағыттарымен шектелетін болады.
- Қоймаланған топырақ қабаты кеніштің жабылу және қалпына келу кезеңінде бұзылған жерлердің құнарлығын қалпына келтіру үшін пайдаланылатын болады.

Топырақ ресурстарын басқару бойынша ұсынылатын жұмсартқыш шаралар «Топырақты оңтайлы пайдаланудың түбегейлі жоспары» 5.8.1-қосымшасында келтірілген.

Төгінділер мен апаттық шығарындылардың алдын алу және оқшаулау

Құрылыстың немесе пайдаланудың қалыпты жағдайлары кезінде апаттық төгінділер немесе шығарындылар жағдайында топыраққа және судың сапасына қолайсыз әсер ету ықтималдығын азайтуға бағытталған май төгінділерін оқшаулау жөніндегі жоспарды, апатты болдырмау және жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын енгізу және оқыту қамтамасыз етілетін болады (Апаттық дайындық және әрекет ету құжаты - №4 басқару жоспарына сәйкес). Компанияның барлық қызметкерлері мен мердігерлері Жоспарда қарастырылған рәсімдерді сақтауға міндетті.

Төгінділер орын алуы мүмкін сақтауға арналған сұйыққоймалар сияқты учаскелердің айналасында топырақ үйілетін болады, ал апаттық төгінділердің төселетін топыраққ түсуіне жол бермеу үшін химиялық реагенттер мен ЖЖМ тиеу/түсіру немесе пайдалану учаскелері сүзуге қарсы экранмен жабдықталады немесе бетондандырылады.

Жекелеген учаскелерде сақталатын немесе пайдаланылатын материалдар үшін сорбенттер қамтамасыз етіледі, төгінділерді немесе апаттық шығарындыларды оқшаулау және жинау қажет болған жағдайда сорбенттер қолжетімді дерлерде сақталуы тиіс.

Кеніште жабу және жердің құнарлығын қалпына келтіру

Кеніш жабылғаннан кейін жердің құнарлығын қалпына келтіру және оның күйін мал жаю үшін пайдаланылатын даланың күйіне жеткізу мүмкіндігі бар. Жобаны жабудың және жерлерді қалпына келтірудің егжей-тегжейлері «Полиметалл» дайындаған техникалық-экономикалық негіздемеде (1-том, 13.3-тарау), сондай-ақ өсімдіктерді қалпына келтіру және жаңғырту бойынша кәсіпорынның жүргізуі жоспарланатын іс-шаралар сипатталған Кенішті жабу және жерді қалпына келтіру жоспарында (№5 Басқару жоспарын қараңыз) келтірілген. Тау жыныстары қайырмасының учаскесі жоспарланатын болады, жоғарғы топырақ қабаты қалпына келтіріледі және шөптер егіледі.

Жерасты өндірісі аяқталғаннан кейін жерасты суының анағұрлым терең ойықтарға ағуын қамтамасыз ететін еңісін қалыптастыру арқылы қалпына келтірілетін болады. Анағұрлым жазық кірме жолдарға топырақ қабаты төселеді және шабындық күйіне дейін шөптер егілетін болады. Жануарлардың кіріп кетуіне жол бермеу үшін карьер периметрі бойынша қоршалатын болады.

5.8.5 Қалдық әсерлер

Ұсынылатын қорғаныс шаралары шығындарды азайтуға және топырақ жамылғысының бұзылуына жол бермеуге көмектеседі және жобалау құрылғысы алаңдарының көп бөлігін қалпына кілтіру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Кейбір шығындар мен өзгерістер орын алуы мүмкін, алайда кен орнын өңдегеннен кейін топырақтардың сипаттамалары мен сапасы ішінара ғана өзгереді, бұл орайда өзгерістер қайтымды сипатқа тән болады. кесте 5.8.1 келтірілген критерийлерге сәйкес, топырақтың өзгеруі мен жер құнарлығының өзгеруінің қалдық масштабы **бірқалыпты** деп есептеледі. кесте 5.8.1 келтірілген критерийлерге сәйкес өзгерістердің бірқалыпты масштабымен үйлесетін әсерлердің жоғары емес сезімталдығы әсерді **шағын** етеді, ал қалдық әсерді **болмашы** етеді.

5.8.6 Мониторинг және аудит

Топыраққа мониторинг жүргізу кейбір қолданыстағы қадағалау бөлімшелерінде (М1-М18) жалғасады, ал М1, М2, М8, М9, М12, М13 бөлімшелері бұзылу аймағына түседі: карьер, жыныстар қайырмасы, қалдық қоймасы, және нәтижесінде қадағалау үшін жарамсыз болып қалады. Жаңа қадағалау бөлімшелерінің дәл сондай саны жоғары тәуекел учаскелерінде тағайындалатын болады (N1–N6 бөлімшелері, 4.7.2-сурет): жыныстар қайырмасынан бастап оңтүстік-батысқа және шығысқа қарай, көмірлі кек қоймасынан бастап оңтүстік-шығысқа және бөгет астындағы қалдық қоймасынан бастап оңтүстікке қарай орналасқан ағын сулар алқаптары.

Эрозия белгілерін анықтау үшін ПСП қоймаларын қадағалау ұйымдастырылды. Қажет болған кезде тиісті қосымша қорғаныс шаралары қабылданатын болады.

5.8.7 Қорытынды

Топырақтың алып тастау, орын ауыстыру және сақтау түрінде бұзылуы Жоба әрекет ететін мерзім ішінде орын алатын болады. Белгілі болғандай, Жобаның аумағындағы топырақ ресурстары өзінің қуаттылығының аз болуы және құрамында органикалық заттың (көміртектің) аз мөлшерде болуы салдарынан осы аймақ үшін тән тіршілік ортасын қамтамасыз етеді және ауыл шаруашылығы мақсаттары үшін пайдаланылады. Бағалау көрсеткендей, жұмсартқыш шараларсыз Жоба қызметінің болмашы салдары болады. Орналасу жоспары мен құрылыстың жобасында, сондай-ақ Топырақты оңтайлы пайдалану жөніндегі түбегейлі жоспарда (№7 басқару жоспары) қарастырылған жұмсартқыш шаралар әсерді барынша азайтады, бұл болмашы қалдық әсерге әкеп соғады.

кесте 5.8.1: Жұмсартқыш шаралар және қалдық әсерлер

Әсер ету	**Өндіру кезеңі**	**Жұмсартқыш шараларды қабылдағанға дейінгі әсерлер**	**Негізгі жұмсартқыш шаралар**	**Қалдық әсерлер**
Шығын және топырақ сапасының нашарлауы	Барлығы	Бірқалыпты	Топырақтың сапасын сақтау және эрозия тәуекелін төмендету мақсатында топырақтың орнын ауыстыру, сақтау және құнарлығын қалпына клетірудің тиісті тәсілдерін пайдалану (№7 басқару жоспарын қараңыз). Кегіш жабылғаннан кейін топырақтың қоймаланған қорларын пайдалану арқылы бұзылған жерлердің құнарлығын қалпына келтіру	Болмашы

5.9 Су ресурстары

5.9.1 Жобаның қызметі және ықтимал әрекет ету көздері

Құрылыс фазасы

Құрылыс екі кезеңмен жүргізілетін болады:

- 1-ші кезең 2016 ж. бастап 2024 ж. аралығында жүзеге асырылатын ашық өндіріспен байланысты;
- 2-ші кезең 2025 ж. бастап 2039 ж. аралығында жүргізілетін жерасты өндірісімен байланысты.

Осы екі кезеңді келесі негізгі құрылыс тапсырмаларына бөлуге болады:

1-ші кезең – Ашық өндіріс (2016 – 2024 жж.)

A. Жаңа карьердің және қорғаныс аймақтарының жарылыс жұмыстарының аймақтары аумағындағы ғимараттарды құлату, соның ішінде ескі байыту фабрикасының нысандарын, Іуезов кнетіне қызмет көрсететін су айдауыш мұнараны және кенттің көмір қазандығын құлату;
B. Жаңа байыту фабрикасы мен кеніш нысандарын салу, соның ішінде байыту фабрикасымен, карьермен,қоймамен, бос жыныстар қайырмасымен, коммуналдық желімен және жолмен байланысты әртүрлі инфрақұрылымды салу;
C. Қоғамдық және коммуналдық инфрақұрылымды салу, соның ішінде Бакырчик-Бурсак айналма жолын және Әуезов кентінің коммуналдық желілерін, соның ішінде электрмен қамту және жарықтандыру желісін, трансформаторлық қосалқы станцияны, қазандықты салу, су айдағыш мұнараны, жылумен қамту желісін, сумен қамту желісін және канализациялық желіні айырбастау;
D. Жаңа қалдық қоймасын салу.

2-ші кезең – Жерасты өндірісі (2025 – 2039 жж.)

A. Жерасты зерттемелеріне қатысты қолданыстағы бес шахталық діңгекті қайта құру және үш шахталық діңгекте (батыс, шығыс және күрделі шахта) желдеткіш пен жылу генерациялаушы энегия блогын орнату;
B. Жерасты қазбалары инфрақұрылымының біріктретін желілерін салу, соның ішінде санитарлық және тұрмыстық орынжайлар, жылумен қамту желілері, су сұйыққоймалары мен канализациялық жүйелер кіреді;

C. Шығыс учаскесінде нысандарды салу, соның ішінде жерасты қазбалары нысандары, шахта үстіндегі инфрақұрылым және бетонмен қаланған кешенді салу;

D. Батыс және орталық учаскелерінде нысандарды салу.

Осы негізгі құрылыс тапсырмалары су ортасына әсер етуі мүмкін ықтимал салдармен байланысты құрылыс жұмыстарынан тұрады (Кесте. 5.9.1).

Кесте. 5.9.1: Құрылыс кезінде су ортасымен байланысты жобаның құрылыс жұмыстары

Құрылыс жұмыстары	**Ықтимал әсер ету**
Топырақты қалыңдату	Топырақты машиналармен қалыңдату инфильтрацияны азайтады, ағынды ұлғайтады және ағынға деген сезімталдықты қысқартады.
Топырақ қабатын алып тастау	Топырақ қабатын алып тастау топырақтың су сыйымдылығын азайтады және ағынды ұлғайтуы мүмкін.
Өсімдіктерді жою	Өсімдіктерді жою ілінісуді және транспирация қарқындылығын төмендетеді және ағынды ұлғайтады.
Құрылыс / Сіңірмейтін беткі қабаттарды жою	Топырақтағы бүйіржақ жылыстаулар бағытын (ағыс арқылы) және су сіңірмейтін құрылымдар мен негіздемелердің қасындағы беткі ағысты қайта бағыттау.
Машиналарды пайдалану	Учаскеде машиналарды пайдалану және отынды сақтау салдарынан отын мен майды төгілуі немесе жылыстауы салдарынан ластану
Бетонды немесе баламалы м атериалды пайдалану	Төгінділер мен жылыстаулар салдарынан ластану.
Жер жұмыстары	Жер жұмыстары, соның ішінде қайта кескіндеу мен грейдерлеу жер пайдаланудың алдыңғы түрлерімен байланысты құрамында жоғары мөлшерде жауын-шашын мен ластағыш заттар бар ағынды генерациялай алады, егер оны тазартпаса, ол қабылдағыш су қоймаларын ластауы мүмкін.
Құлату	Құлату беткі ағыста мобилизациялануы мүмкін ғимараттарды пайдаланумен байланысты ластағыш заттарды мобилизациялауы мүмкін.
Беткі су жиналу мен арналарды модификациялау	Беткі су арналарын қайта бағыттау және су жиналуына жол бермеу науа-қорекке қатысты өзгертулерге әкеп соғуы мүмкін.
Су қоймаларының жанындағы құрылыс жұмыстары	Арналар мен жағажайларды өзгерту қажет болуы мүмкін, бұл ағыс тәртібіндегі ықтимал өзгерістерге, сондай-ақ жауын-шашынның мобилизациялануына әкеп соғуы мүмкін.

кесте 5.9.2 құрылыс жұмыстары мен негізгі құрылыс тапсырмаларымен байланысты әсерлер келтірілген:

кесте 5.9.2: Негізгі құрылыс тапсырмаларымен байланысты құрылыс қызметі										
Негізгі құрылыс тапсырмалары	**Құрылыс қызметі**									
	Топырақты қалыңдату	Аршу жұмыстары	Өсімдік қабатын жою	Су сіңірмейтін беткі қабаттарды салу	Техниканы пайдалану	Бетонды немесе баламалы материалды пайдалану	Жер жұмыстары	Құлату	Беткі су жиналу мен арналарды модификациялау	Су а,ыстарының үстіне салу
1A	✓	✓		✓	✓	✓	✓	✓		
1B	✓	✓		✓	✓	✓	✓		✓	✓
1C	✓	✓		✓	✓	✓	✓			
1D	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓		✓	✓
2A				✓	✓	✓				
2B	✓	✓		✓	✓	✓	✓			
2C	✓	✓		✓	✓	✓				
2D	✓	✓		✓	✓	✓	✓			

Пайдалану фазасы

Пайдалану фазасы (2016 – 2039) су ортасына әсер етуі ықтимал келесі негізгі тапсырмалар мен іс-шаралардан тұрады:

Кесте 5.9.3: Әрбір ықтимал пайдалану тапсырмасымен байланысты қызмет және олардың су ортасына ықтимал әсері		
Өзекті тапсырма	**Іс-шара**	**Ықтимал әсер ету**
1-ші кезең (2016 – 2024 жж.)		
Ашық тау жұмыстары, соның ішінже жару жұмыстары, су құйылуы және жыныстардың ашылуы	Карьерді кеңейту	Қорекке қатысты өзгерістер – қар мен жаңбырдың тікелей ілінісуі салдарынан ағуы
	Су құйылуы	Беткң және жерасты су құйылатын көкжиектерде жерасты суы тәртібіндегі өзгеріс (ағыстың деңгейі мен бағыты)
	Жарылғыш заттарды пайдалану	Су құйылатын көкжиектердің ауқымында жерасты суларына нитраттың түсуі.
	Машиналарды пайдалану	Карьердегі техниканы пайдаланумен байланысты майдың, отынның және майлағыш материалдардың төгілуі мен жылыстауы.
Байыту, соның ішінде кенді қоймалау, дайындау және байыту	Су сіңірмейтін беткі қабаттардың болуы	Топыраққа радиалдық бағыттағы а,ыстарды қайта бағыттау (ағыс арқылы) және су сіңірмейтін құрылымдар мен негіздемелер арқылы беткі ағынның бағыттары
	Ықтимал ластағыш заттарды сақтау және пайдалану	Беткі ағынның ластануы
Қалдық қоймасын пайдалану	Беткі су жинағыштары мен арналарын өзгерту	Беткі су арналарын қайта бағыттау және су жинағыштарды болдырмау қорекке–ағынға қатысты өзгертулерге әкеп соғуы мүмкін.
	Қалдық материалды орналастыру	Қалдық қоймасының негіздемесі немес борттары арқылы қалдық судың жылыстауы. Қалдық қоймасының бөгеті жарылған кезде қалдықтар мен судың шығыны.
Бос жыныстар қайырмасын пайдалану	Су сіңірмейтін беткі қабаттардың болуы	Топыраққа радиалдық бағыттағы а,ыстарды қайта бағыттау (ағыс арқылы) және су сіңірмейтін құрылымдар мен негіздемелер арқылы беткі ағынның бағыттары
	Ықтимал ластағыш заттарды сақтау	Беткі ағынның ластануы
	Беткі су жинағыштары мен арналарын өзгерту	Беткі су арналарын қайта бағыттау және су жинағыштарды болдырмау қорекке–ағынға қатысты өзгертулерге әкеп соғуы мүмкін.
Учаскені пайдалану үшін сыртқы сумен қамту	Қызылту ұңғымалық өрістен су алу	Жерасты су алы көкжиегіндегі жерасты суы тәртібіндегі өзгеріс (ағыстың деңгйі мен бағыты).

Әуезов кенін сыртқы сумен қамту	Қызылту ұңғымалық өрістен су алу	Жерасты суы тәртібіндегі өзгеріс. Байырғы тау жыныстары орналасатын су құйылатын көкжиектегі жерасты су қорының таусылуы және ағыс бағытының өзгеруі
	Қызылту ұңғымалық өрістен су алу	Беткі сулардың ағысы мен деңгейінің өзгеруі
Басқа қалдықтардың, соның ішінде көмір концентраты мен тұрмыстық қалдықтардың түзілуі, сақтау және орналастыру	Сіңірмейтін беткі қабаттар	Топыраққа радиалдық бағыттағы,ыстарды қайта бағыттау (ағыс арқылы) және су сіңірмейтін құрылымдар мен негіздемелер арқылы беткі ағынның бағыттары
	Ықтимал ластағыш заттарды сақтау	Беткі ағынның құрамында сақталатын материалдармен байланысты ықтимал ластағыш заттардың жоғары концентраицялары болуы мүмкін.
Реагенттерді, жанғыш-майлағыш материалдарды сақтау	Ықтимал ластағыш заттарды сақтау және пайдалану	Беткі ағандардың құрамында сақталатын материалдардың төгілуімен және жылыстауымен байланысты ықтимал ластағыш заттар жоғары мөлшерде жылыстауы мүмкін.
Фабрика мен ауыр көлік құралдарын, сондай-ақ көлік құралдарын жөндейтін шеберханалар мен қоймаларды пайдалану	Техниканы жөндеу, жуу және пайдалану	Майдың, майлағыш материалдардың және отынның төгінділері мен жылыстаулары, сондай-ақ лас сулар беткі ағынға түсуы мүмкін.
2-ші кезең (2025 – 2039)		
Жерасты тау жұмыстары, соның ішінде жару жұмыстары мен құрғату	Жерасты өндірісмен байланысты құрғату жөніндегі іс-шаралар	Жерасты су алы көкжиегіндегі жерасты суы тәртібіндегі өзгеріс (ағыстың деңгйі мен бағыты).
	Карьермен байланысты құрғату жөніндегі іс-шаралар	Жерасты су алы көкжиегіндегі жерасты суы тәртібіндегі өзгеріс (ағыстың деңгйі мен бағыты).
	Жарылғыш заттарды пайдалану	Су құйылатын көкжиектердің ауқымында жерасты суларына нитраттың түсуі.
	Техниканы пайдалану	Жерасты кенішінде техниканы пайдаланумен байланысты майдың, отынның және майлағыш материалдардың жылыстауы мен төгілуі
Паста тәрізді іргелердің түзілуі және орналасуы	Жерасты кенішінде кері іргелеуге арналған материалды сақтау	Жерасты су алы көкжиегіндегі жерасты суы тәртібіндегі өзгеріс (ағыстың деңгйі мен бағыты).

Ескертпе: 1-ші фазада көрсетілген жұмыстарға қатысты қосымша жұмыстар 2-ші фазада келтірілген. 1-ші фазада көрсетілген барлық жұмыстар 2-ші фазада жалғасатын болады, карьермен байланысты жару жұмыстарын ескермегенде.

Тарату кезеңі

Тарату кезеңі келесі негізгі іс-шаралардан тұрады:

Кесте 5.9.4: Әрбір ықтимал пайдалану тапсырмасымен байланысты қызмет және оның су ортасына ықтимал әсер етуі

Өзекті тапсырма	Ілеспе қызмет	Ықтимал әсер ету
Негізгі учаскенің қалпына келуі	Құлату	Құлату беткі ағыста мобилизациялануы мүмкін ғимараттарды пайдаланумен байланысты ластағыш заттарды мобилизациялауы мүмкін.
	Топырақты тегістеу	Жауын-шашын ағынға әсер етуін және қорек-ағын қатынасын өзгерту.
Карьер учаскесін қалпына клетіру	Көлдің түзілуі	Ұсақ және терең су құйылатын көкжиектердегі жераст сулары тәртібіндегі өзгерістер (ағыстың деңгейі мен бағыты)
Бос жыныс қайырмасының учаскесін қалпына келтіру	Өсімдіктерді отырғызу және түзету	Өсімдіктерді отырғызу ілінісуін және буланы жылдамдығын ұлғайтады және ағынды азайтады.
Қалдық қоймасының учаскесін қалпына келтіру	Тұндырғышты, қалдық қоймасының тоғанын және тиісті құбыржолды кетіру	Су ортасына шығару ағыстың өзгеруіне дәне беткі су сапасының өзгеруіне әкеп соғуы ықтимал.
	Қалдық қоймасын өзгерту және су ағатын жыраны салу	Таратқаннан кейін қалдық қоймасынан беткі су ағысына судың шығарылуы, ол ағыстың сипаттамалары мен сапасын өзгертеді.
	Беткі су жиналу мен арналарды модификациялау	Беткі су арналарын қайта бағыттау және су жиналуын жою ағынға-қорекке қатысты өзгерістерге әкеп соғуы мүмкін.

5.9.2 Әсер ету маңыздылығының критерийлері

Ортаның фондық күйінің сезімталдығын анықтау үшін пайдаланылатын сезімталдық критерийлері Кесте 5.9.5 келтірілген. Сезімталдық критерийлері су ортасының сапасымен байланысты факторлардың бағынштсатысына, соның ішінде халықаралық және ұлттық белгілеулерге, су сапасының ақпаратына, су нысанының күйіне, кеңес беруге, учаскені зерттеуге және бағалауды орындайтын команданың кәсіби талқылауына негізделген. Аталған критерийлердің барлығы шын мәнісінде жобаны зерттеу саласының жанында немесе төменірек орналасуы мүмкін. Осы критерийлер гидрологиялық және гидрогеологиялық ортаның фондық күйінің сезімталдығын талдау үшін пайдаланылады

Кесте 5.9.5: Рецепторлардың су ортасына қатысты сезімталдығының мағыналары		
Сезімталдығы (мағынасы)	**Жалпы сипаттамасы**	**Гидрогелогиялық/гидрологиялық сипаттамасы**
Болмашы	Маңыздылығы төмен рецепторлар; Мол; Жергілікті мағынасы немесе масштабы бар; Өзгерістерге төзімділігі; Жергілікті аумақта ығыстыруға арналған ықтимал.	• Сумен қамтуға, азық-түлікті өндіруге, табыс алуға) және тұрмыстық мақсатқа арналған жергілікті мағынасы бар су ағысы немесе су ағатын көкжиек; • Бірқалыпты тұрмыстық мағынасы бар су ағысы; • Төмен тұрмыстық мағынасы мен қарапайым қолжетімдігі бар су ағысы, мысалы, жолдың бойында орналасқан; Сезімталдығы төмен су экожүйесінің учаскесі.
Орташа	Маңыздылығы төменнен бастап орташаға дейін; салыстырмалы мол; аймақтық мағынасы немесе масштабы бар; өзгерістерге айтарлықтай төзімді; ығыстырылуы ықтимал.	• Сумен қамтуға, азық-түлік өндіруге, табыс алуға немесе тұрмыстық мақсатқа арналған аймақтық маңызы бар су құйылуы (қалалар, ауылдар немесе көшпелі қауымдастықтар); • Аймақтық мағынасы бар су экожүйесі; • Сумен қамтуға, беткі сулардың қорегіне, азық-түлік өндіруге немесе тұрмыстық мақсатқа арналған су құю көкжиегінің аймақтық мағынасы; Аймақтық мағынасы бар немесе сезімталдығы бірқалыпты су жүйесінің учаскесі.
Жоғары	Мағынасы орташадан жоғарыға дейін; салыстырмалы сирек; ұлттық мағынасы немесе масштабы бар; нәзік және өзгерістерге ұшырағыш; ығыстыру үшін ықтималдығы шектеулі.	• Ұлттық сумен қамту үшін, елдің ішінде азық-түлік өндіру үшін, ұлттық табыс аду немесе ұлттық тұрмыстық мақсатта пайдалану үшін арналған облыстағы ұлттық мағынасы бар ағын су; • Ұлттық мағынасы бар немесе сезімталдығы жоғары бір экожүйе; • Ұлттық сумен қамту үшін, беткі суларды қоректендіру үшін немесе азық-түлікті ұлттық өндіру үшін пайдаланылатын облыстағы ұлттық маңызы бар су ағызатын көкжиек.
Ауаның сапасы	Жылыту қондырғысының қазандығы мен құбырларынан шығарылатын тастандылардың нүктелік көздері	Жергілікті	1 ҚС, 2 ҚС, 4 ҚС		Х		Ауа, адамдар	Қазандықтың және жылыту қондырғыларының жанатын газдардың шығарындылары жердің бетіне жақын араласып кетпеуі, сол арқылы, рецепторлардың орналасқан	**Орташа**	**Болмашы/елеулі емес**	**Болмашы/елеулі емес**	ІЖ6: Ауаның сапасын бақылау жөніндегі іс-шаралар жоспары

								жерлерінде ластаушы заттектердің шоғырлануын арттырмас үшін айтарлықтай жоғары түтін құбырлары болуы тиіс; Сыннан өткен заманауи дизайнды пайда болуы төмен құрғақ тозаңды-көмірлі жанарғыларды пайдалану. NOx шығарындыларын кемітуге арналған NOx ; Шығарындылардың кемуінің ықтимал нұсқаларын зерделеу. SO2. Осындай нұсқа экономикалық тұрғыдан тиімді болатын болса, құрамындағы күкіртінің мөлшері төмен көмірді пайдалану болуы мүмкін;				
Шуыл	Тұрғын аймақтарының шуылдан ластануы	Жергілікті	ЗҚС		X (2016)		Адамдар	Аялық шуыл мониторингін жүргізу; Жұмыс құжаттамасын әзірлеу сатысында шуылды ластануды бақылауға арналған қосымша шаралар әзірленуі тиіс; Шуыл жұмыстары мүмкіндігінше күндізгі уақытта орындалуы тиіс; Шуылы аз жабдықты немесе шуылды басатын құрауыштары бар жабдықты пайдалану.	**Елеулі**	**Елеулі**	**Орташа**	ІЖ14: Шуылды ластануды бақылау жөніндегі іс-шаралар жоспары
	Тұрғын аймақтарының шуылдан ластануы	Жергілікті	ЗҚС		X (2019)		Адамдар		**Елеулі**	**Орташа**	**Орташа**	ІЖ14: Шуылды ластануды бақылау жөніндегі іс-шаралар жоспары
	Тұрғын аймақтарының шуылдан ластануы	Жергілікті	ЗҚС		X (2027)		Адамдар		**Орташа**	**Болмашы/елеулі емес**	**Болмашы/елеулі емес**	ІЖ14: Шуылды ластануды бақылау жөніндегі іс-шаралар жоспары
Топырақ	Топырақтың жоғалуы және азуы	Жергілікті	1 ҚС, 3 ҚС, 6 ҚС	X	X	X	Топырақ	Топырақтың сапасын сақтау және эрозия тәуекелін кеміту үшін топырақпен жұмыс жасаудың дұрыс тәсілдерін, топырақты сақтау және қалпына келтіру тәсілдерін пайдалану. ТӨҚ қоймасынан топырақтан бұзылған	**Орташа**	**Болмашы/елеулі емес**	**Болмашы/елеулі емес**	ІЖ7: Топырақ эрозиясын бақылау жөніндегі іс-шаралар жоспары

								алаңдарды қалпына келтіру				
Су												ІЖ1: Суды пайдалану және қалдық шаруашылығын басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары
Биоәртүрлілік	**Жерлерді тазарту және құрылыс және тау-кен жұмыстарын жүргізу кезінен жерлерден айырылу**											
	Ойпатты мезотрофты шалғындардан – қазанақтан айырылу	Жергілікті	6 қС	X	X		Өсімдіктер дүниесі	ІЖ8 сәйкес айырылуға жол бермеу жөніндегі шараларды жүргізу Транслокация әлеуетін зерделеу	**Орташа**	**Орташа**	**Болмашы/елеулі емес**	ІЖ8: Биоәртүрлілікті сақтау жөніндегі іс-шаралар жоспары
	Терімшілдік және аң аулаушылық жүргізілген жерлерден айырылу: бүркіт	Жергілікті	6 қС	X	X		Жануарлар дүниесі	Бүркіттің мәртебесін және белсенділігін растау үшін сәуірдің немесе қыркүйектің екінші жартысындағы одан арғы далалық жұмыстар (белсенді аң аулайды немесе аумақтың үстінен жай ұшып өтеді); Әр 2-3 жыл сайын қосымша мониторинг.	**Орташа**	**Орташа**	**Болмашы/елеулі емес**	ІЖ8: Биоәртүрлілікті сақтау жөніндегі іс-шаралар жоспары
	Сирек түрлердің тіршілік ету ортасынан айырылу: сенница саз	Аудандық	6 қС	X	X		Жануарлар дүниесі	Құрылыс басталғанға дейін популяция локациясының нақты орнын анықтауға арналған одан арғы далалық жұмыстар; Мүміндік шамасынша анықталған локациялардың бұзылуын бодырмау. Бұзушылықтан құтылу мүмкін болмаған жағдайда популяциядан транслокация.	**Орташа**	**Болмашы/елеулі емес**	**Болмашы/елеулі емес**	ІЖ8: Биоәртүрлілікті сақтау жөніндегі іс-шаралар жоспары
	Жобаның дамуы нәтижесінде жағалық тіршілік ету ортасынан айырылу											
	Ақбастаубұлақ бұлағының жоғарғы аңғарын бұрып жіберу, нәтижесі су ағысының кемуіне, биоәртүрліліктен айырылуға, тіршілік ету ортасының әлеуетті өзгеруіне әкеледі.	Аудандық	6 қС		X	X	Жануарлар дүниесі, өсімдіктер дүниесі	Одан арғы зерттулер аңғарды бөлуді бастағанға дейін әсер ету ауқымын толықтай бағалау және әсер етуді жеңілдету жөніндегі іс-шараларды әзірлеу үшін талап етіледі. Ақбастаубұлақ бұлағының суы мен	**Орташа**	**Орташа**	**Орташа**	ІЖ8: Биоәртүрлілікті сақтау жөніндегі іс-шаралар жоспары

								су ағысы деңгейін ай сайын мониторингілеу.				
	Жоба бойынша жұмыстар тудырған қалған тіршілік ету ортасы сапасының кемуі (топырақтың эрозиясы, ластаушы заттардың шығарындылары мен тастандылары, шуыл әсері, жарықтандыру әсері және т.б.)											
	Өсімдіктердің сирек/эндемиялық түрлерінің қысқаруы	Жергілікті	6 қС	Х	Х		Өсімдіктер дүниесі		**Орташа**	**Болмашы/елеулі емес**	**Болмашы/елеулі емес**	ІЖ8: Биоәртүрлілікті сақтау жөніндегі іс-шаралар жоспары
	Электр берілгіш желілер сияқты жоғары құрылыстарды салу және пайдалану											
	Бүркіт үшін фазалық сымдар мен жерге тұйықталған метал бұйымдары арасындағы жеткіліксіз аралық салдарынан электр тоғына түсіп қалу қаупі	Аймақтық	6 қС	Х	Х	Х	Жануарлар дүниесі	Құстар үшін қауіпсіз электр беріліс желілерін орнату немесе модификациялау мүмкіндігін қарастыру; немесе электр тоғына түсіп қалу қаупін кеміту үшін ашық тоқ өткізгіш бөліктерді оқшаулау	**Орташа**	**Болмашы/елеулі емес**	**Болмашы/елеулі емес**	ІЖ8: Биоәртүрлілікті сақтау жөніндегі іс-шаралар жоспары
	Өсімдіктердің сирек/эндемиялық түрлерінің өмір сүру қабілетін кемітетін уытты не қауіпті материалдардың орналастырылуы; бүркіт пен сенница сазға әлеуетті уытты әсері	Аймақтық	6 қС	Х	Х		Жануарлар дүниесі, өсімдіктер дүниесі	Шығарындыларды бақылау және мониторингілеу Тіршілік ету орталарын жыртқыш құстардың құрбандарын аз тартатындай етуі мүмкін ластаушы заттардың шығарындыларының және тастандыларының кемуі	**Орташа**	**Болмашы/елеулі емес**	**Болмашы/елеулі емес**	ІЖ8: Биоәртүрлілікті сақтау жөніндегі іс-шаралар жоспары
Экожүйелер сервистері	Экожүйелердің сервистеріне айтарлықтай әсер ету анықталған жоқ.	ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ	ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ	ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ	ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ	ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ	ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ	ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ	ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ	ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ	ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ	ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ
Археологиялық мұра	Материалдық мәдениеттің анықталмаған ескертіштерінен айырылу	Жергілікті	1 ҚС, 4 ҚС, 8 ҚС	Х	Х		Мәдени мұра	Мәдени құндылығы бар объектілер анықталған жағдайда іс-әрекет жоспарын қолдану	**Болмашы/елеулі емес**	**Болмашы/елеулі емес**	**Болмашы/елеулі емес**	ІЖ11: Мәдени мұраны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары ІЖ12: Мәдени құндылығы бар объектілер анықталған жағдайдағы іс-әрекет жоспары
Көлік қозғалысы	Жолдардың жекелеген учаскелері мен қиылыстарында жол қозғалысы қарқындылығының артуы	Жергілікті	1 ҚС, 3 ҚС, 4 ҚС		Х		Жол желісі – тұтастығы мен өткізу қабілеттілігі.	Ауыр көлік құралдарының және низкорамный жүк автомобильдерінің жолдармен қауіпсіз өту және бұрылыстардан асу мүмкіндігін бағалау	**Орташа**	**Болмашы/елеулі емес**	**Болмашы/елеулі емес**	ІЖ9: Жол қозғалысын бақылау жөніндегі іс-шаралар жоспары

								үшін кенішке баратын кірме жолдарды зерделеу. Жол белгілерін орнату және жылдамдықты шектегішті енгізу. Көлік колонналары немесе көлемі үлкен ауыр көлік құралдары өткен кезде автокөлікке арналған айналма жолды ұйымдастыру.				
Демография, мәдениет және білік органдары	Тікелей жұмыс бастылық және материалдық-техникалық жабдықтау	Ұлттық	1 ҚС, 2 ҚС	X	X		Адамдар	Кадрлық саясат үміткерлерді тұру жақындығы принципі бойынша жалдау басымдығын, жұмыспен қамту статистикасының, мердігерлердің бақылау тізімінің тұрақты жаңартылып отыруын, әкімдіктермен өзара іс-қимыл арқылы тұрғындардың құрамы мен санының мониторингін, келіп түсіп жатқан шағымдардың мониторингін, жұмысқа қабылдау туралы хабарландырулардың мониторингін және олардың тиімділігін қолдайды.	Құрылыс: Төмен (оң) Пайдалану: Орташа (оң)		Құрылыс: Орташа (оң) Пайдалану: **Жоғары (оң)**	ІЖ10: Мүдделі тараптарды тарту жөніндегі іс-шаралар жоспары; ІЖ13: Әлеуметтік әсерлерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары
	Жанама жұмыс бастылық және материалдық-техникалық жабдықтау	Ұлттық	1 ҚС, 2 ҚС		X		Адамдар	Кадрлық саясат үміткерлерді тұратын жерінің жақындығы бойынша жалдауға басымдық көрсетеді. Мультипликативті әсер есебінен жергілікті тұрғындарға пайдасы.	Құрылыс: Төмен (оң) **Operation:** Орташа (оң)		Құрылыс: Орташа (оң) **Жоғары (оң)**	ІЖ10: Мүдделі тараптарды тарту жөніндегі іс-шаралар жоспары; ІЖ13: Әлеуметтік әсерлерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары
	Тұрғындардың көші-қоны және орын ауыстыруы	Жергілікті, Өңірлік	1 ҚС, 4 ҚС	X	X		Адамдар	Кадрлық саясат үміткерлерді тұратын жерінің жақындығы бойынша жалдауға басымдық көрсетеді.	Орташа (кері)		**Төмен (кері)**	ІЖ10: Мүдделі тараптарды тарту жөніндегі іс-шаралар жоспары; ІЖ13: Әлеуметтік әсерлерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары

	Шығындардың артуы – экономикалық теңсіздіктің дамуы	Жергілікті, Өңірлік	1 ҚС, 4 ҚС	X	X		Адамдар	Айқын қалыптастырылған жергілікті кадрлық саясат; мәдениеттілік таныту және сенсибилизация курсын әзірлеу; ХҚК басшылықтарына сәйкес көші-қонды басқару стратегиясын әзірлеу; Құрылыс кезеңі уақытында жергілікті кадрларды дамытуға арналған іс-шаралар жоспарын әзірлеу; жұмыскерлерді ішімдік ішуіне және есірткіні тұтынуына іріктеп тексеру; шағымдарды беру тетігін енгізу және тіркелген шағымдардың мониторингі.	Орташа (кері)		**Төмен (кері)**	ІЖ10: Мүдделі тараптарды тарту жөніндегі іс-шаралар жоспары; ІЖ13: Әлеуметтік әсерлерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары
	Жергілікті мәдениетке әсері	Жергілікті	1 ҚС, 4 ҚС, 8 ҚС	X	X		Адамдар	Жобаның дамуының барлық сатыларында ХҚК басшылықтарына сәйкес көші-қонды басқару стратегиясын әзірлеу.	Орташа (кері)		**Төмен (кері)**	ІЖ10: Мүдделі тараптарды тарту жөніндегі іс-шаралар жоспары; ІЖ13: Әлеуметтік әсерлерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары
	Гендерлік теңсіздікті және ұрапқтар арасындағы теңсіздікті акцентуациялау	Жергілікті, Өңірлік	1 ҚС, 4 ҚС, 8 ҚС	X	X		Адамдар	Гендерлік және жас ерекшелігі деректерінің мониторингі үшін жұмысбастылық статистикасын тұрақты жаңарту. (i) Кадрлық саясат әйелдерге арналған тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету принципін тартады; (ii) жалақы картаға аударылады; (iii) жұмыскерлерге арналған жеке қаржыны басқару жөніндегі курс. Кадрлық және еңбек саясаты гендерлік теңдік және кемсітушілік саласындағы халықаралық еңбек ұйымының стандарттарына сай.	Орташа (кері)		Елеулі емес (кері)	ІЖ10: Мүдделі тараптарды тарту жөніндегі іс-шаралар жоспары; ІЖ13: Әлеуметтік әсерлерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары
	Қысқарту	Жергілікті, Өңірлік	1 ҚС, 2 ҚС, 4 ҚС			X	Адамдар	Кәсіпорын жабылған кезде кадрларды қысқарту және кадрларды	**Жоғары (кері)**		Орташа (кері)	ІЖ 5: Кеңішті жою және аздырылған жерлерді қалпына келтіру жөніндегі

								басқару саясатын әзірлеу; қысқартудың кері әсерін жеңілдету жөніндегі стратегиялық жоспарды әзірлеу.				іс-шаралар жоспары; ІЖ10: Мүдделі тараптарды тарту жөніндегі іс-шаралар жоспары; ІЖ13: Әлеуметтік әсерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары;
Әлеуметтік инфрақұрылым	Көлік ағынының артуы – жол жабынының тозуы	Жергілікті, Өңірлік	1 ҚС, 4 ҚС	X	X		Адамдар	Жол жабынын жаңарту және жолдарға қызмет көрсету жөніндегі ұсыныстар қызмет көрсетудің барынша жиі жүргізілуі, тозудың орнын толтыру үшін қысқы уақытта жолдарды тазалаудан тұруы тиіс.	**Жоғары (кері)**		**Төмен (кері)**	ІЖ9: Жол қозғалысын бақылау жөніндегі іс-шаралар жоспары; ІЖ10: Мүдделі тараптарды тарту жөніндегі іс-шаралар жоспары; ІЖ13: Әлеуметтік әсерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары;
	Көлік ағынының артуы – жол-көлік оқиғалары	Жергілікті, Өңірлік	1 ҚС, 4 ҚС	X	X		Адамдар	Жол-көлік оқиғалары статистқасының ағымдағы мониторингі және жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі одан арғы шараларды енгізу.	**Жоғары (кері)**		Төмен (орташа)	ІЖ9: Жол қозғалысын бақылау жөніндегі іс-шаралар жоспары; ІЖ10: Мүдделі тараптарды тарту жөніндегі іс-шаралар жоспары; ІЖ13: Әлеуметтік әсерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары;
	Әлеуметтік проблемалар – ЖЖБА жағдайлары санының артуы	Жергілікті, Өңірлік	1 ҚС, 4 ҚС	X	X		Адамдар	Полиметалл ЖЖБА таралуының алдын алу рәсімін әзірлеуі тиіс. АИТВ қоса алғанда, ЖЖБА таралуының алдын алу рәсімі жөніндегі нұсқаулық	**Жоғары (кері)**		Төмен (орташа)	ІЖ10: Мүдделі тараптарды тарту жөніндегі іс-шаралар жоспары; ІЖ13: Әлеуметтік әсерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары;
	Әлеуметтік проблемалар – ішімдікті ішумен байланысты аурулардың/оқиғалардың және әлеуметтік жауыздықтың жиілеуі	Жергілікті, Өңірлік	1 ҚС, 4 ҚС	X	X		Адамдар	Жаңа жұмыскерлерге арналған мәдениетті көрсету және сенсибилизация қысқаша курсы	Орташа (кері)		**Төмен (кері)**	ІЖ10: Мүдделі тараптарды тарту жөніндегі іс-шаралар жоспары; ІЖ13: Әлеуметтік әсерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары;
	Жоба бойынша жұмыстармен шартталған көлік қозғалысының тоқтауы және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі одан арғы шараларды жүргізу	Жергілікті, Өңірлік	1 ҚС, 4 ҚС			X	Адамдар	Талап етілмейді	Орташа (кері)		**Төмен (кері)**	ІЖ9: Жол қозғалысын бақылау жөніндегі іс-шаралар жоспары
Экономика, табыс көзі және еңбек	Макроэкономикалық әсер	Жергілікті, Өңірлік	1 ҚС	X	X		Адамдар	Қазақстан қазушы салалардың ашықтығы бастамасының қол қоюшысы бола тұра, Үкіметке Жобалардан түсетін салық төлемдері үшін	Орташа (оң)		**Жоғары (оң)**	ІЖ10: Мүдделі тараптарды тарту жөніндегі іс-шаралар жоспары; ІЖ13: Әлеуметтік әсерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары;

								жауапкершілікті жүктейді және қабылдаушы ведомстволарға тосу фокусын жылжытады.				
	Жерге жергілікті және облыстық салық	Жергілікті, Өңірлік	1 ҚС	X	X		Адамдар	Жергілікті және өңірлік ведомстволармен жұмыс, олардың әділеттілікті дамыту үшін кеңейтілген салық платформасын пайдалануын және жергілікті деңгейде құқықтарын іске асыру мүмкіндіктерін түсіндіру.	Орташа (оң)		**Жоғары (оң)**	ІЖ10: Мүдделі тараптарды тарту жөніндегі іс-шаралар жоспары
	Жерлерді сатып алу	Жергілікті, Өңірлік	1 ҚС, 5 ҚС	X	X	X	Адамдар	Жерлерден ең аз айыру. Жерлерді прогрессивті қалпына келтіруге арналған практикалық шараларды таңдау	**Жоғары (кері)**		Орташа (кері)	ІЖ10: Мүдделі тараптарды тарту жөніндегі іс-шаралар жоспары; ІЖ12: Мәдени құндылыққа ие объектілер анықталған жағдайдағы іс-әрекет жоспары; ІЖ13: Әлеуметтік әсерлерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары
	Қолжетімділікті шектеу – балық аулау және демалу мүмкіндігіне ықпал ету	Жергілікті, Өңірлік	1 ҚС, 6 ҚС	X	X	X	Адамдар	Су ортасын зерттеу нәтижелері бойынша.	Орташа (кері)		**Төмен (кері)**	ІЖ8: Биоәртүрлілікті сақтау жөніндегі іс-шаралар жоспары; ІЖ10: Мүдделі тараптарды тарту жөніндегі іс-шаралар жоспары
	Жерлерден айырудың ауыл шаруашылығына әсері – жеке егін шаруашылығын және жайылым шаруашылығын қосқанда	Жергілікті, Өңірлік	1 ҚС, 6 ҚС	X	X		Адамдар	Жерлерді сатып алумен және олардан айырумен шарттасқан әсерлерді анықтау үшін жергілікті тұрғындармен тұрақты қарым-қатынас жасау.	**Жоғары (кері)**		Орташа (кері)	ІЖ8: Биоәртүрлілікті сақтау жөніндегі іс-шаралар жоспары; ІЖ10: Мүдделі тараптарды тарту жөніндегі іс-шаралар жоспары
	Тұрақты экономикалық жағдайдан айыру – табыс көздеріне әсер ету, оның ішінде қоныс аударылған отбасылардың және жалдамалы бақташылардың	Жергілікті, Өңірлік	1 ҚС	X	X	X	Адамдар	Жерлерден айырумен шарттасқан әсерлерді анықтау; Тұрындардың, мысалы, бақташылардың әсерге ұшыраған табыс көздеріне әсерді анықтауды жалғастыру.	Орташа (кері)		**Төмен (кері)**	ІЖ10: Мүдделі тараптарды тарту жөніндегі іс-шаралар жоспары
	Әуезов кентіндегі жалға алу құнының артуы	Жергілікті, Өңірлік	1 ҚС, 4 ҚС	X	X		Адамдар	Жергілікті және өңірлік еңбек нарығындағы	Орташа (кері)		**Төмен (кері)**	ІЖ10: Мүдделі тараптарды тарту жөніндегі іс-шаралар жоспары;

								статистика мониторингі.				ІЖ13: Әлеуметтік әсерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары;
	Жұмыскерлердің еңбекке қабілеттілігінің артуымен туындаған әлеуметік проблемалар	Жергілікті, Өңірлік	1 ҚС, 4 ҚС	Х	Х		Адамдар	Жұмыскердің мінез-құлық кодексін әзірлеу және енгізу; Мәдениеттілік таныту және сенсабилизация курсын әзірлеу; вахталық кентті Әуезов кентінің емес, кеніштің аумағында орналастыру. Кәсіпорын аумағында қызметкерлерге арнлған бос уақыт орынларын ұйымдастыру.	**Жоғары (кері)**		Орташа (кері)	ІЖ10: Мүдделі тараптарды тарту жөніндегі іс-шаралар жоспары; ІЖ13: Әлеуметтік әсерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары;
	Жұмыскерлердің төлем қабілеттілігін арттыру есебінен жергілікті және өңірлік экономикаға арналған пайда.	Жергілікті, Өңірлік	1 ҚС	Х	Х		Адамдар	Талап етілмейді	**Орташа (кері)**		**Жоғары (позитивтік)**	ІЖ10: Мүдделі тараптарды тарту жөніндегі іс-шаралар жоспары; ІЖ13: Әлеуметтік әсерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары;
	Еңбек жағдайлары	Жергілікті, Өңірлік	1 ҚС, 2 ҚС	Х	Х		Адамдар	Еңбек жағдайларының ХҚК және ХЕҰ стандарттарының талаптарына сәйкестілігін қамтамасыз ету; ҚТ және ЕҚ жөніндегі толық жоспарды әзірлеуді жалғастыру.	**Орташа (кері)**		**Төмен (кері)**	ІЖ10: Мүдделі тараптарды тарту жөніндегі іс-шаралар жоспары; ІЖ13: Әлеуметтік әсерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары;
	Жобаны әзірлеу, іске асыру және жабу – мүдделі адамдармен кеңестер және олардың болжалын басқару	Жергілікті, Өңірлік	1 ҚС, 2 ҚС, 4 ҚС	Х	Х	Х	Адамдар	Жоба бойынша мүдделі тараптармен тығыз қарым-қатынасты қолдау; Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жоспарының ағымдағы жаңартулары.	**Орташа (кері)**		**Төмен (кері)**	ІЖ 5: Кенішті жою және аздырылған жерлерді қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары; ІЖ13: Әлеуметтік әсерлерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары
	Жерлерден ұзақ мерзімді айыру және стерилдеу	Жергілікті	1 ҚС, 5 ҚС			Х	Адамдар	Жоба бойынша жұмыс құжаттамасында Жобаның «экологиялық белгілерін» қысқарту жөніндегі шаралар қамтылуы тиіс. Жерлерді қайта жіктеу.	**Жоғары (кері)**		**Орташа (кері)**	ІЖ 5: Кенішті жою және аздырылған жерлерді қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары;
	Жұмыстан айырылу және қысқару	Жергілікті, Өңірлік	1 ҚС, 2 ҚС			Х	Адамдар	Кәсіпорын жабылған кезде кадрларды қысқарту және кадрларды басқару саясатын әзірлеуді	**Жоғары (кері)**		**Орташа (кері)**	ІЖ 5: Кенішті жою және аздырылған жерлерді қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары;

								жалғастыру; кадрларды қысқартудың аса кері әсерін кемітуге арналған стратегиялық жоспарды әзірлеу. Кәсіпкерлік қызметтің өзара байланысты, бірақ тәуелсіз түрлерін дамытуға арналған жергілікті тұрғындарға арналған бизнес-оқыту форумын өткізу.				
Тұрғындардың денсаулығы мен қауіпсіздігі	Өмір жағдайларымен байланысты инфекциялық аурулар	Жергілікті, Өңірлік	1 ҚС, 2 ҚС, 4 ҚС	X	X	X	Адамдар	Жергілікті тұрғындардан персоналды іріктеу; инфекциялық ауруларды таралуының алдын алу шараларын қамтитын жұмыс орындарын және тұратын орындарды ұйымдастыру жөніндегі басшылықты әзірлеу; тұратын орындарды ұйымдастыру стандарттарының және инфекциялық ауруларды пайда болуы жағдайларының статистикасы мониторингі.	**Жоғары (кері)**		**Орташа (кері)**	ІЖ10: Мүдделі тараптарды тарту жөніндегі іс-шаралар жоспары; ІЖ13: Әлеуметтік әсерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары;
	Сенімсіз жыныстық серіктестер, АИТВ/ЖИТС қоса алғанда ЖҚЖБА	Жергілікті, Өңірлік	1 ҚС, 2 ҚС, 4 ҚС	X	X	X	Адамдар	ЖҚБА таралуының алдын алу рәсімдерін әірлеу; жұмыскерлердің хабардарлығын арттыру үшін білім беру бағдарламасын іске асыру; кеңіштің аумағында вахталық кентті орналастыру; көлік құралдарының қозғалысын басқару рәсімдерін әзірлеу; ЖҚБА және АИТВ жағдайлары статистикасының мониторингі.	**Жоғары (кері)**		**Орташа (кері)**	ІЖ10: Мүдделі тараптарды тарту жөніндегі іс-шаралар жоспары; ІЖ13: Әлеуметтік әсерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары;
	Денсаулыққа әсер ететін экологиялық факторалар	Жергілікті, Өңірлік	1 ҚС, 2 ҚС, 4 ҚС	X	X		Адамдар	ЭӘӘБ-да ұсынылған әсер етуді жеңілдету жөніндегі шараларды, сондай-ақ тиісті «басқару жоспарларын» іске асыру.	**Жоғары (кері)**		**Орташа (кері)**	ІЖ10: Мүдделі тараптарды тарту жөніндегі іс-шаралар жоспары; ІЖ13: Әлеуметтік әсерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары;

	Жергілікті және өңірлік деңгейде медициналық қызмет көрсету.	Жергілікті, Өңірлік	1 ҚС, 2 ҚС, 4 ҚС	X	X		Адамдар	Алғашқы өмек пункттері учаскесіндегі жабдық және жазатайым оқиға кезінде білікті көмек көрсетілу үшін жергілікті ауруханамен шарт жасасу. Жұмыс орындарындағы жазатайым оқиғалар статистикасының мониторингі. Кәсіптік гигиена мониторингі стратегиясын әзірлеу және іске асыру.	**Орташа (кері)**		**Төмен (кері)**	ІЖ10: Мүдделі тараптарды тарту жөніндегі іс-шаралар жоспары
	Күзет қызметінің өкілдерімен жанжалдар	Жергілікті, Өңірлік	1 ҚС, 2 ҚС, 4 ҚС	X	X		Адамдар	Күзет қызметкерлерін оқыту. Күзет қызметінің өкілдерімен жанжалдарды қарастыру.	**Орташа (кері)**		**Төмен (кері)**	ІЖ10: Мүдделі тараптарды тарту жөніндегі іс-шаралар жоспары; ІЖ13: Әлеуметтік әсерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары;
Адам құқықтары	Адам құқықтары	Жергілікті	1 ҚС	X	X	X	Адамдар	Жұмысты БҰҰ басқарушы қағидаттарына, ХЕҰ конвенцияларына және адамның қауіпсіздігі және құқықтары жөніндегі ерікті қағидаттарға сәйкес жүргізу. Адамның құқықтарына әсер етуге тұрақты мониторинг жүргізу.	**Орташа (кері)**		**Төмен (кері)**	ІЖ10: Мүдделі тараптарды тарту жөніндегі іс-шаралар жоспары; ІЖ13: Әлеуметтік әсерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары;

7.3 Экологиялық және әлеуметтік менеджмент жүйесі

Полиметаллдың қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, тұрғындарды қорғау және олардың салауаттылығына қатысты корпоративтік міндеттемелері бар. Компания осы міндеттемелердің ажырамас бөлігі экологиялық және әлеуметтік менеджменттің біріктірілген жүйесін (ЭӘМЖ) дамыту болатындығын түйсінеді. ЭӘМЖ өндірістің барлық тиісті құрауыштарын бірыңғай біртұтас жүйеге біріктіретін болады, ол алға қойған мақсаттарға және көруіне бірізді және тиімді қол жеткізуге ықпал етеді. Жүйе ЭӘӘБ орындау процесінде айқындалған жобаны дамытуға арналған қосымша қадамдарды және рәсімдерді қамтитын болады.

Менеджмент жүйесі компанияларға қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, тұрғындарды қорғау және олардың салауаттылығы аспектілерін жүйелі түрде басқаруға мүмкіндік беретін басқару құралдарының және қағидаттарының жиынтығынан тұрады. Ол күнделікті іскери тәжірибеде экологиялық және әлеуметтік проблемаларды ескеру және өндірістік көрсеткіштер туралы есептерді жасау үшін өндірісті тұрақты жоспарлауға, іске асыруға, талдауға және жетілдіруге негіз болып табылады. Менеджмент жүйелері сәйкестік стандарттарын белгілемейді, бірақ оның орнына жобаға қатысы бар өндірістік талаптарға сәйкестікке қол жеткізу үшін әзірленген рәсімдерді баяндайды және/немесе мемлекеттік органдар немесе Жобаның кредиторлары белгілейді.

Жобаға арналған ЭМЖ ИСО 14001:2004 сәйкес әзірленді және енгізілді. ИСО 26000 қатысты жеке Менеджмент жүйесі (әлеуметтік) әзірленуі ықтимал.

ХҚК 1 қызмет стандарты жобаның сипатына және ауқымына сай келетін және әлеуметтік және экологиялық тәуекелдердің және әсерлердің деңгейімен ара қатыстығы бегіленген ЭӘМЖ енгізуді және пайдалануды талап етеді. Осыған байланысты, менеджмент жүйесі келесі элементтерді қамтуы тиіс: (i) саясатты, (ii) тәуекелдер мен әсерлердің сәйкестендірілуін; (iii) басқару бағдарламасын; (iv) әлеуетін және ресурстарын сипаттауды, сондай-ақ ұйым құзыретінің салаларын; (v) апатты жағдайларға дайындық және оларға ден қою рәсімдерін (vi) мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жоспарын және (vii) мониторинг және аудит жүргізу жоспарын. Басқару бағдарламасында ЭӘӘБ тиісті тұжырымдары және мүдделі қоғамдастықтармен/тараптармен консультация нәтижелері назарға алынуы тиіс.

Полиметалл қазіргі уақытта ЭӘМЖ әзірлеудің ерте сатысында, тиісті басқару жүйелерін әзірлеу кезінде ЭӘӘБ-да жасалған тұжырымдар ескерілетін болады. Оған Іске асыру жоспарын алдын ала әзірлеу ықпал ететін болады. ЭӘМЖ-де басқару, заңнамалық талаптар, тәуекелдерді бағалау, айқын мақсаттар мен міндеттерді қою, сондай-ақ жақсарту жөніндегі үздіксіз жоспарларды және бағдарламаларды әзірлеу сияқты аспектілер қосымша қаралатын болады. Әлеуетті әлеуметтік және экологиялық әсерлерді кеміту немесе жеңілдету жөніндегі іс-шараларды жоспарлау Қазақстандық реттеуші органдардың және халықаралық кредиттік

мекемелердің және/немесе жобаның демеушілерінің ҚТ және ЕҚ, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғауға және әлеуметтік ортаға қатысты талаптарын және стандарттарын орындауға жинақталатын болады.

Жоспарлау сатыларының элементтері:

• Тиісті заңдарды, ережелерді, саясат пен басқарушы қағидаттарды мерзімді шолуды;
• Әсер ету бағалауында көрсетілген қолда бар аялық әлеуметтік және экологиялық жағдайларды және болжанатын әсерлерді айқындауды;
• Тиімділіктің ішкі критерийлерін айқындауды;
• Жобадан тікелей зардап шеккен жергілікті тұрғындардың күнелтуіне қаражатты бағалау жөніндегі бағдарламаларды жүзеге асыруды және табыстарды қалпына келтіруді;
• Жобадан экономикалық тәуелділікті төмендетуге жәрдемдесетін және жергілікті қоғамдастықтардың ұзақ мерзімді тұрақтылығына оң әсер ететін жергілікті кадрларды дамыту жөніндегі бастамаларды әзірлеуді және енгізуді;
• Мақсаттарды қою және ҚТ және ЕҚ, сондай-ақ қоршаған ортаны және әлеуметік ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар кестесін құрастыруды;
• Мониторинг бағдарламаларын, оның ішінде деректерді басқару жүйелерін және есептілікті әзірлеуді;
• ӘӘМЖ ережесін орындауға қажетті ресурстарды бөлудің ішкі және сыртқы мұқтаждықтарын, бағыну рөлдерін, міндеттерін және жүйелерін анықтауды;
• Оқу бағдарламаларын; сондай-ақ
• Іске асыру кестесі мен бюджетті қамтиды.

Нобайлы ӘӘМЖ, жоқ дегенде, келесідей ұсынылатын болады:

• Аялық жай-күй: ӘӘӘБ жөніндегі есептерде және жергілікті ҚОӘБ-да айқындалғандай қоршаған ортаның бұрын болған аялық жағдайлары туралы куәландыратын құжаттама.
• Қоршаған ортаға әлеуетті әсер етуді анықтау, шығарындылар, тастандылар тізілімі және т.б. Бұл ӘӘӘБ дайындау, жобаны әзірлеу кезінде атқарылған жұмысқа негізделуі тиіс.
• ӘӘӘБ, жоба және өндірістік жоспар негізіндегі әлеуетті әлеуметтік әсерлерді анықтау.

• Сапа саласындағы экологиялық стандарттарды және мақсаттарды айқындау. Көптеген жағдайларда бұл стандарттарды тиісті реттеуші орган белгілейтін болады. Алайда, басқа да тиісті стандарттар қабыланатын жағдайлар да болуы мүмкін. Стандарттарға стандарт талаптарының бұзылуы жағдайындағы ден қою жүйесі ілестірілуі тиіс.
• Стандарттардың сақталуын қамтамасыз ету үшін анықталған шығарындылардың/тастандылардың әсерін шектеуге арналған бақылау жүйелерін айқындау. Ол, мысалы, тозаңды басу, сарқынды суды тазалау және т.б. қамтитын болады.

• Бақылау шараларының тиімділігін көрсету және растау үшін экологиялық мониторинг бағдарламасын талдап тексеру. Ол, мысалы, жерасты және жерүсті суының мониторингін қамтитын болады.
• Әлеуметтік-қоғамдық мониторинг бағдарламасы, оның ішінде жобаны іске асырудың барлық мерзмі бойына мониторинг бағдарламаларында мүдделі тараптарды қатысуға тарту үшін қабылданған.
• Келесі тарауда баяндалған тиісті іс-шаралар жоспарын әзірлеу.

Экологиялық және әлеуметтік менеджменттің нобайлы жүйесі үнемі жаңартылып және жобаны пысықтау шамасына қарай толықтырылып отыратын болады.

Нобайлы іс-шаралар жоспары

ЭӘМЖ бүкіл өндріс үшін ортақ іс-шаралар жоспарын және әлеуметтік және экологиялық әсерлерді басқару жөніндегі спецификалық салалық жоспарларды қамтитын болады.

Іс-шаралар жоспарлары:

- Нормативтік талаптарға сәйкестілікті қамтамасыз етуге;
- Рұқсат етілетін жобалық бастапқы мәндерден, сондай-ақ мемлекеттік және халықаралық стандарттармен белгіленген бастапқы мәндерден асып кетудің алдын алуға;
- ЭӘӘБ-да жасалған болжамдарды шынайы уақыт ауқымында өлшеулерді жүргізу жолымен растауға;
- Әсер етуді жеңілдету жөніндегі шаралардың тиімділігін және орындау дұрыстығын растауға;
- Әлеуетті экологиялық әсерлерді анықтауға, қадағалауға және ол туралы ескертуге;
- Тау-кен жұмыстарының тиімділігін реттеуге;
- Одан арғы жұмыстарды жүргізу үшін деректерді жинауға;
- Жобаның әлеуметтік және экологиялық менеджментін үнемі жақсартуға ықпал етуге;

Полиметалл әлеуметтік және экологиялық әсерлерді басқару және мониторинг жөніндегі алдын ала нобайлы іс-шаралар жоспарын әзірледі. Ол Жоба жөніндегі негізгі ақпаратты, әкімшілік-құқықтық базаны, мақсаттар мен міндеттердің сипаттамасын, тиіст іс-шаралар жоспарларын, экологиялық және әлеуметтік саясатты, ағымдағы рөлі мен жауапкершілігін (7.6 тарауда сипатталған), оқыту, мүдделі тараптарды тарту жөніндегі ақпаратты, шағымдарды беру және қарау механизмін, сондай-ақ ұсынылған экологиялық мониторинг жоспарын қамтиды (10 іс-шаралар жоспарын қараңыз).

Полиметалл әлеуметтік және экологиялық әсерлерді басқару және мониторинг жөніндегі нобайлы іс-шаралар жоспарына ЭӘӘБ нәтижелерін, сондай-ақ кеңішті салу, пайдалану, тарату және таратудан кейінгі сатыда бағытталған және жоғары сапалы мониторинг режимдерін енгізу арқылы әсер етуді бағалауды енгізеді және қоршаған және әлеуметтік ортаның аялық жай-күйі туралы қолда бар деректерді толықтырады. Режим уаскеде құрылыс жұмыстарын бастағанға дейін қолдан келгенше ерте енгізілетін болады. Бұл жұмыстың міндеті озат халықаралық тәжірибеге сәйкес Жоба қызметінің экологиялық және әлеуметтік тиімділігін бағалау үшін ЭӘӘБ орындау процесінде айқындалған басқару жөніндегі негізгі ағымдағы талаптардан тұратын жоспарды әзірлеу болып табылады.

Ірі ауқымды құрылыс басталғанға және адамдарды жалдағанға дейін Полиметалл басқарудың озат тәжірбесіне сәйкестілікке қол жеткізу үшін басқа да негізгі жоспарларды:

- Топырақ эрозиясын және оны қалпына келтіруді бақылау жөніндегі іс-шаралар жоспарын;
- Ауа сапасын бақылау жөніндегі іс-шаралар жоспарын (тозаң);
- Биоәртүрлілікті сақтау жөніндегі с-шаралар жоспарын;
- Мердігерлердің қызметін басқару жоспарын;
- Қалдықтарды орналастыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын;
- жергілікті кадрларды дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарын (жергілікті тұрғындармен қарым-қатынасты басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарында ұсынылған жергілікті кадрларды дамытды жоспарлау жөніндегі ақпарат негізінде әзірленген). Жергілікті кадрларды дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспары тұрғындардың мұқтаждықтарын бағалауға сәйкес әзірленуі және жұртшылықпен байланыс жөніндегі үйлестірушінің және маманның қатысуын қамтуы тиіс;
- Күзет қызметінің жұмысын басқару жоспарын;
- Талаптарға сәйкестілікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарын;
- Денсаулықты қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі іс-шаралар жоспарын;
- Кадрларды басқару жүйесін;
- Жергілікті тұрғындардың қауіпсіздігін және жол қозғалысын басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын;
- Тұрғындардың жұмысбастылығын және оқытылуын басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын;
- Көші-қонды басқару стратегиясын әзірлеу мүмкіндігін қарастыруы тиіс.

Полиметалл іс-шаралар жоспары жөніндегі ақпаратты қызметкерлер және өзге де мүдделі тұлғалар арасында тарату, сондай-ақ қажетті оқуды өткізу үшін жеткілікті уақыт бөлуі тиіс. Осы құжаттардың кейбірін Полиметалл әзірлеп те үлгерді, бірақ WAI мамандары оны куәландырған жоқ. Әзірленген жоспарлар оларды енгізгенге дейін озат халықаралық тәжірибе талаптарына

сәйкестілігіне тексерілуі және оларды тиісті мамандар куәландыруы тиіс. WAI әзірлеген барлық нобайлы іс-шаралар жоспары ЭӘМЖ аясында және Іске асыру жоспарымен қатар толықтырылуы тиіс.

WAI мамандары әсер етуді бағалау жөніндегі 7.2 кестеде көрсетілгендей елеулі әсер етулерді қысқартуға арналған нобайлы іс-шаралар жоспарын әзірледі (1-14 іс-шаралар жоспарын қараңыз). Жоспарлар ЭӘӘБ бөлігі ретінде ұсынылған.

Қажетті іс-шаралар жоспарын әзірлеу мерзімдері секторлар бойынша көрсетілген. Төменде аталған барлық іс-шаралар жоспары мүдделі тараптарды тарту жөніндегі іс-шаралар жоспарына жатқызылуы тиіс, олар жөніндегі ақпарат барлық мүдделі тараптар арасында екі тарапты байланыс және іс жүзінде пайдалы болатын кезде тиісті мүдделі тараптардың іс-шаралар жоспарын әзірлеуге қатысуы арқылы таралуы тиіс. Барлық жоспарлар ХҚК қызмет стандарттары, Тау-кен өнеркәсібі және металлургия халықаралық кеңесі сияқты озат халықаралық тәжірибелерге сәйкес әзірленіп/жаңартылуы тиіс. ЭӘӘБ-ға енгізілген нобайлы жоспарлар Жобаның дамуы шамасына қарай толық көлемді жоспарларға дейін пысықталуы тиіс.

Кесте. 7.2: Қызыл Жобасына арналған негізгі жұмыс «басқару жоспарларын» дайындау, әзірлеу және іске асыру кестесі.

Атауы	Сипаттамасы	Полиметалл міндеттері	Оқытуды аяқтау және өткізу мерзімі (тиісті мүдделі адамдарды қоса алғанда)	Іске асыру мерзімі
Өндірістік бақылау				
Іске асыру жоспары	ЭӘМЖ бастапқы әзірлеу кезіндегі негізгі алынатын құжат. Онда менеджмент объектілері, жеңілдететін шаралар және ЭӘӘБ-да бөлінген әсер етулерді мониторингілеу көлемі айқындалады, сондай-ақ кәсіпорын қызметінің әлеуетті қолайсыз әсерлерін бейтараптандыру және қолайлы салдарын күшейту үшін құрылыс сатысынан бастап қалай іске асырылатыны нақтыланады. Ол мерзімдері бойынша байланысты менеджмент объектілерін, міндеттемелерді, ресурстарды, саясатты және рәсімдерді, сондай-ақ мониторинг пен есептіліктің қажетті көлемдерін қамтитын болады. Құрылыстың ең басынан пайдалануға тапсыру, мердігерді таңдау және құрылыс алаңын дайындау/жсоаплау процесін тиісінше басқаруды қамтамасыз ету үшін құрылыс басталғанға дейін	жоспарды дайындау талап етіледі	Учаскеде ірі ауқымды құрылысты бастамас бұрын ең жақын мерзімде үнемі қайта қаралып/жаңартылып отыруы тиіс	орындау процесінде
Әлеуметтік және экологиялық әсер етулерді басқару және мониторинг жөніндегі іс-шаралар жоспары	ЭӘМЖ орталық бөлігі. Полиметалл қолжазбалық «нобайлы» жоспарды әзірледі. Оны Жобаның барлық сатылары үшін жұмысшы жоспарға дейін пысықтау қажет. Бұған әсер етуді жеңілдету жөніндегі шаралар және қажетті нормативтік көрсеткіштер/ЭӘӘБ-да айқындалған рұқсат етілетін деңгейлер енетін болады, бірақ, сонымен қатар, жобаның құрылыс кестесі және әдістемесі, жұмыс тәжірибелері, логистика, технологиялық процесті бақылау және ластаушы заттардың қоршаған ортаға түсуінің алдын алу (төгілуін болдырмау), технологияларды/жабдықты және кешенді басқару тәжірибесін қолдану сияқты жеке спецификалық аспектілері ескерілетін болады. Өлшеулерді нақты уақыт аралығында жүзеге асыру, барынша рұқсат етілетін шығарындылардың болмауын тексеру, процесс тиімділігін реттеу және тастандылар/әсер етулер туралы уақтылы ескертулерді қамтамасыз ету және оларды қадағалау үшін сезімтал объектілердің орналасқан орындарына арналған мониторингілеудің саты бойынша мамандандырылған бағдарламасы қосылатын болады.	Ішкі жоспарды толықтыру	мүмкіндігінше тез	орындау процесінде
Авария жағдайларына дайындық және оларға ден қою	«Нобайлы» жоспарда төгілуге немесе төтенше жағдайдың туындауына әкелуі мүмкін қоршаған ортамен, еңбекті қорғаумен және қауіпсіздікпен байланысты ортақ тәуекелдер айқындалған. Төтенше жағдайлардың алдын алу, дайындықты, хабардарлықты қамтамасыз ету және оқуларды өткізу жөніндегі шаралар сипатталады. Онда шараларды қабылдауға жауапты қызметкерлер, нұсқаулықты өткізу жөніндегі талаптар, субординация тізбегі және оқиғаға ден қоюдың жалпы рәсімі, сондай-ақ қажетті жабдық/құрылыстар көрсетіледі. Дағдарысты ахуал кезіндегі жұртшылықпен байланыс жөніндегі және ережелерге сәйкес авариядан кейінгі іс-шараларды жүргізу жөніндегі озат тәжірибе. Жобаның қауіпті факторларын және тәуекелдерін бағалағаннан кейін және жобалық шешімдерді және өндірістік параметрлерді нақтылау шамасына қарай пысықталуы тиіс.	ӘӘӘБ нобайлы бағдарламасын кеңейту	Ірі ауқымды құрылыс басталғанға дейін бір ай бұрын	Ірі ауқымды жер жұмыстары басталғанға, аршу жұмыстары үшін жарылғыш заттардың пайдаланылуына немесе материалдардың үлкен көлемдерін немесе қауіпті заттарды сыйғызатын объектілер пайдалануға енгізілгенге дейін.
Кеңішті жою және аздырылған жерлерді қалпына келтіру	Пайдаланылған учаскелерді біртіндеп қалпына келтіруге және ластануға ұшыраған учаскелерді тазартуға бағытталған кәсіпорынды тарату міндеттері мен әсерлері, физикалық және химиялық экологиялық факторлардың тұрақтылығын қамтамасыз ету қаралатын құжат. Кәсіпорынды біржолата тарату және қалпына келтіру шараларын іске асыру үшіншығындарды есептей отырып, аса егжей-тегжейлі жоспарды әзірлеу талап етіледі. ҚР заңнамалық талаптарын және цианидті пайдалану халықаралық кодексінің талаптарын қанағаттандыратын тиісті тарату қорын қалыптастыру сызбасы және қаржыландыру механизмі енгізілетін болады.	ӘӘӘБ нобайлы бағдарламасын кеңейту	Ірі ауқымды құрылыс басталғанға дейін бір ай бұрын	Құрылыс басталмай тұрып (эрозияның пайда болуын бақылауға, ТӨҚ сақтауға/аршуға және прогрессивті қалпына келтіруге қарай)
Мердігерлердің қызметін басқару жоспарыдрядчиков	Полиметалл Жоба үшін және әлеуметтік және экологиялық әсер етулерді басқару және мониторинг (ӘӘӘБМ ІШ) және ЭӘМЖ жөніндегі іс-шаралар жосарын іске асыруға жалпы жауапты болады, алайда жұмыстардың басым бөлігін (әсіресе құрылыс) Полиметалл тартқан мердігерлер орындайтын болады. Олар жобалық фирмалар, маркшейдерлер, рұқсаттарды ресімдеу жөніндегі мамандар, далалық экологтар, сондай-ақ бас құрылыс мердігері (құрылыс және пайдалануға тапсыру сатысы). Полиметаллдың Жоспарда хабардарлықты және плана мероприятий по управлению социальными и экологическими воздействиями и мониторингу ӘӘӘБМ ІШ, ЭӘМЖ, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасына сәйкес келетін мердігерлердің «Іске асыру жоспарын» сақтауын қамтамасыз ететін рәсімдерді көздеп, енгізгені маңызды. Жоспарда Жоспарды үйлестіруге және мердігерлерді басқаруға жауапты Полиметалл қызметкерлері, субординация, мердігерлерді және кадрларды жалдау саясаты тізбегі, нұсқаулықтарды және тренингтерді өткізу жөніндегі талаптар, ЕҚ және ҚТ (су нұсқаулықтарын қоса алғанда), материалдық-техникалық қамту рәсімдері, жоспар көрсеткіштері және олар орындалмаған жағдайдағы іс-әрекет	жоспарды дайындау талап етіледі	Мердігерлердің жұмыс басталғанға дейін бір ай бұрын	Мердігерлерді тартқанға дейін және олардың учаскедегі жұмысы басталғанға дейін Prior to engagement of contractors & commencement of activities at site

	жоспары (сәйкессіздік рәсімдері), мердігерлердің тиімділігінің мониторингі және қосалқы мердігерлердің шарттары көрсетілетін болады.			
Күзет қызметінің жұмысын басқару жоспары	Жобаның әр сатысында қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды көздейді.	жоспарды дайындау талап етіледі	Ірі ауқымды құрылыс басталғанға дейін бір ай бұрын	Материалдарды жеткізу және вахталық кент құрылысы басталғанға дейін
Денсаулықты сақтау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі іс-шаралар жоспары	Қызыл кенішінде денсаулыққа зиян келтіруі немесе жарақат тудыруы мүмкін барлық жағдайлар мен жұмыс тәжірибелерін жоюға арналған «еңбекті қорғауды және қауіпсіздік техникасын басқару жүйесі» кешенді жоспары, оның негізінде ЕҚ және ҚТ жөніндегі саясаттар, рәсімдер және жұмыс тәжірибелері жүзеге асырылады. Жоспардың және Басқару жүйесінің жалпы мақсаттарымен мыналар: ЕҚ және ҚТ қанағаттанарлықсыз стандарттарының жеке, саяси және экономикалық салдарының алдын алу; жергілікті және республикалық деңгейдегі нормаларды және қағидаларды сақтау; ЕҚ және ҚТ жөніндегі ХҚК ұйғарымдарын және басқа да тиісті ұйғарымдарды сақтау; қауіпті факторларды анықтау және тәуекелдерді бақылау; барлық тартылған адамдарда ЕҚ және ҚТ оң қатынасты қалыптастыру көзделеді.	жоспарды дайындау талап етіледі	Мердігерлерді алғанға және олардың жұмыс басталғанға дейін бір ай бұрын	Учаскеде жұмыстар басталғанға дейін
Экологиялық бақылау				
Қышқылды су ағыстарының пайда болуы	Нобайлы жоспарда қышқыл ағыстарының және кен орнының кенді және кенсіз литологиялық айырмаларын және қалдықтарды дренаждау кезінде металдарды сілтісіздендіру өнімдерінің пайда болуының сипаттамасы келтіріледі. Онда қышқылды қалыптастыру әсерінің алдын алуға және жеңілдетуге, тастандылар жөніндегі қазақстандық нормативтерді сақтау үшін pH төмен суды бақылауға және аялық жағдайлардың жойғыш өзгеруінің алдын алуға арналған практикалық жобалық-техникалық шаралар келтіріледі (қажет болған жағдайда). Тиімділікті бағалау және мониторинг жөніндегі ұйғарымдар, қосымша сынамалау және қажет болған жағдайда геотехникалық талдау жөніндегі ұсынымдар ұсынылған. Жоспар кез келген қосымша жұмыстарды орындау шарқына қарай жаңартылып отыруы және кәсіпорынның аумағында жыныстардың ашылуы туралы егжей-тегжейлі ақпаратты қамтуы тиіс (карьер, инфрақұрылым объектілерінің іргетастары және т.б.).	ЭӘӘБ нобайлы бағдарламасын кеңейту	Ірі ауқымды құрылыс басталғанға дейін бір ай бұрын	Топырақ қабатын алуды, ландшафттық жобалауды, аршу жұмыстарын, іргетас астына шұңқыр қазуды, технологиялық жолдарды салуды және кез келген басқа да жер жұмыстарын бастағанға дейін.
Су	Кәсіпорынның аумағында су ресурстарын (жерүсті және жерасты) қорғау жөніндегі шараларды, сондай-ақ тұрақты даму және сапаны басқару қағидаттарын көздейді.	ЭӘӘБ нобайлы бағдарламасын кеңейту	Ірі ауқымды құрылыс басталғанға дейін бір ай бұрын	Құрылыс үшін жерүсті суын басқару жүйесін енгізуді бастағанға дейін, кез келген суды тартуды/ағызуды және ұңғымаларды бұрғылауды бастағанға дейін.
Қалдықтар	Полиметалл нобайлы жоспарды әзірледі. Бұл жоспар халықаралық озат тәжірибелерге және ХҚК №3 қызмет стандартына сәйкес бейімделуі және кеңейтілуі тиіс. Бұл жоспар Қызыл кәсіпорнында қалыптасатын, тиелетін, тасымалданатын және/немесе қайта өңделетін барлық қатты геологиялық емес қалдықтарға қатысты. Бос жыныстар және топырақ түріндегі қалдықтар мәселелері жыныстардан қышқылдың түзілуін бақылау жөніндегі іс-шаралардың жұмыс жоспарымен регламенттеледі. Қалдықтарды орналастыру жөніндегі іс-шаралар жоспары қалдықтардың пайда болуын барынша азайту принциптеріне тоғыстырылуы тиіс (материалды таңдау, процестің тиімділігі, ресурстарды барынша көбейту, қайта өңдеу және қайталама пайдалану), жіктеу/сипаттау, орналастыру, мониторинг, құжаттау, тренинг және т.б.	Ішкі жоспарды толықтыру	Ірі ауқымды құрылыс басталғанға дейін бір ай бұрын	Құрылыс материалдарын жеткізуді, вахталық кентті салуды және геологиялық емес қалдықтарды түрлендіретін кез келген басқа жұмыстарды бастағанға дейін.
Эрозияны бақылау және топырақты қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары	Суды пайдалану және қышқыл түзу жөніндегі іс-шаралар жоспарының тиісті аспектілерін ескере отырып, кешенді жоспар дайындалатын болады.	жоспарды дайындау талап етіледі	Ірі ауқымды құрылыс басталғанға дейін бір ай бұрын	Топырақты бұзумен байланысты кез келген жұмыс басталмай
Ауа сапасын (тозаң) бақылау жөніндегі іс-шаралар жоспары	Ауа сапасын бақылау жөніндегі іс-шаралар жоспарының мақсаты қалқымалы бөліктердің немесе газ тәріздес заттектердің шығарындыларын болдырмаудан тұрады, шығарындылардың толықтай алдын алу мүмкін болмаған жағдайда, жоспар оларды барынша қысқарту жөніндегі шараларды көздеуі тиіс. Тау-кен массасын қайта өңдеуге және тасымалдауға қатысты іс-шараларды қамтиды.	жоспарды дайындау талап етіледі	Ірі ауқымды құрылыс басталғанға дейін бір ай бұрын	Топырақты бұзумен байланысты кез келген жұмыс басталмай
Биоәртүрлілікті сақтау жөніндегі іс-шаралар жоспары	Жоба бойынша жұмыстардың нәтижесінде әлеуетті әсерге ұшырайтын биологиялық әртүрлілікті қорғауға және кеңейтуге бағытталған жобалардан және бастамалардан тұрады. ХҚК 6 ҚС талаптарына сәйкестілікті қамтамасыз ету үшін жұмыстарды, күтілетін нәтижелерді, тиімділік көрсеткіштерін, жауапкершілікті және осы жұмыстарды орындау мерзімдерін айқындайды.	жоспарды дайындау талап етіледі	Ірі ауқымды құрылыс басталғанға дейін бір ай бұрын	Топырақты бұзумен байланысты кез келген жұмыс басталмай
Жергілікті тұрғындармен және қызметкерлермен қарым-қатынас				

Мүдделі тараптарды тарту жөніндегі іс-шаралар жоспары	Компанияның мүдделі тараптармен өзара іс-қимылы – кең, инклюзивті және ұзақ процесс. Ол Жобаның геологиялық барлаудан бастап жойғанға дейінгі сатысынан барлық пайдаланылуы мерзімін қамтитын бірізді іс-шаралар мен тәсілдер қатарын білдіреді. Мүдделі тараптарды тарту жөніндегі нобайлы іс-шаралар жоспары әзірленді, онда басқарушы нұсқауларға және ХҚК талаптарына сәйкес Жоба бойынша ЭӘӘБ орындау сатысында ғана қолданылатын ресми және бейресми тәсілдер сипатталған. Полиметалл осы жоспарды, сондай-ақ Жобаны іске асыру барысында консультацияларды жүргізуі үшін өз әлеуметтік стратегиясын жаңартуы және толықтыруы тиіс.	ЭӘӘБ-да ұсынылған мүдделі тараптарды тарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын жаңартуы және толықтыруы тиіс.	мүмкіндігінше тез	ЭӘӘБ жөніндегі консультациялардан/ЭӘӘБ аяқтағаннан кейін және жергілікті тұрғындарды жалдауды бастағанға дейін ;
Жергілікті тұрғындармен қарым-қатынасты басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары	Жергілікті тұрғындармен қарым-қатынасты басқару жөніндегі нобайлы іс-шаралар жоспары Полиметалл Әлеуметтік стратегияны әзірлегеннен және жұмыстың бірінші жылында міндеттер мен мақсаттарды қойғаннан және серіктестік қарым-қатынасты жолға қойғаннан кейін жаңартылуы тиіс. Міндеттер өзгесінен басқа жаңа қызметкерлерді жеке-жеке орналастыруды қамтитын болады. Жергілікті тұрғындармен қарым-қатынасты басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары Жобаны дамыту нәтижесінде әлеуметтік-экономикалық жағдайлар өзгерістерін мониторингілеу бағдарламасын қамтиды. Сондай-ақ, ол Полиметалл әзірлеуі тиіс рәсімдердің тізімін қамтитын болады.	ЭӘӘБ нобайлы бағдарламасын кеңейту	мүмкіндігінше тез	Жергілікті тұрғындарды құрылыс жұмыстарына әлеуетті жалдағанға дейін.
Жергілікті кадрларды дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспары	Жергілікті кадрларды дамыту мақсаттарына бюджетті мақұлдағанға дейін жергілікті кадрларды дамыту жөніндегі толық іс-шаралар жоспарын әзірлеу. Нәтижелері бар ақпаратты тарату үшін көпшілік өкілдерін (жұртшылықпен байланыс жөніндегі үйлестірушіні қоса алғанда) және жұртшылықпен байланыс жөніндегі маманды тарту. Жергілікті кадрларды дамыту жөніндегі жобалардың мониторингі және тиімділігін бағалау. Жоспарды тұрақты жаңарту.	Жергілікті кадрларды дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарында сипатталған нобайлы ЭӘӘБ бағдарламасын кеңейту.	Мерзімдік тексерумен барынша тез	
Кадрларды басқару жүйесі	Штатты жалдау және қысқарту саясатын қамтитын кадрларды басқару жүйесін, сондай-ақ Полиметалл қызметкерлеріне арналған кері байланыс механизмін, сондай-ақ нұсқаулықты (ҚТ және ЕҚ, биоәртүрлілікті сақтау аспектілері, мәдени мұра мен жол қозғалысын басқару) және оқыту бағдарламаларын өткізу рәсімін енгізу.	ЭӘӘБ нобайлы бағдарламасын кеңейту	мүмкіндігінше тез	Қызметкерлерді жаппай жалдау басталғанға дейін
Тұрғындардың жұмысбастылығын және оқытылуын басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары	Барлық жаңа қызметкерлерге арналған кіріспе нұсқаулықты және барлық қызметкерлерге арналған тұрақты қайталама нұсқаулықты өткізу жөніндегі бәрін сыйдыратын жоспарды әзірлеу. Барлық жаңа қызметкерлер жұмыстың осы түріне тән дайындықтан, сондай-ақ жалпы дайындықтан (ҚТ және ЕҚ, өрт қауіпсіздігі саласында, ұйымдастыру құрылымы, кері байланыс тетігі туралы ақпарат және т.б.) тұратын кіріспе нұқаулықтан өтуі тиіс. Тұрғындардың жұмысбастылығын басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары жергілікті тұрғындарға жұмысқа орналастырудың барлық қолжетімді мүмкіндіктері ұсынылатындай бағытталған.	жоспарды дайындау талап етіледі	мүмкіндігінше тез	Мердігерлердің жұмысы және жергілікті тұрғындарды құрылыс және қосалқы жұмыстарға әлеуетті жалдау басталғанға дейін. Қызметкерлерді жаппай жалдау басталғанға дейін
Көші-қонды басқару стратегиясы	ХҚК басқарушы нұсқауларына сәйкес Жобаның дамытылуына байланысты тікелей және жанама мүмкіндіктерден туындаған адамдардың ағылуын бақылауға арналған көші-қонды басқару стратегиясы әзірленуі тиіс. Көші-қонды басқару стратегиясында Жоба оны іске асырудың барлық мерзімі бойына біртұтас ретінде қаралуы тиіс. Онда Жобаның тікелей әсеріне ұшыраған аумақтың шегінен тыс шығатын аумақтар қаралуы тиіс. Көші-қонды басқару стратегиясы мыналарды: • Пайдаланушылық жауапкершілікті шолуды; • Қолда бар өндірістік жоспарларға және іс-шаралар жоспарларына адамдардың ағылуын бақылау жөніндегі іс-шараларды енгізуді және есепке алуды; • Жобаны іске асырудың барлық мерзімі бойына тұрақты мониторингті және тиімділігін бағалауды. Стратегияны қажеттілігіне қарай түзетуді.	Стратегияны дайындауды қамтуы тиіс.	мүмкіндігінше тез	Қызметкерлерді жаппай жалдау басталғанға дейін
Жергілікті тұрғындардың қауіпсіздігін және жол қозғалысын басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары	Жобаны іске асырудың құрылысынан және пайдаланылуынан бастап жабылғанға дейінгі барлық сатысында әсер етуден аулақ болуға және оны барынша кемітуге арналған іс-шаралардың егжей-тегжейлі тізбесінен тұратын болады.	жоспарды дайындау талап етіледі	мүмкіндігінше тез	Қызметкерлерді жаппай жалдау басталғанға дейін
Мәдени мұраны сақтау жөніндегі іс-шаралар жоспары	Мәдени мұраны сақтау жөніндегі іс-шаралар жоспарын және 11-Жоспарда ұсынылған іс-шараларды іске асыру. Барлық қызметкерлер Жобалық алаң маңындағы жұмыс және ауыр көлік құралдарының қозғалысын ұйымдастыру кезінде мәдени ерекшеліктерді ескеру қажеттілігі турлы білуі тиіс. Учаскеде құрылыс жұмыстарымен айналысатын барлық персонал тарихи немесе археологиялық құндылығы бар объектілер анықталған кездегі іс-әрекет жоспарының қалай жұмыс жасайтындығын білуі тиіс. Мәдени мұраны сақтау жөніндегі іс-шаралар жоспарының ережелері кеңішті пайдаланудың барлық мерзімі	жоспарды дайындау талап етіледі	Құрылыс басталғанға дейін бір ай бұрын	Кез келген кең ауқымды құрылыс немесе бірден мүмкін болған жағдайда топырақтың бұзылуымен байланысты жұмыстар басталғанға дейін

	бойына қолданылады және зираттарға немесе жергілікті тұрғындардың зираттарға қолжетімділігіне әсер етуі мүмкін Жоба өзгертілген жағдайда жаңартылып отыруы тиіс.			

7.4 Компанияның саясаты

Жобада қоршаған ортаны қорғау, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау, сондай-ақ жергілікті кадрлардың дамытылуы саласындағы ресми саясат және көрініс жұмыс істейді. Жобаның басшылығы Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының, сондай-ақ озат халықаралық тәжірибенің талаптарын сақтауға міндеттенеді. Экологиялық және әлеуметтік менеджмент Компанияның корпоративтік басымдығы болып табылады, ол Жобаны дамытудың барық сатысында экологиялық және әлеуметтік аспектілерді есепке алуға бүтіндей мүдделі. Компанияның бағдарламалары мен рәсімдері кез келген қолайсыз әлеуметтік және экологиялық әсер етулерді кемітуге және жеңілдетуге бағытталған.

Полиметаллдың әлеуметтік және экологиялық әсерлерді басқару және мониторинг жөніндегі іс-шаралар жоспары 10-іс-шаралар жоспарында қамтылған (Мүдделі тараптарды тарту жөніндегі іс-шаралар жоспары) Ол экологиялық, экономикалық және әлеуметтік-тұрақты қоғамда бизнесті жүргізуге арналған алғышарт ретінде жоғары стандарттарды белгілеу және сақтау үшін және адамның өмірі мен денсаулығын және қоршаған ортаны қорғау үшін әзірленген. Полиметалл Жобаға тікелей жақын тұратын тұрғындар алдындағы жауапкершілігін сезінеді және барлық мүдделі тұлғалар үшін Жобаны дамытудың аса оңтайлы нәтижесіне қол жеткізуге талпынады. Өзара құрметті, түсіністікті, белсенді өзара іс-қимылды және тиімді ұзақ мерзімді ынтымақтастықты қамтамасыз ету үшін жүртшылықпен байланысты дамытуды ынталандыру қажет.

Полиметалл, сондай-ақ, әсерге үшыраған адамдардың қауіпсіздік техникасын, еңбекті қорғауды және салауаттылығын қамтамасыз ету бағытында өз жұмысын жалғастырады. Компанияның саясатында денсаулыққа қауіп төндірмейтін қауіпсіз жұмыс жағдайларының Жобада қаншалықты қамтамасыз етілетіндігі сипатталған. Осы саясаттың мақсаттары мен міндеттерін орындау үшін Полиметалл жеткілікті құралдарды бөліп, басқарудың тиімді жүйелерін енгізетін болады. Компания, қолынан келгенше, өндірістің барлық аспектілерінде озат халықаралық тәжірибенің ағымдағы талаптарын ұстанатын болады. Полиметаллдың қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау саласындағы саясаты денсаулыққа қауіп төндірмейтін қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге бағытталған.

7.5 Жауапкершілікті бөлу және ұйымдастыру

Осы сәтте учаскеде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі менеджер (Жобаның экологы) жұмыс істейді, ол өндіріс жөніндегі директорға, ал ол болса, өз кезегінде кәсіпорынның бас директорына бағынады. Кәсіпорынның бас директоры Бақыршық кен орнында барлық кеңіштің жұмысын басқаруға жауап береді. Жобаның экологы Полиметаллдың басқа қызметкерлерімен, сондай-ақ сынамаларды алуды және экологиялық мониторингті жүргізетін қосалқы мердігерлермен бірлесіп жұмыс істейді.

Жұртшылықпен байланыс жөніндегі маман әлеуметтік мәселелермен айналысады және Жобаға жақын тұратын жергілікті тұрғындармен, атап айтқанда, Әуезов және Шалабай кентінің тұрғындарымен тікелей жұмыс жасайды. Жобаны басқару құрылымы 1-суретте көрсетілген



Сур. 7.1: Қызыл Жобасына арналған Полиметалл кадрлары

Полиметалл Қызыл Жобасының ЭӘӘБ және ЭӘМЖ-де белгіленген талаптардың орындалуына және сәйкестілігіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына сәйкестілігіне жауап береді, ол үшін тиісті ресурстар бөлінетін болады (ақшалай, адами, жабдықтар және т.б.).

Қоршаған және әлеуметтік ортаны қорғау жөніндегі менеджердің жұмысы тәжірибелі персоналдың жеткілікті санымен толықтырылған экология бөлімінен және жұртшылықпен байланыс жөніндегі бөлімнен қолдау табуы тиіс. Жергілікті тұрғындармен өзара іс-қимылға, тұрғындармен жанжал жағдаяттарын реттеуге, тұрғындардың денсаулығына және қауіпсіздігіне қатысты мәселелерді қоршаған және әлеуметтік ортаны қорғау жөніндегі менеджерге бағынатын жұртшылықпен байланыс жөніндегі маман шешетін болады.

Тиісті бөлімдер құжат айналымымен айналысатын болады. Учаскедегі ақпарат реттеуші органдардың өкілдері не тәуелсіз аудиторлар үшін жеңіл қолжетімді болуы тиіс.

Сыртқы мердігерлер немесе Жобаның өкілдері де ЭӘӘБ және ЭӘМЖ белгіленген талаптарға сай болуы тиіс. Жұмыстардың ауқымына және құрамына байланысты мердігерлерден, сондай-ақ, қоршаған және әлеуметтік ортаны қорғау жөніндегі бөлім құрып, өз менеджерін тағайындау талап етіледі. Мердігерлердің менеджері Жобаның қоршаған және әлеуметтік ортаны қорғау жөніндегі менеджеріне бағынуы тиіс болады.

Сонымен қатар, ҚТ және ЕҚ және кадрларды басқару жөніндегі бөлімдер құрылып, басшылары тағайындалуы тиіс.

7.6 ҚТ және ЕҚ саласындағы менеджмент жүйесі

Полиметаллдың Қазақстандағы тау-кен жобаларына арналып әзірленген ҚТ және ЕҚ саласындағы жақсы саясаты бар. Компания өзінің біршама тәжірибесіне сүйене отырып, OHSAS 18001 (и 18002), «денсаулықты қорғау және қауіпсіздік менеджменті жүйесі» халықаралық стандартына сәйкес Қызыл Жобасына арналған ҚТ және ЕҚ саласындағы менеджмент жүйесін әзірлейді.

ҚТ және ЕҚ саласындағы негізгі құжат Денсаулықты қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі іс-шаралар жоспары болады. Оны Полиметалл ХҚК 2 ҚС еңбек саласындағы талаптарына және жұмыс жағдайларына сәйкес әзірлейтін болады және Бақыршық кеніші қызметкерлерінің денсаулығын, салауаттылығын және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталатын болады. Денсаулықты қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі іс-шаралар жоспары қауіптерді анықтауға, жазатайым оқиғалардың алдын алуға және қызметкерлердің денсаулығын қорғауға арналған рәсімдерді қамтитын болады. Сондай-ақ, ол Компанияның ҚТ және ЕҚ жөніндегі менеджментке, оқытуға және таратуға қатысты нобайлы құрылымымен бірге өндірістегі жазатайым оқиғалар мен жағдайлар, сондай-ақ кәсіптік аурулар туралы тиісті құжаттардың сызбаларын және есептілік процестерін қамтитын болады.
Ол Полиметалл қызметкерлерінің барлық деңгейлеріне, мердігерлерге және қосалқы мердігерлерге қолданылатын болады, сол себепті, Жобада құрылыс басталғанға дейін әзірленіп, енгізілуі тиіс.

7.7 Одан арғы жұмыс

Төменде Полиметалл белгіленген мерзімде жүргізуі тиіс, мысалы, учаскеде немесе жұмыстар басталғанға дейін ірі ауқымды құрылыс басталғанға дейінгі іс-шаралардың тізімі ұсынылған. Кей жағдайларда бұл ағымдағы талап болып табылады:

1. Нобайлы іс-шаралар жоспарын Іске асыру жоспарына артықшылық жасай отырып, Кестеде көрсетілген толық көлемді жоспарларға дейін пысықтау.
2. Іске асыру жоспарымен қатар халықаралық стандарттарға сәйкес экологиялық және әлеуметтік менеджменттің нобайлы жүйесін әзірлеу және ҚТ және ЕҚ басқару жүйесін әзірле;
3. Әлеуметтік стратегияны әзірлеу;
4. ХҚК қызмет стандарттарының талаптарына және Экватор қағидаттарына сәйкестілігін, сондай-ақ Компанияның өзінің өндірістік және басқару тәжірибесін жетілдіруді

жалғастыратынын растау үшін Полиметаллдың әлеуметтік және экологиялық әсерлерді басқару және мониторинг жөніндегі іс-шаралар жоспарын тексеру және жаңарту;

5. Төтенше жағдайларда іс-әрекетті жоспарлау және бюджетті қалыптастыру үшін қауіптердің, оқиғалардың және басқа да төтенше жағлайлардың сипатын, салдарын және ықтималдығын бағалау үшін кеңішті салу, пайдалану, жою және жоюдан кейінгі сатылар үшін қауіптілікті анықтау және тәуекелдерді бағалау.
6. Қышқылды ағыстардың одан арғы бағалануын жүргізу және кәсіпорынның жобасына қажетті іс-шараларды енгізу. Қышқылды ағыстардың қалыптасуын бағалау нәтижелерінің негізінде ЭӘӘБ жаңарту.
7. Жерасты суының радиация деңгейіне одан арғы талдау жасау және алынған нәтижелерге байланысты қажетті іс-әрекетті орындау, мысалы, қызметкерлерге арналған қауіпсіздік техникасын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар. Барлық учаске бойынша топырақ пен жерасты суының радиация деңгейіне жыл сайынғы мониторинг жүргізу;
8. Биоәртүрлілікті сақтау жөніндегі іс-әрекет жоспарын әзірлеу;
9. Тарихи немес археологиялық құндылығы бар объектілер анықталған кездегі іс-әрекет жоспарын тұрақты жаңарту;
10. Экологиялық мониторинг дерекқорын құру;
11. Мердігерлермен жұмыс жасау рәсімін әзірлеу;
12. ХҚК қағидаттарына сәйкестікті қамтамасыз ету үшін жеткізу тізбегінің мониторингі, мысалы, мердігерлердің адамдардың құқықтарын құрметтейтінін және балалар еңбегін пайдаланбайтындығын растау (ХҚК 2 ҚС);
13. Салық төлемдерінің көлемін анықтау және роялти
14. Тұрғындардың мұқтаждықтарының ағымдағы дамуы және оларды түсіну Тұрғындардың мұқтаждығын бағалау;
15. Жергілікті кадрларды дамытуға арналған бюджетті бекіту және мүдделі адамдармен келісу бойынша және тұрғындардың мұқтаждығын бағалау нәтижелерінің негізінде жергілікті кадрларды дамытудың толық жоспарын әзірлеу.

8 ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАЛЫМДАР ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫ АШУ

Алтын шығарылатын кен орындарын қазіргі уақытта «Бақыршық тау-кен өндіру кәсіпорны» ЖШС (БТӨК), Polymetal International PLC (PI) еншілес компаниясы әзірлейді. Бұл жоба Қазақстан Республикасының солтүстік-шығыс бөлігінде, Шығыс-Қазақстан облысының Жармин ауданы Әуезов поселкесінің маңында орналасқан. Кен орыны Өскемен қаласының облыс орталығынан оңтүстік-батысқа қарай 90 км және Семей қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 117 км қашықтықта орналасқан. Шалабай кенті Әуезов кентінен батысқа қарай 6 км орналасқан және Шалабай округі Әуезов кентінің маңында орналасқан.

Бақыршық кен орны 1945 жылы ашылды және ашық өндіру 1956 жылы басталды. Бес негізгі кен шығарылатын орын өндірістің алғашқы кезеңінде өңделінді, қосымша кен жақын жатқан аумақтардағы төрт шағын кен шығарылатын орындардан алынды. Жер асты өңдеу жұмыстары 1963 және 1987 жж жүргізілді, кейіннен өндірілу жұмыстары жүргізілген жоқ және кен өндіру жұмыстарын одан әрі тез бастау мақсатында консервациялануда болды. Қазіргі уақытта кен шығарылатын орындар қолданыстан шыққан, басқалары жасанды су қоймалары, ал олардың кейбіреулері, толтырылған болып табылады.

«БТӨК» ЖШС 1955 жылы Бақыршық алтын кен орны атауымен құрылған. Компания артынша «Бақыршық тау-кен өндіру кәсіпорны» ЖШС (Бақыршық БТӨК) деген атау алып және 1995 жылы БТӨК деп аталды.

8.1 Халықаралық алдыңғы тәжірибе

ЭӘӘБ үдерісінің аясында мүдделі тараптарды жұмысқа тарту жоспары әзірленуі тиіс және толықтырылуы керек (Мүдделі тараптарды жұмысқа тарту жоспары - Басқару жоспары 10). Мүдделі тараптарды жұмысқа тарту аясында Полиметалл орыс тілінде болсын, қазақ тілін болсын, мүдделі тараптарды ақпаратпен қамтамасыз ету үшін бірқатар құжаттарды әзірлеуді жоспарлауда. Бұл құжаттардың мақсаты - білім беру, Жобаның дамуы және онымен байланысты экологиялық қауіптер және салдарын жұмсартудың стратегиялары туралы ақпарат беру, мүдделі тараптарды ынталандыруға қоса Полиметалл жобасына қатысу. Мүдделі тараптарды жұмысқа тарту жоспары сонымен қатар, өтініштер мен ұсыныстарды берудің рәсімін де қосады, ол қазіргі уақытта Әуезов және Шалабай кенттерінде жүзеге асырылуда және үнемі тексеріліп тұруы тиіс.

алдыңғы қатарлы тәжірибе - ЕБРР және МФК талаптары

алдыңғы қатарлы тәжірибе, ЕБРР және СД МФК талаптарына жатқызыла отырып, мүдделі тараптармен өзара жағымды қатынастарды әзірлеуге жатқызылады, олар өзара бір-бірімен сенімгерліктің және сыйластықтың арқасында құрылған. Осының көбісі жобаға мүдделі тұлғаларды тарту мен қатыстыруға, мөлдір негізде мүдделі тұлғалардың арасында ақпаратты таратуға және мүдделі тұлғаларға жобаның түрлі аспектілерін талқылау үшін мүмкіндіктерді

ұсынуға, сонымен қатар, Жобаны әзірлейтін компанияға сұрақ қойып, одан жауап алуға бағытталған. Бұған Полиметаллда қолданылатын нысандандырылған шағымдар рәсімін құру кіреді, және оның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін тұрақты қарастыруды қажет етеді.

Жобаның барлық мерзімінде экологиялық және әлеуметтік қызметті басқаруға МФК (СД1) қызметінің стандарты жатады. Экологиялық және әлеуметтік басқарудың тиімді жүйесі осыған қол жеткізудің қарқынды және үздіксіз үдерісі болып табылады, оған компания мен қызметкерлер, жергілікті халық, және басқа да мүдделі тұлғалар кіреді, қажетіне қарай, яғни, полиметалл НПО және жергілікті халықпен бірігіп біріккен мониторингтің бағдарламасын құру үшін біріккен серіктестікті әзірлеуі тиіс. Бұл Полиметаллға кері байланысты орнатуға көмектеседі, ол жергілікті халық пен белсенді рөл атқаратын НПО арқылы кедергілерді бұзу мен білім беруді таратуға көмектеседі. 7 бөлімде экологиялық және әлеуметтік жүйелер ұсынылған, және қалған проблемаларды жою үшін Полиметаллдың не істеу керектігі жазылған.

МФК мүдделі тұлғалармен кеңес жүргізу/оларды тарту үшін негізгі құндылықтарды анықтады [1]:

1. Қоғам олардың өміріне әсерін тигізетін шешімдерді қабылдауда дауыс құқығы болуы тиіс.
2. Қоғамға қатысу және шешімді қабылдауға әсер ету; Барлық қатысушылардың мұқтаждықтары мен мүдделерін тану және талқылаудың есебінен тұрақты шешімдерді қабылдаған уақытта қоғамның қатысуы;
3. Қоғамның қатысуы адамдардың әсерге әлеуетті ұшырауына тартуға көмектеседі немесе шешімді қабылдаған уақытта қызығушылық білдіреді.
4. Олардың қатысуының тәсілін жоспарлау үдерісіне қатысушыларды тарта отырып қоғамды қатыстыру;
5. Қоғамның қатысуы олардың қатысуын анықтауға қажетті ақпаратты ұсынады (мысалы, жобаны дамытудың барысында әзірлемелердің түрлі аспектілері туралы мөлдір, түсінікті және дер кезіндегі ақпаратты ұсыну).
6. Қоғамның қатысуы қатысушыларға олардың үлесінің шешімді қабылдауға қаншалықты әсер еткендігін түсіндіруге мүмкіндік береді.

ЕБРР 10 ТР Мүдделі тұлғаларды тарту жоспарын әзірлеу және оны орындау барысында жобаның мүдделі барлық тұлғаларын анықтауды қажет етеді. Мүдделі тұлғалардың картасы мүдделі тұлғаларды тарту бойынша МФК басшылығының жақсы тәжірибесінің растайтын құжаты болып табылады және Полиметалл оны үнемі жаңғыртып тұруды міндеттенеді, ол ұзақ мерзімді болашақта мүдделі тұлғаларды тартудың жоспарын әзірлеу жөніндегі үздіксіз міндеттемелердің құрамына кіреді.

[1] Мүдделі тараптарды тарту: Нарығы құрылған елдерде қызметті жүзеге асыратын компаниялар үшін алдыңғы қатарлы тәжірибе бойынша нұсқаулық (2007ж.) МФК

Мүдделі тараптарды талдау және мүдделі тараптарды қатыстыруды жоспарлау

Өзінің мүдделі тұлғаларды тарту жоспарының аясында Полиметалл жобаның негізгі мүдделі тұлғаларын анықтады. Бұл Мүдделі тараптарды жұмысқа тарту жоспарының көрсетуінше, Полиметалл оның түрлі кезеңдерінде жобаға қызығушылық білдіретін жобаның мүдделі тараптырымен өзара байланысады, оған Бақыршық кен орындарында өндіруді аяқтау жөніндегі іс-шаралар, құрылыс, пайдалану кіреді. Мүдделі тараптарды тарту жоспары "үдемелі" құжат болып табылады, оны полиметалл үнемі қайта қарастыруы және жаңғыртып тұруы қажет. Оған мәліметтер қосылады және себебі жобада шағымдарды беру мен оны қарастыру үдерісі жүзеге асырылады. Мүдделі тараптарды жұмысқа тарту жоспары Полиметаллмен әзірленді және WAI тексерілді.

8.2 ЭӘӘБ үдерісі кезінде жүргізілген кеңестер туралы мәліметтер

Осы тарауда ЭӘӘБ үдерісінің түрлі кезеңдерінде жүргізілген кеңестер туралы мәліметтер көрсетілген. Мүдделі тараптарды жұмысқа тарту жоспары мүдделі тараптарды тарту бойынша іс-шаралар туралы мәліметтерді одан әрі ұсынады.

Жұмыстардың көлемін анықтау кезеңі

Жұмыстардың көлемін анықтау - бұл ЭӘӘБ үдерісіндегі маңызды қадам, соның нәтижесінде әлеуетті әлеуметтік және экологиялық салдар анықталады және жалпы ЭӘӘБ мақсаттары үшін зерттеу саласын кішірейту мақсатында қолданыстағы мәліметтер тексеріледі. Жұмыстардың көлемін анықтау кезеңі жобалаудың итерациялық үдерісіне көмектеседі, ол техникалық - экономикалық негіздемемен қатар жүргізіледі, соның нәтижесінде, ұзақ жұмыстардың нәтижесінде пайда болған экологиялық жобалаудың шаралары мен әлеуметтік басқарудың талаптары немесе қандай да бір жаңа жобалау жұмыстары жобалау тобы үшін белгіленеді.

WAI БГП тапсырыс бойынша экологиялық және әлеуметтік алдын-ала бағалау жұмыстарын жүргізді (2013 жылы жарияланды), онда Бақыршық кен орнын пайдалануға қайта енгізу және жаңа байыту фабрикасы мен тиісті инфрақұрылымды салу жоспарланған.

Алдын-ала бағалау БГП жобалаудың түрлі кезеңдерінде дайындалған аяқталған және жартылай аяқталған құжаттардың бірқатарына сүйенді. Олардың ішінде негізгілері келесілер болды:

- Экологиялық техникалық - экономикалық негіздеме (EFS), Sustainability PTY Ltd (аяқталды, 2011ж.);
- әлеуметтік әсер етуді бағалау (SIA), Экологиялық ресурстарды басқару (ERM) және Sange (аяқталған, 2011ж.);

- Экологиялық және әлеуметтік әсер етуді бағалау (ЭӘӘБ, 2011 ж.), Sustainability және ERM, (аяқталмаған, 2012 ж.).
- 2013 жылдың наурызында WAI талдау кезінде ұсынылған барлық бастапқы құжаттардың толық тізілімі.

алдын-ала бағалау үшін қоғаммен кеңес беру жұмыстарын жүргізгеннен кейін WAI мамандары Полиметалл компаниясы үшін келесі кезеңге арналған қызметтің келесі басымды бағыттарын анықтады, оның ішінде:

- Мүдделі тараптардыүздіксіз тарту;
- мүдделі тараптардың тізілімін жаңғырту;
- Шағымдарды беру мен қарастырудың механизмінің жұмысын қолдау;
- Мүдделі тараптарды тартудың ағымдағы аялық жоспарын әзірлеу және жоспарды орындау;
- Жергілікті халықты басқару жоспарын әзірлеу және іске асыру (ComMP);
- Шағымдарды беру мен қарастырудың рәсімдерін мониторингтеу;

ЭӘӘБ аралық кеңес беру/жаңғырту жұмыстары

Полиметаллдың қызметкерлері елді мекендердің өкілдерімен арнайы бірқатар жұмыстар жүргізду, олар Әуезов және Шалабай жобасына әсерін тигізуі мүмкін. Мүдделі тараптарды жұмысқа тарту жоспары кеңес берудің қосымша іс-шараларын қарастырады, олар Полиметаллды пайдаланады, оның ішінде жоғары деңгейдегі шенеуніктермен бірге жобаның жалпы дамуының себептерімен кездесулерді өткізеді.

8.3 Компанияның саясаты

Полиметаллдың көпшілікті тыңдалымдар үшін мына процедуралардан тұрады:

- Жергілікті БАҚ-да қоғамдық тыңдалымдар қазақ және орыс тілдерінде өтетіндігі туралы жарнама орналастыру, сонымен қатар жергілікті атқару органдарынының интернет-сайттарында ақпарат орналастыру. Түсіндірмелер мен сұрақтар әрбір хабарламамен бірге ұсынылуы мүмкін;
- Жергілікті әкімшілік органдарының сайттарында ҚОӘБ мазмұнын дайындау, жариялау және ұсыну. Түсіндірмелер мен сұрақтар әрбір хабарламамен бірге ұсынылуы мүмкін;
- Қажет болған жағдайда қоғамдық тыңдалымдар нәтижесінің ұсыныстар мен ескертпелеріне сәйкес түзетулер енгізу;
- ҚОӘБ өзінде қоғамдық тыңдалымдардың түпкілікті хаттамасы мен нәтижелерін ұсыну.

Ақпараттыққа негізделген мүдделі тараптардың кеңес беруі мен қатысуы (ICP) халықаралық алдыңғы қатарлы тәжірибеге сәйкес мүдделі тараптардың тартылуы үдерісінің арқасында өткізіледі. Бақыршықтың орналасқан орны әлеуетті жағымсыз әсері бар Жоба болғандықтан, БГП ақпараттыққа негізделген кеңес беру мен қатысу үдерісін жүргізеді, олар кеңес беруді жүргізу бойынша мүдделі тараптарды тарту жоспарында сипатталған қадамдарға сүйенеді және Жобаға қатысты халықтың қатысуына әкеледі. Жергілікті тұрғындардың саналы қатысуы терең пікірлер мен ақпараттармен алмасуды қосады және клиенттің шешім қабылдау үрдісінде енгізуге апаратын ұйымдастырылған және қайталама кеңестер, әсерді бастан кешіп жатқан, оларды тікелей тиетін, қоғамдардың сұрақтары бойынша пікірлерден тұрады. Бұның құрамында: зардапты жұмсарту бойынша ұсынылып жатқан шаралар туралы ақпаратты ұсыну, пайданы бірлесе отыра қолдану және даму мүмкіндіктері және іске асыру проблемалары.

8.4 Қоғамдық тыңдалымдар

БГП ресми қоғамдық тыңдалымдардың жүргізілуі басталғанға дейін үнемі мүдделі тараптарды ақпаратпен қамтамасыз етуге ынталы. Ақпаратты ашу жөніндегі негізгі іс-шаралар, оның ішінде қоғамдық тыңдалымдар келесі есептер мен ақпараттарды қосады, олар экологиялық әсердің бағалануын дайындау кезінде және экологиялық және әлеуметтік әсерді бағалау кезінде ұсынылады:

- Бақыршық кен орнының ОӘБ есебі бойынша қоғамдық тыңдалымдары, 2011 жылы ұсынылған
- Экологиялық және әлеуметтік әсерін бағалау мәселелері бойынша қоғамдық кеңестер, 2011 жылы ERM дайындалған;
- WAI және БГП 27-30 мамырда жүргізілген ЭӘӘБ бағасы мен тұжырымдамаларының нәтижелерін ұсыну (Әуезов кенті – 27 мамыр 2013 жыл, Шалабай – 27 мамыр 2013 жыл; мүдделі тараптармен жеке кездесу -28 мамыр 2013 жыл; Калбатау – 28 мамыр 2013 жыл, 31 мамыр – ЮНИСЕФ кездесу). Кездесулер туралы толығырақ ақпарат алу үшін алдын-ала бағалаудың 1 қосымшасын қараңыз.

Жоғарыда аталған іс-шара кезінде пайдаланылатын құжаттар Жобалауды бастаудың аясындағы жоба туралы алдын-ала ақпараттан және қолданыстағы кенішті кеңейту мақсатында рұқсат алу кезеңінен құралған. Олар ОЭЖВ және ТЭН-нің жүру мөлшері бойынша біртіндеп жаңартылатын болады. Жобаның әзірленуі, осы әсердің жұмсартылуы бойынша әсерлер мен шаралар туралы толық ақпарат ЭӘӘБ есебінде ұсынылатын болады, ақпаратты ашу 2015 жылы жүргізіледі.

Құжаттардың көшірмелерін келесіден қарауға және алуға болады:

- Бақыршық кен орны мен Алматыдағы БГП кеңселерінен;

- Қоғаммен байланыс бойынша маманнан.

4.2 бөлім. Мүдделі тараптарды тарту жоспары қазіргі таңда іс-шараларды қамтиды, оған Қоғамдық тыңдалымдарды қосуға болады.

ОЭВЖ әлеуметтік аспектісі бойынша мүдделі тараптармен кеңестер және өзара әрекеттестік 2015 жылдың маусым-шілдесінде жергілікті деңгейде Әуезов ауылында және облыстық деңгейде Өскемен қаласында өтті. Бұл мүдделі тараптар қоғамдық тыңдалымдарға және мүдделі тараптарды тарту жөніндегі кездесулерге қатысуды жалғастыра береді. Көп ретте келесі мүдделі тұлғалар сұралды:

- Шығыс-Қазақстандық аймақтық (облыстық) – Өскемендегі деңгей:
  - Облыс әкімдігінің өкілдері;
  - Шығыс-Қазақстан облысының қоршаған ортаны қорғау бөлімінің өкілдері;
  - Аймақтың мәдени мұрасы бөлімінің өкілдері;
- Қалбатаудағы Жарма аудандық деңгейі:
  - Қалбатау ауруханасының басшысы;
  - Ауданның бас экономисті;
  - Аудан әкімдігінің координаторы;
  - Археологиялық экспедиция – қола дәуірінің жартастағы суреттерін зерттеуге арналған;
- Әуезов кентінің мүдделі тараптары:
  - Ауыл әкімі
  - Әуезов кенті мешітінің өкілдері, соның ішінде имам;
  - Дүкендер мен супермаркеттердің иелері;
  - Аспазшылар және жергілікті мейрамханалар мен кафелердің өкілдері;
  - Ауылдың ақсақалдары;
  - Жергілікті өзендер мен көлдерден балық аулаумен айналысатын балықшылар;
  - Жергілікті малды бағатын бақташылар;
  - Басты кітапханашы;
  - Әйелдер бірлестігінің өкілдері;
  - Жергілікті мектептің директоры;
  - Полицейлік;
  - Жобаны әзірлеу нәтижесінде қоныс аударған тұрғындар;
  - Әуезов және Солнечный кентілерінің тұрғындары, соның ішінде отбасыларға құрылымдық сауалнама өткізу арқылы;
  - Жеке және өнеркәсіптік су пайдаланушылары;
- Шалабай кентісінің мүдделі тараптары:
  - Ауыл әкімі
  - Дүкендер мен супермаркеттердің иелері;

- «Шалабай» ЖШС-тің жетекшісі, ірі ферма мен негізгі жергілікті жұмыс беруші;
- Жергілікті мектептің директоры;
- Жобаны қамтамасыз ету үшін салынған Шалабай темір жол бекетінің жұмысшылары;
- Жеке және өнеркәсіптік су пайдаланушылары;
- Әуезов және Солнечный кентілерінің тұрғындары, соның ішінде отбасыларға құрылымдық сауалнама өткізу арқылы;

- Жаңааул кентісінің мүдделі тараптары:
  - Аңшылық пен балық аулаумен айналысатын тұрғындар:
  - Жергілікті фермерлер;
  - Жеке және ауылшаруашылық су пайдаланушылары;
- «Полиметалл» компаниясы мен БГП қызметшілері:
  - Жобаның жетекшісі;
  - Қауіпсіздік қызметінің жетекшісі;
  - Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы облысындағы маман;
  - Заңгерлер;
  - Кадрлар бойынша мамандар;
  - Қоршаған ортаны қорғау бөлімінің өкілдері;
  - Техникалық бөлім мен өндіріс бөлімінің жетекшісі;
  - Жергілікті халықпен байланыс жасау бойынша маман;
  - Жер пайдалану және жер қойнауы бөлімінің өкілдері.

Полиметалл 2014 жылдың тамызында «Қоршаған ортаға әсерді алдын ала бағалау» тақырыбында қоғамдық техникалық-экономикалық негіздемелер нәтижелері негізінде Бақыршық кен орнының параметрлерін өңдеуге негізде құрастырылған тыңдалымдар өткізді (ҚОӘБ-алдындағы кезең) ТЭН және ҚОӘБ алды бойынша есептер ашық және жер асты өндіру, инфрақұрылым және кенді қайта өңдеу бойынша шешімдерден тұрады.

2015 жылы шілдеде ҚР заңнамасына сәйкес орындалған «Қоршаған ортаға әсерді бағалау» бойынша тыңдалымдар өткізілді. Қазіргі кезде ҚОӘБ бойынша есеп қоғамдық кеңес сериясынан өтуде.

Барлық қоғамдық тығдалымдар хаттамасы жалпыға қол жетімді және БТӨК сұранысы бойынша ұсынылады. Компания, барлық келесі деңгейлерде: ақпараттық кездесулер немесе жоба бойынша кездесулер, қоғаммен ж.т.б. кездесулер, қызығушы тараптармен барлық кездесулерді бақылап отыратын, қызығушы тараптармен қарым-қатынас журналын жасап шығарып, падалануда. Бұл, қызығушы тараптармен өзара қатынасты басқару жүйесі, қызығушы тараптармен өзара қатынас жиілігін көрсете отырып және нақты адамдармен көтерілген қатысушылар мәселелері немесе сұрақтар жазбасына ие бола тұра, барлық кездесулердің жасанды есебін жасап отыруға мүмкіндік береді. Бұл құжаттама БТӨК-ке

компанияның барлық көтерілген сұрақ-жауабына салыстырмалы болып келетін, сұрақ-жауап бойынша есеп құруға көмектеседі.

8.5 ЭӘӘБ есебінің қолжазба нұсқасы жөніндегі қоғамдық кеңестер

Қоғамдық тыңдалымдар Әуезов кентінде ЭӘӘБ есебінің қолжазба нұсқасының мәселелері мен техникалық емес сипаттағы тұжырымдама бойынша 2015 жылдың 3 желтоқсанында өткізілді. Әуезов кентінің мектебіндегі акт залында өткізілген іс-шара туралы компанияда және Ауезов және Шалабай кенттерінің жергілікті тұрғындарына хабарландырылды. Мәліметтерді ашқанға дейін 20 күн қалған уақытта техникалық емес сипаттағы түйіндеме Әкімдіктің жергілікті сайтына жүктелді[2].

Іс-шарада сөз сөйлегендер Кеніштің бас директоры Юрий Овчинников, Әуезов ауданының әкімі Бахытбек Әмірғазыұлы Әмірғазин және Wardell Armstrong International компаниясының атынан Экология және әлеуметтану саласындағы аға маман Эдвард Глюксман сөз сөйледі. Әуезов және Шалабай кенттерінің 67 тұрғыны келді деп тіркелді, оларға мектепке келгеннен кейін алған кері байланыстың үлгісін толтыру сұралды. Тыңдалымдарды өткізу кезінде толық хаттама құрылды (8.1 қосымша) және барлық үдеріс бейне таспаға түсірілді және суретке түсірілді.

Әмірғазин мырзаның қысқаша кіріспе сөзінен кейін Овчинников мырза кеніштегі жұмыстар туралы жаңартылған ақпаратты, сонымен қатар жергілікті халықты дамыту жөніндегі Полиметалл жобаларын ұсынды. Глюксман мырза одан әрі 35 минуттық тұсаркесер өткізді, оны ЭӘӘБ нәтижелерін жалпылайтын слайдтармен бірге көрсетті, олар техникалық емес сипаттағы түйіндемеде көрсетілді, экологиялық және әлеуметтік аспектілердің әр қайсысы бойынша ақпарат берілді, есеппен қамтылды.

Ресми тұсаркесер сұрақ-жауаптармен ілесті, ол шамамен 1 сағатқа созылды, онда жалпы 8 сұрақ қойылды және жергілікті тұрғындармен ескертпе жасалынды. Пікірлердің бірінде жобаны дамытуға қатысты жағымсыз сипат болды, онда жергілікті тұрғын жалпы жұмысқа және ЭӘӘБ үдерісіне сенімсіздік танытты. Қартаң кісі кеніште аңадан бастау алған, әрқашан сөз берген, келіп-кеткен көп компанияны көргендігін айтып түсіндірді, бірақ олар одан әрі дамытқан жоқ.

Одан кейінгі 7 пікірдің 5-уі, оның ішінде екеуі бір әйелден, жергілікті халық үшін жұмыс орындарын құру үшін әлеуеті бар жобаның жақсы дамуына алғыс пен сенімділікті тікелей және жанама түрде білдірді. Сұрақтарды қойған және пікірлерді айтқан еңбекке жарамды жастағы ерелер мен әйелдер болды, оның ішінде зейнеткерлер де бар, соның ішінде бір пікірді Әуезов кентінің ардагері білдірді. Әр ескертпе қатысып отырған басшы тұлғасымен тікелей қарастырылды, әр сұраққа Полиметаллдың көзқарасынан Юрий Овчинников жауап берді.

[2] http://www.garma.vko.gov.kz/ru/hearings.htm 13 қараша 2015 жыл.

Әңгіменің тақырыбы жаңа орындарды құру, талпынысы мен сенімі үшін жобаның басшылығына алғыс білдіру, сонымен қатар, бұрғылап-жару жұмыстарының сипаты мен ішінара үйлердің зақымдалынбайтындығы, жарылғыш заттар қоймасының орналасқан орны, Әуезов кентінде спорт залын салу жоспары туралы болды.

Ия/жоқ (Кесте. 8.1), деген сұрақтарға жауаптан басқа, қоғамдық тыңдалымдарға қатысқан алты тұрғын, кері байланыс түрінде жазбаша пікірлерін қалдырып кетті, оны олар тыңдалымның соңында толтырды. Алынған жазбаша пікірлердің көрсеткеніКесте. 8.2.

Кесте. 8.1: 2015 жылдың 3 желтоқсанындағы Әуезов кентінде ЭӘӘБ есебінің қолжазба нұсқасының мәселесі бойынша тыңдалымдардағы келушілерден кері байланыс Қатысқандардың жалпы санынан алынған жауаптардың саны (67 адам), жақшада көрсетілген.

	% ия	**% жоқ**
Сізге іс-шараны өткізген орын ұнайды ма? (50)	96	4
Жобаланатын кәсіпорын туралы көрініс алдыңыз ба? (50)	94	6
Жұмыстарды жүргізген аумақта қоршаған ортаның ағымдағы жағдайы туралы көрініс алдыңыз ба? (50)	92	8
Сізге сұрақ қоюға мүмкіндік берді ме? (50)	94	6
Өз сұрақтарыңызға қанағаттанарлық жауап алдыңыз ба? (47)	94	6
Тыңдалымның қалай өткендігіне көңіліңіз толды ма? (50)	92	8
Полиметалл компаниясының осы күнге дейін жүргізген қоғамдық тыңдалымдарына көңіліңіз толды ма? (49)	98	2
Болашақта ұсыныстар мен шағымдар жайында қалай байланысу керектігін білесіз бе? (48)	98	2
Сіздің ойыңызша болашақта осындай іс-шаралардың жүргізілуін жақсартуға бола ма? (39)	77	23

Кесте. 8.2: Кері байланыс үлгілеріндегі жазбаша ескертпелер (түсінікті болу үшін өзгертілген)
Тыңдалымдар жоғары деңгейде және қолжетімді үлгіде өткізілді. Осындай тыңдалымдардың болашақта да өткізілгені жақсы болар еді, осылайша, қоғам дереккөзінен нақты және дер кезінде ақпаратты алып отыра алады.
Барлығы тамаша болды және тамаша өтті.
Пікір жоқ. Менің ойымша, ағымдағы жұмыс ауылдастарға жағымды әсерін тигізеді. Мен өзімнің ауылдастарымның бірінші болып жұмысқа қабылданғанын көргім келеді. Полиметаллға табыс тілеймін!
Пікір жоқ. Жобаға табыс тілеймін!
Жоба ауылдағы жұмыс үшін өте маңызды. Біз Жобаның іске қосылуына сенеміз. Біз олар ұйымдастырған қызмет үшін Полиметаллдың басшылығына алғыс білдіреміз.
Үш сұрақ: 1. Егер сіздер жер астын өндіруді болашақта пайдалануды жоспарласаңыздар, неге шахтаны бітеп тастадыңыздар? 2. Малшылар үшін кен орны болады ма? 3. Сіздер үйлерін бұзатын адамдармен не болады? Олар қалаға көшеді ме?

Фотосурет 8.1: Комитет пен спикерлердің, слайдтың таныстыру рәсімін, операторды және қатысқан жергілікті тұрғындарды көрсететін Әуезов кентінде ЭӘӘБ бойынша жүргізілген қоғамдық тыңдалымдардың жалпы сұлбасы.

Фотосурет 8.25: Жергілікті тұрғындар, Полиметалл компаниясының өкілдері және Wardell Armstrong International компаниясының өкілдері Әуезов кентіндегі мектепте өткен ЭӘӘБ қоғамдық тыңдалымы өткен кезде қатысуда.

Фотосурет 8.3: Әкім Әуезов кентіндегі мектепте өткен ЭӘӘБ қоғамдық тыңдалымында қатысушыларға сөз сөйлеуде.

Фотосурет 8.4: Қоғамның өкілдері Әуезов кентіндегі мектепте ЭӘӘБ қоғамдық тыңдалымында “сұрақ-жауаптар” кезеңінде қатысуда.

Фотосурет 8.5: Қоғамның өкілдері Әуезов кентіндегі мектепте ЭӘӘБ қоғамдық тыңдалымында “сұрақ-жауаптар” кезеңінде қатысуда.

Фотосурет 8.6: Жергілікті тұрғындар Әуезов кентіндегі мектепте ЭӘӘБ қоғамдық тыңдалымынан кейін кері байланыстың үлгісін толтыруда.

8.6 Қорытынды

ЭӘӘБ үдерісі мүдделі тұлғаларға Жобаның әзірленуінің түрлі аспектілеріне байланысты өзінің қауіптерін айтуға мүмкіндік береді. Мүдделі тұлғалардың кең ауқымы кеңес берудің жалпы үдерісіне қосылды, оның ішінде жергілікті халық, жергілікті шенеуніктер мен облыстық жоғары деңгейдегі шенеуніктер бар. Жобаның келесі әзірлемелері жергілікті халықтың қолдауын алуда қиындық тудырады және “жұмысқа әлеуметтік лицензияны” алу үшін Полиметалл үшін маңызды болып табылады. Іске асыру және мүдделі тараптармен өзара жоспарын үздіксіз дамуын және жергілікті халықпен жұмыс істеу үшін іс-шаралар жоспарын, сондай-ақ жобаның нәтижесінде өзгеру белгілерін анықтау мақсатында жергілікті халықтың мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету, ол жергілікті тұрғындармен жақсы қарым-қатынас жасау үшін маңызды болып табылады.

ЭӘӘБ аяқтағаннан кейін, Полиметалл назарға алған жобасы бойынша өз пікірлерін ескере отырып және белсенді қоғамның дамуына қызметіне қатысты шешім қабылдау үрдісіне оларды тарт үшін, Әуезов ауылдары Шалабай мен басқа да жақын елді мекендерде адамдармен тұрақты байланыс орнатуы керек. Әуезов мүдделі тараптардың үмітін басқарушы жергілікті халықтың шынайы үмітін қамтамасыз ету үшін маңызды болып табылады. Полиметалл жобаның дамуына және оның ұсынылатын тау-кен жұмыстарын хабардарлығын

арттыру және дизайн немесе жоба кестесіндегі барлық өзгерістер туралы жергілікті тұрғындарды хабардар етуі тиіс, компания транспарентті түрде жұмыс істеуді жалғастыруды қамтамасыз ету болып табылады.

Полиметалл халықпен жұмыс істеу маманын пайдаланады. Осы лауазымның болуы барлық мүдделі тараптардың қатысуын бағыттау және Әуезов және Шалабай ауылдарында жоба бойынша жергілікті халықты дамыту бойынша іс-шараларды жүзеге асыруға көмектеседі. Жергілікті халықтың негізгі мәселелерді шешуіне арналған осы жоспарлар үшін тұрақты негіз қалыптастыру қажет. WAI ұсынған мәліметтері бойынша, Полиметалл кеніште жұмыс пен жергілікті тұрғындар үшін оқыту мүмкіндіктерін дамыту, жергілікті тұрғындарды ақпараттандыру, оның ішінде жергілікті қоғамдастықтардағы жұмыспен қамту мәселелерін шешу бойынша шаралар қабылдап жатыр.

Мүдделі тараптардың үміттерін басқару және қарым-қатынастарын нығайту

ЭӘӘБ үдерісінің аясында ресми кеңес беруге және/немесе ресми емес өзара қатынасқа мүдделі тараптардың кең ауқымы тартылған. Көп қатысушылар Жобаның іске асырылуын қолдайды, бұл жобадан жұмыспен қамтудың болашағын арттырудың мүмкіндіктеріне байланысты. Мүдделі тараптардың кең ауқымымен кеңес алу жобаға қатысты олардың негізгі мәселелерін анықтайды, ол цианид пен адамдардың радиоактивке қатысты проблемаларына қатысты ойларына байланысты. Жергілікті қатысушылардың ойынша, олар еңбекпен қамтамасыз ету, жанама экономикалық табыс пен полиметалл арқылы, мүмкін Әуезов пен Шалабай кенттерінде жолдардың жағдайын жақсарта алатын жергілікті халықты дамытудың жобаларын қаржыландыру арқылы мүмкіндіктерді шешудің жолында Жобадан табыс алуы мүмкін.

Жобаға қатысты ақпаратты ұсынудың саясаты Жобадан күтілетін басқарулар бойынша шараларды қабылдай отырып, мөлдір болып табылатындығы және Полиметаллдың қолынан келмейтін іске сөз бермейтіндігі Полиметалл кепілдік беретін маңызды іс болып табылады. Мүмкіндігінше жергілікті халыққа Жобаның табыс әкелуін қамтамасыз ету үшін, Полиметалл олардың еңбек саясатына тиісті шараларды қоса алғанда, ықтимал дәрежеде, жергілікті халыққа жұмысты қамтамасыз етудің шараларын бағыттауы тиіс. Ол еңбекке жарамды жастағы анықталған осал топтарға, оның ішінде Әуезов және Шалабай кенттерінде жұмыспен қамтылудың баламалы көздері жоқ әйелдер үшін, оның ішінде балықпен айналысатын және табиғи шаруашылықпен немесе мал бағумен айналысатын адамдарға бағытталуы тиіс. Бұл осал топтар WAI мамандары жүргізген аудиттің кездесуі кезінде, жанұялармен сауалнама жүргізу кезінде анықталды.

Мүдделі тараптарға кеңес беру

ЭӘӘБ аяқтағаннан кейін, құрылыстың мониторингі, пайдалану мен жабу үнемі аса назарға алынатын болады. Полиметаллдың басқару бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу жөнінде

міндеттемесі бар. Бұл үдеріс кезінде мүдделі тұлғалармен байланысты ұстау маңызды болып табылады.

Сенімгерлік мүдделі тараптармен оң қарым-қатынастың дамуына іргелі болып табылады және WAI алынған мәліметтер бойынша, 1997 жылдан бастап қазіргі таңға дейін Жобаның консервациясы кезінде Әуезов және Шалабай кенттерінің жергілікті тұрғындарының арасында сенімгерлік деңгейі төмендеді, ол кезде кеңестесу жеткіліксіз жүргізілді және телімдегі қызмет жүзеге асырылмады. WAI көрсетуінше, жергілікті тұрғындар тиісінше хабарланбағандықтан, Жобадағы кідіріске байланысты олардың көңілдері қалды. Осы кезеңге қарамастан, мүдделі тараптардың тартылуы жүргізілмеген уақытта, WAI ойынша, жергілікті тұрғындардың көбісі Жобаны қолдайды. Сенімді қайтадан қалыптастыру және “пайдалануға әлеуметтік лицензияны” алуды қамтамасыз ету үшін Полиметалл келесілерге аса назар аударуы қажет:

- Үнемі және мөлдірлік тәсілімен ақпаратты ашу арқылы жергілікті тұрғындармен қарым-қатынастың консолидациясы;
- Одан әрі, ақпаратты одан әрі таратуға көмектесу үшін қоғаммен байланыс жөніндегі комитетпен және қоғаммен байланыс жөніндегі маманмен рөлді дамыту қажет, оның ішінде, мысалы, ақпараттық бюллетень және өздері әзірлеген сайттағы ашық қолданыстағы ақпарат арылы, мүдделі тараптарға қандай құжаттардың ұсынылатындығы мен жалпы олар жариялайтын ақпараттың деңгейін арттыруды қарастыру мүмкіндігі маңызды.
- Құрылыс, пайдалану және кеніштің алдыңғы-таратылуы кезеңінде НПО мүшелері мен жергілікті тұрғындардың қатысуымен біріктірілген мониторингтің жобаларын әзірлеу мен енгізу.
- Болмыстық қалыпты құру мақсатында құрылыс, пайдалану және тарату кезінде экологиялық және әлеуметтік жағдайдың мониторингі, олардан болашақ өзгерістердің мониторингін жүргізуге және алынған нәтижелердің негізінде тиісті шараларды қолдануға болады.

ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ

1-тарау - Кіріспе

1. IFC Performance Standards on Environmental and Social Sustainability, 2012 http://www.ifc.org/wps/wcm/connect/topics_ext_content/ifc_external_corporate_site/ifc+sustainability/publications/publications_handbook_pps.
2. EBRD Performance Requirements and Guidance for Clients, 2012. http://www.ebrd.com/pages/about/principles/sustainability/requirements.shtml.

2-тарау - Нормативтік база

1. Article 8.1 in http://www.iclg.co.uk/practice-areas/mining-law/mining-law-2015/kazakhstan
2. Article 10.1 in http://www.iclg.co.uk/practice-areas/mining-law/mining-law-2015/kazakhstan
3. http://www.salyk.gov.kz/eng/nk/documents/taxcode022013.pdf
4. http://www.hg.org/article.asp?id=28429
5. http://www.gratanet.com/up_files/article%20on%20new%20procurement%20rules_eng%20%282%29_2.pdf
6. Article 8.2: http://www.iclg.co.uk/practice-areas/mining-law/mining-law-2015/kazakhstan
7. EBRD policy document: http://www.google.co.uk/url?sa=t&rct=j&q=&esrc=s&source=web&cd=10&ved=0CFEQFjAJ&url=http%3A%2F%2Fwww.ebrd.com%2Fdocuments%2Flegal-reform%2Fkazakhstan-country-law-assessment.pdf&ei=ym5xVbX2LMOO7Abmi4Jo&usg=AFQjCNFIsX8OxALBlriezBST3wznkxQRBQ&bvm=bv.95039771,d.ZGU&cad=rja
8. http://www.energypartner.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=23&Itemid=32&lang=en

4-тарау - Экологиялық және әлеуметтік жағдай

4.2 Климат

1. "Kazakhstan - Overview of Climate Change Activities" World Bank, October 2013
2. R:\Environment Overseas (52)\52-0133 Altynalmas - ESIA Pustennoye Kazakhstan\Report\ESIA\ESIA final version\ESIA draft version 1 for Altynalmas\Chapters\Chapter 4 Environmental and Social Baseline.docx
3. Second National Communication of the Republic of Kazakhstan to the Conference of the Parties of the United Nations Framework Convention on Climate Change (UNFCCC), 2009
4. The III-VI National Communication of the Republic of Kazakhstan to the UN Framework Convention on Climate Change (UNFCCC) - Astana 2013, prepared as a part of the joint project of the UN Development Program in Kazakhstan and the Ministry of Environment Protection of the Republic of Kazakhstan with the support of the Global Environment Facility
5. Kottek, M., J. Grieser, C. Beck, B. Rudolf, and F. Rubel, 2006: World Map of the Köppen-Geiger climate classification updated.Meteorol. Z., 15, 259-263. DOI: 10.1127/0941-2948/2006/0130

6. «МЕТАЛЛУРГИЯЛЫҚ КЕШЕН ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРУ УЧАСКІСІНІҢ СҚА АЛДЫН АЛА ЕСЕБІМЕН ЖӘНЕ ЖЕР АСТЫ ҚАБАТТА ЛАСТАУШЫ ЗАТТАРДЫ ЖАЮ ЕСЕБІМЕН ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ (ПРЕДОВОС) ЖАҒДАЙЫНЫҢ АЛДЫН АЛА БАҒАЛАУ», құжаттың атауы: Process Plant PreEIA 2012 Final Version_Russian.doc, Almaty, 2012
7. Bakyrchik Mining Venture LLC , The Bakyrchik Gold Deposit, MINE AND PROCESS PLANT CONSTRUCTION, 34.01.06.001.00 PZ3, St. Petersburg, 2015
8. The III-VI National Communication of the Republic of Kazakhstan to the UN Framework Convention on Climate Change (UNFCCC) - Astana 2013, prepared as a part of the joint project of the UN Development Program in Kazakhstan and the Ministry of Environment Protection of the Republic of Kazakhstan with the support of the Global Environment Facility
9. From III-VI National Communication of the Republic of Kazakhstan to UNFCCC, 2013

4.4 Ауа

1. “Do particulates from open cast mining impair children’s respiratory health?” (‘The Newcastle Report’, HMSO, 1999)
2. H. Schroeder , M. Dobson , D. M. Kane & N. D. Johnson (1987) Toxic Trace Elements Associated with Airborne Particulate Matter: A Review, JAPCA, 37:11, 1267-1285, DOI: 10.1080/08940630.1987.10466321
3. WHO air quality guidelines for Europe, 2nd edition, 2000 (CD ROM version), Chapter 6.1 Arsenic, http://www.euro.who.int/__data/assets/pdf_file/0014/123071/AQG2ndEd_6_1_Arsenic.PDF?ua=1, accessed 24/08/2015
4. World Health Organization (WHO). Air Quality Guidelines Global Update, 2005

4.7 Топырақтар

1. Available online at: http://www.fao.org/soils-portal/soil-survey/soil-maps-and-databases/other-global-soil-maps-and-databases/en/ (accessed 6 September 2015).
2. Available online at: http://eusoils.jrc.ec.europa.eu/library/maps/country_maps/metadata.cfm?mycountry=KZ (accessed 6 September 2015).
3. Mengel and Kirkby, 1978 Principles of Plant Nutrition, Der Bund AG, Bern, Switzerland.

4.12 Басқару органдары, демография, мәдениет

1. http://www.Akimvko.gov.kz
2. As defined by IFC PS7 on Indigenous Peoples
3. WAI report ZT520141 R002 (September 2013)

4.14 Экономика, өмір сүруге қаражат, табыстар және әлжуаз топтар

1. Austrade http://www.austrade.gov.au/Mining-to-Kazakhstan

5-тарау Экологиялық және әлеуметтік әсерді бағалау (ЭӘӘБ)

5.2 Бағалаудың жалпы әдістемесі

1. IAIA (2000) Development of SIA. Web Page. www.ext.nodak.edu/IAIA
2. Vanclay, F. (2000) Social Impact Assessment. In Handbook of Environmental Impact Assessment, Vol. 1 (ed. J. Petts), pp. 301-326. Oxford: Blackwell Science.
3. Barrow, C (1997) Environmental and Social Impact Assessment. London: Arnold.

5.4 Парниктік газдарды шығару және климатты өзгерту

1. International Finance Corporation (IFC). 2012. IFC Performance Standards on Environmental and Social Sustainability. January 2012.
2. “Environmental Assessment (Summary)” Asian Development Bank - Country Partnership Strategy: Kazakhstan 2012–2016, based on Asian Development Bank. 2011. Country Environment Note-Kazakhstan; Analytical Report on Climate Change Impacts and Response Measures (Kazakhstan); and Climate Risk Management and Adaptation Roadmap. Manila (unpublished consultant’s reports, November)
3. World Business Council for Sustainable Development (WBCSD), World Resource Institute (WRI). 2004. GHG Protocol: Corporate Accounting and Reporting Standard. 2004
4. “Carbon Emission Factors Report for Kazakhstan” European Bank for Reconstruction and Development (EBRD) commissioned report produced by Laymeyer International, 2012 (LI 260574)
5. Bakyrchik Mining Venture LLC, "The Bakyrchik Gold Deposit Mine and Process Plant Construction Feasibility Report - Volume 5: Infrastructure and power supply system" Polymetal Engineering JSC, St Petersburg, 2015 (Table 1.1, page 27)
6. “Carbon Emission Factors Report for Kazakhstan” European Bank for Reconstruction and Development (EBRD) commissioned report produced by Laymeyer International, 2012 (LI 260574)
7. Second National Communication of the Republic of Kazakhstan to the Conference of the Parties of the United Nations Framework Convention on Climate Change (UNFCCC), 2009

5.5 Геохимиялық әсерді бағалау

1. International Finance Corporation (IFC). 2012. IFC Performance Standards on Environmental and Social Sustainability. January 2012

5.6 Ауаның сапасы

1. Significance in Air Quality, Institute of Air Quality Management (2009)

2. Bakyrchik Mining Venture LLC, The Bakyrchik Gold Deposit, MINE AND PROCESS PLANT CONSTRUCTION, 34.01.06.001.00 PZ3, St Petersburg, 2015
3. Design Manual for Roads and Bridges (Volume 11, Section 3, Part 1, HA 207/07

5.7 Шу әсерін бағалау

1. Acoustics -- Attenuation of sound during propagation outdoors -- Part 2: General method of calculation, ISO9613-2:1996

5.10.Биоәртүрлілік

1. IFC, (2012), IFC Performance Standards on Environmental and Social Sustainability, www.ifc.org

5.11 Археология және мәдени мұра

1. International Finance Corporation (IFC). 2012. IFC Performance Standards on Environmental and Social Sustainability. January 2012
2. The methodology for assessing impact significance in Section 6.2 does not include a receptor sensitivity level of negligible. For the purposes of this analysis, the significance of impacts to cultural heritage resources of negligible sensitivity will be assessed as one degree lower than a similar magnitude impact to a minor sensitivity resource. As a result, the most significant impact to a site of negligible sensitivity is minor: a high magnitude impact to a site of negligible sensitivity is an impact of minor significance.

5.13 Демография, мәдениет және мемлекеттік басқару

1. Workers' accommodation|: processes and standards: A guidance note by IFC and EBRD (2009)

5.14 Әлеуметтік инфрақұрылым

1. This is in line with recognised best practice community health and safety requirements, including those outlined in the IFC's (2006) Performance Standards on Social and Environmental Sustainability

5.15 Экономика, қаражат өмір сүруге, еңбек

1. As outlined in Polymetal's "Personnel Recruitment Regulation" (2015)
2. Macfarlane, M (2000) 'Comparative Evaluation of Socio-economic Impact Assessment in the Mining Sector' PhD Thesis. University of Bath.

5.16 Жергілікті тұрғындардың денсаулығы

1. Terlikbayeva A et al 2012 (BMC Infectious Diseases)
2. WHO: Kazakhstan Tuberculosis Country Profile

5.17 Адам құқығы

1. From Workers' accommodation: processes and standards (International Finance Corporation and European Bank for Reconstruction and Development) http://www.ebrd.com/downloads/about/sustainability/Workers_accomodation.pdf

5.19 Кумулятивті әсер етуді бағалау

1. IFC Performance Standard 1 – Assessment and Management of Environmental and Social Risks and Impacts, 2012. http://www.ifc.org/wps/wcm/connect/3be1a68049a78dc8b7e4f7a8c6a8312a/PS1_English_2012.pdf?MOD=AJPERES

8-тарау Қоғамдық тыңдалымдар және ақпаратты ашу

1. Stakeholder Engagement: A Good Practice Handbook for Companies Doing Business in Emerging Markets (2007) IFC

Chapter 3 Appendices

Appendix 3.2: Project Execution Schedule

Drawing 3.2c -- Auezov Infrastructure Development Schedule

Implementation Schedule for the Bakyrchik Mine and Process Plant Construction (Bakyrchik Gold Project)
Infrastructure and Utilities of Auezov Town and Existing Facilities

Construction	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024	2025	2026	2027	2028	2029	2030	2031	2032	2033	2034	2035	2036	2037	2038	2039	2040
External transportation lines																										
By-pass general-purpose road (Bakyrchik – Bursak)																										
External utilities																										
Power networks. 110kV single-circuit power line. Branch line from L-479 power line to new GPP-110/35/6kV																										
Power networks. 110-35kV double circuit power line. 110kV branch line from L-178 power line and 35kV branch line from L-84C power line to new GPP-110/35/6kV																										
Power networks. 35kV single-circuit power line. 35kV branch line from 110-35kV double-circuit power line																										
Household and drinking water supply pipeline from Kyzyltu intake (subsurface piping, L=6900 m)																										
Utilities of Auezov Town (Phase 1)																										
Feeder power and lighting networks of facilities, located in from GPP110/35/6kV to 6 kV indoor switchgear , 6 kV power line to Auezov's facilities.																										
Auezov's boiler house with flue gas stack, including: boiler house, coal storage, ash storage																										
Heat supply networks (from Auezov's boiler house to TK-21, L=790 m)																										
Household and drinking water supply networks – Auezov's boiler house (L=500 m)																										
Household sewer networks – Auezov's boiler house (L=150 m)																										
Household and drinking water supply pipeline from the site to pumping and filtration plant (subsurface piping, L=1000 m)																										
Auezov's water tower																										
Household and drinking water supply networks – Auezov's water tower (L=200 m)																										
Existing facilities																										
Mine rescue team building (will be reconstructed as sanitary and amenity building for OP and UG periods - Phase 1)																										
Office building (old) (will be renovated and used as office building - Phase 1)																										
Main fan unit (used as temporary buildings and facilities during the construction period. To be dismantled in 2018)																										
Facilities subject to dismantling																										
300 m3 water tower (to be dismantled in 2016)																										
Skipovaya Shaft pithead buildings (to be dismantled)																										
Skipovaya Shaft hoist building (to be dismantled)																										
Gas supply facilities of sulphide ore process plant (to be dismantled in 2015)																										
Ore preparation building (used as temporary buildings and facilities during the construction period. To be dismantled in 2018)																										
Ore-roasting kiln (to be dismantled in 2015)																										
Building of dust control shop (to be dismantled in 2015)																										
Building of heavy fuel oil handling facilities (to be dismantled in 2015)																										
Control board room (to be dismantled in 2015)																										
Cooling tower with compressor station (to be dismantled in 2015)																										
Drainage pumphouse																										
